ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

М. ҚОЖА, Е. ЕСЖАН, А. БЕГАЛИЕВА

# ОРТА АЗИЯ мен ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ және М.Е. МАССОН

*Монография*

Алматы
«Қазақ университеті»
2020

ӘОЖ 902/904
КБЖ 63.4
Қ 56

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми Кеңесі (№4 хаттама, 30.12.2019) және Редакциялық-баспа кеңесінің (№2 хаттама, 15.01.2020) шешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**
тарих ғылымдарының докторы, профессор **А. Тоқтабай**
тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор **Ф. М. Шамшиденова**

**Қожа М., ж. т.б.**
Қ 56 Орта Азия мен Қазақстан археологиясы және М.Е. Массон: монография / М. Қожа, Е. Есжан, А. Бегалиева. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 216 б.
**ISBN 978-601-04-4544-4**

Монографияда М. Массонның Орта Азия мен Қазақстан археологиясына қосқан үлесі, энциклопедист ғалым болғаны, нумизматика бойынша зерттеулеріне талдау жасалып, оның ұйымдастырушылық жұмыстары сипатталады. Қосымшада М. Массонның жарияланған еңбектерінің тізімі, Ә. Марғұланның оған жазған хаттарының көшірмесі берілген.

Бұл зерттеу еңбек жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің студенттеріне, жоғары оқу орнының студенттеріне, докторанттар мен магистранттарға, жалпы көпшілік оқырмандарға ұсынылады.

**ӘОЖ 902/904**
**КБЖ 63.4**

© Қожа М., Есжан Е., Бегалиева А., 2020
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

ISBN 978-601-04-4544-4

## МАЗМҰНЫ

**ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР** ....................................................5
**КІРІСПЕ** ......................................................................................7

**1. М.Е. МАССОН – ОРТА АЗИЯ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ПАТРИАРХЫ** ..............................................................................11
1.1. Қысқа биографиялық мәліметтер ...........................................11
1.2. М.Е. Массонның археолог ретінде қалыптасуы .......................18
1.3. М.Е. Массонның ұйымдастырушылық жұмысының негізгі нәтижелері .............................................................................33
1.3.1. Термез археологиялық кешенді экспедициясы .......................33
1.3.2. Үлкен Ферғана каналындағы археологиялық байқаулар ........43
1.3.3. Самарқанның археологиялық тұрғыдан зерттелуі ..................46
1.3.4. Оңтүстік Түркменстан археологиялық кешенді экспедициясы ..........................................................................48
1.3.5. Кеш археологиялық топографиялық кешенді экспедициясы ..........................................................................59

**2. М.Е. МАССОН – ОРТААЗИЯЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ** ..........................................63
2.1. М.Е. Массонның ғылыми зерттеулерінің тақырыптық салалары .................................................................................63
2.1.1. Жалпы тарихи-археологиялық мәселелер ..............................63
2.1.2. Орта Азия тау-кен ісі мен металлургиясының тарихы ...........68
2.1.3. Орта Азияның гидрология мен метеорологияға байланысты археологиялық мәселелері ..........................................................70
2.1.4. Орта Азия қалаларының тарихи топографиясы ......................78
2.1.5. Орта Азияның сәулет өнері жәдігерлерін зерттеуі .................87
2.1.6. Орта Азияның бейнелеу және қолданбалы өнерінің тарихы ....................................................................................92
2.1.7. Орта Азия нумизматикасы .......................................................97
2.1.8. Орта Азия эпиграфикасы .........................................................102
2.1.9. Орта Азияның жануар мен өсімдіктер әлемінің және басқа да тарихи-археологиялық мәселелері .....................................106
2.2. Орта Азия археология кафедрасын ұйымдастыруы ..................109
2.3. Ортаазиялық ғылыми археологиялық мектеп және студенттік ғылыми археологиялық үйірме /СҒАҮ/ ...........................................118
2.4. М.Е. Массонның ғылыми мұрасы ............................................128

**3. М.Е. МАССОННЫҢ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**...........................................................................131
3.1. Сайрам ескерткіштерін зерттеуі..................................................131
3.2. Түркістан ескерткіштерін зерттеуі..............................................143
3.3. Тараз аймағындағы ескерткіштер жөніндегі зерттеулері...........152
3.4. Қазақстан нумизматикасы жөніндегі еңбектері..........................156
3.5. Шымкент пен Әулие ата музейлерінің қалыптасуындағы М.Е. Массонның рөлі ........................................................................157
3.6. М.Е. Массон еңбектеріндегі қазақ тарихына байланысты мәліметтер ...........................................................................................162

ҚОРЫТЫНДЫ.........................................................................................166
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ...................................................172
ҚОСЫМША А. Хронологиялық тәртіпте орналасқан М.Е. Массонның жарияланған еңбектері...........................................................................183
ҚОСЫМША Б. Ә.Х. Марғұланның М.Е. Массонға жазған хаттары.................................................................................................208

# ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР

| | |
|---|---|
| АСА | Археология Средней Азии |
| БСЭ | Большая советская энциклопедия |
| ВДИ | Вестник древней истории АН СССР |
| ИАН КазССР | Известия Академии наук Казахской ССР |
| ИАН СССР | Известия Академии наук СССР |
| ИАН ТССР | Известия Академии наук Туркменской ССР |
| ИАН УЗ ССР | Известия Академии наук Узбекской ССР |
| ИИМК | Институт истории материальной культуры АН СССР |
| КСИИМК | Краткие сообщения о докладах и полевых исследова-ниях ИИМК АН СССР |
| КСРО | Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы |
| КСР | Кеңестік Социалистік Республика |
| ҚАТЭ | Қашқадариялық археологиялық-топографиялық экспе-диция |
| ҚР ҰҒА | Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы |
| ОАМУ | Орта Азиялық мемлекеттік университеті |
| ОТАКЭ | Оңтүстік Түркменстандық археологиялық кешенді экс-педициясы |
| ПВ | «Правда Востока». Ташкент |
| САРГРУ | Среднеазиатское районное геолого-разведочное управление. |
| СОНАТ | Социалистическая наука и техника. Журнал Комитета наук УзССР Ташкент |
| ТАКЭ | Термез археологиялық кешенді экспедициясы |

| | |
|---|---|
| ТашГУ | Ташкентский государственный университет им. В.И. Ленина |
| ТашМУ | Ташкент мемлекеттiк университетi |
| Туркмен-культ | Институт туркменской культуры при СНК ТССР |
| Узкостарис | Узбекистанский комитет по охране памятников культуры прошлого |
| ЭВ | Эпиграфика Востока |
| ЮТАКЭ | Южно-Туркменистанская археологическая комплексная экспедиция АН ТССР |

# КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы егемендік алған соң рухани жаңару, мәдени мұра мен тарихи жадты қалпына келтіру мәселелері мемлекеттік деңгейде көтерілді. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – қоғам дамуына тың серпін беріп жатыр. Бұл игі бастаманы ел ішінде насихаттап, лайықты жүзеге асыру – баршамыздың міндетіміз.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасымен шыққан деректер де қазақ жеріндегі тарих пен мәдениеттің жер бетіндегі өркениеттермен қатар дамып, оларға ықпал еткені, сол өркениеттермен тығыз байланыста дамығанын дәлелдеді. Қазақстан аумағындағы ерте және ортағасырлық сәулет ескерткіштеріне, тарихи және археологиялық нысандарға, олардың тарихына, құндылығына деген көпшіліктің көзқарасы өзгерді. Тарихи-мәдени және рухани мұраларымызды түгендеп, есепке алып, зерттеп дәріптеу егемендік алған соң ғана кең көлемде қолға алынып жаңа дәрежеге көтерілді. Осымен қатар сонау тоталитарлық жүйе кезінде Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихи-мәдени мұрасын бағалай білген, оларды зерттеп таныткан археологтар болды. Атақты Ә.Х. Марғұлан, С.П. Толстов, А.Н. Бернштам сияқты алып ғұлама-ғалымдардан да бұрын Қазақстан мен Орта Азияның археологиялық ескерткіштерінің тарихи құндылығын бағамдай білген, кеңестер кезінде қазба жұмыстарымен алғаш айналысқан, көптеген тарихи және археологиялық жәдігерлерді тапқан, олардың алғашқы сипаттамаларын жасаған Михаил Евгеньевич Массон болды. Ол археология және тарих ғылымдарының докторы, профессор, Түркменстан Ғылым

академиясының академигі еді. М.Е. Массонды зиялы қауым Орта Азия археологиясының патриархы деп атады.

М.Е. Массон көп салалы энциклопедист ғалым болды. Оның зерттеген салалары – антикалық және ортағасырлық археология, сәулет өнері, мәдениет, археологиялық тәсілдер мен аңыздар, нумизматика, эпиграфика, геология тарихы, байырғы кездегі фауна мен флора. Ғалымның жасаған ірі археологиялық ашылымдары Орта Азия мәдениеті мен өнерінің, тарихының мақтанышына айналды. Түркменстан Ғылым академиясының академигі, профессор ғылыми кадрларды тәрбиелеуге көп үлес қосты. Қазақ археологиясының атақты мамандарының бірі – Х. Алпысбаев М.Е. Массонның шәкірті болды.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүргізілген зерттеулер мен қалпына келтіру жұмыстары, тарихи орындарды туристік нысанаға айналдыру мақсаты археологиялық һәм сәулет өнері ескерткіштерінің байырғы қалпында қалай болғанына ерекше назар аударуды талап етіп отыр. Себебі, зерттеушінің жазбалары Оңтүстік Қазақстан аумағындағы қалашықтарды, сәулет өнері ескерткіштерін әлі де көп өзгеріске ұшырамай тұрғанда өз көзімен көріп, қолымен ұстап жазылғандығымен ерекшеленеді. Ғалым еңбектерінде жазып сипаттаған көптеген тарихи орындар байырғы қалпынан айырылып, түрлі өңдеу-жөндеу жұмыстарын бастан кешірді. Осы тұрғыдан алып қарағанда да М.Е. Массонның еңбектері ерекше құнды, оларды жай ғана тарихи зерттеу шеңберінен шығарып түпдерек қатарына қосуға лайықты. Алайда зерттеушінің Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы жалпы тарихи ескерткіштерді зерттеп тануы әлі де толық зерделенбеген.

Ғалымның қызметін, оның зерттеулері мен көзқарастарын, тұжырымдарын саралау Қазақстанның археология мен тарих ғылымы үшін аса маңызды. М.Е. Массонның ғылыми тәсілдерін және оның археология ғылымының дамуына қосқан үлесін анықтау өзекті тарихнамалық міндет болып табылады.

М.Е. Массонның көп қырлы ғылыми қызметі негізінен Орта Азия аумағында белгілі болды. Түркмен КСР-ның Ғылым академиясының академигі ретінде 1970 жылы Ашхабадта М.Е. Массонның еңбектерінің биобиблиографиялық көрсеткіші [1] басылды. 1977 жылы Ташкентте ғалымның кейінгі шыққан зерттеулері көрсетілген қосымша көрсеткіш-кітапша үлгісінде

жарияланды [2]. Алайда М.Е. Массонның 1986 ж. дейінгі жаңа ғылыми еңбектері библиографиялық көрсеткіштерге енбей қалды.

Ғалымның зерттеулерінің маңызы аса зор болғанына қарамастан ол өз дәрежесінде тарихнамада сипатталмаған. Оның ғылыми мұрасына арналған жарияланымдар негізінен энциклопедиялардағы қысқа анықтамалар, мүшел тойларға арналған газеттік және журналдық мақалалар болып табылады.

М.Е. Массонның өмірі мен қызметі жөнінде алғашқы еңбекті – естелік кітапшаны оның әйелі, белгілі ғалым Г.А. Пугаченкова жазды. Бұл кітапшаны ғылыми-өмірбаяндық сипатта жазылған және онда Орта Азияның ірі ғалымы жөнінде ғылыми-көпшілікке әдебиет үлгісінде берілген еңбек деп бағалауға болады. Ташкентте 1995 ж. басылған 30 беттен тұратын кітапшада оның негізгі ғылыми қызметі, басшылық еткен экспедициялары, ата-тегі, оның мінезінің ерекшеліктері қысқаша сипатталған [3]. Сонымен қатар Г.А. Пугаченкова М.Е. Массон жөнінде жарияланған шағын мақалалардың авторы болып табылады.

М.Е. Массонның жеке қалашықтар мен сәулет өнері ескерткіштерін зерттегендері кейбір археологиялық шолуларда, ал жеке-дара ескерткіштерді зерттегені шағын мақалаларда аталғаны болмаса арнайы зерттеу нысанасына айналған емес.

Қазақстанда зерттеушінің еңбектері, оның жеке-жеке салалардағы қызметі жөнінде небәрі бірнеше ғылыми мақала жарияланған. Оңтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейінің қызметкері Ю.А. Елгин 1990 ж. жарық көрген мақаласында М.Е. Массонның Оңтүстік Қазақстан облысы аумағындағы сәулет өнері ескерткіштерін зерттегеніне назар аударады [4]. М.Е. Массонның Орта Азия нумизматикасы жөніндегі еңбектері Шымкент музейіндегі жинақта басылды [5]. Археолог Е.А. Смағұлов ғалымның Түркістан қаласының археологиясы жөніндегі зерттеулерін сипаттап олардың құндылығын баян етеді [6]. М.Е. Массонның Оңтүстік Қазақстан аумағындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеудегі еңбегі Т.Н. Сенигова, К.М. Байпақов, М.Е. Елеуов [7], басқа да археологтардың зерттеулерінде аталып,  еңбектері көрсетіледі.

Ә.Х. Марғұланның тапсырмасымен ғалымның үйінде болып сұхбаттасып қайтқан С. Өтениязов «Қазақ әдебиеті» газетінде 1982 жылы 24 желтоқсанда «Өмірі өнеге ғұлама» атты мақала

жариялады. Бұл М.Е. Массон жөнінде қазақ тілінде жазылған жалғыз мақала. Онда зерттеушінің өмірбаянына қатысты айтылмаған тың мәліметтер берілген.

Сонымен археологтар, музейтанушылар, өнертанушылар негізінен М.Е. Массонның жеке салалар бойынша еңбектерін талдап келді. Алайда аталған зерттеулерде ғалымның көп салалы қызметі жан-жақты қарастырылмаған, әсіресе, оның Қазақстанның, қазақтардың тарихи-мәдени мұрасына қатысты жазғандарын қамтыған арнайы зерттеу жазылмаған. Орта Азияның көптеген аймақтарында археологиялық-тарихи зерттеулер жүргізген М.Е. Массонның еңбектерінде қазақ тарихына байланысты жәдігерлер мен мәліметтер кездеседі.

# 1

# М.Е. МАССОН – ОРТА АЗИЯ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ПАТРИАРХЫ

## 1.1. Қысқа биографиялық мәліметтер

Михаил Евгеньевич Массон 1897 ж. қараша айында Санкт-Петербург қаласында дүниеге келген. Алайда оның туған күніне келгенде түрлі басылымдарда әртүрлі ауытқулар байқалады. Советтік тарихи энциклопедиясында [7, с. 174] және Өзбек совет энциклопедиясында [8, 28 б.] М.Е. Массон 21 қарашада туылған деп ескі стильмен көрсетілген. Үлкен Совет энциклопедиясында [9, с. 456], интернеттегі «Википедия – свободная энциклопедия» материалдарында М.Е. Массонның туған күні 21/11 (3. 12) деп белгіленген. Алайда М.Е. Массонның мүшелтойларына арналған мақалаларда жаңа стильдегі 4 желтоқсан деп көрсетіледі [10, с. 218; 11, с. 126]. Ал жоғарыдағы ауытқулар ескі стильді жаңаға аударуда туындаған. М.Е. Массонның әйелі Г.А. Пугаченкованың «Күмбез» журналындағы мақаласында: Ол желтоқсан айының 4-нен 5-не қараған түні дүниеге келген [12, с. 3] деп көрсетіледі. Г.А. Пугаченкова «Михаил Евгеньевич Массон – основатель среднеазиатской археологической школы» атты ғалымға арнап жазған кітапшасында оның 4 желтоқсанда туылғанын айтады [3, с. 4]. Ташкенттегі Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қорындағы өмірбаянында туған жылын көрсеткенмен туған күнін жазбаған [Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 195]. Жоғарыдағы келтірілген мәліметтерді ескере отырып, М.Е. Массон жаңа стиль бойынша 1897 ж. 4 желтоқсанында дүниеге келген деп санаған орынды.

Оның туған жері барлық зерттеулерде Санкт-Петербург қаласы деп көрсетіледі. Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған іс-қағаздар ішінде оның кафедра меңгерушісі болып жүргенде жазған өмірбаянында ол өзінің Санкт-Петербург қаласында 1897 жылы дүниеге келгенін жазады [Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 195]. Алайда оның отбасының 1899 жылы Санкт-Петербург қаласынан Самарқанд қаласына көшіп барған деген мәлімет негізсіз [14, с. 80]. Себебі, М.Е. Массонның ата-анасы Михаил туылмай тұрғанда Самарқанда тұрып жұмыс жасаған. Анасы – Антонина Николаевна Шпаковская аяғы ауыр болған соң дәрігер болып қызмет істейтін ағасына Санкт-Петербург қаласына сапармен барғанда М.Е. Массонды дүниеге келтірген екен [3, с. 4]. Баланың атын православты князь Михаил Черниговскийдің құрметіне Михаил деп қояды [3, с. 4].

М.Е. Массонның ата тегі түрлі европалық ұлт өкілдерінің ұрпағынан құралған. Екінші әйелі Г.А. Пугаченкованың жазуынша: М.Е. Массонның арғы бабасы шотландтық болыпты, шын есімі Мейссон екен. Мейссон Францияға көшіп келіп жергілікті ұлт өкілінің қызына үйленіп, жергілікті халыққа сіңісіп кеткендіктен фамилиясын французшалап «Массон» етіп өзгерткен екен. Оның ұлы Жак Массон ағылшын қызы Сара Уайтқа үйленеді. Олардан туған бала Луи Массон Ресейге келіп, Псков қаласындағы гимназияда сабақ береді. Жергілікті жерде оны орысшалап Людвиг Яковлевич деп атап кетіпті. Ол жергілікті ауқатты отбасынан шыққан Раиса Михайловна Окуньмен тұрмыс құрады. Отбасыларында дүниеге келген он баладан үлкен ұлы – Евгений және екі қызы ғана тірі қалыпты.

М.Е. Массонның әкесі – Евгений Людвигович топограф мамандығын алып, еңбек жолын Кавказдағы темір жол құрылысында топографиялық түсірілімдер жасаудан бастайды. Ол өзін мықты маман ретінде көрсете білген. Сондықтан ол Самарқанд қаласына жұмысқа шақырылады. Ол кезде бұл аймаққа жұмысқа келгендерге жеңілдіктер мен артықшылықтар жасалған. Евгений Людвигович Самарқанда генерал-губернатордың қасындағы топографиялық бөлімді басқарған [3, с. 4]. Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған М.Е.Массонның өмірбаянында әкесі аға жер өлшеуші қызметін атқарған деп көрсетіледі [Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 195]. Евгений Людвигович

Орта Азия аймағына 1877 ж. келіпті, ал шешесі – Антонина Николаевна Шпаковская 1880 ж. алдымен Закаспий темір жол құрылысшылары қатарында қызмет жасапты. М.Е. Массонның әке-шешесі Самарқанд қаласында кездесіп үйленіпті [1, с. 3]. Евгений Людвиговичтың басшылығымен күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпаған Самарқанд облысының топографиялық карталары жасалыпты. Ташкенттегі Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қорындағы өмірбаянында М.Е. Массонның әкесі 1918 ж. дейін дүниеден қайтқанша Самарқанд облысының аға жер өлшеуші қызмет атқарғанын жазады [3, с. 4]. Жұмыстан тыс уақытта М.Е. Массонның әкесі бағбандықпен айналысқанды ұнатады екен. Ағаштарды пайуандап өсірген, гүлдер еккен. Бау-бақшаны қарап-баптауға әкесі арнайы чех ұлтынан бір бағбан ұстапты [3, с. 3 – 4].

М.Е. Массонның балалық шағы мен бозбалалық кезеңі қазіргі Өзбекстан Республикасындағы Самарқанд қаласында өтті. Баланың табиғатты тануға деген құштарлығының оянуына отбасы дәрігері Павел Андреевич Благовещенский ықпал етіпті. Ол Мишаны қала сыртындағы саяхаттарға апарып, бірге гербарий мен жәндіктердің коллекциясын жинауға бейімдеген. М.Е. Массонның ботаника мен энтомологияға деген қызығушылығы көпке дейін сақталады.

Оның тарихқа деген қызығушылығының оянуы балалық шағын өткізген қоршаған ортасы – ескерткіштерге аса бай Самарқанд қаласында өсуі қалыптастырды десек қателеспейміз. М.Е. Массон балалық шағын төмендегіше баян етеді: «Самарқанда есепсіз шығып жатқан археологиялық табылымдардан өткен ғасырдың ірі жергілікті жекеменшіктік – Безукладниковтың, Фадеевтың, Петров-Борзнның, Баршевскийдің, қазіргі ғасырдың тұлғалары – инженер Пославскийдің, Кастальскийдің, суретші Столяровтың, Вяткинның коллекциялары қалыптасты. Олар Самарқанға көшіп келмей тұрғанда археологияға ешбір қызықпайтын әртүрлі кәсіп иелері болатын. Көшіп келген соң оларды көне заттар жинаушы және әуесқой археологтарға айналдырған қоршаған орта мен қаланың байырғы сәулет өнері ескерткіштері болды. Соларға қарап мен де өстім. Оларды байқамау мүмкін емес еді» [15, с. 11 – 12].

1907-1916 жж. М.Е. Массон Самарқандағы сегіз сыныпты гимназияда оқыды [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 195].

М.Е. Массонның алғашқы ұстазы әуесқой-археолог, Самарқанд іргесінде жатып үйіндіге айналған Ұлықбек обсерваториясының орнын тапқан В.Л. Вяткин болды. М.Е. Массон өз естеліктерінде өзінің археологиядағы «өкіл әкесі» деп Василий Лаврентьевич Вяткинді санады. Ол оны алғаш рет гимназистердің Облыстық басқармаға қарасты шағын музейге барғанында көреді. Яғни, оның археологияға деген қызығушылығын оятқан адамдардың бірі – облыстық басқарманың қызметкері, шығыс тілдерінің білгірі және археология әуесқойы Василий Лаврентьевич Вяткин болды. В.Л. Вяткин Афрасиаб қалашығынан көне заттар жинады немесе оларды жергілікті көне заттарды сатушы саудагерлерден сатып алды, өз шамасына қарап археологиялық қазбалар жүргізді. Ол Сократ іспеттес келбетімен, шағын, бірақ мығым денесімен, ерекше кісілігімен, жуан дауысымен және ешбір қағазға түспеген білімімен жас балаға әсер етті.

В.Л. Вяткиннің ең ғажап ғылыми жетістігі – шығыс деректеріндегі мәліметтер негізінде далалық барлау арқылы жер бетінде ізі қалмаған Ұлықбек обсерваториясының қалдықтарын табуы болды. 1908–1909 жж. ол жобалаған орында қазба жүргізіп, оның іргетасын және жер астындағы алып астрономиялық құралдың бір бөлігін – секстантты /басқа пікір бойынша квадрантты/ ашты. Осы жерге гимназист Миша Массон келіп ыдыс сынықтарын және құрылыс қалдықтарын реттеуге көмек беретін [3, с. 4].

М.Е. Массон балалық шағында Ұлықбек обсерваториясында В.Л. Вяткиннің қисық және лас қазба траншеяларымен жүруі, бір үңгір-қуыс арқылы ашылған обсерваторияның алып өлшем құралын көрсетуі ерекше тебіреніс бергенін жазады [15, с. 11 – 12]. Кейін М.Е. Массон обсерваторияға арнаған 1941 жылы басылған еңбегін В.Л. Вяткинніңаруағына арнап, кітапша мұқабасына «Қымбатты ұстазым В.Л. Вяткинге» деп көрсетеді.

Алғашқы кездерден бастап-ақ М.Е. Массон архитектуралық ескерткіштер жайлы көп оқып, В.Л. Вяткин жүргізген экскурсиядан бар естігенін ойға тоқып жазып жүрді. Өзі кейбір жеке өрнектерді дәптеріне түсіріп, онша зерттелмеген ескерткіштерді

өзі үшін өлшеп, оның схематикалық жоспарын түсіріп, жергілікті халықтан алынған мәліметтерді жинап, жазып жүрді [15, с. 11 – 12]. Оның осы кезде медресе оқушылары және әулие орындарының шырақшылары ескіні зерттеуші және ескерткіштерді қатты қорғайтын жас жігіт деп, оны Мика-бай деп атайтын болған. 14 жасында М.Е. Массон, Вердманның «История искусства всех времен и народов» деген еңбегінің бірінші томының Самарқанд ескерткіштері туралы жазылған беттеріне «қатал» рецензия берген. «Осы арқылы Батыс Европа мамандарының бұл ескерткіш жайлы өте аз білетіндіктеріне көзім жетті», – дейді Михаил Евгеньевич [15, с. 12 – 19] .

М.Е. Массонның естеліктеріне қарағанда 1912 ж. бастап Самарқанд ескерткіштеріне жеке-дара экскурсиялар жүргізе бастаған [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 195]. Ол ресейліктер мен шетелдіктерге, оқушылар мен ересектерге, жоғары дәрежелі шенеуніктер мен саяхатшыларға Самарқанд ғимараттарын көрсетіп, олардың тарихын баяндайды. Ол өзінің төрт күн бойы Киев қаласынан келген гимназистермен жүргізген таныстырулары жайлы: «Алғаш олар өздеріндей гимназист мені менсінбей, тіпті неше түрлі сөздермен мазақтайтын. Ал экскурсияның төртінші күні олардың ешқайсысы да «сен» деп маған сөйлемеді. Ал Киевке кетерде өздерінің оқушылары ішінде Киев ескерткіштерін осындай жақсы білетін адамның жоқ екендігін айтты» деп еске түсіреді [15, с. 22].

Бірде ұстазы В.Л. Вяткин Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А.В. Самсоновқа экскурсия жүргізіп таныстырудың соңында Самарқанд ескерткіштерін сақтауға өкімет тарапынан көмек қажет екендігін айтады. Сол кезде жоғары шен иесі бұл ескерткіштер неғұрлым ерте құлап қалса, соғырлым орыс мемлекеттігіне пайдалы болар еді деген жауап береді. Мұны естіген кішкентай Миша шыдамай қарсы сөйлеуге әрекет еткенде В.Л.Вяткин оның қолын қатты қысып ұстап тұрып тоқтатқанын жазады [16, с. 20]. Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған өмірбаянында ол 1913 ж. бастап В.Л. Вяткиннің қазбаларына қатысқанын көрсетеді [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 195].

1916 ж. М.Е. Массон Самарқанд гимназиясын алтын медальмен бітіреді. М.Е. Массонның отбасы және гимназия директоры оған археология деген ғылым жігерлі жас жігіттерге лайық кәсіп емес, ол кәрі шалдардың тірлігі деп үгіттейді. Осындай үгіттен кейін біраз ойға қалған М.Е. Массон Түркістан өлкесіне қажетті мамандықтардың бірі – ирригатор болуды қарастырып, Бірінші Петр атындағы Петроградтық политехникалық институттың инженерлік – құрылыс бөліміне оқуға түседі.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты М.Е. Массон 1917 ж. басында басқа студенттермен бірге әскерге шақырылады, ол Михайловтық артиллериялық училищеде қысқартылған курста дайындықтан өтеді [1, с. 4]. Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған өмірбаянында жазғандай артиллериялық училищенің жылдамдатылған, 5 айлық курсын тыңдаған соң шілде айында оңтүстік-батыс майданға қарасты 5-ші запастағы артиллериялық дивизионның 1 батареясына жіберіледі [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 195].

Ол Қазан революциясын қолдаған орыс интеллигенциясы жағында болды. Әскерде сайлау жүргізілгенде оны солдаттар взвод командирі, батарея комитетінің төрағасы, 1917 ж. қараша айында Жұмысшы мен солдат депутаттары Кеңесінің мүшесі етіп сайлады, Дондағы Калединнның ақ казактарына қарсы жорығына қатысты, жас артиллеристі солдаттар кеңесінің мүшесі етіп сайлады. Ұрыс барысында жақын араға түскен зеңбірек оғының жарылысы құлағының пердесіне зақым келтіріп, оның есту қабілетін төмендетеді. Құлағы жақсы естімегендіктен ол Самарқанға қайтып оралуға мәжбүр болған [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 195].

Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған өмірбаянында көрсеткендей ол 1918 ж. мамыр айы мен 1919 ж. наурызы арасында Самарқандағы «Орталық одақ» деген мекемеде техник қызметін («технический десятник и зав. техническим складом») атқара отырып, кешкісін және демалыс күндері Облыстық көпшілік кітапхана қасындағы музейде ақысыз қызмет істейді [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 195].

Сонымен М.Е. Массон жаңа стиль бойынша 1897 ж. 4 желтоқсанында Санкт-Петербург қаласында дүниеге келген.

М.Е. Массонның балалық шағы мен бозбалалық кезеңі қазіргі Өзбекстан Республикасындағы Самарқанд қаласында өтті. Оның тарихқа деген қызығушылығының оянуы балалық шағын өткізген қоршаған ортасы – ескерткіштерге аса бай Самарқанд қаласында өсуі қалыптастырды. М.Е. Массон қаладағы археологияға әуесқой зиялылардың ізбасары және олардың жұмысын жалғастырушысы болды.



**Массон Михаил Евгеньевич**

## 1.2. М.Е. Массонның археолог ретінде қалыптасуы

Кеңес өкіметі құрылғаннан бастап тарихи ғимараттар мен жекеменшік мұражайлар мемлекет меншігіне алынды. Ресейдің орталық аймақтарымен қатар Орта Азия аймағында да музейлер құру, ескерткіштерді қорғау мәселелері қолға алынды. Облыстық басқарма қасындағы В.Л. Вяткин қоғамдық негізде басшылық жасап жүрген шағын музей негізінде Самарқанның өлкетану музейін құру жөнінде шешім қабылданды. Ол кезде жастар жұмысқа кең тартылатын, осындай саясаттың арқасында М.Е. Массон осы музейдің меңгерушісі болып тағайындалады. Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған өмірбаянында көрсеткендей ол 1919 ж. наурыз айынан бастап музей қызметкері болып ауысады [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 195].

Музейді орналастыру үшін қаланың бір бай шонжарының үйі тартып алынады. Музейде үш бөлім – табиғат, археология және этнография бөлімдері болды. Музейге өз еркімен көмек бергендер де кездесті. Ешбір ақысыз экспонат бергендер және витрина мен көрме сөрелерін жасақтағандар табылды. Осы жұмыста М.Е. Массонның бұрынғы энтомологиялық экскурсия тәжірибесі өз жемісін берді. Және бұл жерде оған көне заттарды жинау тәжірибесінің пайдасы көптеп тиді. Ол жергілікті коллекционерлер мен музейге құс пен жануарлардың тұлдарын берген зоологтармен тығыз байланыс орната бастады.

М.Е. Массон экскурсанттар тобымен жұмыс жүргізді. Музейге түскен заттардың тізімін жасап отырды. Фенологиялық бақылаулар күнделігін жүргізді. Осы уақытқа дейін Самарқан музейі мұрағатында М.Е. Массонның өз қолымен өте майда үлгіде жазылған жазбалары сақталған. Оның қарауыл, столяр-шебер және тазалаушы қызметтерін қоса атқарған жалғыз ғана штаттық көмекшісі болатын. Ол егде жасқа келген бірінші дүние жүзілік соғысының ардагері еді.

Түркістан істері жөніндегі Бүкілресейлік орталық атқару комитеті комиссиясына М.Е. Массон мүше болған. Ол аталған ұйымның Самарқандық тобының қызметіне араласа бастады. 1920 ж. 30 қаңтарында Түркістан Республикасының Орталық атқару комитеті Кеңесінің № 191 декреті негізінде қорғау жұмыстары ұйымдастырылды. 1921 ж. 23 мамырында Түркістан

Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесінің № 127 «Білім беру жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Түркістан комитеті туралы Ереже» декреті қабылданды.

«Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Түркістан комитеті» жеке ғылыми мекеме ретінде жұмыс істей бастады. Оның мақсаты – табиғат пен мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау және насихаттау болды. 1921 ж. бастап ол «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитет» – Средазкомстарис деп аталды. Самарқандық топта үш бөлім болды. Олар – сәулет өнері, көркемдік және археологиялық секциялар. Соңғысына В.Л. Вяткин, М.Е. Массон мүше болды. Олар Самарқанд пен оның аймағында археологиялық барлау мен қазба жұмыстарын жүргізді.

1919 ж. қалада үлкен ауылшаруашылық көрмеге дайындық басталды. Музейдің жас меңгерушісі М.Е. Массон көп ойланбастан облыстық халық ағарту комиссариатындағы ұйымдастырушыларға барып, жаңа көрмелік материал алу үшін Самарқанд іргесіндегі Афрасиаб қалашығында қазба жүргізу қажеттігіне көздерін жеткізеді. Бұл саланың ауылшаруашылық көрмесіне қажеті шамалы болса да олардың тарапынан бұл іске қаражат бөлінеді.

Афрасияб қалашығында 1913 ж. қазба барысында В.Л. Вяткиннің жер қазушылары тап болған өрнекті һәм боялған қабырғасы бар үй қазуға таңдап алынып негізгі нысана болды. Бас-аяғы 17 күнге созылған қазбаға суретші-реставратор М.В.Столяров және 5 жұмысшы тартылды. Археологиялық қазба көлденең және қиғашынан түсірілген траншеялар тәсілімен қазылды. Қазба жұмыстары барысында В.Л. Вяткин қазып тапқан өрнекті қабырға орнынан алынып ұрланған болып шықты. Осыған қарамастан жас археолог М.Е. Массон қазбаны жалғастырып кеңейтеді де басқа өрнекті қабырғаларға тап болады. Үй қабырғасы табылған кезден бастап соның бойымен қазба жүргізілді. Осылай үлкен бір зал және көршілес екі шағын бөлме табылды. Зал қабырғалары ганч бетіне ойып түсірілген терең өрнектермен нақышталған болып шықты. Әр учаскідегі өрнек бірін-бірі қайталамайтын ірі геометриялық фигуралардан тұрды, ал олардың іші өсімдік тектес өрнекті оюлармен толты-

рылған екен. Археолог В.Л. Вяткин бұл орынды қарахандық билеушілердің сарайы деп санаған еді. Алайда М.Е. Массон табылған теңгелерге, ыдыс аяқ үлгілеріне назар аударып, олардың қарахандық кезеңнен ерте заманға жататынын байқады. Бұл араб географы ибн-Хаукаль атап өткен Саманилер сарайының залы болса керек деп болжады М.Е. Массон [16, с. 41 – 43]. Бұл саманилер билік жүргізген мезгіл – IX-X ғғ. – мәдениеттің шарықтау шегіне жеткен кезі еді. Осы кезде Самарқанд қаласы біршама уақыт бойы олардың астанасы болған еді.

Көрмеге қою үшін өрнекті қабырғаларды бөліп алу қажет болды. Реставратор М.В. Столяров осы панельдерді алдымен қатырып, кейін жеке-жеке бөліктерге аралап алды. Кейін бөліктердің бәрі Самарқанд музейіне көшіріліп қайтадан құрастырылды. Қазіргі кезге дейін осы өрнекті қабырғалар музейдің басты көрікті экспонаттарының бірі болып табылады. Жас археолог М.Е. Массонның алғашқы қазбасы аса нәтижелі болды. Сонымен қатар М.Е. Массон көңілінде бір ақау болды. Археологиялық қазудың траншеялық тәсілі – керамика бөліктерін, қабырға өрнектерін, яғни заттық табылымдар берді. Алайда ол археологияда «мәдени қабат» деп аталатын қабатты зерттеуге мүмкіндік бермеді. «Мәдени қабатты» оқу арқылы қазба орнындағы ғимараттың тарихына қатысты мәлімет алынбады. Траншеялық қазу құрылыстың салынуы, оның пайдаланылуы, қаңырап қалуы мен бұзылу кезеңдері жөнінде түсінік бермеді. Хронологиялық тұрғыдан оларды анықтау үшін жаппай археологиялық материал керек. Жас археолог М.Е. Массон қазба жұмыстарын басқаша жүргізу қажеттілігін түсінді [16, с. 44]. Кейін М.Е. Массон уақыт өте келе мәдени қабаттардың кең түрде рет-ретімен қазылу тәсілін ойластырып негіздеді.

Ірі археологиялық зерттеулер 1920 – 21 жж. қолға алына бастады. Бұл кезде Самарқанд қаласындағы Регистан кешеніндегі Ұлықбек медресесінің солтүстік-шығыс мұнарасының қисая бастауы жергілікті зиялыларды қатты ойландырды. Алғаш рет аталған мұнараның қисаюын 1918 ж. оның іргесінде отырған саудагерлер мен зергерлер байқайды. Олар базар бастығы мен В.Л. Вяткинге хабар береді. Облыстық архитекторды шақырып ақылдасады. Б.Н. Кастальский мұнараны бұзып қайта көтеруді ұсынса, ал М.Ф. Мауэр оны бөлшектемей тіктеу жобасын ұсынады.

«Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитетінің» Самарқандық бөлімшесінің бас сәулетшісі М.Ф. Мауэр мұнараны өлшеп, оның қисаюы шынымен қауіпті нүктеге жақындап келе жатқанына көзі жетеді. Оның ұсынысымен уақытша болса да мұнараны темір тростармен байлап құрсап тастайды. Осы кезде оның өз орнынан ауытқуы 1,8 м жеткен-ді [17, с. 10].

«Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитетінің» Самарқандық бөлімшесінің археология секциясының мүшесі болған М.Е. Массон ескерткіштің іргесін тексеру мақсатында қазба жүргізеді. М.Е. Массонның басшылығымен Ұлықбек медресесін айналдыра 27 шурф қазылды. Осы қазбалар барысында медресенің тек фундаменті ғана зерттелді десек қателесеміз. Шурфтар арқасында Самарқанд қаласының осы бөліктегі тарихы, Регистан атты алаңның және Ұлықбек медресесінің тарихы жөнінде алғаш археологиялық материал жинақталды. Ең төменгі қабатта осы жерде бұрын өзен арнасының орны болғаны анықталды. Осыдан бұл алаң не себепті «Регистан» – «құмды орын» дегенді білдіретіні түсіндірілді. Бұл алаңды игеру Х ғ. басталғаны айғақталды. Қазба барысында құмырашылар мен шыны жасаушылардың шеберханалары болғаны анықталды. XI-XII ғғ., әсіресе, XIV ғ. бұл жерде тұрғын үйлер пайда болған екен. Қазба барысында тұрғын үй қалдықтары мен бадрабтар аршылды. Ұлықбектің құрылыс жүргізген кезінде алаңның ХХ ғасырдың жер деңгейінен 2 м төмен орналасқаны белгілі болды [3, с. 8]. М.Е. Массон осы шурфтардың кесінділерінің сызбаларын сызуды ұсынып, Орта Азия археологиясы үшін жаңалық жасады. Әрбір тереңдіктен алынған зат шифрленіп белгіленіп отырды [17, с. 36].

1921 ж. М.Е. Массон Афрасиаб қалашығының қорғаны іргесінен піл қаңқасын тапқан. Ғалымның пікірінше, бұл сүйек 1220 ж. Шыңғысхан әскерлері келген кезде мерт болған піл қаңқасы [18]. 1921 ж. Самарқандағы «Дивари Қыямат» қабырғасының бұзылу барысында табылған бейітті тазалап зерттеді. Жалпы қабірлерді зерттеу қажеттілігін айтқан М.Е. Массон «Дивари Қыямат» қабырғасынан табылған бейіттің сипаттамасы мен сызбасын жария етті [19].

1923 ж. М.Е. Массон Орта Азияда алғаш рет құрылыс барысында археологиялық барлау мен байқаулар жүргізді. Оның Самарқанд қаласындағы шағын колеялық темір жол тармағын салғандағы байқаулары аса маңызды болды. Ол жерді тегістеу барысында табылған өрнекті қыштарға қарап Әмір Темір кезіндегі «Баги-Шамал» – «Самал бағының» орнын болжады. Кейінгі зерттеушілер, олардың ішінде Самарқанның бау-бақша тарихымен айналысқан археолог У.А. Әлимов М.Е. Массонның XX ғ. басында жасаған болжамын қоштайды [20, с. 10].

М.Е. Массон Самарқанның бас қорғаны тұсында теміржол салу барысында жер астынан табылған  қалыңдығы 1,10 м, арасы 4 м күйдірген қыштан өрілген қабырғаларды сипаттайды. Оның қасында мәрмер панель және ұстынның тас іргесі табылып, олардың XIV-XV ғғ. жататыны анықталды. Зерттеуші оны Әмір Темірдің атақты сарайы – «Көксарай» болуы мүмкін деген болжам айтады [18]. Осы теміржолды салу барысында жасалған барлық байқаулар Самарқанд археологиясы үшін аса құнды болды.

«Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Түркістандық комитетінің», кейін Ортаазиялық комитетінің жұмысы  атына сай музей ісін қамтиды. 1876 ж. негізі қаланған Ташкент музейі жаңаша құрылып, алғашында Түркістандық халық музейі, 1922 ж. Орта Азиялық бас музей болып аталды. Қазір ол Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының жанындағы Өзбекстан тарихы музейі. 1923 ж. бастап оның бағыттары анықталып, ол өлкетанулық ғылыми музей болып қалыптасты. Оның басты бағыты – Орта Азияның табиғатын тану, этнография мен археологиясын зерттеп көпшілікке көрсету болды. Ол кезде жігерлі жастарды жұмысқа тарту үрдісі болғандықтан М.Е. Массонға осы музейдің археология бөлімін басқаруды ұсынады. Ол бұл ұсынысты қабылдап, 1923 ж. қыркүйегінен 1928 ж. желтоқсан айы арасында Орта Азиялық бас музейінде жұмыс істеді. М.Е. Массон шешесімен және жас әйелі Ксения Ивановнамен бірге Ташкент қаласына көшіп барады. М.Е. Массонның жеке іс қағаздарында оның алдымен археология мен нумизматикалық бөлімдерін басқарғаны, кейін «адам» атты сектордың барлық бөлімдерінің меңгерушісі болғаны жазылады [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 118, 119, 120].

Сонымен қатар ол «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитетінің» археологы қызметі жұмысын қатар атқарып жүрді. Орта Азиялық бас музейінде оның алдында кең және ауқымды жұмыстар тұрды. Оның құзырына – музейдегі археологиялық материалдарды бір жүйеге келтіру, жаңа экспонаттар іздеп, музей қорын толтыру, археологиялық экспедициялар ұйымдастыру және Орта Азияның жергілікті жердегі музейлеріне куратор болып ақыл-кеңес беру сияқты жұмыстар кірді. Осы бағыттардың барлығында ол үлкен, ауқымды жұмыстар атқарды. Музей қоймаларын ретке келтіру барысында ол, әсіресе, нумизматикалық коллекцияға қатты назар аударды. Музейдегі теңгелер алуан түрлі болуымен қатар жүйеленбеген болатын. Онда греко-бактрийлік патша бейнесі салынып, грек жазуымен безендірілген теңгелерден бастап соңғы кездегі Бұқара, Хиуа және Қоқан хандықтарының тиындарына дейін жиналған коллекция бар еді. Әлемдік музейлік басылымдар қатарында шығыс теңгелері бойынша жеке каталогтармен қатар жеке мақалалар жарияланғанына қарамастан оларда Орта Азияның теңгелері мардымсыз көрсетілген еді. Орта Азиялық бас музейіндегі теңгелер қоры М.Е. Массонның ел арасынан сатып алуы арқылы немесе коллекцияға жергілікті халықтың сыйға тартуы арқасында толықты. Бұл кезде М.Е. Массон Түркістандық шығыс институтына барып дәріс алып нумизмат маманына қажетті араб және парсы тілдерін үйренді. Ал латын мен грек тілдерін ол Самарқанд гимназиясында оқып жүргенде меңгерген болатын. Орта Азиялық бас музейіндегі теңгелермен қатар М.Е. Массон Самарқанд пен Бұқара музейлеріндегі нумизматикалық қорларды зерттеп келді.

1924 ж. М.Е. Массон Ташкенттегі Шығыс институтына оқуға түсіп, бір жылдық курсын оқиды. Өз өмірбаянында М.Е. Массон бұл институтты тастап кетудегі себебін біріншіден, денсаулығының нашарлауына байланысты және екіншіден, Орта Азия археологиясына қажетті пәндердің жоқтығынан тастап кеттім деп көрсетеді [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 18]. Алайда М.Е. Массонның оқуды тастап кетуіне басқа себеп болған екен. Әйелі Г.А. Пугаченкованың көрсетуінше, ол оқып жүрген Шығыс институтына М.Е. Массон үстінен Самарқандағы «бай үйдің

иесі, яғни, таптық тұрғыдан кеңес өкіметіне жат» деген жолдары бар шағымның түскені себеп болған. М.Е. Массонның осы жағдайға байланысты моральдық тұрғыдан әбден қорланып, жан сауғалап ақталуды да қажет санамай, тіпті институт табалдырығын аттауға да дәрмені жетпей оқуға мүлдем бармай қояды. Кейіннен дарынды шәкірттен айырылған оқытушылар бұл жағдайды үлкен өкінішпен қабылдағанын жазады [3, с. 10]. Орта Азиялық бас музейіне экспонаттар сатып алумен қатар М.Е. Массон шағын экспедициялар ұйымдастырып тарихи мұраларды жинақтаумен де айналысады. Осы мақсатта ол Ташкент қасындағы Мыңөрік пен басқа да төбешіктерде шағын шурфтар салды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар М.Е. Массон Орта Азиялық аумақта музей істері жөнінде инспектор қызметін атқарды. Ол Қазақстан мен Қырғызстандағы жергілікті музейлерге кеңес беруге, тіпті оларды ұйымдастыру мәселелерімен іссапарларға шығып отырды. М.Е. Массонның Шымкент музейінің дамуына қосқан үлесі төменде арнайы қаралады. 1927 ж. оның Алматыдағы Жетісу губерниялық музейінің археологиялық бөлімінде болғанын аңғаруға болады [21, с. 8, прим. 13]. Осы сапарларда М.Е. Массон бір топ қалашықтарға археологиялық-топографиялық тұрғыдан зерттеу жүргізеді. Осымен қатар ол сәулет өнері ескерткіштерін зерттеді. М.Е. Массонның Қазақстандағы зерттеулерін арнайы тарауда қарастырамыз. 1925 ж. Қырғызстандағы Манас күмбезін, Өзкент, Бұрана мен Ақпешін қалашықтары мен ескерткіштерін 1927 ж. зерттейді. Соңғы уақытқа дейін аталған зерттеулер өз құндылығын жоғалтқан емес. Себебі, М.Е. Массон зерттегелі бері аталған қалашықтар мен ескерткіштер түрлі себептермен көптеген өзгерістерге ұшырап, қалашықтардың мәдени қабаттары бұзылды.

Екінші әйелі, белгілі ғалым Г.А. Пугаченкованың айтуынша, М.Е. Массонның мінезі аса күрделі болды. Ол адамдарға жалпы мейірімді, көмек беруге дайын болуымен қатар кейбіреулерді жақтырмайтын, мейлі себепті болсын, тіпті ешбір себепсіз терістейтін, жоққа шығарып жер қылатын. Өз ісіне, жұмысына толық берілуімен қатар М.Е. Массон жалқауларды, дарынсыздарды, олардың жоғары қызмет иесі екеніне қарамастан аямайтын, жек көретінін жасырмайтын. Ол тек өз көзқарасын дұрыс деп санайтын, басқа көзқарастағылармен тіпті ара-қатынасын үзуге

дейін баратын. Мысалы, М.Е. Массон Орта Азияның ортағасырлық қалалары жөніндегі келіспеушіліктің арқасында белгілі ғалым А.Ю. Якубовскиймен көп жылдық достығын үзген. Ол айналасындағылармен өзінің ғылыми байқауларымен кең көлемде бөлісіп отыратын. М.Е. Массон аталған мәселе бойынша мақала жазған адам оның еңбектеріне сілтеме жасамаса балаша өкпелейтін. Сөйте тұра ол барлық кеңес сұрағандарға көмегін аямайтын. М.Е. Массон табиғатынан лидер болып, адамдарды, жалпы ұжымды белгілі жұмысқа тарта білді, ойлаған мақсатына жеткізе білді. Ол сәбилерді жақсы көрді. Алайда балалардың және жас жеткіншектерден айтқанын орындауды талап етті. Айтқанымен жүрмегендерді қасынан мәңгі аластатты. М.Е. Массонның бірбеткейлігі мен тік мінезіне байланысты ол көп үлес қосқан Орта Азиялық бас музейіндегі жұмысынан 1927 ж. босатылады [3, с. 11]. Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған өмірбаянында көрсеткендей ол музейден жұмыстан босағанын жазады, алайда оның себептерін айтпайды [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, р. 106, л. 17, р. 105, л. 118].

Орта Азиялық бас музейін сол кезде ірі партиялық қызметкер, Мәскеуден Ташкентке аластатылып жіберілген, троцкистік бағыттағы М.М. Цвибак басқарды. Кейін ол репрессияға ұшырап, қаза тапты. Музейге басшылық жасай отырып, М.М. Цвибак өзі түсінбейтін бөлімдердің қызметіне араласты. Ал М.Е. Массон сауатсыз басшының өзін үйреткенін қаламады. Арада бірнеше қақтығыс болып, ақырында М.М. Цвибак оны жұмыстан босатты. Алайда ол жұмысты басқалар сияқты жайдан-жай тастамады. Ол екі ай бойы күн демей, түн демей бір тиын айлық алмаса да жинақтаған барлық археологиялық заттарды сипаттап өткізеді. Осындай жүйкеге түскен қысым оның денсаулығына кері әсерін тигізіп, жұмыс аяғында есінен айырылып, бірнеше күн төсек тартып ауырады [3, с. 12].

Осындай өмірінің қиын да күрделі кезінде оған Орта Азиядағы басты геологтардың бірі, профессор Б.Н. Наследов көмекке келеді. Ол М.Е. Массонды 1928 ж. желтоқсан айында Геологиялық комитеттің ортаазиялық бөліміне (кейін Орта азиялық геологиялық трест болып қайта құрылған) жұмысқа қабылдайды. М.Е. Массон тау-кен ісі тарихы бойынша ғылыми

қызметкер және ғылыми кітапхана меңгерушісі болып жұмысқа тұрады.

М.Е. Массон 1929 – 1936 жж. Орта Азияның тау-кен тарихымен айналысты. «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Өзбекстан комитетімен» байырғы қатынастарын қалпына келтірді де 1932 ж. бастап аталған мекемеде археолог-кеңесші және археологиялық сектордың меңгерушісі қызметтерін қосып атқарады. 1934 ж. басқа ғалымдармен қатар М.Е. Массонға Ташкенттегі «Мамандар үйі» деген үйден төртінші қабатта орналасқан жайлы пәтер тиеді. М.Е. Массонның осы № 34 пәтерінде мыңдаған адам болды десек қателеспейміз. Студенттермен қатар Орта Азияның түкпір-түкпірінен кеңес сұрап келетін өлкетанушылардан бастап КСРО академигі В.В. Струве, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Ә.Х. Марғұлан, КСРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденттері А.Я. Якубовский, К.В. Тревер, профессорлар И.П. Петрушевский, А.П. Окладников, Л.А. Мацулевич және басқалар оның қонағы болды.

Геологиялық комитеттің кітапханасын геологиямен қабаттас мамандықтар бойынша көптеген кітаптармен толықтырып және оған тәжірибелі, тілдер білетін кітапханашы әйелді тауып қойған соң М.Е. Массон Орта Азия аумағында ешкім зерттемеген тау-кен тарихын тануға кіріседі. М.Е. Массон тау-кен ісін тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттеу жұмыстарының басында тұрды. Г.А. Пугаченкованың айтуынша, М.Е. Массонның осы саладағы еңбегін ескере отырып, оған ризашылығын білдіре отырып, оны 1967 ж. 70 жасқа толуына орай Ангрен қаласының құрметті азаматы етіп сайлайды және оған кеншінің каскасын сыйға тартады. М.Е. Массон Бірінші мамыр немесе 7 қараша мерекесіне орай осы касканы киіп көшеге шығып, айналадағы адамдарды таңғалдырып, Ленин алаңындағы трибунаға дейін баратынын әйелі жазады [3, с. 12].

«Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Өзбекстан комитетіне» негізгі жұмысқа ауысқан соң М.Е. Массон үлкен Амударияның оң жағалауын зерттеу үшін ірі кешенді экспедиция құруға кірісті. «Кешенді» деген ұғымға М.Е. Массон қатты назар аударды. Ол кезде археологтар әдетте зерттеулерін өздері жүргізе отырып, тек кейбір жағдайда ғана «өлшеушілерді» – топограф пен сызбашыларды

жұмысқа тартатын. Алайда М.Е. Массонның түсінігінде археологиялық нысананы зерттеу барысында түрлі сала мамандары нағыз ғылыми зерттеуші ретінде тартылуы керек. Байырғы құрылысты қазу барысында сәулетшілерді, байырғы дәнді-дақылдар табылған кезде ботаниктерді, байырғы жазба жәдігерлері табылғанда байырғы тіл мамандарын экспедицияға тарту керек, реставраторлар тек ескерткіштерді бекітумен ғана емес, оның салыну технологиясын зерттеу үшін де қажет деп санады М.Е. Массон. Және XX ғ. 30 жж. бастап өзі басқарған барлық экспедициялардың «кешенді» болуын қамтамасыз етті.

Айыртамдағы археологиялық қазбалар тарих ғылымы үшін аса маңызды болды. Бұл зерттеудің басы 1932 ж. қараша айында М.Е. Массонның пәтеріне «Жоғары Әмудария өзен көлігі басқармасының» қызметкерлерінің келуімен басталады. «Октябренок» катерінің старшинасы И. Ряслов су астынан қашалған тас плиталарды көргенін, олардың біреуін Термез басқармасына жеткізгенін баяндап бере отырып және табылған заттардың суретімен таныстырады. Табылған ескерткіштің аса көрікті бейнелер екенін М.Е. Массон бірден байқайды. Бейнелі тас плита Ташкентке жеткізіледі. Оларды М.Е. Массон зерттеп, тарихи маңызын және жасалған мезгілін анықтап, брошюра шығарады, табылған ауданда археологиялық зерттеулер жүргізу қажеттілігін айтады [21, с. 15-16].

Г.А. Пугаченкованың хабар түскен заматта М.Е. Массон ескерткіш табылған жерге барып көрді деп жазуы зерттеушінің жазбаларына сай келмейді [3, с. 14]. М.Е. Массонның естеліктеріне сүйенсек, ол 1933 ж. қыркүйек айында табылған орынға экспедицияны басқарып апарады [15, с. 52 – 53]. Аса күрделі жағдайда – жолбарыс пен қасқырлардың емін-еркін жүрген жерінде қазба жүргізу аса табысты болып, бірінші ғасырларға жататын будда ғибадатханасының орны ашылады. Оның ішінде болған тағы сегіз бейнелі тас тақтайлар табылады.

1935 ж. аталған өнер туындылары Ленинградқа, III халықаралық иран өнері мен археологиясының конгресі құрметіне ашылған көрмеге апарылады. Онда Айыртамнан табылған фриздар және М.Е. Массонның қазбалары жөніндегі баяндамасы көпшілікті елең еткізген айтулы оқиға болды. Бұлар Орта Азияның оңтүстігінде Ұлы кушандар дәуірінің бай мәдениетінің ашылғанын әлемге паш етеді.

1935 ж. М.Е. Массонның Орта Азияның археологиялық жәдігерлерін танудағы еңбегін бағалап, академик И.А. Орбели оған КСРО Ғылым Академиясына қорғаусыз археология ғылымы докторы деген ғылыми дәреже беруді ұсынады. Академиктер И.Ю. Крачковский мен И.А. Орбелидың және тарих ғылымының докторы А.Ю. Якубовскийдің М.Е. Массонның ғылыми еңбектер жөніндегі жазбаша пікірінде оның сол кезге дейін Орта Азияның заттық мәдениет тарихы бойынша 53 басылым еңбегінің бары айтылады. Өзбекстан архивіндегі М.Е. Массонның жеке қорында сақтаулы тұрған бес беттік пікірде оның археологиялық экспедициялар басқарғаны, көптеген құнды жаңалықтар ашқаны айтылып, М.Е. Массонның қорғамай-ақ археология ғылымының докторы деген ғылыми дәреже алуға лайықты екені жазылған [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, р. 106, л. 17, р. 105, № 124]. 1936 ж. жазбаша жасалған ұсыныс қабыл алынып, КСРО Ғылым академиясы М.Е. Массонға қорғамай-ақ археология ғылымының докторы деген ғылыми дәреже береді. М.Е. Массон 1949 ж. толтырылған өмірбаянында «за выдающиеся археологические открытия, исследования памятников в Средней Азии и работы по использованию производительных сил, в 1936 г. мне была присуждена ученая степень доктора наук» деп жазады [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 196].

1938 – 39 жж. ол Ортазиялық /кейін Ташкенттік/ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне археология курстарын оқуға тартылады. 1939 – 1940 жж. ол профессор, кафедра меңгерушісі етіп бекітіледі. 1949 ж. М.Е. Массонға тарих ғылымдарының докторы деген ғылыми дәрежесі көрсетілген диплом беріледі.

М.Е. Массонның шын мәнінде ресми тамамдаған жоғары оқу орны болмаған. Осыған қарамастан ол латын, байырғы грек, француз, неміс, ағылшын, араб, парсы, тәжік, түркмен, өзбек тілдерін білді.

М.Е. Массон XX ғ. 80-шы жж. Ә.Х. Марғұланға хат жазып, қолында Қазақстан тарихына қатысты құнды құжаттар барын айтып, мүмкіндігінше оларды алып кетуін өтініпті. Осы мақсатта Ә.Х. Марғұлан Ташкентке Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих, археология және этнография институтының ғылыми қызметкері Самат Өтениязовты жібереді. Қазақ ғалымы

С. Өтениязов М.Е. Массонмен кездескенін газет бетінде әңгімелеп берген болатын: «Ол (М.Е. Массон) Ә.Х. Марғұланның хатын алып, қатты қуанып қалды. Жұбайы белгілі ғалым Галина Анатольевна Пугаченкова да Әлекеңнің семьясының амандығын сұрап жатыр» [22].

Атақты ғалым Құранды білгеннің арқасында бір өлімнен қалғанын айтады: «Ғылыммен айналысамын деген адамға шет тілдерді жақсы білмей болмайды. Мен араб тілін де білемін. Тіпті, Құранды жатқа оқи аламын. Құранды білгенімнің пайдасын да көрген жайым бар. Қай жылы екені дәл есімде жоқ, әйтеуір, 20-шы жылдардың бірінде Катта-Қорған аймағында экспедицияда жүргенімде басмашылар ұстап алды... Алғашқы күні олар мені аямай дүреледі, олардың қамшысының ізі арқамда әлі де бар.... Ауыр соққыдан келесі күні ес жидым. Қол-аяғым байлаулы екен. Арманда кететін болдым-ау, деп өкініп жатырмын. Кенет басмашылар қосынында бір үлкен әбігер болды да қалды, сөздеріне қарағанда қолбасшыларының бірі қаза тапқанға ұқсайды. Сол адамға жаназа шығаруға Құран оқитын молда араларында болмай әбігерге түсіп жатыр екен. Мұны естіген соң күзетшіге Құран оқи алатынымды айттым. Сол-ақ екен, басмашылар дереу менің қолымды шешті. Аяғыма жығылып, кешірім сұрады. Жақсылап киіндіріп, тамақтың барлық дәмдісін менің алдыма қойды. Осылайша құран білгенімнің арқасында бір өлімнен қалдым. Қазіргі жастардың ішінде көп халықтың тілі түгілі, тіпті ана тілін жөнді білмейтіндері толып жатыр» [22].

Осы сұхбатта М.Е. Массон өз жетістіктерін салауатты өмір сүріп, арақ пен темекінің дәмін тіптен татып көрмегендігінен деп санағанын айтады: «Міне, мен сексен беске толдым. Сыртқы келбетіме қарап маған мұндай жасты ешкім бере бермейді. Себебі, мен ешқашан ішімдікке әуестенбедім. Тіпті, ащы дегенін естігенім болмаса дәмін татқан емеспін. Темекіге де құмартпадым. Ғылымда елеулі істер тындырғаным да осындай жаман әдеттерге үйір болмағандығымнан деп айтуыма болады. Осы күнге дейін 362 еңбегім жарық көрсе, әлі де жарық көрмегендері бұдан да екі-үш есе көп...» [22].

Бір таңғаларлығы, ғылыми еңбектері Ленинградта, ғылыми ортада бағаланып жатқан М.Е. Массон Өзбекстанның Ғылым Академиясының мүшесіне қабылданбаған. 1943 ж. Ташкентте Ғылым академиясының өзбекстандық филиалы негізінде Өзбек

КСР-ның Ғылым Академиясы құрылады. Оның құрамына сайлануы тиіс беделді ғалымдар тізімінің басында Орта Азияның жетекші археологы М.Е. Массонның фамилиясы тұрды. Алайда, Г.А. Пугаченкованың пікірінше, М.Е. Массон, өзінің тік мінезіне байланысты Өзбек КСР-ның Ғылым Академиясының мүшелігіне өтпейді. Бұған Өзбек КСР-ның Ғылым Академиясының президенті болып сайланған тарихшы Т.Н. Қарыниязов пен М.Е. Массонның арақатынастарының өзара шиеленісіп тұруы кері әсерін тигізгені себеп болған.

Мәселе, М.Е. Массонның Т.Н. Қарыниязовтың басшылығымен жүргізілген 1941 ж. Гур Әмір кесенесіндегі Темір мен темірліктердің мәйіттерін ашу жұмыстарына сыни тұрғыдан қарауында болыпты. М.Е. Массонның Қазақстандағы бір шәкірті Нұртаза Алдабергеновтің бізге айтуынша М.Е. Массон Әмір Темір қабірін ашуға қарсы болған екен. Бұған қоса М.Е. Массон мен Т.Н. Қарыниязов арасында Самарқандағы Ұлықбек обсерваториясының аспаптары жөнінде пікірлері қарама-қайшы болғаны да әсерін тигізген. Осы жағдайлар Г.А. Пугаченкованың пікірінше, М.Е. Массонның Ташкентте Ғылым академиясының өзбекстандық филиалына және кейінгі Өзбек КСР-ның Ғылым Академиясына сайлануына кедергі етті [3, с. 14].

1951 ж. М.Е. Массонға Оңтүстік Түркменстан аймағындағы археологиялық зерттеулері үшін Түрікмен КСР-ның Ғылым академиясының толық мүшесі, яғни академигі деген атақ берілді. Орта Азияның тау кен тарихын зерттеген еңбегі үшін 1967 ж. Өзбекстанның Ангрен қаласының құрметті азаматы деген атақ берілді. ҚСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарғысы бойынша тарих ғылымын дамытудағы сіңірген еңбегі үшін және жетпіс жасқа толуына байланысты М.Е. Массон Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталады.

1967 ж. М.Е. Массон 70 жасқа толып зейнеткерлікке шығады. Алайда ғалым дүниеден өткенше (1986 ж. 6 қарашасына дейін) ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуды тоқтатпады, көптеген монографиялар мен мақалалар, кітапшалар жазды.

Саналы өмірінде жоғары оқуды аяқтамаса да қажырлы еңбегінің арқасында 400-ден астам ғылыми еңбек қалдырып, әлем мойындаған ғалымға айналды. Ол өнегелі өмір сүрді. Орта Азия археологиясы мен тарихын тануда өлшеусіз еңбек қалдырды.

М.Е. Массон XX ғ. 20-30 жж. Орта Азиядағы өлкетану қозғалысының белсенді мүшесі болды. Осындағы жұмыстары жоғары бағаланып, ол академик С.Ф. Ольденбургтың ұсынумен, 1924 ж. Орталық өлкетану бюросының корреспондент мүшесі болып сайланады. Міне, осы кезден бастап Михаил Евгеньевич ескіні сүйетін, оны қорғайтын, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жұмысын жүргізетін ерікті қоғамдарға өз кеңесін беріп отырды. Михаил Евгеньевич Массон көптеген ғылыми қоғамдардың, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен музейлердің ғылыми советтерінің мүшесі болып табылады. Сонымен қатар ол Өзбекстан Республикасының Мәдениет министрлігі жанындағы ескерткіштерді қорғау және өңдеу негізінде құрылған ғылыми-методикалық кеңесінің консультанты болып табылды. Ол ескерткішті қорғаумен, зерттеумен айналысатын 58 ғылыми қоғамдар мен мекемелердің мүшеліктеріне сайланған ғалым. 1970 ж. бері ол Түркіменстан мәдени және тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамының мүшесі болып келді. Сонымен қатар халық арасында байырғы ескерткіштерді таныстырып, мәдениет, өнер туындыларын жан-жақты насихаттайтын «Түркменстан ескерткіштері» қоғамының белсенді мүшесі М.Е. Массонға Өзбек ҚСР-ның, Түркімен КСР-ның еңбек сіңірген ғылыми қайраткері деген атақ берілді.

М.Е. Массонды көпшілік қауым арасында тарихи-археологиялық білімді үгіттеуші және насихаттаушы деп айтуға болады. Өзінің жарты ғасырдан аса уақытты қамтитын қызметінде көптеген консультация беріп, ғылыми мәжілістерде баяндама жасап, әртүрлі қалалар мен музейлер, ескерткіштер мен қазба орындарына экскурсия жасады. Оның 1926–1929 жж. жарық көрген Самарқанд ескерткіштері Бибі Ханым мешіті, Гур-Әмір кесенелерін таныстыратын ғылыми брошюралар шығарғанын ерекше айтуға болады.

М.Е. Массон екі мәрте үйленген. Бірінші әйелі Ксения Ивановна Массон. Ол М.Е. Массонмен бірге экспедицияларда болған, кафедрада лаборант болып істейтін. Бірінші әйелі – Ксения Ивановнадан Вадим мен Серафима туылған. Ксения Ивановна М.Е. Массонның көмекшісі болған. Ол 1946 ж. қайтыс болған. Кейіннен екінші әйелі – белгілі ғалым, болашақ Өзбекстан Ғылым Академиясының академигі Галина Анатольева Пугаченковаға үйленіп, бірге отбасын құрады.

Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған 1949 ж. толтырылған өмірбаянында: «Никаких взысканий по службе не имел, равно как не был под судом ни под следствием. Ни в какой партии не состоял и ни войсковых, ни в учреждениях белых правительств не служил» [Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағаты қоры, Р. 2773, оп. 2, д. 105, л. 196].

Қорыта айтқанда, М.Е. Массонның ғалым ретінде қалыптасуына Кеңестік жүйенің позитивтік және негативтік жақтары әсер етті. Ол Қазан революциясын қолдаған орыс интеллигенциясы жағында болды. Жас ғалымның Орта Азия археологиялық ескерткіштерін тану мен қорғаудағы ізденістері жаңа кеңестік биліктің жастарды көтермелеу, ескерткіштерді қорғау сияқты жаңаша саясатымен үндесіп, М.Е. Массонның алдына жаңа мүмкіндіктер ашты. Ол археологияны халық шаруашылығына қызмет істету жолдарын іздеді. Оның қажырлы еңбегі жоғары бағаланып, диссертация қорғамаса да археология ғылымының докторы деген ғылыми дәреже беріледі. Осымен қатар ол – «бай үйдің иесі, яғни, таптық тұрғыдан кеңес өкіметіне жат» деген анықтамалары бар арыз шағымның түсуіне орай жоғары білім ала алмады. Кәсіби білімсіз партиялық шенеуніктермен текетіресте болуы оның жұмысына едәуір кедергі етті.

Кедергілерге қарамастан М.Е. Массон кеңестік дәуірде Орта Азия археологиясының пионері болды. Ол кеңестік дәуірде Орта Азияда алғашқы қазба жұмыстарын жүргізді, археологиялық мұраны жаңаша танудың жолдарын іздеп бір топ жаңалықтар ұсынды. Ортаазиялық археологиялық қазу методикасын жетілдірді. Ол алғашқылардың бірі болып шурф кесінділерінің сызбаларын жасады. Әрбір тереңдіктен алынған зат шифрленіп белгіленіп отыратын болды, бұрынғы траншеялық қазу тәсілі тиімсіз екенін түсініп, қазба жұмыстарын кең көлемде жүргізу қажеттілігін ұсынды. Ол зерттеу жұмыстарын кешенді жүргізді,  өнегелі өмір сүрді. Орта Азия археологиясы мен тарихын тануда өлшеусіз еңбек қалдырған тұлға.

## 1.3. М.Е. Массонның ұйымдастырушылық жұмысының негізгі нәтижелері

### *1.3.1. Термез археологиялық кешенді экспедициясы*

Байырғы Термез қалашығының орны қазіргі Өзбекстанның Сурхандария облысында орналасқан, бұл аймақ XIX ғ. Бұқара әмірлігінің құрамында болды. Байырғы Термез қалашығының қалдықтары Әмудария өзенінен өтетін басты өткелде орналасқандықтан Ресей империясының Орта Азияны жаулап алған соң орыс және европалықтардың жазбаларында жиі аталатын орын еді. Олардың көбі байырғы қалдықтар жөнінде атүсті жасалған суреттемелер мен сипаттамалар үлгісінде болды.

Термез жәдігерлерін арнайы ғылыми тұрғыдан зерттеу ісі XX ғ. 20-шы жж. ортасынан басталды. 1925 ж. «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитеті» Термез қалашығының және ондағы кейбір ескерткіштердің алғашқы жоспарларын жасатты. 1927–1928 жж. бұл аймақта профессор Б.П. Денике басқарған өнертанушылар тобы зерттеу жүргізді. Осы жұмыстарға белгілі ортаазиялық археолог В.Л. Вяткин және тәжірибелі сәулетші-реставратор Б.Н. Засыпкин тартылды. Бұл экспедиция өнертанушылық бағытта болғандықтан алдымен азды-көпті белгілі сәулет өнері ескерткіштері зерттеушілердің назарына ілікті. Жүргізілген археологиялық зерттеу барысында қабырғалары өрнектелген ортағасырлық сарай қалдықтарының ашылуымен белгілі болды. Осы кезде Ескі Термез және Сурхандария облысының басқа да қалашықтарынан жиналған көне заттар тобы негізінде сол кездегі Термез қаласында өлкетану музейі ашылды.

1933 ж. М.Е. Массонның Айыртам қалашығындағы сәтті қазбаларының нәтижесінде ғылыми ортаның назары Әмударияның айналасындағы аймақта болды. М.Е. Массонның Айыртамнан табылған олжалар жөніндегі баяндамасы және сол жерден табылған бейнелі тас фриз Ленинградтағы III халықаралық иран өнері мен археологиясының конгресіне қатысушыларға қатты әсер етті. Мәселе фриз бетіндегі шебер бейнеленген музыканттар мүсіндерінің аса жоғары көркем туынды болуында ғана емес еді. Ең алдымен ол Солтүстік Бактрия-Тохаристан аймағында антикалық дәуір мәдениетінің тарағанын көрсететін алғашқы айқын айғақ ретінде ғалымдарды қызықтырды.

Айыртам фризі және осы жерде қазу барысында табылған материалдар археология ғылымы үшін аса маңызды болды. Оның үлкен мәні мынада еді. Сол уақытқа дейін Самарқанд және Термезден табылған әртүрлі археологиялық заттар б. з. V-VII ғғ. жатқызылып келген болса, ендігі жерде мұндай табылымдарды б. з. I ғ., яғни, ұлы кушандар мемлекеті дәуіріне жатқызу ғылыми түрде негізделді.

М.Е. Массон 1933 ж. өзінде Терміздің ірі қала ретінде б.з. I ғ. өмір сүргенін, ондағы мәдени қабаттардың үлкен аудандарында кушан дәуірі керамикасының кездесетіндігін айтқан болатын, ал Айыртамдағы қазбалар барысында ұқсас заттардың табылуы бұны тағы да дәлелдей түсті. Айыртам қалашығында жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде, б.з. I ғғ. археологиялық кешендерді ортағасырлық кешендермен салыстыра отырып, олардың арасында терең алшақтық барын көруге мүмкіншілік туғызды. Бұл зерттеулер б.з. I ғғ. кешенін құл иеленушілік қоғамға жатқызу туралы мәселені қоюға болатындығын көрсетеді.

Айыртамдағы қазбалардан кейін М.Е. Массон осы аймақта археологиялық зерттеулердің кең көлемде жүргізілу қажеттілігін түсінді және оны басқаларға да ұғындырды. Зерттеудің нысанасы ретінде Ескі Термез қалашығы таңдап алынды.

Термез археологиялық кешенді экспедициясы (ТАКЭ) 1936-1937-1938 жж., яғни үш далалық маусымда жұмыс атқарды. Оған мықты мамандар тартылды. Ол кезде Өзбекстанда кәсіби археологтар жоқтың қасы болатын. Бұл уақытта археологиялық жаңалықтарымен аты шыққан В.Л. Вяткин дүниеден өткен еді.

Ғылым комитетіндегі (болашақ КСРО-ның Ғылым академиясының Өзбекстандық филиалы, кейіннен Өзбек КСР-ның Ғылым Академиясы) археологиялық топтың құрамында М.Е. Массон, Украинадан келген М.Э. Воронец, археологияға енді ене бастаған Я.Г. Гулямов және екі шығыстанушы: В.А. Шишкин және В.Д. Жуков бар болатын. М.Е. Массон 1936 ж. ТАКЭ-ның құрамын жасақтай отырып оған жоғарыда айтылған екі шығыстанушы мен Эрмитаждағы археолог Б.Б. Пиотровскийді және өнертанушы В.Н. Кесаевты, Самарқаннан археолог И.А. Сухаревты тартты. 1937 ж. далалық жұмыстарға В.А. Шишкин, В.Д. Жуков, А. Кахаров, Мәскеуден Е.Г. Пчелина, Киевтен М.И. Вязьмитина, Ашхабадтан Н.М. Бачинский тартылды. 1938 ж. жоғарыда айтылған үш ташкент-

тік археологтан басқа экспедицияға А.П. Окладников және оның көмекшісі В.Д. Запорожская, геолог П.И. Князев, сәулетші Г.А. Пугаченкова [23, с. 3], практикаға келген тарихшылар А. Кахаров пен Р. Набиев және Ортаазиялық мемлекеттік университет студенттері О. Сосновский мен Г. Савельев қатысты. Осылай Термез археологиялық кешенді экспедицияның далалық және камералық жұмыстарына түрлі мамандық иелері тартылды. М.Е. Массон оларға қосалқы қызметші ретінде емес нағыз тең дәрежедегі зерттеуші ретінде қарап жұмысқа араластырды.

ТАКЭ-ның жұмысы барысында М.Е. Массон жер астында көміліп қалған құрылыс қалдықтарын оның бетінде өсетін шөптер арқылы тану тәсілін ойластырып тексерді. Ол Орта Азияның ерте көктемінде тез өсіп жетіліп сарғайып кететін эфемер шөптеріне назар салды. Олардың бірі бостау топырақта, бірі тығыз топырақта өседі. Осыған қарап М.Е. Массон қай жерде кесектен қаланған қабырға, ал қай жерде бостау топыраққа толған үй ортасы жатқанын ажыратуға болады деген тоқтамға келді. Осы жаңаша жұмыстарға ботаник П.П. Архангельскийді тартты.

Қаратепе деген археологиялық ескерткіштің бір бөлігінде сәуір айында М.Е. Массон әртүрлі текті шөптер негізінде жер астында жатқан құрылыстың жоспарын жасайды. Осылай кішкентай кезінен ботаникаға деген қызығушылығы археологияда да өз нәтижесін көрсетті. М.Е. Массонның тапсырысымен осы жерде қазба жүргізген мәскеулік археолог Е.Г. Пчелина бұл болжамның дұрыстығын анықтайды. Алайда тоғыз жылдан кейін жариялаған мақаласында осы тәсілді жан-жақты суреттей отырып осы тәсілді пайдалануға кеңес берген не М.Е. Массонның, не ботаник П.П. Архангельскийдің есімдерін де көрсетпегені өкінішті.

Ескі Термез қалашығындағы жұмыстарды қолға ала отырып, «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Өзбекстан комитеті» қалашық тарихының негізгі кезеңдерін, баспалдақтарын анықтауды мақсат қойғаны, заттық мәдениет ескерткіштерінің түрлі топтарын қамтуды талап еткені ескерілді. Ескі Термез қалашығы айналасындағы ауданды зерттемей атқарылған жұмыстың бір жақты болатынын ескеріп, арнайы аймақтық барлау жұмыстары жүргізіледі.

ТАКЭ-ның жұмысы тәжірибе ретінде бірнеше топтардан тұратын экспедиция үлгісінде жүргізілді. Оның негізін «Музей

ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Өзбекстан комитеті», заттық мәдениет тарихы институты, Ленинградтық Эрмитаж, Мәскеудегі Орталық дінге қарсы музейі және Сурхандария аймақтық музей қызметкерлері құрады. ТАКЭ-ның негізгі нысанасы – Ескі Термез қалашығы болды. Ұзындығы 10 км, ені 2 – 4 км ауданды алып жатқан ескерткіш Амударияның оң жағасында орналасқан. Ескі Термез ескерткіші екі бөліктен – амудариялық және сурхандық қалашықтардан тұрды. Археологтардың негізгі назары амудариялық қалашықта болды [24, с. 78].

ТАКЭ-ның негізгі міндеті – аталған аймақтың территориясында әртүрлі категориялы заттық мәдени ескерткіштерді есепке алып сипаттау және осының негізінде өңірдің тарихын қалпына келтіру болды. Айыртам қалашығындағы арнаулы топтың 1937 ж. жұмысының нәтижесінде Термез қаласының, Ескі Термез өңірінің екі мыңжылдыққа жуық тарихи-топографиялық даму жолы реконструкцияланды.

Экспедицияның жеке топтары Ескі Термез бен оның аймағындағы алғашқы қауымдық қоғам дәуіріне жататын ескерткіштерді, жалпы қалашықтың топографиясын зерттеді, Шыңғызтепе (1936 ж.) мен Қаратепе (1937 ж.) төбешіктеріндегі буддалық ғибадатханаларды, Айыртам қалашығын, Ширабад жолы бойындағы қамалды қазу жұмыстарымен айналысты. Аталған жұмыстармен қатар IX ғ. мешіті, XI-XIII ғғ. Термез билеушілерінің салтанатты сарайы (1936 – 1937 жж.), XII ғ. тұрғын үйі, теміршілер орамы қазылып зерттелді. Термез қалашығы мен оның айналасындағы аймақты сумен қамтамасыз ету мәселелері (1936–1937 жж.), жеке сәулет өнері ескерткіштері, Сурхан қалдықтары тобындағы қам кесектен қабырға қалау ерекшеліктері (1937 ж.) зерттелді [24, с. 79].

Алғашқы қауым қоғамы дәуірі ескерткіштерін зерттеу барысында кейін ғылыми әлемге танымал болған Тесіктас үңгірі табылды. Бұл жерде археологияда алғаш рет Орта Азияның палеолитінің мустье кезеңіне жататын ескерткіші және неандертальдық бала сүйегі табылды.

Ескі Термез қалашығын қазу барысында антикалық дәуірге жататын қалың қабаттар табылды. Осы қабаттан грек-бактр патшалары Евтидем /б.з.б. III ғ./ және Евкратид /б.з.б. II ғ./ теңгелері табылды. Антикалық қаланың ортағасырлық цитадель

орнында болғаны анықталды. Оның ауданы 10 га шамасында болған [25, с. 113]. Қорған қабырғаларының бірнеше мәрте өңдеу-жөндеуден өткені анықталды. Құл иеленуші дәуірінде Термездің гүлдену кезі б.з. бірінші ғасырлары – Кушан мемлекеті уақытында болғаны анықталды. Бұл кезде қаланың айналасында ұзын қорғанды бекіністер салынған екен. Олар қала сыртында орналасқан екі буддалық ғибадатханаларды айнала қоршап тұрғызылғаны анықталды. Кушан дәуіріне жататын мыс теңгелер қаланың барлық аумағынан табылды. Бірінші ғасырлар мезгіліне жататын тастан және алебастрдан жасалған сәулет өнері мен мүсін бөлшектері оншақты жерден табылды. Олардың ішінде Будда және музыканттар бейнелері мен ұстын бөліктері кездеседі.

Ескі Термез, Айыртам, Хатын-Рабат қалашықтарынан табылған мүсіндердің матхур мектебі туындыларына жақын екені анықталды. Сөйте тұра бұл туындыларда классикалық өнер белгілері жиі кездеседі. Тастан жасалған сәулет өнері бөлшектерін архитектуралық тұрғыдан талдау олардың римдік үлгілерге жақын екенін көрсетті.

Амудария өзені жағасындағы Бүркіттау кенінде орналасқан мергелді әктастан қаптау бөліктерін жасау кушан дәуірінде кең өріс алыпты. Кейбір өңделген тас блоктардың салмағы 250 кг жеткен. Бір тас ыдыстың бөлігінде карошти жазуымен жазылған мәтіннің қалдығы сақталыпты. Бұл КСРО аумағында осы жазудың тіркелген алғашқы үлгісі болды. Кейінгі рабад аумағында, ортағасырлық қабаттар астында кушан дәуірінің қалың қабатының ұшырасатыны анықталды. Онда өңдеуге дайындалған темір бөлшектері жиі кездесті. Бұлар көрші Көгентантау етегінде екі мың жыл бұрын темір кен орны болғанын көрсететін айғақтар еді.

Қаратепедегі барлау жұмыстары 5 га ауданда көлемі жағынан ірі, құрылымы жағынан жартылай үңгір іспеттес будда монастырының қалдықтары сақталғанын көрсетті. Бірнеше үңгірлерден табылған нумизматикалық материалдарда Канишки (б. з. ІІ ғ.) есімі оқылды [24, с. 81 – 82].

Діни ғибадатханада жеке және көпшіліктің пайдалануына арналған үңгірлер бірнеше қабаттарда орналасыпты. Оларға кіретін есік көркемделіп, кейбір жағдайда таспен қапталып жасалынған екен. Төбе үстінде және оның қасында көлемі

жағынан ірі, жер бетінде орналасқан вихара, сангарама, ступа үлгідегі буддалық құрылыстардың қалдықтары аршылды [23, с. 5]. Үңгір ішінде сызып салынған бейне, жер бетіндегі бір құрылыста түрлі-түсті бояумен адам бойындай кісі бейнелері сақталыпты. 1937 ж. М.Е. Массон орта ғасырлық қала шетінен XI-XIII ғғ. жататын сарайдан 1,5 км жерде орналасқан ескерткіш – «отырған Будда» мүсінін тапты. Қазба барысында темір дайындамалардың, металл және керамика шлактардың болуы және бірнеше керамика күйдіретін пештердің табылуы монастырь қасында өнімдерін базарға шығаратын шаруашылық шеберханалардың болғанын дәлелдейді.

Ирригациялық жүйенің негізгі бөлігі құл иеленуші дәуірінде салынғанын олардың жағасында кушандық керамика табылған елді мекендердің орналасуы айғақтап тұр [23, с. 5]. Одан кейін құлдырау-дағдарыс уақыты басталып, ерте ортағасыр кезеңінде ғана жағдай оңалған екен. Хатынрабат пен Айыртам қалашықтарында тіршілік тоқтайды. Ескі Термезде де халық санының азаю себебінен тіршілік аумағы тарылады. Дағдарыс белгілері тек VIII ғ. жойылады. Термезшахтар соққан теңге қатарына қорған жанынан табылған кейінгі сасандықтардың дирхемі үлгісіндегі мыс теңге жатады. Осы уақытқа, яғни VI-VII ғғ., бастапқыда X-XII ғғ. ескерткіші деп саналып келген «гофрленген ғимарат» жататыны анықталды [25, с. 114].

689 ж. Термезді Муса бен Абдаллах басып алды. Осы кезден бастап Термез арабтың ортағасырлық шығармаларында жиі аталады. Ол, әсіресе, X ғ. деректерінде көп кездеседі. Қалашық цитадельден, шахристаннан, қабырғамен қоршалған рабадтан және қала аймағынан тұрды. Бұл ортаазиялық феодалдық қаланың алғашқы даму кезеңі еді. Қала біршама абаттанған еді. Алаңдар мен көшелер табаны күйдірген кірпіштен төселген. Рабад аумағында ылас суларды сыртқа апаратын жер асты екі галерея – «тазар» орны табылды [23, с. 7]. Археологиялық мәліметтер негізінде олардың X ғ. аяғында істен шығып жарамсыз болып қалғаны анықталды.

1032 ж. мұнара қасындағы қазылған мешіт қалдықтары IX ғ. аяғына немесе X ғ. жатады. Ғимарат күйдірген кірпіштерден тұрғызылған, бірнеше дөңгелек кірпіштен қаланған ұстындары бар. Ол жоспар бойынша осы уақытқа дейін беймәлім болып келген екі бұрышы ашық және бір жағы жабық мешіттер

қатарына жатады. Оның михрабы тоғыз жартылай ұстыншалардың тоғысуымен қосылғанға ұқсайды. Археологиялық зерттеулердің негізінде қаланың қайта өркендеу уақыты X-XII ғғ. жататыны анықталды.

Цитадель қорғанының қабырғалары күйдірген кірпіштермен қапталған екен. Қаланың шахристан бөлігі жеке-дара қабырғамен қоршалды. Рабад іші жаңаша жоспарланды. Ондағы қолөнершілер орамдары аса ауқымды еді. Тек теміршілер орамының ауданы 4 га асты. Шыны, ыдыс, сынапкөзе жасаушылардың орамдар орындары белгіленді. Рабадтың сыртында кірпіш жасайтын шеберханалардың ауданы анықталды. Бір кірпіш күйдіретін пештің іші кірпіштерге толы қалпында сақталыпты. Рабадта өндіріс орындарына таяу жерлерде байлардың үйлері орналасқаны анықталды. Осындай бір үйдің салтанатты бөлмесінде кірпіштен өрнектеп қалау арқылы жасалған еден, алебастрдан жасалған терезе пердесі табылды. Терезе пердесінің ойықтарына сынған шиша ыдыстарының қалдықтары орналастырылыпты. Бұл кезеңге жататын ғимараттардың ішінде ең алдымен 1927 ж. Мәскеудегі Шығыс мәдениеттер музейі мен «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Орта Азиялық комитеті» бірігіп зерттеген Термез билеушілерінің сарайын жатқызуға болады.

Салтанатты сарай ауданы шамамен 7000 шаршы м екені анықталды. Үлкен аула ортасында күйдірген кірпішпен көмкерілген әуіз қазылды. Оның бұрышындағы текпішектерде үлкен ыдыстар – хумдар орналастырылған. Бұл ыдыстарда балықтар болыпты. Қазба барысында қабырғалары өрнекті аудиенцзал-көрінісхана толығымен аршылды. Көрінісхананы қазу барысында үйдің үстіңгі бөлігінде болған түрлі-түсті бояулармен салынған нақыш бөліктері табылды [24, с. 85 – 86].

Ауланың солтүстік бұрыш бөлігін қазу барысында гүлді, жануарды ұстаған арыстан немесе бүркіт бейнелі, атқа мінген ханымдар мен ер кісілер бейнеленген шыны медальондар табылды. Бір медальонда арабша мынадай мәтін бары анықталды: «Ұлы жеңімпаз сұлтан Бахрамшахқа». Осы сұлтан есімімен сарайдың бір жөндеу кезеңі байланысты болған [23, с. 7].

XIII ғ. басында сарай соңғы мәрте күрделі жөндеуден өткен. Алайда жөндеу жұмыстары аяқталмай қалған. Бұл жағдайды қазба барысында еден үстінде орналасқан алебастр ерітіндісі

қалдығы мен бояу салынған құтының табылуы айғақтайды. Кірпіш алу үшін сарай ішін бұзу XV ғ. жалғасқаны байқалады. XII ғ. құрылыстары қатарына бұрын XIX ғ. салынған деп есептелген Пайғамбар аралында орналасқан кесененің жататыны анықталды. Оның жөндеуден өткен бір сылағында 822 ж. көрсетіліпті [25, с. 115]. Экспедиция барысында Жарқорған мұнарасындағы жазу оқылып, оның 1008/9 ж. салынғаны анықталды. Қайта өрлеу дәуірінің сәулет өнері ескерткіштері қатарына Хакім ат-Термези кесенесінің жататыны анықталды.

1220 ж. монғол басқыншылығынан кейін қала қаңырап қалды. Осыдан қала тіршілігі Термездің Сурхан атты бөлігіндегі Термез сейіттерінің қабірстанына жақын жерде шоғырланды.

XIV ғ. тұрғын үйлер мен исламның діни құрылыстары бар ірі қала қайтадан пайда болды. Оның сырт қоршауы болмады. Амудария жағындағы Ескі Термез қаңырап қала берді. Тек 1407 ж. Халил Сұлтанның өкімімен оның цитаделі қалпына келтірілді. Осы кезде өзен жағасын бекіту жұмыстары жүргізілді. Қамал XVII ғ. дейін өз қызметін атқарып келді. Алайда оның іргесінде қала іспетті елді-мекен қалыптаспады. XV-XVI ғғ. мәдени қалдықтары тек арық жағалай бірнеше жерде ғана кездеседі.

Байырғы қамалды қазу барысында көптеген жеміс-жидек дәндері табылды. Табылымдардың арқасында қандай дақылдар егіліп, қандай ағаштар өсірілгені белгілі болды. XVII ғ. аяғында Термездің Сурхан бөлігінде тіршілік тоқтауға жақын болатын. XVIII ғ. ортасында Бұқара хандығының билігі қалашықты қалпына келтіру жөнінде ұйғарым шығарды.

Жаңа Термез аумағында XVIII ғ. теңгелерінің (оның ішінде орыстардың тиындары) [25, с. 116] табылуы осы арадан Амудария өзенінен ең жайлы өткелге қарай сауда жолы өткенін көрсетеді. XIX ғ. Ескі Термездің екі қалашығы да байырғы қалдықтары бар жер ретінде ғана белгілі болды. Ал Паттакесар елді мекені тек XIX ғ. ортасында пайда болды. ТАКЭ-ның жұмысының барысында антикалық және ортағасырлық Термез қаласының даму тарихы осылай қалпына келтірілді.

Экспедиция жинаған бай археологиялық материал Термез қаласындағы өлкелік музей қорына берілді, бір бөлігі музей экспозициясында орын алды. Уақыт өте келе «Термез археологиялық кешенді экспедициясының еңбектері» атты екі том

жарық көрді. Екеуі де экспедиция басшысы – М.Е. Массонның қорытынды мақалаларымен ашылды.

Ескі Термез ортаазиялық қалашықтар ішінде жан-жақты археологиялық тұрғыдан кешенді түрде зерттелген тұңғыш нысана болды. Екінші дүние жүзілік соғысы жылдарынан кейін мұндай зерттеулер Орта Азияның барлық қалашықтарында жүргізілді. Атап шығатын болсақ, Өзбекстандағы Афрасиябта, Варахшада, Дальверзинтепада, Ерқорғанда, Қарақалпақстандағы Тораққалада, Тәжікстанның Пенджикентінде, Хульбукте, Түркіменстандағы Ниса, Мерв, Мешхеди-Мисрианда, Қырғызстандағы Красная речкада, Қазақстандағы Отырартөбеде, Құйрықтөбеде осыған ұқсас зерттеу жұмыстары жүргізілді. Алайда осындай кең көлемді жұмыстардың басында Ескі Термез аумағында зерттеу жүргізген ТАКЭ болды.

ТАКЭ-ның зерттеулерінің нәтижелері толыққанды қорытындыланып басылмай қалды. Олар ТАКЭ-ның еңбектерінде жеке дара мақалалар болып басылды. Алғашқы томы Ташкент қаласында 1939 ж., 2 томы 1945 ж. жарық көрді. Алайда соңғы еңбек небәрі 250 дана болып басылып, сол кездің өзінде сирек библиографиялық басылымға айналды.

М.Е. Массон археологиялық деректермен қоса басқа деректер негізінде Термездің ерте заманнан бергі тарихын қарастыратын ТАКЭ еңбектерінің 3 томын дайындауға кіріскен болатын. Алайда бұл жұмыс басталғанымен түрлі себептерге орай аяқталмай қалды.

М.Е. Массон басқарған ТАКЭ-ның жұмыстары барысында келесі жаңалықтар ашылды. Біріншіден, 1939 ж. жалпы далалық жұмыстардан кейін А.П. Окладниковты таудың іргесіндегі Тесіктас үңгірі орналасқан аймаққа жіберіп, онда неандертальдықтың сүйегі табылып, сенсациялық жаңалық ғылыми айналымға енді [25, с. 113].

Ескі Термез қалашығының рельефі қосымша қазба немесе стратиграфиялық шурфтар салу арқылы зерттеліп, оның тарихи топография мен негізгі стратиграфиялық қабаттарының мезгілдері анықталды. Оның ең төменгі қабатының б.з. бұрынғы уақытқа – Грек-Бактр патшалығы дәуіріне жататыны анықталды. Кейінгі қалың қабаттар кушан, ерте ортағасыр мен ерте мұсылман дәуірлеріне жататыны белгілі болды.

Монғол шапқыншылығы мезгілінде қала қаңырап қалып, біршама уақыттан соң ғана аз мөлшерде Ескі Термезден шығысқа қарай қоныс аударып қайта жанданады. Қазба барысында топырақтан аршылған құрылыстардың жоспарлары, құрылыс бөліктері анықталды. Байырғы Орта Азияның сәулет өнері жөнінде жаңа мәліметтер жинақталды.

Қаратепедегі будда монастырын зерттеу жұмыстары басталды. Арабтар келмей тұрғандағы сәулет және бейнелеу өнерлері жөнінде мәліметтер алынды. Мұсылман дәуірінің мешіттері, діни кешендері, сарайлары, тұрғын үй-жайлары зерттелді. Бұлардың барлығы көне және ортағасырлық Орта Азияның сәулет өнерінің типологиясының беймәлім беттерін толықтырды.

Керамика ішінен кушандық кешен және ортағасырлық X-XII ғғ. керамикасын даралады. Термез билеушілерінің сарайынан табылған шыны медальондар назар аударарлық өнер туындылары болып табылады.

Темір өндірісі, ауыл шаруашылығы, нумизматика салалары бойынша жаңа материалдар алынды. Ескі Термез қалашығы кейінгі кездері де зерттелді. Алайда олар бұрын қазылған немесе экспедиция белгілеген нысаналарда жүргізілді. М.Е. Массон басқарған ТАКЭ-ның тапқан жаңалықтары осы уақытқа дейін өз құндылығын жоғалтқан жоқ. Осымен қатар М.Е. Массон осы экспедиция барысында бір топ еңбектердің бірлескен авторы болған Галина Анатольевна Пугаченковамен бірге қызметтес болды. Алғашқы әйелі қайтыс болған соң Г.А. Пугаченковамен отбасын құрды. Ол сол уақытта Ортаазиялық индустриальды институтының сәулет өнері бөлімін бітірген болатын және 1938 ж. экспедицияның далалық жұмыстарына қатысты. «Шығыс елдеріндегі сәулет өнері тарихын тану үшін міндетті түрде археологиямен байланыста болу керек. Себебі, ескерткіштердің басым бөлігі жер астына көміліп қалған-ды» – деп жазады Г.А. Пугаченкова. Аталған ғалымның археологиямен айналысуына М.Е. Массонның ықпалы зор болғанын ол өз естеліктерінде ерекше атап өтеді [3, с. 17].

ТАКЭ-ның жұмысы барысында М.Е. Массон аталмыш экспедицияны жаңаша ұйымдастырды. Ол оның кешенді болуын қамтамасыз етті. М.Е. Массон түрлі сала мамандарының нағыз ғылыми зерттеуші ретінде осы жұмыстарға тартылуы керектігін көрсетті, байырғы құрылысты қазу барысында сәулетшілер,

байырғы дән-дақылдар табылған кезде ботаниктер, байырғы жазба жәдігерлері табылғанда байырғы тіл мамандарының экспедицияда болуы тиіс, реставраторлар тек ескерткіштерді бекітумен ғана емес, оның салыну технологиясын зерттеу үшін де қажет деп санады.

Осымен қатар ТАКЭ-ның жұмысы барысында М.Е. Массон зерттеудің жаңа тәсілдерін қолданды, ол ескерткіш қазылмай жатып көміліп қалған құрылыс қалдықтарын бетінде өсіп тұрған шөптер арқылы тануға әрекет етті.

### *1.3.2. Үлкен Ферғана каналындағы археологиялық байқаулар*

ТАКЭ-ның жұмысы 1939 ж. жалғасын таппақ болатын. Алайда сол кезде Өзбекстан аумағында Үлкен Ферғана каналын салу жоспарланып, оны қазу жұмыстары басталып кетті. Ол атына сай Ферғана аңғарының аумаған кесіп өтуі тиіс еді. М.Е. Массон бірден бұл құрылысты Орта Азия археологиясын тану үшін аса маңызды деп түсінді.

Ұзындығы 260 км жерді басып өтетін канал – құдды дайын археологиялық кесік іспетті болып көрінді. Археологтар ертеден адам игерген аңғардың мәдени қабаттарының стратиграфиясын бақылау мүмкіндігіне ие болып, баға жетпес мәліметтер алуға мүмкіндік туды. Бұл М.Е. Массонның жаңа құрылыстар салыну барысында археологиялық бақылау ұйымдастыру жөніндегі бұрынғы ойын аса ауқымды масштабта іске асыру болатын [26, с. 52].

Өзіне тән іскерлігімен М.Е. Массон жедел түрде экспедиция жоспарын құрды. Алайда ойламаған жағдайда оның бұл бастамасы «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Өзбекстан комитеті» тарапынан қолдау таппады. Комитетте оған бірде «республикалық асаршылардың күрегі астынан» бақылау жүргізу қисынсыздығын немесе қаражат жоқтығын алға тартты. Көп ойланбастан М.Е. Массон биліктің ең жоғары деңгейіне – Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы – Абдурахмановқа шықты. Ол оның ұсынысына үлкен түсіністікпен қарап көмек беру жөнінде нұсқау берді, жоспарланған жұмыстарына қаражат бөлгізді [3, с. 17].

Жоғарыдан қолдау тапқан М.Е. Массон археолог-мамандардан, фотографтардан, топографтардан, көлік жүргізушілер-

ден тұратын ұжым құрып жұмысқа кірісті. Олардан үш археологиялық топ құрылды, олар үнемі канал трассасы бойы ізденісте болды. Құрылысшылар арасында үлкен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Олар өте жылдам және канал жұмыстарына кедергі етпей жұмыс жасауы керек еді. Екінші кезеңде каналға шекаралас аймақтарда барлау жұмыстарын жүргізді [26, с. 52].

Жұмыс шілде айынан бастап негізгі жұмыстар аяқталмай жатып, тамыз айының аяғында аяқталды. Осы арада көп жұмыс атқарылды. Аймақ археологтары Я.Г. Гулямов, В.Д. Жуков, Т.А. Оболдуева, сәулетші А. Зайнуддинов басқарған топтарға бөлінді [3, с. 17].

Жұмыс нәтижелері ауқымды және алуан түрлі болды. Біріншіден, бұрын Ферғана аймағында сирек кездесетін археологиялық заттар жиналды. Қола дәуіріне жататын найза ұштары, жебелер, әшекейлер табылды [26, с. 53].

Байырғы Ферғана б.з.б. бірінші ғасырларына  жататын және ол б.з. бірінші ғғ. қытай деректерінде Давань – «жетпіс қала елі» деп аталған еді. Осы санның жартысы шамасындағы елді мекендердің орындары белгілі болды. Бұдан да ерте дәуірге жататын байырғы скиф үлгісіндегі мәдениет айғақтары: керамика мен жиегінде текелер бейнеленген қола қазан табылды. Аравана ауданындағы Дүлдүлата деген жерде, Оштан солтүстік-батыста жатқан Айрымачтаз тауларындағы тас бетінде бейнеленген ат суреттері қытай жазбагерлерінің қызыға жазған «Даваньның аспан аттары», яғни қытай патшаларына сыйға тартылатын аттар деген қорытындыға келеді. «Давань керамикасы» деп беттеріне сызылған өрнектері бар ыдыстар жатқызылды [26, с. 53].

Ферғанада алғаш рет «скиф» үлгісіндегі қазан табылды. Ол Лугумбек елді мекені қасынан, 8-ші құрылыс учаскесінде, 3,5 м тереңдікте табылды. Қабырғалары тік көтерілген, түбі жайпақ, үш биік аяқтарға орнатылған. Биіктігі 56 см, диаметрі 64 см ауыр қола қазанның жиегінде төрт таутеке жануарының мүсіндері бейнеленіпті. Олар сағат тілі бағытында жылжып бара жатыр. Диск үлгісінде төрт құлағы орнатылған. М.Е. Массон осы уақытқа дейін мұндай қазандар тек Оңтүстік Сібірде, Қазақстанда, оңтүстік орыс далаларында кездескенін жазады. Және мұны Геродот скифтердің құрбандық шалған жылқы еттерін осындай қазандарда қайнатқан деп болжайды. Қазанға М.Е.Массонның пікірінше, 2000 жыл болған және ол

Ферғанамен көршілес аймақтарда тұрған жартылай көшпелі тайпалардың қазаны, нақтырақ айтқанда, үйсіндердің қазаны болса керек деп жазады ғалым [27].

«Кушандық» керамикаға жақын үлгілер кездескен бір топ елді мекендер табылды. Кейінгі ескерткіштер қатарына ляхатта немесе «катакомбада» жерленген бейіттер табылды. Олардың ішінде ортасы қытайша үлгіде ойық, бірақ ортаазиялық мыс теңгелер кездесті.

Архаикалық және феодалдыққа дейінгі кезге жататын бір топ қалашықтар анықталды. Солардың бірі Үлкен Ферғана каналының 2-ші құрылыс учаскесінде Үш-Корған елді мекені қасында табылды. Қабырғалармен қоршалған қалашық 20 галық қана шағын аумақты алып жатыр. Оның оңтүстік бөлігінде цитаделі бар. Қалашық өз заманында осы аймақ билеушілерінің астанасы болуы мүмкін дейді М.Е. Массон. Қалашықта, әсіресе, тас бидай ұнтағыштар көп болып шықты. Олар қол диірменге дейінгі кеңінен тараған еңбек құралы. Тастардың ішінде Шығыс Түркістан аумағынан келген тағы өңделген нефрит тасы бар. Осы қалашықтан б.з. 2 ғғ. жататын теңге табылды. Қалашықтан солтүстүкке қарай IX–XII ғғ. жататын мәдени қабаттар табылды. Бұл Ферғананың осы тарихи бөлігінде табылған алғашқы феодалдық дәуірге жататын елді мекен еді [28].

VIII ғ. Ферғана астанасы болып саналған Касан қаласының қалдықтары зерттелді. Онда арабтар жаулап алған соң тіршіліктің тоқтағаны анықталды. IX ғ. бастап Ферғананың бас қаласы болып саналған Ахсыкент қалдықтарын зерттеу оның төменгі мәдени қабатында боялған керамика барын көрсетті. Оның орнында екі мың жыл бұрын ірі қалалық орталықтың болғаны анықталды. Қалашық бетінде XII ғ. аяғы – XIII ғ. басына жататын мәдени қабаттың бары анықталды. Тек цитадель мен оның айналасында XV ғ. материалдарының бар екені белгілі болды [26, с. 53].

Экспедиция барысында бірнеше жүздеген теңгелер жинақталды. Олардың арасында Ферғана аймағы үшін алғаш рет грек-бактр теңгелері кездескен еді [26, с. 54].

XI-XII ғғ. көркейген, монғол шапқыншылығы кезінде қираған, одан да кейін тіршілік еткен бір топ елді мекендер табылды. Түрлі керамика кешендері, олардың ішінде араб әліппесімен жазылған тәжік тілді жазулар табылды.

Материалдың барлығы Ташкенттегі Ғылым комитетінің бір бөлмесінде орналастырылды. Алайда екінші қабатта ботаниктер бөлмесінде өрт болып, жиналған заттардың барлығы жарамсыз болды, ғылыми байқаулар жазылған қағаздар өртенді [3, с. 18]. Осыған қарамастан Үлкен Ферғана каналы бойындағы археологиялық бақылау нәтижелері құнды болатын. Олар Ферғана тарихын тануда маңызды дерек болып қалды.

М.Е. Массон Үлкен Ферғана каналының жұмыстары барысында кең түрде археологиялық бақылау ұйымдастыру жөніндегі бұрынғы ойын іске асырды. Байқаулар көп жаңа материалдар берді. Олардың бір тобы сақ-скиф дәуірінен бастап кейінгі ортағасырға дейінгі уақытты қамтыды.

### *1.3.3. Самарқанның археологиялық тұрғыдан зерттелуі*

Өзбектің ұлы ақыны Әлішер Навоидың 500 жылдығын мерекелеуге дайындық барысында М.Е. Массон атқарып жүрген жұмыстарымен қатар сол кезде ұйымдастырылған Навои комитетінің құрамына енгізілді. Ақын мүшелтой тақырыбына байланысты М.Е. Массон темірліктер кезеңін қамтитын археологиялық жәдігерлерде зерттеу жұмыстарын белгіледі.

1939 ж. Самарқанд іргесіндегі Ишратхана деп аталатын кесенені /бұл құрылыс Әлішер Навои Самарқанда болған кезде салынған/ зерттеу қолға алынды. 1940 ж. тамыз айында тарихи жәдігерді зерттеу мен археологиялық қазба жұмыстары басталып кетті. Сәулетті ғимараттың бірінші және екінші қабаттары құландылардан тазаланды. Ескерткішті айнала тоғыз жерге шурфтар салынды. Ең терең шурф жер беті деңгейінен төмен 7 м тереңдікке жетті.

Жер астындағы сағананы қазу барысында М.Е. Массон бұл жерден бір топ әйелдер мен балалардың мәйіттерін тауып, олардың темірліктер әулетіне жататын әйелдердің көрханасы екенін дәлелдейді. Жалпы алғанда мұнда жиырмадан аса әйел мен бала қабірлерінің бары анықталды.

Қабір шұңқырларының көлемі әртүрлі болды. Кейбірі 0,9 м кең, кейбірі 0,25 м тар етіп жасалған, ұзындығы 2 м барып тіреледі, ал қысқалары 0,5 м жеткен. Шұңқыр табаны мен қабырғалары алебастрмен сыланыпты. Бейіт шұңқырының табанына терек бұтағынан немесе қабығынан, кейде қамыстан өрілген бөліктерден төсеніш салыныпты. Шұңқыр үсті қысқа

тақталармен, жартылай бөренелермен жабылыпты. Шағын балаларға арналған шұңқырлар үсті ірі қышпен, не мәрмер таспен жабылыпты. Оның үстіне топырақ салынған.

Мәйіттер әдетте бастары солтүстікке қаратылып, кейде бастарын батысқа бағыттап жерлеген. Өліктерді бағалы жібек маталарға орап көмген. Орталық моланы кесекпен қалап жапқан, оның ішіне XV ғ. екі теңгесі қойылыпты [29, с. 21 – 41].

Қазба барысында аршылған архитектуралық декорация қалдықтары негізінде кесененің ою-өрнегінің үлкен бөлігі реконструкцияланып қалпына келтірілді. Осымен қатар архитектор Г.А. Пугаченкова күмбездері құлаған кесененің өлшемдерін қағазға түсіріп, оның графикалық реконструкциясын жасайды.

1941 ж. М.Е. Массон темірліктер дәуіріндегі Самарқанның тарихи-мәдени ескерткіштерін кеңінен зерттеу мақсатында Самарқанд археологиялық экспедициясын ұйымдастырады. Экспедиция жоғарыда көрсетілген мамыр айында Ұлықбек обсерваториясында, Ұлықбектің бау-бақшасындағы сарай қалдықтарында және Бибі ханым кесенесінің ішінде қазба жұмыстарын бастады [30, с. 143]. Зерттеу барысында Ұлықбектің Чиннихана сарайы қалдықтары табылды. Ұлықбек обсерваториясындағы жазуды қайта оқу ондағы негізгі астрономиялық аспаптың квадрант емес секстант екенін М.Е. Массонға негіздеуге мүмкіншілік берді. Алайда 1941 ж. 21 маусымында КСРО-ға фашистік Германияның шабуылынан басталған соғыс барлық археологиялық жұмыстарды тоқтатты [3, с. 18].

Алайда, М.Е. Массон бастаған Самарқандағы зерттеулер босқа кеткен жоқ. 1958 ж. «Ишратхана деген атпен белгілі болған Самарқандағы кесене жөнінде» атты ғылыми жинақ жарияланды. Онда аса көрікті сәулет ғимаратының зерттелу тарихы, ауданның байырғы тарихи топографиялық өткені, Ишратхананың салыну тарихы, құрылыстың салынып болғаннан кейінгі бірінші жылдары, ескерткіш тағдыры, ескерткіштің жойылуы жөніндегі аңыз беріледі. Ұлықбек обсерваториясы мен сарайлар қалдығы жөнінде мәліметтер жинақталды, бертін келе олар ғылыми айналымға енді.

***1.3.4. Оңтүстік Түркіменстан археологиялық кешенді экспедициясы***

М.Е. Массон Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында тұрғанмен елу жылдан астам зерттеу жұмыстары Түркіменстан Республикасы аймағындағы ескерткіштермен байланысты болды. Ғалым кеңес өкіметі билік басына келген кезден бастап Орта Азиядағы, оның ішінде Түркіменстандағы, барлық теңгелік табылымдарды есепке алып отыруды қолға алған болатын [31, с. 280 – 293].

XX ғ. 20-шы жылдары М.Е. Массон Түркіменстан бойынша тарихи және археологиялық тұрғыдан ең құнды тарихи ескерткіштер тізімін жасауға қатысты және олардың 1923 ж. 27 наурыздағы № 52, 5 қарашадағы № 173 Түркістан Республикасының Орталық атқару комитеті және халық комиссарлар кеңесінің шешімдерімен есепке алынып, мемлекеттік қорғауға алынуына атсалысты. Ол 1927 ж. Ортаазиялық музейінің археологиялық саласы бойынша Түркіменстан аумағындағы сәулет өнері ескерткіштерінің көрмесін жасақтады. Онда ортағасырлық архитектуралық жәдігерлер – кесене-мешіттердің XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басында жасалған фотосуреттері үлкейтіліп койылды. Осымен қатар 1929 ж. байырғы тау-кен тарихын зерттеу мақсатында М.Е. Массон Түркіменстанның Сумбара ауданына археологиялық экспедицияны басқарып барды [32].

1939 ж. көктемінде Түркімен КСР Халық комиссарларының кеңесінің нұсқауымен ол бір айға іссапармен бірнеше мәселелерді қамтып және Тарих институты тарапынан нисада қазба жүргізу, қалашықты қорғау шаралары жөнінде кеңес беруге шақырылады. Аталған мәселелермен қатар «Түркмен КСР сәулет өнері ескерткіштері» альбомды шығару жөнінде, В.И. Пилявскийдің 1938 ж. Көне Үргеніштік экспедициясының нәтижелері жөнінде және Түркімен мемлекеттік музейінің археологиялық бөліміне қабылданған тарихи кезеңдерге бөлу, көрме залдарында койылған экспонаттардың кезеңдермен сәйкестігі жөнінде, археологиялық бөлімдегі ғылыми қорды реттеу мен жүйелеу мәселелері бойынша шақырылды.

М.Е. Массон 1945 ж. аяғынан бастап Мәскеуде 1-ші Бүкілодақтық кеңесте қабылданған КСРО-дағы археологиялық жұмыстардың бес жылдық жоспарына сайкес Заттық мәдениет тарихы институтының ұсынысымен КСРО Ғылым Академиясы-

ның Туркмен филиалы Оңтүстік Түркменстандық археологиялық кешенді экспедициясын – ОТАКЭ-ны басқару үшін шақырылды [3, с. 23].

ОТАКЭ-ның жұмыстары ауқымды болды. ОТАКЭ-ның еңбектері – «Труды ЮТАКЭ» деген атпен 20 томы, «ОТАКЭ материалдарының» үш басылымы шықты. Бұларға қоса жинақтарда, ғылыми және ғылыми көпшілікке арналған журналдарда көптеген мақалалар, кітапшалар, жолсеріктер басылды. ОТАКЭ-ның қоғамдық жұмыстарына келетін болсақ, яғни лекциялар оқу, ескерткіштерді қорғау бағытында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, археологиялық кабинет құру, тарихи өлке тану музейін құру жұмыстары Марыда, Байрам-Әліде – міне, мұның бәрі өз жемісін бермей қоймайды.

Парфия мемлекеті Рим державасы, Кушан патшалығы және Қытайдағы Хань патшалығы сияқты ертедегі ірі державалардың бірі болды. Антикалық авторлар, бұл кезеңде дүние екі империя: Рим және Парфия арасында бөлінген деп санаған.

Парфия мемлекеті біздің эрамызға дейінгі III ғ. жергілікті тұрғындардың грек-македондықтарға қарсы жүргізілген азаттық қозғалысының нәтижесінде пайда болды. Бұл мемлекеттің қалыптасуы жөнінде ғалымдар арасында талас туды. Жазба деректердегі мәліметтер түрлі пікір туғызды.

Парфия мемлекетінің негізі б.з. дейінгі III ғ. үшінші ширегінде Тиридат I билік құрған кезінде салынды. Парфияның ірі державаға айналуы б.з. дейінгі II ғ. Митридат I патша болған кезге сай келеді. Осы уақыттан бастап жаулап алу соғыстары басталады. Алғаш Туривия және Аспиона басып алынды. М.Е.Массонның пікірінше, парфяндар Тигрдегі Селевкіні жаулап алғаннан кейін «Вавилон патшасы» деген атаққа ие болған Митридат кезінде Парфия ірі державаға айналған [33, с. 10 – 11].

Грек-Бактрия патшалығының құлауы бүкіл Парфия облыстарының жағдайына қатты әсер етті. Б.з.д. II ғ. 20-30 жылдары парфияндықтардың сақтарға қарсы күресуіне тура келді. Тек Митридат II патшалық құрған кезінде оларды бағындыруға мүмкін болды. Осы кезеңдерде Ария және Маргина толық бағындырылды. Міне, осы кезеңнен бастап Парфия мемлекеті өзінің әскери жеңістері мен қуатының шарықтаған шегінде болды. Рим империясымен дипломатиялық қатынастар орнады.

«Парфия осы кезеңде үлкен құл иеленушілік монархия ретінде көрінеді. Ал бұл Иран, Месопотамия және Армения халықтарын аямай тонау және өз халқын қанау негізінде болды», – деп көрсетеді М.Е. Массон [33, с. 13].

Ғалым Парфия мемлекетінің тарихын түрлі кезеңдерге бөліп жіктеді. Б.з.б. 65 ж. Рим мен Парфия арасында алғаш рет Кордуена мәселесі нәтижесінде қақтығыс болады. Бұл екі ірі мемлекеттің ұзақ жылғы күресінің басы болатын. Ород I патшалық құрған кезінде парфяндықтар жеңіске жетті. 10 мыңға жуық римдіктер тұтқынға алынды.

Б.з.д. 30 ж. бастап 10 ж. аяғына дейінгі уақытта Парфия мемлекеті саяси және экономикалық жағынан әлсіреді. Бұл елдің ішіндегі ішкі қайшылық, әскери жеңіліс нәтижесі еді. Парфия мемлекеті тарихында, екінші ірі дәуірде, яғни, саясат және мәдениетте жаңа бағыттың дамуын көруге болады.

Жаңа саясатты жүргізу мақсатында парфян ақсүйектері Артабанды таққа отырғызды. Ол өзін патша деп жариялады. Гирканиямен жүргізген ұзақ күрестің нәтижесінде, Аршакидтер оның автономиясын мойындайды [33, с. 13 – 15]. Осы кезде б.з. I ғ. қалыптасқан Кушан мемлекеті ішкі қайшылық күрестен әлсіреген Парфия жеріне қарсы күресті деп көрсетеді қытай деректері. Арияны кушандықтар жаулап алған шығар деген болжам бар. Ал кушандықтар Мургабаның төменгі ағысын жаулап алды деген болжам негізсіз, қайта қазба жұмыстары нәтижесінде Маргиянаның экономикалық саяси және мәдени жағынан Парфиямен тығыз байланыста болғанын көруге болады. Алайда, кушан мемлекетінің пайда болуы Парфия тарихына үлкен әсер етті [34, с. 50]. Тарихи дамуда, ішкі процесс, яғни өндірістік қатынастар мен өндіргіш күштердің дамуында қарама-қайшылық туады. Оның өзі жаңа формацияның келуін тездете түседі.

IV-V ғғ. құл иеленушілік жүйе ыдырап, оның орнына орталықтандырылған Сасанилер мемлекетінің келгенін көруге болады. Парфия мемлекеті құрамы жағынан әртүрлі болды. Оны мекендеген көшпенділер және отырықшы топтары бір-бірімен туысқан болды. Бұл мемлекеттің көп бөлігі отырықшы егіншілер және тау тайпалары аң аңлаумен айналысты.

Қазіргі Оңтүстік Түркіменстан территориясы толық, не болмаса жартылай Парфия мемлекетінің Солтүстік облыстарын – Дахистан, Парфиена, Апаварктикена және Маргиананы алып

жатты. Парфиена табиғи жағынан Маргианаға қарағанда кедейлеу жерге орналасқан. Ол арқылы үлкен мемлекеттік маңызы бар жол өтетін. М.Е. Массонның пікірінше, ол – «Жібек жолының» бір бөлігіне жатты және де 140 км-ге созылды. Ал жалпы Парфия мемлекеті бойынша «жібек жолы /19 сатрапия бойымен/ жүрген [33, с. 23].

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Исидор Харакский еңбегінде көрсетілмеген бірнеше тұрғылықты пункттер ашылды. Олардың ішінде күшті бекінген қамалдар болды. Одан кейін «жібек жолы» Маргианаға келді. Оның климаты және табиғи орналасқан жері өте жақсы деп көрсетеді Плиний. Мұнда ерекше жүзім өсетін болған. Бұл жерде керуендер тоқтайтын жер тек Антиохия қаласы деп И. Харакский көрсетсе, кейінгі авторларда бірнеше қаланың болғаны айтылады. Мысалы, Птоломей тоғыз қаланың аттарын береді. ОТАКЭ-ның жұмыстары нәтижесінде аталған автор еңбегінде көрсетілмеген бірнеше қала және шағын елді мекен табылды. Сол сияқты қазба жұмыстарының негізінде құл иеленушілік қоғам кезінде Мургабаның оңтүстік жағында халықтың көбірек мекендегенін М.Е. Массон анықтады [33, с. 25]. Парфия мемлекеті кезінде кейбір тұрғылықты пункттердің бірі рулық қоғам орнында қалыптасса, бірі Аршакид мемлекеті кезінде қалыптасты.

Парфия мемлекетінің солтүстік шығыс облыстарының экономикасының материалдық негізі ауыл шаруашылығы болып табылады. Мал шаруашылығымен тек көшпенді және жартылай отырықшы тайпалар ғана емес егіншілер де айналысқан. Егіншілікке олар зор көңіл бөлген. Ол жайлы қытай елшілерінің жазуларында: «Олар отырықшылық өмір сүреді, егіншілікпен айналысады. Күріш және бидай егіп, жүзімнен шарап істейді» – деп көрсетілген. Жүзімнің көптеп өсуі бұл жерлердің құнарлы екендігін көрсетеді. Қазба жұмыстарының нәтижесінде жүзім өсіру және вино жасау Парфиенада болғаны анықталды [33, с. 30]. Сонымен қатар археологиялық жұмыстар нәтижесінде бұл облыстарда нишапур бирюзасы, әртүрлі тастар тау хрусталі және керамикалық мүсіндер табылды.

Парфия аумағы жергілікті қазба байлықтарына онша бай болмаған. Мұнда Маргиандық деп аталған темір үлкен рөл атқарды. Одан қару-жарақ, құрал-саймандар істелінген. Қазба жұмыстары нәтижесінде қалада қолөнердің көптеген салалары

болғаны анықталды [33, с. 31]. Көшпенділер мен қала қолөнершілері өз өнімдерін айырбастап отырған. Оны әртүрлі молашықтарды қазғанда көруге болады. Маргианада өзінің қола монеталары шығарылған. Негізінен олар күмістен болған. Ол көрші елдердің рыногында ақша қатынасында ерекше орын алды. Бұл күміс монеталар Шығыс Түркістан Орта Азиялық республикалар және Кавказда табылды. Басқа елдермен мәдени байланыста тұрған Парфия Римге қарағанда қолайлы жерде тұрды. Оның Индия мен Қытай арасында орналасуы оның саудасының дамуын тездетті. Олардың саудасы тек транзиттік қана болып қойған жоқ, саудагерлер «шығыс» товарларымен қатар өз өнімдерін де мемлекет территориясынан сыртқа шығарды. Бұл фактілер осы облыстардың ежелгі дүние елдерімен қарым-қатынаста болғанын тағы да дәлелдей түседі.

Ал енді Парфияның әлеуметтік дамуына келетін болсақ, кейбір ғалымдар шығыста феодализмнің бұрыннан-ақ болғанын дәлелдеуге тырысты. Парфияға байланысты М.Е. Массон Аршакид мемлекетінің өмір сүру кезеңі Орта Азиядағы құл иеленушілік қоғамының гүлденуі кезеңіне келетінін дәлелдеп берді. Мұнда құл иеленуші, патриархалды рулық укладтың қалдығы мен демократиялық салт-дәстүр қалдығының ұштасып отырғанын байқауға болады. Бұл қоғамдық қатынастар қоғамдық және саяси өмірдің арғы жағынан көрінеді. Кейбір батыс ғаламдарының  Парфия әскерінің негізгі және ең көп бөлігін құлдар құрайды деуі дұрыс емес. «Осы кездегі құл иеленуші елдердегі ірі құлдар көтерілісін көріп отырған Аршакидтік патшалар әскери іске тартуға, олардың бәрін үйретіп, оларды армияда негізгі күш етуге батылы жетпеген» – деп көрсетеді М.Е. Массон [33, с. 37].

Парфия державасының көпке дейін мемлекеттік діні болмады. Кейін филопарфиандық кезеңде мемлекеттік дін деп зороастризм жарияланды. Алайда ол Аршакидтердің үлкен бұтағының діні болды деуге болмайды. М.Е. Массонның пікірінше, кейінгі уақытта мұнда иудаизм діні басым болды [33, с. 59 – 60].

Тарихи археологиялық зерттеулер жергілікті мәдениеттің әртүрлі дәуірдегі өзара байланыстылығын көрсете отырып, түрікмен халқының парно-парфияндық тайпалармен мәдени және этногенетикалық байланыста болғанын көрсетеді. Міне, қазба жұмыстары нәтижесінде жалпы Парфия мемлекетінің тарихы

туралы оның 2500 жылдық тарихына жаңаша қарауға жол ашылды.

Парфия тарихын жан-жақты түсінуге Нисада және Мервте жүргізілген қазба жұмыстары көп мәліметтер берді. ОТАКЭ-ні басқарып келген М.Е. Массон есімімен мұндағы жаңа ашуларды байланыстыруға болады. Ашхабадтың солтүстік-батыс бөлігінде Багир селосынан 18 км жерде осыдан мыңдаған жылдар кезінде аталған атымен бізге белгілі болып отырған екі қалашық – Койне Нусай /Ескі ниса/ және Тязе-Нусай /Жаңа ниса/ орналасқан. Ниса қалашығын зерттеуде Массонның алатын орны ерекше. Ол экспедиция жұмысын басқара отырып, Парфия мемлекетінің жазылмаған беттерін жаңа мәліметтермен толықтыруға бар күш-жігерін берді. Ниса рулық қоғам дәуіріндегі елді мекеннің үстінде қалыптасқан. Ол үш бөліктен тұрады. Қаланың өзінде үй кварталдары, қоғамдық үйлер, некрополь орналасқан. Цитадель биік төбеде орналасқан және қабырғамен қоршалған. Мұнда қойма, әкімшілік және үй ғимараттары болған. Қала шеті қорған қабырғасымен қоршалған. Қала ауданы 18 га, ал цитадель бес бұрыш сияқты болып келген бір қақпасы бар. Қала мен цитадельдік қақпа Нисаны екіге бөліп тұрған. Жаңа нисадағы табылған нуклеус, қырғыш т.б. заттар мұнда адамдардың ертеден тұрғандығын көрсетеді [35, с. 107].

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде Ниса парфяндықтар кезінде құл иеленушілік қоғамның белгілі бір қаласы болғанын көрсетті. Жаңа Ниса қалашығының ауданы 28 га парфяндық кезеңде антикалық қаланың ядросы болған. Қалыңдығы 15 см болатын ірі квадрат тәрізді қабырғасы кірпіштен жасалғаны анықталды. Мәдени қабаттан табылған заттар негізінде эллинистік мәдениеттің белгісін көруге болады. Бұл жерде парфяндық ақсүйектер тұрған болса керек. Қаланың солтүстік жағында діни орындар орналасқан, ал цитадельден батысқа қарай қолөнершілердің тұрғаны байқалады. Жаңа Нисадан оңтүстік-шығысқа қарай ауданы 15 га болатын Ескі Ниса қалашығы жатыр. Ол түзу бес бұрыш сияқты болып келген. Төменгі қабатынан ахеменидтік дәуірге жататын ешнәрсе табылмады. Ал жоғарғы мәдени қабатындағы архитектуралық құрылыс қалдықтар арқылы араб шапқыншылығынан кейінгі, яғни XII-XIII ғғ. жататынын көруге болады. Ескі Ниса ерекше типті қалашық болған, оны Орта Азиялық «қорық» яғни, «киелі» де-

ген сөздер дәлелдей түседі. Қамалдың сыртқы қабырғасы қазіргі бізге жетіп отырған бейнеден бөлек болса керек. Ішіндегі кеңістік толық салынып бітпеген. Қақпа солтүстік-батыс фасатта орналасқан. Осы қақпадан шығатын жол сарай алдына апаратын. Қамалдың шығыс қабырға жағында үй жануарларының сүйегі және керамикалық заттар табылған. Қалашықта екі архитектуралық комплекс байқалады. Екі комплекс алдын ала ойлаған жоспар бойынша салынбаған болса керек, жеке құрылыс бөліктері кейін қайта салынып өңделіп отырған, мұнда табылған плиталар, жүрек тәрізді розеткалар оны б.з.д. ІІ ғ. жатқызуға мүмкіндік береді [35, с. 40 – 44].

Митридат бір кезінде Ескі некропольға назар аударып, оны жөндеу қолға алынған. Онда табылған заттар да осыны дәлелдейді. «Оны Нисай» қорығын өңдеп, оны жан-жақты дамытушы деп айтуға болады» – дейді М.Е. Массон [35, с. 45]. Осыған байланысты ол Митридатокерт деп аталған.

Антиэллиндік дәуірге тән осы кезде Ескі Нисаның сарай залы салынған. Оның жергілікті құрылыс әдісімен сипатталатын төрт лопасты коллоннасы бар. Осы дәуірге жататын сарайдың негізгі залынан саз балшықтан істелген мүсіндер табылды. Риммен 40 жылдық бейбіт келісім кезінде батыс эллинизмнің екінші толқыны өз ізін қалдырды. Міне, осы кезде ниса кругында реставрациялық жұмыс жүргізіліп, сарайдағы мүсін қайта боялып, өңделген. Сонымен қатар салтанатты үш кіре берісінің екеуі осы кезде салынған» – дейді Массон [35, с. 47].

Б.з. ІІІ ғ. Ескі Ниса құрылыс материалының қажеттігі үшін болар қатты қираған. Осыдан кейінгі жер сілкіністер және адамдардың әрекеттері патша кругын жойып жіберді. Нисадағы қазба жұмыстарының нәтижесінде мұндағы керамикалық балшықтың жасалуы ерекше екенін көруге болады. Ол қызыл, қара және қоңыр болып келген. Сол сияқты түбі жалпақ ыдыстар, құмыралар табылды. 1946 ж. Ескі Ниса қалашығында жұмыртқа тәрізді хум табылды. Ол б.з. ІІ ғ. аяғы және ІІІ ғ. басына жатады. [36, с. 67].

Ескі Ниса қалашығындағы археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде көптеген заттардың сырттан әкелінгені анықталды. Мысалы, Ескі Ниса қалашығының солтүстік кешенінде мәрмер мүсіндер табылды. Сонымен қатар Парфияна облысының, оның ішінде Нисаның халықаралық байланысын көрсететін заттар

табылды. Мысалы, Македонский, Селевкид патшаларының тиындары, мысырлық ыдыстар, үнді мұхитына тән қабыршықтар көптеп кездеседі. Міне, Ескі және Жаңа Ниса бойынша алғаш рет осындай мәліметтер алынды. Ескерткіштердің орналасуы мен алып жатқан көлемін анықтай келе бұл қалашықтардың Парфия мемлекеті кезіндегі саяси экономикалық дамуы жөнінде, сауда қатынасы мен тарихын тануға жол ашылды.

Экспедицияда қатаң тәртіп болды. Арақ, шарап ішуге тыйым салынды. Ішкіштер экспедиция құрамынан мүлдем қуылды. Тұрақты топтарда алдын ала жобаланған күн тәртібі сақталды: Ерте тұру, азанғы ас, қазбаға шығу, күндізгі үзіліс пен 8 сағаттық жұмыс күні (үзілісте де жүзім, қауын және тандыр нанмен шай ішу), базаға оралу, түскі тамақ, демалыс, қазба барысында алынған материалдарды, бақылауларды өңдеу, үстел ортасында талқылау. Әрине жастардың әңгімелесуіне, ән айтуға, пікір таластыруға, махаббат сезіміне де уақыт табылды. Осының нәтижесінде бірнеше жаңа отбасылар пайда болды.

Тас дәуірін зерттеу тобын осы саланың жетекші ғалымы, профессор А.Н. Окладников басқарды. Ол Красновод жарты шығанағында жұмыстар жүргізіп, палеолит (мустье және кейінгі) және неолит тұрақтарын тапты.

Б.з.б. IV-I мыңжылдықтар ортасының мәдениеттерін зерттеу тобын профессор Б.А. Куфтин басқарды. Кейін оның орнына М.Е. Массонның баласы, дарынды археолог В.М. Массон басшылық жасады. Жұмыстар нәтижесінде Оңтүстік Түркіменстан аймағында классикалық көне шығыс өркениеттерімен замандас мәдениеттер ашылды.

М.Е. Массон антикалық дәуір мен ортағасырды зерттейтін топтардың жұмысын басқарды. Ескі Ниса және Жаңа Ниса қалашықтарындағы көп жылдық қазба жұмыстары Парфиенаның Копетдаг аймағындағы тарихын ашты. Бұл жерде жергілікті парфян тайпасының қуаты және болашақта Рим империясының айбынды бәсекелесі болған батысқа дейін өз иеліктерін кеңейткен Аршакидтердің қуатты державасы қалыптасқаны анықталды [3, с. 25].

Экспедиция көне қаланың пошымын зерттеді. Әсіресе, алғашқы Аршакидтердің бекіністі ордасы болған Ескі Нисаны зерттеуге қатты көңіл бөлінді. Бұл жерде саз мүсіндермен безендірілген салтанат сарайлары мен ғибадатханалар, патшалық

қойма орны – шаруашылық қамбалар аршылды. Олар ерте заманда тоналғанына қарамастан археологтар да біраз олжаларға тап болды. Табылғандар арасында эллинистік үлгідегі мәрмер мүсіндер, күміс пен қола мүсіншелер болды. Ал 1948 ж. діни рәсімдер үшін арналған ірі мүйіз тәрізді ыдыстар – ритондар кешені табылды. Олар піл сүйегінен ойылып жасалған мүйіздер, олардың беттеріне грек құдайларының бейнелері мен мереке көріністері салынған. Шараппен т.б. азық-түлік сақтайтын ірі ыдыс-хумдар тұрған шаруашылық қоймалар ішінде оннан аса остарктар – жазуы бар керамикалық ыдыс бөліктері табылды. Оларды мамандар оқып парфян тіліндегі арамей әліппесімен жазылған шаруашылық құжаттар екенін анықтады.

Нисада жүргізілген зерттеулер Шығыс Парфян әлемінің қала құрылысы, сәулет өнері, бейнелеу өнері, тілі мен жазуы жөнінде құнды материалдар берді. Ескі Мервте жүргізілген көп жылдық жұмыстар да аз нәтиже берген жоқ. Бұл бүкіл Орта Азияның ең үлкен алып қалашығы еді. Дәлірек айтсақ, Мервтің әртүрлі тарихи кезеңде тіршілік еткен көршілес қалашықтар кешені. Алғашқыда бұл б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында пайда болған көне Маргияна аймағының шағын бекіністі орталығы еді (Эрк қала). Маргиянаны Александр Македонскийдің жаулап алғанынан кейін б.з.б. III ғ. селевкидтер басып алғаннан кейін Антиохия Маргияндық (Гяур қала) қаласы өсіп өркендеді. Ортағасырда тіршілік батысқа қарай жылжыды. X–XII ғғ. үлкен қала (Сұлтан қала қалашығы) қалыптасты. Ол XIII ғ. монғол шапқыншылығы салдарынан қирады. Алайда оңтүстікке қарай XV ғ. басында жаңа бекіністі қала (Абдуллахан қала) пайда болды. Мервтің барлық кезеңдерінде оның бөліктері бекіністі қабырғалар мен ормен қоршалғаны анықталды.

Қазба жұмыстары осы аталған қалалардың барлығында жүргізілді. Зерттеу барысында ғасырлар бойы өзгеріске ұшыраған фортификация тәсілдері, басты көше бағыттары, құрылыс қалдықтары, олардың ішінде тұрғын үйлер, өндірістік шеберханалар, буддалық ғибадатхана, христиандық монастырь, зороастриялық мазарат, жер бетінде сақталған мұсылмандық сәулет өнері ескерткіштері қазылып сипатталды. Өндірістік орамдар қазылып зерттелді. Әсіресе, көптеген жаңа материалдар құмырашылар орамдарын қазу барысында алынды. Бұл жерде ерекше атап өтуге тұрарлық сырлы ортағасырлық ыдыстар,

қалыппен жасалған ою-өрнекті эпиграфикалық жазулары бар керамика [35, с. 47].

Түрлі бағыттағы зерттеулер Мерв алқабында жүргізілді. Бұл жерде қалашықтар мен елді мекендер қалдықтары, қамалдар, керуен сарайлар, мұсылмандық кесенелер зерттелді. Копетдаг таулары бойы, Амудария өзенінің сол жағалауы, Қарақұм құмдары арасынан өткен байырғы керуен жолдарды табу және оларды зерттеу мәселесімен айналысқан топты М.Е. Массонның өзі басқарды.

Көп жылдық ізденістердің нәтижесінде «Мервтен Хорезм мен Мауараннахрға апарған ортағасырлық сауда жолдары» атты монографиясы дайындалып, Ашхабадта 1966 ж. кітап болып шықты. Осы жұмыс барысында ондаған археологиялық нысаналар зерттелді. Олардың басым көпшілігі жаңадан табылды. Олардың кейбірі ортағасырлық шығыс жазбагерлерінің атап өткен елді мекендерімен баламаланды [37].

М.Е. Массонның ұйымдастырушылық және ғылыми жұмысы далалық жұмыстар аяқталған соң да жалғасты. ОАМУ – ТашМУ-дің археология кафедрасында археологиялық материалдарды зерттеу жұмыстары жалғасты. Кейін олар қайтадан Ашхабадтағы Түркіменстанның ҒА-на немесе музейге тапсырылды. ТашМУ-дің археология кафедрасында ұсақталып бөлініп кеткен ритондарды көп уақытқа созылған қайта жандандыру жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмысқа екі тәжірибелі реставратор, химик пен мүсінші тартылды.

М.Е. Массон Ашхабадта Түркімен КСР Ғылым академиясының мүшесі ретінде жыл сайын өтетін президиумда ОТАКЭ–ның нәтижелерін баяндап отырды. Кейде Мәскеудегі КСРО ҒА-ның Археология институтында өтетін бүкілодақтық археологиялық конференцияларға қатысып отырды.

Орта Азияда антропологиялық зерттеулердің дамуында ОТАКЭ-ның үлесін ерекше атап өту қажет. Ташкенттік ғылыми антропологиялық мектептің жетекшісі профессор Л.В. Ошанин алғашқы антропологиялық жұмыстарды 1925 ж. Хорезм өзбектерін зерттеуден бастаған. Сол кезде ол Хорезм алқабындағы түркімендердің ерекше антропологиялық пошымына назар аударды. Басқа ортаазиялық халықтармен салыстырғанда түркімендердің бастары созыңқы сопақша болып келеді. Сол жылдары ол түркімен бастарының созыңқы болуының шығу те-

гінің теориялық мәселелерін қарастырды. Осы жұмыстарды жазу барысында қазіргі түркімендер жөніндегі материалдарды және ортағасырлық жазба деректердегі олардың пошымы жөніндегі мәліметтерді пайдалана білді. Енді белгіленген мақсаттарды шешу үшін көне заман мен ортағасырлық дәуірге жататын археологиялық қазба барысында табылған антропологиялық материалдар қажет еді. Осы белгіленген ғылыми мақсаттарды шешуде М.Е. Массон ерекше рөл атқарды.

ОТАКЭ қызметінің алғашқы жылдарынан бастап Түркіменстан тұрғындарының нәсілдік құрамын зерттеуге және түркімен халқының антропологиялық құрамы мен этникалық тарихына қатысты маңызды мәселелерді шешу мақсатында М.Е.Массон антрополог ғалымдарды шақырды.

Археологиялық жұмыстар әртүрлі дәуірлердің тарихи ескерткіштерін қамтыды: қола дәуірінен бастап феодализмнің соңғы кезеңіне дейінгі мезгілді қамтыды. ОТАКЭ-ның жемісті археологиялық жұмыстарының нәтижесінде түркімен халқының және бүкіл ортаазиялық халықтардың этногенезі мен нәсілдік шығу тегіне байланысты мәселелерді шешуде негізгі рөл атқарған антропологиялық материалдар алынды.

Антропологиялық материалдар алынған нысандардың қысқаша тізімі:

– Қола дәуірі және ерте темір дәуірі – Намазгадепе, Изаткули.

– Антикалық дәуір – Яздепе, Бами.

– Ортағасырлық дәуір – Мерв (некрополь I), (зороастрлық молалар, Гяурқала қасындағы мазарат, Сұлтанқала, Ескі Ниса, Мерв (құмырашылар кварталы).

– Қазіргі заманға жақын дәуір – Мерв, Ескі Ниса және т.б.

ОАМУ-ТашМУ-дің биология-топырақтану факультетінің антропология кафедрасы қызметкері, Ташкенттік антропологиялық мектептің жетекшісі, профессор Л.В. Ошанин, доценттер В.Я. Зезенкова, К. Наджимов ОТАКЭ-ның Түркменстанның байырғы және қазіргі заман тұрғындарының антропологиясын зерттеудегі далалық жұмыстарға тұрақты қатысты.

ХХ ғ. 40-60 жж. ОТАКЭ-ның жинақтаған материалдарының негізінде Түркменстанның антропологиясына байланысты қорытынды еңбектер жариялады. Олар – «Түркімен халқының шығу тегі жөніндегі мәселе» (Зезенкова, 1964), «Өзбекстан мен Түркі-

менстан халықтарының этногенетикалық байланыстары» (Зезенкова, 1964), «1959 жылғы ОТАКЭ-ның жұмыстарының барысында Ескі Мервтен алынған XII ғ. қаңқалары жөніндегі алдын ала жасалған мәліметтер» (Ошанин, 1961), «Өзбекстан мен Түркменияның палеоантропологиясына қатысты материалдар» (Зезенкова, 1953), «Түркімен ССР-нің ертедегі және ортағасырлық Мерв аумағынан алынған краниологиялық материалдар» (Зезенкова, 1959), «Маргиянаның краниологиялық материалдары» (Зезенкова, 1967). Бұл бағыттағы жұмыстарды Ташкент антропологиялық мектептің түлектері Т.П. Китякина (1964, 1967, 1982), Т.К. Ходжаев (1981, 1989, 1990) т.б. жалғастырды.

ОТАКЭ-ның атқарған барлық жұмыстарын тізіп отыру ұзақ уақыт алады. Біз тек М.Е. Массонның негізгі үлесін атап өтейік. Ол ең алдымен ұйымдастыру жұмыстарына байланысты болды. Әртүрлі бағытта жұмыс істейтін жеке-дара топтар құрылды. Оларды белгілі мамандар және өзін көрсете білген жас ғалымдар басқарды. Тас дәуірі энеолиттен ерте темір дәуіріне дейін, антикалық дәуір мен ортағасырдың ең ірі екі қаласы – Ниса мен Мервті зерттейтін, тарихи сәулеткерлік, этнографиялық, көне сауда жолдарын зерттейтін топтар құрылды. Олардың жұмыстарын тұрақты және бағдарлы топтар жүргізді.

Тарихи археологиялық зерттеулер жергілікті мәдениеттің әртүрлі дәуірдегі өзара байланыстылығын көрсете отырып түркімен халқының парно-парфияндық тайпалармен мәдени және этногенетикалық байланысы бар екенін көрсетті. Қазба жұмыстары нәтижесінде жалпы Парфия мемлекетінің тарихы туралы оның 2500 жылдық тарихына жаңаша қарауға жол ашылды. ОТАКЭ-ның жұмыстары барысында Орта Азияның елеулі бөлігінің тарихы қайта жазылды десе болады.

### *1.3.5. Кеш археологиялық топографиялық кешенді экспедициясы*

Негізінен Ташкент мемлекеттік университетінің археология кафедрасының ұжымы жұмыс атқарған ОТАКЭ-ның жемісті жұмыстары осы университетте археологиялық мамандарды дайындау мектебін қалаушы өзбекстандық ғалым не себепті көршілес республикада ауқымды жұмыстар атқарып келеді деген сұрақ туғызбай қоймады? Осыдан барып кафедрада Өзбек КСР-ның аз

зерттелген аудандарының бірінде жеке археологиялық экспедиция құру жөнінде ой келді. Осы мақсатта Қашқадария даласының жоғарғы саласы және оған тиесілі таулы аймақтар таңдап алынды. Бірақ осының қабатында археология кафедрасының түлектері Ескі Мерв қалашығында зерттеу жұмыстарын тоқтатқан жоқ. Оның көне қабатын З. Усманова (ТашМУ) басқарған топ зерттеді, ал ортағасыр қабаттарында Т. Ходжаниязов (Түркмен КСР-ның Ғылым академиясы) зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Қашқадария археологиялық-топографиялық экспедиция – КАТЭ өз жұмыстарын 1963 ж. бастады, зерттеу нәтижелері бірнеше жинақтар мен жеке мақалалар болып басылып шықты.

1964 ж. М.Е. Массон бастаған топ Қашқадария өзені бассейнінде орналасқан Катта Лянгардағы бір топ археологиялық және тарихи ескерткіштерді зерттеді. М.Е. Массон бұл экспедицияда Қашқадария өзені бассейніндегі ескерткіштердің зерттелу тарихын, жазба деректердегі мәліметтерді археологиялық мәліметтермен салыстыра саралау, көне көз қариялардан аңыз-әңгімелер жинау сияқты тәсілдерді қолданды [38, с. 66 – 102].

1965-1966 жж. КАТЭ-ның алғашқы жұмыстарының өзінде Қаршыдан бастап Қағанға дейінгі шағын аумақтың тарихи топографиясына қатысты қомақты материал алынды. Қаршыдан 10 км қашықтықта орналасқан Ер-қорған қалашығын зерттеу оның жоспарын түсіру және археологиялық материалдар жинауды қамтыды. Осы зерттеулер негізінде-ақ оны грек авторлары Александр Македонскийдің Мараканда-Самарканд бағытындағы жорығы барысында басып алынған Наутака қаласымен баламалауға негіз берді. Бұл баламалаудың дұрыстығын кейін 10 жыл өткен соң Ерқорғанда кең көлемді қазбалар жүргізген ТашМУ-дың археология кафедрасының түлегі Р.Х.Сүлейменов дәлелдеді. Қалашықтың ең төменгі қабатында Орта Азия тарихының антикалық кезеңінен де ерте заманғы материалдар табылды.

Қаршы уалаятының басқа да ірі қалаларының қатарында Калаи-Захок-и Мирон болды. Ескерткішке тән дұрыс төртбұрышты жоспар, алып жатқан кең аумағы, археологиялық материалдары оны шығыс географтардың жазбаларында аталатын ерте ортағасырлық Нахшебпен баламалауға негіз берді. Сонымен қатар Қаршы аймағында жартылай сақталған ірі қалашық қалдығы зерттеліп, ол X-XII ғғ. аймақ орталығы Несефпен сәй-

кестендірілді. Бұл қала XIII ғ. монғол шапқыншылығы кезінде қираған еді. Ең аяғында қазіргі Қашқадария облысының орталығы Қаршы қаласы зерттелді.

Тарихи деректер бойынша оның іргесі XIV ғ. қаланған. Қазіргі қала орнында ара-кідік сақталған төбелердің аталған заманға сәйкес келетіні анықталды. Осымен қатар бұл жерде XVI ғ. жататын бірнеше жәдігерлер, қалғандары XVIII-XIX ғғ. жататын мешіттер мен медресе, көпір, сардоба – су қоймасы сақталғаны анықталды. Санаулы ғана қалған археологиялық іздерді көнекөз қала тұрғындарының есінде сақталған мәліметтермен сәйкестендіру негізінде қаланың топографиясына қатысты біраз мәселелер атқарылды.

КАТЭ-ның аталған жұмыстарының негізінде М.Е. Массон «Байырғы заманнан бастап Қашқадарияның астаналық қалалары» атты зерттеу Ташкентте 1973 ж. кітап болып жарияланды. КАТЭ-ның кейінгі зерттеу жұмыстары Қашқадария облысының шығыс бөлігінде жүргізілді. Бұл аймақтың көне дәуірі тарихын тану үшін аса маңызды байқаулар алынды. Бұл өлкеде қазір үш елеулі қала – Шахрисябз, Китаб, Гузар орналасқан.

Китаб пен Шахрисябз аймағында егіншілік аймақты таулы көшпелі ортадан бөліп отырған аудандық Шым қорғанының қабырғасы табылды. Зерттеу барысында оның мұсылмандық заманнан бұрын салынғаны анықталды. Әмір Темір кезіндегі Шахрисябздың нобайын 1942 ж. М.Е. Массон қалпына келтірген болатын. Алайда КАТЭ-ның атқарған барлау жұмыстары, археологиялық қазбалар бұрынғы түсініктерді нақтылады.

Негізгі қазба жұмыстары Китаб қалашығында жүргізілді. Аталған ескерткіште салынған стратиграфиялық шурфтар 200 жыл бұрын негізі қаланған жас қала астында б.з.б. II-I ғғ. жататын көне қабаттар барын, қазіргі қаланың ескі құландылар үстінде тұрғанын көрсетті. Алынған археологиялық мәліметтерге қарап нақ осы жерде жазба деректерде Кеш деп аталған ірі қала болғаны нақтыланды [39, с. 61 – 62].

Далалық барлау жұмыстары барысында араб географтары атап өткен Субах, Искифағн, Наукад-Курейш атты қалалар мен елді мекендердің орны жобаланды. Бүкіл аудан аймағын зерттеуден алынған нақты археологиялық материалдар негізінде тіршілік мезгілі белгілі болған бір топ елді мекендер табылды. Осы аймақты зерттеу барысында антикалық дәуірде Қашқадария

аңғарының жоғарғы бөлігінде халық, елді мекендер тығыз орналасқаны, б.з. I мыңжылдықтың ортасында «халықтардың ұлы көші» кезінде тіршілік аймағының тарылғаны, жаңа жаңғыру кезеңі VI-VII ғғ. сай келгені, тіршілік аймағының қайта тарылу кезеңі араб шапқыншылығына сай келетіні анықталды.

XI-XII ғғ. қалалар мен ірі елді мекендердің белсенді дамуын монғол шапқыншылығы тоқтатты. Әмір Темір мен Ұлықбек кезінде біршама өсу байқалады, тіршілік XVI ғ. тоқтаған жоқ, бірақ ертеде игерілген көптеген жерлер бос қалды.

Экспедицияның Қашқадария аңғарындағы зерттеулері барысында Оңтүстік Соғдының астаналық орталықтары – Кеш (Китаб, Шахрисабз) және Нахшеб-Несеф (Қарши) зерттелді [40].

КАТЭ-ның кешенді жұмыстары барысында Қашқадария аңғары және оған тиесілі таулы аймақтардың тарихи топографиясы, ең көне отырықшы елді мекендер, байырғы сауда жолдары, ортағасырлық қолөнер өндірісі мен сәулет өнері ескерткіштері (барлығы 600-ден аса түрлі кезеңдерге жататын жәдігерлер) зерттелді және аймақтың ерте темір дәуірі кезеңінен кейінгі ортағасырға дейінгі археологиясы мен тарихының көптеген мәселелері қайта жаңғыртылды.

# 2

# М.Е. МАССОН – ОРТААЗИЯЛЫҚ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

## 2.1. М.Е. Массонның ғылыми зерттеулерінің тақырыптық салалары

### *2.1.1. Жалпы тарихи-археологиялық мәселелер*

М.Е. Массонның ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыты Орта Азия тарихы мен археологиясы, нумизматикасы, сәулет өнері, Орта Азия қалаларының тарихи топографиясы болды. Алайда профессордың ғылыми қызығушылық туғызатын мәселелері сан алуан еді. Сондықтан оның баспадан шыққан жарияланымдары арасында тау-кен мен металлургия тарихы, гидрология мен метеорология, палеонтология мен ирригация тарихы бойынша еңбектерінің болуы таңғалдырмау керек. Археологияның қолданбалы мақсаттарына профессор М.Е. Массон ерекше назар аударатын. Төменде біз оның еңбектерін сала-сала бойынша қарастырып баян етеміз.

Қай ғылым саласы болмасын оның тарихын білу ғылымның одан әрі дамуында елулі рөл атқарады. М.Е. Массон кез келген ғылыми нысананы зерттемей тұрып ең алдымен оның зерттелу тарихына назар аударатын. Атақты ғалым И. Ньютонның мынау сөздерін бір зерттеуіне эпиграф етіп алған болатын: «Мен алысқа көз тастай білдім. Оның себебі, мен өзімнен бұрын зерттеген ғалымдардың «иығында» тұрдым». Осындай көзқарастың жетегінде болған М.Е. Массон әрбір өткен уақыт сайын Орта Азиядағы археологиялық зерттеулерге шолу жасап отырған. Өзбекстандағы археология ғылымы жөнінде шолуды ғалым 1939 ж. жасады [41].

М.Е. Массонның ежелгі дүние тарихында ерекше орын алатын Түркіменстан аумағында болған Парфияға аса көп көңіл бөлді, Парфия жөнінде барлық деректерді шолып, талдап құнды-құнды еңбектер жазды. Парфия мемлекеті туралы грек-рим авторларының арнаулы еңбектері бізге дейін жеткен жоқ. Парфия мемлекетінің әр кезеңі жөнінде әр алуан материалдар антикалық авторларда, тарихшылар, географтар, жазушылар мен ақындардың шығармаларынан табуға болады. Алайда бұл мәліметтер негізінен Рим-Парфия мемлекеттерінің қарым-қатынасына байланысты сюжеттерден алынып отырған. Ал мұның өзі Парфия тарихының кейбір кезеңін объективті түрде жазылуына кедергі келтірді. Ал парфяндық авторлардың жазбалары бізге жетпеді. Антикалық деректердің аздығынан және олардың біржақты болғандығынан Парфияны танып-білудегі бар салмақ археология ғылымына түсті. Осыған орай археологтардың Оңтүстік Түркіменстанда жүргізген жұмыстарының маңызы зор болды. Мұнда табылған заттай деректер көп нәрсені білуге, анықтауға мүмкіндік берді. М.Е. Массон басқарған экспедиция Парфия мемлекеті тарихына жаңа беттер қосып, оның қалыптасуы, дамуы және күйреу кезеңдерін ашып берді.

М.Е. Массон басқарған археологиялық қазбалар барысында табылған заттай материалдар Парфия мемлекетінің тарихы, экономикасы мен мәдениеті жайлы көп деректер берді. Оңтүстік Түркіменстан территориясы, Аршакидтік құл иеленушілік Парфия мемлекетінің қалыптасуы мен құрылуының басталған жері болып табылады.

М.Е. Массон басқарған ОТАКЭ-ның жұмыстарының нәтижесі тек Түркімен КСР-ның тарихын ғана ашып қоймай оған көрші жатқан елдердің тарихын да тануға, жаңалықтар енгізуге мүмкіндік туды. Әсіресе, ОТАКЭ-нің Парфия мемлекеті тарихы туралы тапқан мәліметтері өте құнды. ОТАКЭ-нің жұмыстарына дейін осы кезең бойынша айтарлықтай мәліметтер жоқ еді, енді оның қоғамдық дамуы, мәдени және материалдық мәдениеті туралы көп нәрсе айтуға болады. Мысалы, Ескі Нисада табылған б.з. дейінгі ІІ-І ғғ. жататын парфяндық документтер – остракондар сол кездегі қоғамдық қатынас, мемлекеттік құрылыс, мәдениет, тұрмыс, тіл туралы мәлімет береді, ал ол жазба ескерткіш тек Түркімен КСР территориясында табылған жазба деректердің ең көнесі. ОТАКЭ-нің жұмыстарының нәтижесінде

алынған қорытындылар «Түркмен КСР-ның тарихын» жазуда негізгі база болды [33, 34, 42].

М.Е. Массон Орта Азия археологиясының дамуына қатты көңіл бөлді. 1956 ж. жария еткен мақаласында ол Орта Азияның археологиялық тұрғыдан зерттелу тарихын бірнеше кезеңдерге бөліп қарастырады:

1. Орта Азия мен Қазақстанның XIX ғ. ортасынан 1917 ж. революцияға дейінгі тарихын археологиялық тұрғыдан зерттеу. Түркістанның 1917 ж. дейінгі археологиялық зерттеуін екі кезеңге бөліп қарастырады: біріншісі, *XIX ғасырдың 90-шы жылдарының ортасына дейінгі мезгіл.* Ең бір елеулі жұмыстар қатарында генерал-губернатор К.П. фон-Кауфманның ұсынысымен әскери-инженерлік дистанциясының Самарқандағы сәулет өнері ескерткіштерінің сызбалық түсірілімдерін, Түркістан фотографиялық альбомының археологиялық бөлігін 1871–1872 жж. шығыстанушы А.Л. Кунның құрастыруын және 1868 ж. бастап Самарқанд ескерткіштерінде айтарлықтай ірі жөндеу жұмыстарының жүруін атап өту қажет.

Орта Азияны археологиялық тұрғыдан зерттеудің *екінші кезеңі* жергілікті жерде Түркістан өлкесін зерттеп жетік білетін адамдардың көптеп шығуымен байланысты болды. Осының арқасында өлкеде XIX ғ. 90-шы жылдардың аяғында елеулі дәрежеде алдын ала есепке алу жұмыстарын іске асырған бірнеше ғылыми қоғамдар пайда болды. Олардың қатарында жеке фактілерді жинауда үлкен жұмыстар атқарған 1895 жылы құрылып, 21 жыл бойы жұмыс істеген археология әуесқойларының Түркістандық үйірмесін айтуға болады. Үйірменің атқарған қызметінің нәтижелері «Мәжілістер мен хабарлар хаттамасы» деген арнайы жинақта басылып отырды. Сондықтан да Орта Азияның революцияға дейінгі археологиялық тұрғыдан зерттелуін тосыннан табылған мағлұматтар мен заттардың жиналуы және тіркеуімен сипаттауға болады деп көрсетеді ғалым [43, с. 8 – 13].

2. 1917 жылдан кейін Орта Азия мен Қазақстанды археологиялық тұрғыдан зерттеу деп көрсетеді М.Е. Массон. Оның ішінде ол келесі кезеңдерді белгілейді:

*Бірінші кезең* – Өтпелі кезең (1917-1920 жылдары). Бұл кезеңде Ташкент түбіндегі Ноғайқорған төбесі жанында зороастрлық қыш жәшіктерге-оссуарийлерге салынған мәйіттерді іздестіру мақсатындағы В.Э. Эгерттің зерттеу жұмыстары, С.А. Ку-

кушкиннің Ескі Термездің Амударияға таяу құландыларындағы үңгірлерді зерттеуі, ертеортағасырлық Қырық–қыз құландыларында жерасты жолдарының табылуы және т.б. жерлерде жүргізілген қазбалар. Самарқанд қаласындағы М.Е. Массонның XV ғасырдың Ишрат-хана кесенесіндегі зерттеуі және 1919 жылы Афрасияб қалашығында жүргізілген археологиялық қазбаларын жатқызуға болады. Ғалым М.Ф. Мауер, Б.Н. Кастальский, В.Л. Вяткиннің Самарқанның архитектуралық ескерткіштерін зерттеудегі еңбектерін атайды. Зерттеуші 1919 жылы Самарқанд облыстық халық білімі жөніндегі комиссариатының жанынан көне ескерткіштерді қорғау мақсатында арнайы тұрақты комиссия құрылғанын да атап өтеді [43, с. 14 – 17].

*Екінші кезең* (1920 – 1928 жылдары) екі этапты қамтиды: біріншісі – комиссиясы құрылады, ал 1921 жылдың 23 мамырында Түркістан Республикасының Халық Комиссарлар Кеңесінің №127 «Білім беру жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Түркістан комитеті туралы Ереже» декреті қабылданды. Бұл этап 1924 жылға дейінгі аралықты қамтыды.

1920 жылы 1 шілдеде Самарқандық Цуардела комиссариятының ағарту саласының құрамында өзіндік орган Туркомстарис – Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі комитеті құрылды.

Екінші бөлігі Орта Азияның ұлттық-мемлекеттік жағынан межелеуден соң Туркомстарис Средазкомстарис болып қайта құрылды, яғни 1925 жылдан бастап 1928 жылға дейін. Далалық, археологиялық, барлау-топографиялық зерттеу жұмыстарының негізгі дені осы орган басшылығымен жүргізілді. Археологиялық-архитектуралық жұмыстардың ішінде – Бибі ханым мешітінің және 1924 жылы Бұхара мен Карши архитектуралық ескерткіштерінің зерттелуі жатады.

Бұл кезеңнің екінші этапы Орта Азияның ұлттық-мемлекеттік жағынан межелеуден соң музей жүйесінің өсуі (1926 жылы Шымкенттегі музейді қайта құру, 1925 жылы Қоқан, Жалалабадта, Фрунзеде, Бұқарада және Хиуа қалаларында жаңа музейлердің пайда болуы. Бұл жерде 1924 жылдан 1929 жылға дейін бес жыл бойы өмір сүрген ғылыми қоғамдардың қызметтерін, нақтырақ айтқанда, Қазақстанды зерттеу қоғамын және

Ортаазиялық географиялық қоғамды, оның археологиялық және этнографиялық секцияларын ерекше атап өткен жөн.

1925-1928 жылдар аралығында М.Е. Массон Средазкомстаристің арнайы нұсқауларымен және В.В. Бартольдтың тапсырмасымен Өзбекстан, Қырғызстан және оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандарына археологиялық іссапарларға барып қайтты. Нақты В.В. Бартольдтың тапсырмасымен М.Е. Массон Ескі Сайрам қалдықтарын зерттеді, Талас өңірінде екі дүркін болды, алғашқысында Тараздың Бесағаш орнында болған деген болжамды тексеру үшін, екіншісінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізе отырып, Тараз қаласының Әулиеата қаласының орнында болғанын түпкілікті дәлелдеу үшін барды. Шу аңғарында ол мысалыға, Бурана қалашығын зерттеді. Баласағұн қалашығының Ақпешін үйінділері орнында болған деген қорытындыға келді. Ақпешін қалашығының жоспарын түсіргенде қосымша қоршалған қаланың екінші бөлігінде («шахр-и-бирун») Гурхандықтардың сарайы деп танылған қабырғамен қоршалған ғимарат тапқан. М.Е. Массон жұмыс жүргізген ірі елді мекендер ішінде Қазақстандағы Түркістан қаласы, Қырғызстандағы Өзгент қаласы, екі дүркін Бұхара болды. Бұқараның ішкі қорғаны – Аркіні археологиялық қазбаға дайындау барысында оның басшылығымен жер астына ондаған бір-бірімен байланысты нивелирлік реперлер орнатылып барып қалашықтың арнайы жоспары қағазға түсірілді [43, с. 17 – 24].

М.Е. Массонның пікірінше, археологиялық зерттеулердің *үшінші кезеңі* 1929–1941 жылдар аралығында атқарылған жұмыстарды қамтыды. Оны екі мезгілге бөлуге болады. Біріншісі, 1929 жылдан бастап 1934 жылына дейін, екіншісі 1935 жылдан бастап 1941 жылға дейінгі [43, с. 24 – 34].

1941–1945 жылдары, М.Е. Массонның көрсетуімен, археологиялық зерттеулердің төртінші кезеңі болып сипатталады. Бұл жылдары пайда болған ОАМУ-дың археология кафедрасының атқарған жұмыстарына назар аударылады [43, с. 34 – 36].

Сонымен М.Е. Массон кез келген ғылыми нысананы зерттемей тұрып ең алдымен оның зерттелу тарихына назар аударды. Ол Орта Азия археологиясының алғашқы зерттелу тарихын жасап ұсынды.

### *2.1.2. Орта Азия тау-кен ісі мен металлургиясының тарихы*

1929 жылдан бастап – 1936 жылды қоса М.Е. Массон Геологиялық комитеттің ортаазиялық бөлімінің (кейіннен САРГРУ – ОААГББ – Ортаазиялық аудандық геологиялық-барлау басқармасының, біршама уақыттан кейін – Ортаазиялық барлау тресті болып өзгерген) тау-кен өндірісі тарихы мәселелері бойынша қызметкері және ғылыми кітапхана меңгерушісі қызметтерін қоса атқарды. Осы аталған мекемелерде жұмыс істей жүріп М.Е.Массон Орта Азия тау-кен ісі мен металлургиясының тарихымен шұғылданды, ол геологиялық барлауға қызметші деп атауға болатын археологияның жаңа бағытының көшбасшысы және пионері болды. Ғалым осы тың мәселеге арнап келесі еңбектер жазды: «Историческая археология на службе геологической разведки» /Тарихи археология геологиялық барлау қызметінде/, «Прикладные задачи археологии и их тематика в Средней Азии» /Археологияның Орта Азиядағы қолданбалы міндеттері мен зерттеу тақырыптары/ [44, с. 48 – 55; 45].

Тау-кен тарихын зерттеу мақсатында М.Е. Массон бірнеше бағыттарда іссапарларға шықты. Оның археологиялық барлаумен барып келген жерлері: Копетдаг (Түркіменстан), Ангрен (Өзбекстан), Қарамазар (Тәжікстан), Талас пен Шу өңірі (Қырғызстан). Барлау барысында Илактың астанасы Түнкет қаласының орны, Қызыларваттың өз дәрежесіне сай еместігі, яғни оны ортағасырлық Феравеге (дұрысы «Фарау») телеп жүргеніміздің бекер екендігі және аталған қаланың үйінділерінің нақ орнын анықтады. Ортағасырлық деректерде аталатын ондаған басқа қалалардың орындары анықталды. Канка деп аталатын құланды Шаштың көлемі жағынан үшінші қаласы болған Харашкетке сай белгілі болды. Археологиялық байқаулармен түпнұсқалық жазба деректер негізінде бірнеше аудандарда кейбір қазба байлықтарының бары алдын ала болжанды. Тарихи топографияны дұрыс түсініп тану арқылы және әдебиетте аталатын алайда тарихта «Шельджи кен орнының» болмағанын дәлелдеу арқылы ірі қорғасын кен орнының бұрын іздегендей Таластың солтүстік жағында емес, керісінше, Таластан оңтүстікте жатқаны алдын ала болжанды [46].

Орта Азия тау-кен өндірісінің тарихын зерттеуді М.Е.Массон шығыс түпдеректерінен, араб және парсы тілді

географтар мен тарихшылардың мәліметтерін зерттеуден бастады. Осы жұмыстардың қабатында жоғарыда аталған жазбагерлер көрсеткен кен орындарын және қазіргі геологтардың белгілеген байырғы кен өндіру орындарын көріп салыстыру мақсатында аймақтарға жолсапарларға шықты. Бұл жерде нақты тау-кен орындарымен қоса олардың қоршаған аймағы зерттеліп отырды. Осының арқасында байырғы кеншілер тұрған елді мекен орындары анықталып, олардың үстінде жатқан археологиялық материал арқылы байырғы кен орындарының қызмет еткен ғасырлары анықталып отырды.

Барлау жұмыстары барысында белгілі болған Орта Азия тау-кен өндірісінің тарихымен тығыз байланысты тау-кен орындарының орналасқан аймақтарына назар салынды. Бұл рудалық аудандар – Қарамазар таулары мен Ахангаран (Тәжікстан, Өзбекстан), Сумбара аңғары (Түркіменстан) және осы аудандағы тау-кен өндірісінің қалдықтары. Талас аңғары (Қырғызстан) да осы ауданда тау-кен өндірісінің тарихи қалдықтарын табу үшін зерттелген. Тау-кен өндірісі тарихын зерттеу мақсатында КСРО Ғылым Академиясының Тәжік-Памир экспедициясы Ахангаран және оның айналасындағы таулық аудандарда археологиялық-топографиялық тұрғыдан зерттеу жүргізді [47].

«Байырғы металды шлактар» деген М.Е. Массонның зерттеуінде іске аспаған немесе пайдаланылмаған ертедегі металл шлактардың (жобамен ерте ортағасырлық) дайындамалары аса көп екені көрсетіледі. Олардың қоры тек Шыршық-Ангрен және Қарамазар аудандарында жүздеген мың тоннамен өлшенеді. Ташкенттен 60-100 км қашықтықта мұндай қалдықтардың үлкен қоры бары хабарланады. Бірнеше үлгілердің анализдері көрсетіледі. Оларды құрылыста шлакобетон құюда пайдалануға немесе рудаларды балқытуда флюс қоспасы ретінде пайдалануға болатындығы айтылады [48].

М.Е. Массонның «К истории черной металлургии Узбекистана» /Өзбекстанның қара металлургиясының тарихына орай/ деген еңбегі археология, этнография және жазбаша түпдеректердің негізінде жазылған. Бұл монографиялық очерк Орта Азияның ерте темір дәуірінен бастап совет үкіметінің орнағанына дейінгі уақытты қамтиды. Орта Азияда темір өндіру тарихы кезеңдерге бөлінді және оның әртүрлі кезеңдеріне қарай басқа елдермен салыстыра отырып орны белгіленді. Тау-кен өн-

дірісі мен металлургия мәселелерімен қоса ең алдымен темір өндірудің басты-басты орындарын анықтауға назар аударылған. Осындай талдау негізінде қазіргі кезде пайдалы болуы ықтимал екі аудан аймағы ерекше аталып белгіленеді.

Жинақталған үлкен материал М.Е. Массонның көптеген мақалалары мен үш кітаптың шығуына арқау болды. Олардың екеуі КСРО Ғылым академиясының баспасында жарық көрді. Кітаптарды атап айтсақ, «Тәжікстанның тау-кен өндірісінің тарихы. Қазба байлықтарының бұрынғы өңдеуі» /Из истории горной промышленности Таджикистана. Былая разработка полезных ископаемых/ [49], Лениградта 1934 жылы басылса, «Алмалықтың өткенімен байланыста Орта Азияның мыс өндіру тарихы» /К истории добычи меди в Средней Азии. В связи с прошлым Алмалыка/ Мәскеу-Ленинградта 1936 жылы [50], «Өзбекстанның қара металлургиясының тарихына орай» / К истории черной металлургии Узбекистана»/ атты кітап Ташкентте 1947 жылы жарық көрді [51]. Ангрен аңғарын – ортағасырлық Илак облысын зерттеу нәтижелері «Ахангаран. Археологиялық-топографиялық очерк» /Ахангеран. Археолого-топографический очерк/ деген тақырыппен Ташкентте 1958 жылы басылды [52]. Бұл кітапта жазба деректер және негізінен археологиялық зерттеулер барысында алынған нәтижелер негізінде бұл ауданның ерте дәуірден соңғы жүз жылдықтарға дейінгі тарихын қорытындылаған.

М.Е. Массон Орта Азия тау-кен ісі мен металлургиясының тарихын алғашқылардың бірі болып тарихи-археологиялық тәсілдермен зерттеді.

### *2.1.3. Орта Азияның гидрология мен метеорологияға байланысты археологиялық мәселелері*

М.Е. Массонның бірнеше еңбегі шөлді-шөлейтті аймақтарды шаруашылық тұрғыдан игеру мен пайдалану мәселелеріне арналады. Сардоб әуіттерін зерттеу мәселесіне арналған еңбек осындай жұмыстар қатарына жатады. Сардоб деп суды сақтау мақсатына арналған әуіттерді атаған. Бұл әуіттердің үсті қышпен өріліп күмбезбен жабылған. Сардобтар Орта Азияның шөлді аймақтарында тараған. Сардоб тұрақты, тіпті арықпен әкелетін суы жоқ жерде жасалатын су қоймалары. Оларды қолдан сумен толтырады.

Сардоб күмбезі тереңде, қоймада жатқан суды ыстық уақытта буланып кетуден сақтайды. Олардың жасалу уақытына және сәулеттік көркемділігіне қарамай оларды суландыру тәсіліне қарай жіктеуге болады. Олардың басқа да су сақтайтын құрылыстардан басты ерекшелігі оларды сумен толтыру жайлы маусымда ғана іске асырылуында. Басқа уақытта олардың тоғаны суға толтырылмайды және құрылыстың басты мақсаты мүмкіншілігінше кем шығынмен жиналған суды сақтап адам мен жануарлардың қажетіне сапалы түрде жеткізу [53].

М.Е. Массон сақталған және есепке алынған жер астындағы су қоймалары – сардобаларды сипаттай отырып, осы заттық мәдениет ескерткіштеріне арналған өз еңбегін «зерттеу мәселесі» деп атады. М.Е. Массон өзі ұсынған проблемаға назар салып, сардобтың мүмкіндіктерін және оны қазіргі кезде шаруашылықта қолдану мүмкіндіктеріне көңіл бөледі. Орта Азия археологиясына қатысты бірде-бір еңбек осылай бағытталмаған еді. М.Е. Массонның еңбектерінің ерекшелігі осында жатыр.

Жеке тарихилығына немесе сәулет өнері тұрғысынан құндылығына қарамай шаруашылық мақсаттағы заттық мәдениет ескерткіштерін зерттеудің басы болды. М.Е. Массон осындай мақсатта пайдаланылған судың, сасып бұзылып кетпеу себептерін ашады. Олар ғалымның көрсетуінше, мынада болған: сардобтардың барлығында ауа желдеткіштерінің болуы, су толтырар алдында әуіт ішін әбден тазалап барып толтырған және оны пайдаланатындар (адамдар, жануарлар) тарапынан былғамай таза ұстағандықтан суды ұзақ уақыт пайдалануға мүмкін болған. Сардобта сақталған судың сапасының жоғарылығының дәлелі сардобтардың кейбірінде балық та болғанын көрсетеді.

М.Е. Массон сардобтарды бұзып, оның қышының құрылыс материалдары мақсатында алынғанын немесе астық сақтайтын қамба, қойма ретінде, т.б. мақсаттарға да пайдаланған жағдайларды келтіреді. Бізге дейін заттық мәдениеттің осындай қызықты ескерткіштері және аса құнды шаруашылық құрылыстары болып табылатын сардобтардың қаншасы бұзылып кеткенін анықтау қиын. Мұндай бұзылған құрылыстар саны көп болғаны анық.

М.Е. Массонның осыған қатысты Г.А. Арондаренконың сонау XIX ғасырдың 80-жылдары айтқан пікірін ұсынады: «Расында, бір жағынан ирригаторлардың шөлді суару жүйесін

енгізу жөніндегі берген уәделері, екінші жағынан осы шөлді аймақтың бұрын болғанын жоқ етіп қинап жатқанына назар салу керек». Сөз жоқ, керуен жолдары жойылып, олардың орнын темір жолдардың басуы сардобтардың біраз бөлігінің шаруашылық қолданыстан шығып қалуына апарды. Алайда осыған қарап сардобтарды ортағасырлық жабайылық тұрмыс белгісі деп ұғынып, оларды естен шығарып жойып жіберуімізге болмайды.

Сардоб құрылыстарының болуы шөлді-шөлейтті аймақтарда қардың, жаңбырдың аз жауатындығына қарамастан, тұрақты ағын су көздерінің жоқтығына қарамастан адам баласының суды жинап сақтауға әрекет еткенін  көрсетеді. Шөлді-шөлейтті жерлерде аталған жолмен су сақтау тәсілін қазіргі заманғы техникалық мүмкіндіктерімен күшейте отырып әуіттерге су жинап, оны сақтауды пайдалану мүмкін екені аян деп ұсыныс айтады М.Е. Массон.

Көпшілік тарапынан қараусыз қалып еленбей жатқан байырғы сардобтар арнайы зерттеуді қажет етеді. Аталған ескерткіштерге қарлығаштай шырылдап жан ашырлық білдірген М.Е. Массонның еңбегі бұл бағытта алғашқы қадам іспетті болды, болашақта сардобалар мәселесін археологтар, гидрологтар, экономистер бірлесіп зерттейтін нысанасы болуы тиіс [53].

Қазіргі кезде де – Орта Азия ауа-райының өзгеруі және соған байланысты судың жалпы гидрометеорологиялық жүйесінің өзгеріске ұшырауы сияқты өзекті мәселесі М.Е. Массонның еңбектерінде қаралады. 1948 жылдың өзінде М.Е. Массон «Орта Азия климатының өзгеріске ұшырауының салдарынан тарихи кезеңде су жүйесінің өзгеру мәселесі» /О колебании климата Средней Азии в связи с вопросом об изменении режима вод за исторический период/ атты зерттеу жазды [54]. Осы еңбектерде зерттеушілердің басым бөлігіне әлі де белгісіз кейбір мәліметтер таныстырылды және осы мәселелер бойынша қолдануға болатын тарихи және археологиялық мәліметтердің сипаты туралы түсініктер берілген.

М.Е. Массон жазба деректердегі мәліметтерді талдай отырып антикалық авторлар Орта Азияның жалпы физикалық-географиялық жағдайында шөлді-құмы және мәдени алқаптардың орналасуы қазіргі заманға жақын етіп суреттейтінін жазады. Әрине, екеуін салыстырғанда толық сәйкестік жоқ және бұрын да болған емес екені түсінікті. Ерте заманда да және одан

кейін де физикалық факторлармен қатар адамның шаруашылық қызметінің әсерінен кейбір аудандарда табиғи-тарихи орта біршама өзгеріске ұшырап отырды. Соңғы мыңжылдық тарихта 1939 ж. Теджен өзенінің тасуы іспетті және Зерафшан өзені суларының әдетте құрғақ болып жататын атырауына өтіп кетуі сияқты жағдайлардың болғаны белгілі.

Шыршықтың оң жағалауын белсенді түрде сумен шайып отыруының нәтижесінде Х ғ. көлемі жағынан Шаш уалаятының үшінші қаласы болып саналған Ташкенттен 40 км оңтүстік-батысында орналасқан Шутуркет қаласының толық жойылып кетуіне әкеліп соқтырды [54, с. 8]. Х ғасырда Хорезмнің оң жағалауының астанасы болып саналған Кяттың шеңбер тәрізді үш қабатты етіп қабырғамен қоршалған мықты цитаделі Амударияның алып суымен шайылып кетті. Су байырғы қаланың басым бөлігін жұтып жіберді. Хорезмде жиі толқып өзгеріп тұратын Амудария тарихи кезеңнің барлық уақытында адамды өзінің табиғи құбылыстарына тәуелді етті.

Көшпенділердің шабуылынан нашарлаған құлдық дәуірдің дағдарысы IV-V ғғ. үнемі күтім мен қадағалауды қажет ететін ирригациялық жүйенің құлдырауына әкелді. Су каналдарының аяқ жақтарына жетпейтін болып шөл мен құм алқапқа «шабуылға» шығып, соның салдарынан бір топ елді мекендер құммен көміліп қалды.

XIII ғ. монғол шапқыншылығы да су жүйесіндегі тәртіпке әсерін тигізді. Кейбір мәдени жерлердің жабайылануымен қатар Жалайыр ұлысы монғолдарының Ходжент, Моғолтау, Қарамазар таулары мен Ахангеран аудандарына қоныстануы Геджигеннің құрғақ даласымен ағып өтетін Илак немесе Ангрен өзенінің бас арнасының өзгеруіне әкелуі ең үлкен құбылыстардың бірі болды [54, с. 9]. Кейіннен М.Е. Массон жекелеген аудандардағы судың өзгеруін арнайы тарихи-археологиялық тәртіппен жеке дара зерттеуді ұсынады.

Әртүрлі аудандарда су ағу тәртібінің өзгеруі, әрине, адамның табиғатты өзгерткіш қызметіне де байланысты болды. Кей жерлерде жалғасын тауып келе жатқан орманды жыртқыштықпен жою соңғы кезге дейін жалғасын тауып халық жадында сақталған-ды. Орманды шамадан тыс өртеп көмір ету, оның немерелері мен шөберелеріне су тапшылығының тақсыретін тартқызатынын ертеректе өмірден өткен бір қария кемпір (құрама

руынан) болжап, руластарын мұның ақырын ойлап, орман өртегенді тоқтату керектігін айтқан екен [54, с. 13].

XIX ғ. ортасында саяларда судың күрт азайып кету құбылысы, осының салдарынан құдық суының деңгейінің түсуі және егін егуде оның тапшылығы тәжік-уратөбелік-тәжіктердің кезінде Қоқан хандығымен басып алынған Жетісудың кең өңірлеріне белсенді эмиграция тудырды. Бұл жөнінде олардың Әулие-ата, Тоқмақ және Жетісу өңірлерінде тұратын үрім-бұтақтары айтады.

Жазба тарихи деректерде шамадан тыс жаздың ыстығы мен су тапшылығынан қуаңшылықтың етек алуы жөнінде сирек жазылады. Оларда көбіне қары қалың қатты қыстар туралы жазылады. Себебі, ауа-райының өзгерісі ең алдымен қарлы-жаңбыры жылдың салқын маусымдарында көрініс табады. Жауын-шашыны аз жаз айларында ауа-райының өзгерісі байқала бермейді.

Біраз тарихшылардың Темір кезінде 1404-1405 жж. аралығында болған қыстың өте суық, қаһарлы болғандығы жөнінде жазады. Қараша айының ортасынан бастап (ескі стиль бойынша) жауған қардың салдарынан Самарқандағы құрылыс жұмыстары (астананың бас көшелерінің бірін қайтадан жаңаша салу, жұма мешіттің порталды кіре-берісін қайта өндеу және т.б.) тоқтатылған. Қалың қардың түсуі Темір әскерлерін Отырардан Қытайға апаратын жолды адам өте алмастай етіп бөгеп тастайды. Сайрам мен Құлан тауына жіберілген барлаушылар екі найза биіктігіндей қалың қардың жатқандығын мәлімдейді. Осындай жағдайдың салдарынан Темір әскерлері амалсыздан тұрақтап қалуға мәжбүр болады. Осы кезде ұлы әмір де осы жерде дүние салады [55].

Осындай аса суық кез XIX ғасырдың отызыншы, қырқыншы жылдарына тура келеді. Амудария Бұқар хандығы аумағында 2-3 аптаға дейін толық қатып қалған, қатқан мұзының қалыңдығы соншалық, оның үстімен керуендер емін-еркін өте берген. 1842 ж. ақпан айында суықтың екінші толқыны келіп өрік ағашы үсіп кеткендіктен бұқаралықтар мұндай суықтың бұрын-соңды болмағанын айтады [54, с. 17].

М.Е. Массон «брикнеровтық» кезеңдермен қызығып, оның дұрыс-бұрысын тексеру үшін аршаның кесінділеріндегі жылдық сақиналарды зерттей түсті. Ол Самарқанд ескерткіштерінен

XIV ғ. бастап XVII ғ. дейінгі құрылыста пайдаланылған арша ағаштарының кесінділеріндегі сақиналарды зерттеуге көшті. Қазіргі кезбен байланыстыру үшін жасы 300-ден асатын арша кесіндісін пайдаланды. Жеке-жеке кесінділердегі сақиналарды зерттей отырып бес ғасырдан асатын метеорологиялық мәліметтер алды. Осы мәліметтер бойынша XIV ғ. ортасынан бастап куаңшылық пен ылғал кезеңдердің бір тәртіппен алма-кезек ауысуында 35 жылдық кезек байқалмады. Алайда жобамен бір жүзжылдыққа 20-дан 50 жылдық үзіліспен үш ылғал және үш қуаншылық кезеңнің сай келетіні белгілі болды [54, с. 18].

М.Е. Массон осы қарастырып отырған тарихи кезеңдегі Орта Азияның ауа-райына қатысты санаулы және шектеулі ғана тарихи-археологиялық сипаттағы мәліметтерді қорыта отырып, келесі тұжырымдар жасады:

Біріншіден, ауа райының аз ғана уақыт болып саналатын жүзжылдық өзгеруінде белгілі бір цикл байқалады: бір топ ылғалды жылдардан кейін бір топ қуаңшылық жылдардың жүретіні, олардың бір-біріне аз-аздан өтулері байқалады. Алайда бұл құбылыста қатаң кезеңдік байқалмайды.

Екіншіден, қарастырып отырған тарихи кезеңдегі Орта Азияның ауа-райында ұзақ уақыттық белгілі геологиялық дәуірлерді қамтыған қатты өзгерістер байқалмайды. Сонымен қатар соңғы мыңжылдықтарда Орта Азияның ауа-райы абсолюттық дәрежеде ешбір өзгеріссіз болды дей алмаймыз. Оған ғарыштық, астрономиялық және географиялық факторлар әсерінен туындаған түрлі мезгілді әртүрлі климаттық кезеңдер орнықты.

Үшіншіден, әртүрлі зоналарда адамның шаруашылық қызметі әртүрлі болып, олардың салдары әрқилы болды. Орта Азияның құм мен шөлдерінде неолиттік өндіріс қалдықтары орындарының және кезіп жүрген аңшы-жинаушылардың уақытша тұрақтарының табылып, қағазға түсуі тас дәуірі кезінде осы аймақта қазіргіден өзгешелеу табиғи ортаның болуын көрсетеді. Уақыт өте келе қола дәуірі басынан шөлді жерлерге мал шаруашылығының енуі олардың байырғы табиғи-тарихи ортасын өзгертті. Бұның барлығы ауа райына әсер етпей қоймады. Әсіресе, ирригацияның дамуы су қорларын бөлшектеуге әкелген көгалды алқаптардың табиғи ортасына өзгерістер әкелді.

Адам баласының ормандарды жыртқыштықпен жою тек таулы аймақтың ауа райымен қоса таяу жатқан аңғарлардың табиғи ортасына әсер етті. Адам тіршілігінің ықпалы белгілі бір зонаның жеке аймақтарында да байқалды. Орта Азияның ауа-райының тәртібі тек Орта Азия аумағындағы атмосферадағы құбылыстардың кездейсоқтық нәтижесі емес екені аян. Сондықтан ондағы өзгерістерді әлемдік ауа-райы жөніндегі мәліметтермен байланыста қарастыру қажет. Бұл аса көп еңбекті талап ететін қызықты жұмыс. Тарихшылар мен археологтар үшін ауа райының өзгеру мәселелерін қарастыру аса қажетті және қолданбалы маңызы бар міндеттердің бірі болып табылады [54, с. 22 – 23].

Байырғы замандардың мәдени ескерткіштері деген кең ұғымға сәулет өнері, сурет пен мүсін өнері туындыларымен қатар көпшілік қауым үшін қызмет еткен және өркениеттің дамуындағы белгілі текпішек болып табылатын құрылыстар жатады. Әңгіме инженерлік құрылыстар жөнінде болмақ. Орта Азияда көпір салу тарихы мүлдем белгісіз болып тұрғанда Ташкентте 1978 ж. басылған М.Е. Массонның «Орта Азияның бұрынғы көпірлері» /Среднеазиатские мосты прошлого и проблема их изучения/ атты зерттеуінің шығуы үлкен жаңалық болды [56].

Совет үкіметінің алғашқы жылдарынан бастап мүйізі қарағайдай ғалымымыздың зерттеген ғылыми проблемаларының ауқымды тізімінде тау-кен ескерткіштерін зерттеу (руда қазушыларының қалдықтары, ежелгі кен орындары, кен қазушылардың қоныстары, балқыту пештері), құмырашылар мен теміршілердің еңбегі (керамикалық және балқыту пештері, шеберханалар), суару мен ортаазиялық аумақта аса қымбат суды сақтау (каналдар мен сардобалар) мәселелері болды. Байырғы Орта Азияның көпірлері жөнінде бірде бір қорытынды зерттеу болмағандықтан және жеке дара осындай нысана сипаттамасының өзі сирек болғандықтан, мұндай ескерткіштердің басым бөлігі қорғау тізімдеріне ілінбей қалғандықтан М.Е. Массон еңбегін көпір салу тарихына арналған шағын очерктен бастайды. Олардың негізгі топтары анықталды: жаяу жүрушіге, көлікке арналған, жылжымалы, қалғыма, су бөлгіш көпірлер, шекаралық көпірлер, көпір-базарлар. Мысалы, жазба деректерде аталатын немесе осы уақытқа дейін сақталған және белгілі бір оқиғалармен байланысты көпірлер келтіріледі. Бұл еңбекке

жазбаларға түскен немесе халық арасынан М.Е. Массонның өзі жинаған аңыздар ерекше көрініс беріп тұр.

М.Е. Массон көпірлердің өткен тарихын саралаумен қатар болашақ ғалымдарға Орта Азия халықтарының құрылыс өнерінің беймәлім сырларын зерттеуге бағыт-бағдар беріп отыр десе де болады. Қарастырып отырған тарихи кезең ішінде Орта Азия қоғамында көпірлер үлкен рөл атқарып, олар әртүрлі міндеттерді асырды. Олар жолаушылардың, жүк тасымалдайтын көліктердің қатынауына, жалпы алғанда жолдағы кедергілерден (арық, ойық, сай канал-өзен су жағалары) өтуге мүмкіндік берді. Көтерілетін көпірлер бекіністі қамалдар мен цитадельдердің алдындағы ор үстіне тұрғызылды. Кейде ор немесе канал үстінен тіреу көпір салынып, оның үстінен бекініс қабырғалары тұрғызылыпты. Акведук-көпірлер үстімен арықтар жүргізілді.

Ирригацияның дамыған шағында су бөлетін көпірлер салынды. Орта Азияда ертеден үлкен өзендердің үстінен су бетінде қалқып тұратын тұрақты көпірлердің болғаны белгілі. Шекаралық көпірлер де ерекше рөл атқарған. Негізінен айтқанда көпірлер ең ежелгі инженерлік құрылыстар санатына жатады.

Тым қарапайым көпірлер жөніндегі түсініктер негізінде ертедегі алыптардың сүйектерін бөрене орнына көпірдің құрылысына пайдаланғаны жөнінде аңыздарда негіз болған. XIX ғ. аяғында  қырғыз қариялары Талас өңірінде аты аңызға айналған Манастың Семетей (немесе Семей) батыр деген ұлын  көшпенділер өлтірген екен, денесі жерге берілмегендіктен денесін құзғындар жеп тауысқан соң, адамдар оның етінен ажыраған бөксе сүйектерінен Әулие-ата жанындағы Тектұрмаста Талас өзенінен өтетін көпір салған екен деседі [56, с. 6].

XIII ғ. Шыңғысханның Орта Азияны жаулап алғанынан кейін көптеген қалалардың қирауы монғолдар стратегиялық мақсатта сол кезде болған жолдар мен көпірлердің бұзылмай сақталуына жағдай жасаған, осының қабатында жаңаларын салып отырған. Чань Чуньның жолсерігінің айтуына қарағанда 1221 ж. Іле аңғарына Сайрам өзенінің жанындағы Тальки асуы арқылы бара жатқан бойда жолаушылар өзен бойымен жолдың біресе оң жағымен, біресе сол жағымен Шағатайдың бұйрығымен салынған жолмен жүріп өткен екен. Бұл жолда жартасты жарып өтіп қана қоймай  кеңдігі соншалық, екі арба қатар өте-

тіндей етіп 48 көпір салған екен. Шу өзені арқылы өтетін көпір ағаштан салынса, ал Талас үстінен өтетін «тастан» қаланған көпір арка пішіндес болуы тиіс [56, с. 42].

М.Е. Массон алғаш рет ортаазиялық көне көпірлер жайындағы мәліметтерін қорытындылайды, олардың жергілікті тілдердегі аттарын және тарихи деректерде кездесетін аттарын келтіреді. Бұдан басқа ортаазиялық халықтардың тарихы жөнінде байырғы деректерден жаңа мәліметтер келтіреді. М.Е. Массон ортаазиялық көпірлер жайында жазылған бұл очеркін барлық Орта Азия республикалары мен Қазақстандағы байырғы көпірлерді зерттеу саласындағы әрекетсіздік жөнінде елеулі дабыл болады деп есептеді. Байырғы ескерткіштерді қорғау ұйымдары мен қоғамдар тарапынан үлкен тарихи маңызы бар бұл ұмыт қалған тақырып ендігі жерде назарға ілігіп жалғасын тауып зерттейтін тиісті ұйымдардың немесе кейбір республикалардың ғылым академия институттарының ғылыми жұмыстары жоспарына енуі тиіс.

Байырғы көпірлерге қатысты есепке алу жұмыстарының толық іске асуы, бұл саладағы ескерткіштерден қалған жұрнақтарды зерттеу, олардың ішінде тиістілерін есепке алып, қорғау қажет. Бұл қазіргі замандастарымыздың өскелең ұрпақ алдындағы міндеті, байырғы материалдық мәдениетімізді қорғау – парызы.

М.Е. Массон Орта Азияның гидрология мен метеорологияға байланысты археологиялық мәселелері жөнінде алғаш жазған зерттеушілердің бірі. Осымен қатар ол Орта Азия көпірлері туралы алғашқы қорытынды еңбек жазған ғалым.

### *2.1.4. Орта Азия қалаларының тарихи топографиясы*

Қалалардың тарихи топографиясын зерттеу – археологтардың Орта Азияның таптық қоғамының даму процесін қайта жаңғыртудағы қосқан үлкен үлесі болып табылады. Осындай эпиграфпен ОАМУ-дың археология кафедрасында 1939 ж. бастап оқылған М.Е. Массонның «Орта Азия қалаларының тарихи топографиясы» деген тақырыпта арнайы курсы басталатын. М.Е. Массон Орта Азияның негізгі қалаларының барлығын дерлік зерттеді десек қателеспейміз. Самарқанд [16], Бұқара, Ташкент, Шахрисябз, Термез [24] және басқа да ірі

қалашықтардың [37, 40] топографиясы жөнінде аса қомақты зерттеулер жазды.

Байырғы қалашықтардың ішінде, әсіресе, Мерв жөніндегі зерттеуі ерекше үлгілі болса керек. Археологиялық тәсілдермен түрлі жазба деректердегі мәліметтер мен жорамалдар тексерілді. Қазба жұмыстары нәтижесінде бұл қаланың негізін Александр Македонский салды дегенге қарсы айғақтар табылып, елді мекеннің бұл кезеңнен де бұрын болғаны анықталды. Парфия мемлекеті кезіндегі Мерв тарихына тоқталсақ, цитадель 20 га, қаланың өзі және қала аймағында цитадель рөлін Эрк қалашығының атқарғаны белгілі болды.

Гяурқала құл иеленушілік қоғамның гүлдену кезінде пайда болған, төртбұрышты формада болып келген. Мұнда төрт қақпа болған. Оңтүстік қақпадан екі үлкен керуен жолына шығуға болатын. Бірі – Балх, Индия және Қытай бағыты, екіншісі – Серахс бағыты арқылы батыс елдеріне апаратын жол. Солтүстік қақпадан Хорезм және Соғдыға баратын жол жатыр. Ал шығыс қақпада екі бір-біріне параллель келген қорғаныс құрылысын көруге болады. Батыс қақпа жақта қаланы сумен қамтамасыз етіп отыратын Разик каналы жатыр. Шығыс және батыс қақпаларының ортасы адамдардың өте көп тұрған жері болған. Мұндағы мәдени қабаттың қалыңдығы 7 м және одан да көп метрге жетеді. Төменгі бөлігінің парфяндық кезеңге жататынын байқаймыз. Көптеген парфяндық теңгелер және керамика т.б. жердің үстіңгі қабатында жатыр. Мұның өзі Гяурқаланың құл иеленушілік қоғамның гүлдену кезінде толық қоныстанғанын көрсетеді. Солтүстік Шығыс және Оңтүстік шығыс бұрыштарында қаланың басқа да ірі ғимараты болғаны байқалады. Осы кезеңге жататын қолөнершілер кварталы анық көрінеді. Оны мұндағы табылған әртүрлі кірпіштер мен формалар дәлелдей түседі.

Гяурқаланың парфяндық кезеңде болатын бөлігінен алынған материалдар ішінен құмыралар, керамикалық ыдыстарды айтуға болады. Енді қалалық округке келсек, парфяндық кезеңнің ескерткіштері әр жерде байқалады. Қала округі Гилякин-Чильбурдж қабырғасымен қоршалған. Ол 60 км шаршы ауданды қамтып жатқан және оның бірнеше қақпасы болған. Негізінен бекініс дұрыс емес төртбұрыш тәрізді болып келген, жан-жақты 190-200 м. Әр бұрышта және төрт фасадында сыртқа қарай шығып

тұрған арасы 25 м болатын 40 мұнара бурдж байқалады. Мұның өзі 40 мұнара, яғни, Чильбурдж деп атауға негіз салған қабырғаның биіктігі 15 м жетеді. Бекініс ерекшелігі мұнда гофрленген мұнаралардың болуымен сипатталады. Алынған материалдар парфяндық-кушандық керамиканы көрсетеді. Парфяндық кезеңде Маргиандық Антиохия қабырғасының шекарасы болмады. Оны қабырғадан тыс жатқан елді мекен қалдығы дәлелдейді. Археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде Мургаб оазисінің Парфия құрамына енуі б.з.д. II ғ., яғни, екінші «филэллиндік» дәуіріне сай келетіні анықталды. Міне, осы кезде жоғарыда айтылған қорғаныс құрылысы салынса керек. Осы кезде Маргиандық Антиохия Мерв деп аталған [57].

Кейбір Батыс зерттеушілері осы кезден бастап Мерв б.з. III ғасырына дейін Кушан мемлекетінің құрамында болды деп қате көрсеткен. Қазба жұмыстарының нәтижесінде Парфия мемлекетінің ыдырауы кезеңінде Мервте де қала өмірінің құлдырағанын көруге болады. Мұны Гяурқаладағы кейінгі парфяндық кезеңге жататын қабаттардың ашық, үстіне кейінгі қабаттардың жабылмағаны дәлел бола алады. Сонымен қатар қазба жұмысы негізінде Мервте құл иеленушілік қоғамның кризисі, тек IV-V ғғ. көріне бастағанын байқауға болады. М.Е. Массон Мерв туралы осындай мәліметтерді көре отырып, оны зерттеу негізінде құрылған 18 отрядты басқарған және онымен тікелей байланыста болып қазба жұмыстарын жүргізген. Михаил Евгеньевичтің бұл жұмысты жүйелеп, ғылыми негізде өңдеп, тарих ғылымында өз орнын алуындағы еңбегі зор.

Ертедегі қалаларды осы тарихи-топография тұрғысынан зерттеуге М.Е. Массон өзінің бар ғұмырын арнады. Осы мәселені болашақта зерттеуге әрекет ететін іздемпаздарға ол өзінің жарты ғасырлық тәжірибесімен, кейбір ойларымен бөлісті. Бұл мәселелерге қатысты көп жылдық тәжірибесін мына зерттеулерінде ортаға салды: «Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстандағы байырғы отырықшы мәдениет аумағындағы ортағасырлық ескерткіштерді тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттеу» [58, с. 5 – 8], «Орта Азия қалаларының тарихи топографиясын зерттеу мәселесіне» [59].

Көрсетілген бірінші мақалада болашақ зерттеушілерге айтылған ескертпелерді қысқаша жеткізуді қажет деп санадық:

1. Байырғы отырықшы мәдениет тараған Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан аудандарының даму кезеңдерін анықтау үшін ең алдымен осы аудандағы ірі елді мекендер тарихын, ең болмағанда жалпылама тарихын тану қажет.

2. Зерттеушілер міндетті түрде алдын ала мүмкіншілігінше осы аудан жөнінде барлық жазба деректердегі мәліметтермен танысуы тиіс.

3. Аудан тарихы жөнінде түсініктер мүмкіншілігінше кең болуы тиіс. Онда қазіргі және бұрынғы табиғи орта, географиялық, экономикалық жағдай қамтылуы керек. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу әдебиеттегі мәліметтермен қатар жергілікті өлкетану әдебиеттегі мәліметтер де қамтылуы қажет. Археолог ауданның зерттелу тарихымен таныс болуы қажет [58, с. 5 – 6].

4. Аудан тарихын немесе археологиялық тарихын тануда оның бастапқыдағы жағдайын анықтаумен қатар оның келесі кезеңдердегі тіршілігін (қаңырап қалуын, бұзылуын, басқа мақсатта пайдалануын және басқа да болған өзгерістерін) анықтауға ұмтылу қажет. Кең түрде жергілікті тұрғындардан нысаналар жөнінде аңыз әңгімелер, олардың атауларына қатысты түсініктер сұрастырылуы қажет.

5. Ауданды зерттеудегі басты мақсат оның тарихын тану болып табылады. Осы мақсатта кешенді археологиялық экспедицияның жұмыс жасағаны орынды. Алайда мұны атқару таяу арада мүмкін емес болғандықтан әрбір экспедиция міндетті түрде нақты белгіленген міндеттерімен қатар кездескен барлық дерлік заттық мәдениет ескерткіштерін сипаттап отыруы қажет.

6. Барлау барысында тек ірі қалашықтар, шағын елді мекендер мен сәулет ескерткіштері, ескі кен орындары, арықтар мен жол іздері ғана емес, одан да майда нысандар да алдын ала тіркеуден өтуі керек. Мысалы, қыштан, тастан жасалған қабір белгілері – эпитафиялар. Орта Азия мен Қазақстанда эпиграфика әлі де енді даму басында тұр. Кездейсоқ табылған археологиялық нысаналар, әсіресе, арабтардың Орта Азияны жаулап алмай тұрғандағы тиындар жөнінде мәліметтер жинауы керек [58, с. 5 – 6].

7. Ортағасырлық сауда жолдарды зерттеуді қолға алу керек. Негізге «арабтардың жолсеріктерінің» мәліметтері алынуы тиіс. Жолдардың бағыттарын, олардың қауіпсіздігі қалай қамтылғанын аңғару керек.

8. Кез келген жаңа нысананы қазбас бұрын оның археологиялық микрорельефін, мүмкін болған жерде шөптерімен археолого-топографиялық түсірілім жасалуы тиіс. Бұл, әсіресе, қалашықтар үшін маңызды. Аталған тәсіл арқылы негізгі көшелерінің сұлбаларын, базары мен қолөнершілер орамдарын, байлар тұрған орамдарын аңғару керек. Қазудың траншеялық тәсілін қолдануға тыйым салынады. Алғашқы маусымдық шағын стратиграфиялық шурф салып төменгі мәдени қабаттардың орналасуын анықтау керек. Ұзын қорғанды қалашықтардың қорғаныс белгілерін зерттеу ерекше тақырып болуы керек. Мұсылмандық мазараттар да зерттелуі тиіс.

9. Көп жылдық зерттеудің бір кезеңінде әр кезең бойынша археологиялық материалдар кестелерін жасау керек. Жинақтар құрастырып, оған зерттелген ауданның тарихи географиясын, археологиялық топографиясын және археологиясын танытатын зерттеулер енгізу керек.

10. Әрбір ауданның өз ерекшелігі барын ескеріп, оларды зерттеу бағдарламалары әртүрлі болуы керек. Археологтармен қатар басқа сала мамандары тартылуы керек [58, с. 5 – 8].

«Орта Азия қалаларының тарихи топографиясын зерттеу мәселесіне» деген М.Е. Массонның еңбегінде жас зерттеушілерге келесі кеңестер береді:

1. Байырғы Орта Азия қалаларының тарихын зерттеуші түркістандық зиялылар оның сол кездегі жағдайынан бастап өткеніне бойлайтын. Олардың бақылауларында жергілікті халықтың көнекөз қарияларының түсіндірулеріне назар аударды. Бұл қалалық мекендер аймағындағы жеке бөліктердің үлес салмағы өзгеріске ұшырауын дұрысырақ түсінуді қамтамасыз етті. Орта Азияда жеке қалалар мен тұтас аудандарды кешенді тарихи-археологиялық зерттеу жүргізу оның басты ерекшелігі болды. Алдын ала барлау жұмыстарының өзінде бір дәуір нысаналарын бөліп-жарып алмай, оның негізі қаланғанынан бастап соңғы уақытқа дейінгі заттық мәдениет ескерткіштерінің барлық үлгілерін зерттеу қарастырылды. Мысал ретінде М.Е. Массонның «Ахангеран. Археолого-топографиялық очерк» атты 1958 ж. Ташкентте басылған кітабын алуға болады. Бұл еңбек М.Е. Массонның 20-жылдардың аяғы мен 30-шы жылдардың басында жүргізген тау-кен өндірісінің ерте заманнан басталатын

байырғы тарихын зерттеудегі жұмыстарының қорытындысы болып саналады [59, с. 101].

2. Қалаларды зерттеуде өлкетануға қатысты XIX ғ. екінші жартысынан бастап Кеңес мемлекетінің алғаш құрылғаннан кейінгі 10-15 жылда жазылған әдебиетті назарда ұстау қажет. Бұны білу Орта Азияның өткені жөніндегі ғылыми ізденістер туралы қате пікірлерге ұрынбауға және нақты нысаналардың зерттелу тарихын толығымен қамту үшін қажет. Алдыңғы зерттеушілердің еңбегі соншалықты ауқымды болмаса да көрсетілуі, бағалануының арқасында жаңа авторлардың қосқан үлесінің көрінуі, айғақтануы тиіс.

3. Археологиялық-топографиялық зерттеулерде қаланың «үш бөлшекке жіктелуі» ұғымы айтарлықтай ықпал етуде. Әсіресе, XX ғ. 30-шы жылдардағы барлау жұмыстары және жартылай камералық жұмыстар, бұған қарама-қайшы фактілер берді. Рабадтардың аумағында шахристанның қасынан салынған қабырғалармен қоршалған жеке қала типтес территорияларды М.Е. Массон өзінің түсірген жоспарларында шартты түрде «Шахристан П» деп белгіледі. «Мұсылман заманына дейінгі кезеңге» жататын қалалар табылған соң, әсіресе, XX ғ. 30-шы жылдардың аяғында қалалардың үш бөлшекті құрылысының топографиялық схемасына сыймайтындығын дәлелдейтін көптеген айғақтар жинақталды. Бұл, әсіресе, құлдық қоғамның өзінде топографиялық қаңқасы қалыптасқан және феодалдық кезеңнің осы елді мекеннің құрылымына ықпал еткені қала жоспарларын түсіргенде көрініп тұрады. «Орта Азия қалаларының тарихи топографиясы» деген арнайы курсты оқуда М.Е. Массон нақты дәлелдер мен қалалардың жоспарын анықтауда совет заманына дейінгі В.В. Бартольдтың қала топографиясына қатысты ортағасырлық қаланың дамуы жөнінде белгіленген тұжырымдары барлық ортаазиялық қалалар үшін, әсіресе, ұзақ уақыт өмір сүрген ірі қалалар үшін бірдей қағида бола алмайды. Далалық жағдайда ортаазиялық қалалардың дамуын зерттейтін болашақ археологтар Хорезм, Оңтүстік Түркіменстан және Өзбекстанда шахристаны жоқ ортағасырлық қалалар құландыларының барын және бұның араб деректері мәліметтерімен қошталатынын ескеру қажет.

4. Қалалардың тарихи топографиясын зерттеудегі ең басты міндеттердің бірі мүмкіншілігінше дәл қоршалған қала бөлшек-

терінің рөлі мен қызметтерін анықтау. Бұл үшін кешенді түрде түрлі жазба деректердің, топографиялық түсірілімдердің мәліметтері, археологиялық стратиграфия және археологиялық микрорельефке жасалған байқаулар тартылуы қажет [59, с. 104 – 106].

5. Нысаналар сан алуан үлгіде болуы және сақталу тұрғысынан әрқилы болуы ортақ далалық ізденістер үшін «Қаланы археологиялық тұрғыдан зерттеудің ортақ тәсілі» деген қағиданы шығаруға мүмкіндік бермейді. Алайда жас археологтардан қалашық үстінде қазба жұмыстары басталмай тұрып және қазба жұмысы барысында байқаулардың жаңа тәсілдерін іздестіруді талап ету орынды. Ізденіс тәсілдерін аудиторияда емес «далалық жұмыстар» барысында үйрену қажет. Ең басты археолог жылдам және қатесіз далада нақ адам баласының қолымен жасағанын, не оның табиғи дүние екенін ажырата білуі тиіс. Мысал ретінде самарқандық Дарғомды айтуға болады. Кейбір археологтар жылдар бойы оны адам қолымен казылған канал деп санап мүмкіншілігі келген жағдайда арнайы экспедициялар жасақтады. Шындығында Даргом Зеравшан өзенінің байырғы өзгермелі өзектерінің бірі еді. Оның бұрын су аққан екі жағалауындағы байырғы өзектерінің қалдықтары негізінде қазіргі жоспардағы «меандр тәрізді» арнасы пайда болған [59, с. 110].

6. Ортаазиялық қалалардың тарихи топографиясымен айналысқанда осыған байланысты нумизматикалық мәліметтерге көбірек назар салу қажет [59, с. 113 – 114].

7. Болашақта жалпы күллі Орта Азияның немесе жеке аудандарының тарихи топографиясымен айналысатын зерттеуші-археологтар өзінің алдындағы ғалымдардың атқарған жұмыстарын пайдаланғанда міндетті түрде қай нүктелерді өздері көріп зерттегенін, ал қай нүктелерді жарияланған әдебиеттегі мәліметтерді немесе басқалардың байқауларын пайдаланғанын арнайы айтып отыруы тиіс. Әдебиеттерді пайдаланғанда 20-30 жыл бұрынғы немесе кейінгі бір авторлардың еңбектерін пайдаланған қажет. Себебі, кейінгі анықталған фактілердің негізінде өзгерістер енгізіліп отырылады. Біреудің сөгуінен орынды жасалған сілтеме құтқарады [59, с. 114].

8. Байырғы заманда қолданған және олардың нақты өлшемдері белгісіз, жазба деректерде келтірілетін сандар негізінде жасалған есептерге аса сақ көзбен қарау керек. Көп жағдайда

болжамды есептерді математикалық тұрғыдан қайта тексеруге, оларды негіздеу үшін қосымша дәлелдер іздеп уақыт кетіру қаншалықты қажетті екенін салмақтап ойланып алу қажет. Одан қайта жазба деректерден өзге, тексеруі негізделген басқа мәліметтер тапқан оңай [59, с. 116].

9. Зерттеуші-археолог қала қабырғаларының барлық жағдайда қала құрылыстары мен шаһар тұрғындары алып жатқан қала аумағын анықтай алмайтынын есте сақтауы керек. Жайлы жағдай болып қала қорғандары салынған уақытта немесе көп уақыт өтпеген кезде сәйкестік болады. Елді мекен қасында бос жер болған жағдайда оларды есеппен қала өсімін ескеріп қабырғамен қоршап отырған. Көп жағдайда көпғасырлық бір жердегі қалалық тіршілік оның қала қабырғалары шекарасынан асып отырды. Ірі дағдарыстар мен қаңырап қалу кезеңдерінде қабырға жалдары жайылып өз орнында қала береді де тіршілік аймағы қатты қысқарып тарылады. Мысал ретінде Ескі Мервтегі Гяур-қала қалашығын айтуға болады. Ешқашанда қала халқының санын анықтауда еш уақытта қабырға маңызын асыра бағалауға болмайды. Жобамен дұрыс түсінік алу үшін нысананы жоспарлы стратиграфиялық зерттеу жүргізу қажет. Қала іші мен сыртында барлық мәдени қабаттарды қамтыған мүмкіншілігінше көп барлау шурфтар салу керек [59, с. 120-121].

«Орта Азия қалаларының тарихи топографиясын зерттеу мәселесіне» деген М.Е. Массонның еңбегінде Оңтүстік Түркіменстанның тарихи топографиясына да, оның құландыларының топографиясын жазба деректердегі мәліметтермен қоса археологиялық зерттеулер материалдарымен салыстыра отырып жасалған зерттеу жұмыстарына тұжырымдама береді. XIX ғасырдың аяғынан бастап Орта Азияда осы тектес сұрақтар қызықтырғандықтан бұл мәселені зерттеу жеткілікті дәрежеде жеңілдеу болды. Осы зерттеулерге байланысты жүргізілген «далалық жұмыстар» қарқынды түрде жүрді. Жүргізілген ізденістердің көпшілігі жарияланбай қалғанына қарамастан зерттеулердің материалдары қолжазбалар және сызбалар ретінде түрлі архивтерде сақтаулы. Алынған ғылыми нәтижелер жергілікті байырғы және феодалдық дәуірлердегі қалалардың қалыптасуы және одан ары дамуына қатысты жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіншілік берді. Кейіннен осы жұмыстардың негізінде Ортаазиялық мемлекеттік университеттің тарих факультетін-

де Орта Азия қалаларының тарихи топографиясы жөнінде арнайы курс оқуға мүмкіншілік туғызды деп жазады М.Е.Массон. Аталған арнайы курс күні-бүгінге дейін жарыққа шықпағандықтан ондағы ізденіс алдындағы Орта Азияда дайындалған зерттеу принциптері, нысанада қазба жұмыстары жүрмей тұрып тарихи қалыптасқан микрорельефті түсіну, қазба жұмыстарының іске асу техникасы, жергілікті жер-топырақ, ботаникалық және зоологиялық индикаторларды ескеретін археологиялық байқаулар тәсілдері тек санаулы адамдар – осы курсты тыңдағандар мен далалық практиканы өткендер үшін ғана таныс болып бір топ мамандарға беймәлім болып отыр. Осы айтылған тәсілдердің арқасында, әсіресе, жәдігердің тіршілік еткен мезгілін анықтауда, күрделі нысаналардың алғашқы қызметін белгілеуде, зерттеліп жатқан ескерткішке жазба деректерден алынған мәліметтерді сәйкестендіруде жасалған тұжырымдар айғақты, аса сенімді болып шығады.

Осы айтылғандарды және түрлі нысаналардың зерттелу тарихы жөнінде мүмкіншілігінше барлық мәліметтерді пайдалану қажет деген «жаттанды қағиданы» ескермеудің арқасында салмақты және аса қызықты ғылыми еңбектерде өз уақытында еленгенде оңай жөнделетін кемшіліктердің кездесуі өкініш туғызады. Мысал ретінде М.Е. Массон «Орта Азияның ортағасырлық қаласы» атты монографияға талдау жасайды. Ол, әсіресе, О.Г. Большаков тұтасымен жазған «VIII ғасырдың аяғы – XIII ғасырдың басындағы қала» атты екінші тарауына тоқтайды.

М.Е. Массон О.Г. Большаковтың мына тұжырымдамасын қате санап сынайды: «999 жылы қарахандардың жаулап алуы және селжұқ түркімендерінің қозғалысы ... түркіленудің басы болды» [59, с. 133]. Шындығында Орта Азияның түркіленуі аталған мезгілден көп жүздеген жылдар бұрын басталғанын байырғы топонимикалық атаулар айғақтайды деп көрсетеді М.Е. Массон. Осымен М.Е. Массон археолог өзі жасаған байқаулары мен соның негізінде жасаған тұжырымдарына аса қатал болуы тиіс екенін қайта ескертеді. Археолого-топографиялық зерттеуді атқару тәсілдері ғылыми негізде және далалық жұмыстар барысында қажетті дәрежеде барлау қазбалары және стратиграфиялық шурфтар жүргізілген болса, археологиялық жолдармен алынған тұжырымдарға аса үлкен скептицизммен, аса сенімсіздікпен қарау қажет емес.

М.Е. Массон Орта Азияның негізгі қалаларының барлығының топографиясы жөнінде аса қомақты зерттеулер жазды. М.Е.Массон зерттеуге әрекет ететін іздемпаздарға өзінің жарты ғасырлық тәжірибесімен, кейбір ойларымен бөлісті. Бұл мәселерге қатысты көп жылдық тәжірибесін мына зерттеулерінде ортаға салды: «Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстандағы байырғы отырықшы мәдениет аумағындағы ортағасырлық ескерткіштерді тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттеу» және «Орта Азия қалаларының тарихи топографиясын зерттеу мәселесіне».

### *2.1.5. Орта Азияның сәулет өнері жәдігерлерін зерттеуі*

Самарқанда балалық шағын өткізген М.Е. Массон сәулеткерлік ескерткіштер жайлы көп оқып, В.Л. Вяткин жүргізген экскурсиядан бар естігенін ойға тоқып жазып жүрді. Тарихи қаланың онша зерттелмеген жәдігерлерін өлшеп, сызбасын, жергілікті халықтан алынған мәліметтерді жинап, жазып жүрді [15, с. 11 – 12].

Сәулет өнері жәдігерлерін археология тәсілімен зерттеуді М.Е. Массон XX ғ. 20 жж. бастады. Осы бағыттағы алғашқы тәжірибелері Самарқанд ескерткіштеріне байланысты болды. М.Е. Массон Регистан алаңындағы Ұлықбек медресесі іргесінде 22 шурфтар қазды. Қазбалар барысында сәулет құрылысының фундаменті зерттелді. Орта Азияда алғаш рет байырғы құрылыстың фундамент жасау тәсілдері анықталды. Алғаш рет археологиялық қазба-шурфтардың стратиграфиясы сызылды. Болашақта бұл тәжірибе кең тарап Орта Азия қазбаларының барлығында мұндай сызбалар жасалатын болды [ 60, с. 26–39].

1922 ж. Самарқандағы Шахи-Зинда кешеніндегі Қожа Ахмет кесенесін зерттеді. Бұл жұмыстарға мавзолейдің қасбетінің ауытқып қисаюы себеп болды. Оны бекітпесе орташа жер дүмпуінің өзі құлатуы мүмкін деген жорамал орынды еді. М.Е. Массон тек кесене іргесіндегі мәдени қабаттарды зерттеумен шектеліп қана қоймай, кесене қасбетіндегі парсы және араб тіліндегі жазуларды аударды. Арабша жазуда «бұл құрылыстың Қожа Ахметтің ақ моласы» үстінен тұрғызылғаны айтылады. Ал М.Е. Массонның көрсетуінше, бұл жерде жерленген Қожа Ахмет туралы ешбір дерек жоқ. Зерттеуші қазба барысында аршылған құрылыс қалдықтарын сипаттайды. Қазба барысында жасалған байқаулар негізінде кесененің бұзылу тарихын

қалпына келтіреді. М.Е. Массон ескерткішті монғол дәуірінде көтерілген құрылыстарға жатқызады [61, с.153 – 160].

М.Е. Массон 1924 ж. Гур-Әмір мен Ақсарай кесенелеріндегі жөндеу-зерттеу жұмыстарында археологиялық бақылаулар жүргізді [62, с. 82 – 114].

1926 ж. Бибіханым мешіті және Гур-эмир кесенесі жөніндегі зерттеушінің көпшілікке арналған ғылыми-танымдық кітапшалары баспадан шықты [63], бұл еңбектері 1929 ж. қайта басылып шықты. 1926 ж. 12 наурызында Самарқан облысының таулы аймағында табылған сирек құндылықтар – ағаш михраб және ұстындар жөнінде М.Е. Массонның көлемді мақаласы шықты [64].

1927 ж. М.Е. Массон Самарқан ескерткіштерінде назарға ілінбей жүрген Ишрат-хана құрылысының сипаттамасын және жойылып бара жатқан өрнегінің өз қолымен сызған үлгісін жария етті [65].

М.Е. Массон 1928 ж. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет кесенесінде зерттеулер жүргізді және ол 3 тарауда арнайы қаралды.

1935 ж. М.Е. Массонның Орта Азиядағы барлық ірі мұнаралар тарихын қамтыған қысқаша анықтамасы шықты. Бұл зерттеу Самарқанд қаласында 1932 ж. құлап бара жатқан мұнараны тіктеу жұмыстарына байланысты жазылған еңбек болатын [66].

Архитектуралық тіреу-ұстындардың астына қоятын тас базалардың Термез қаласына таяу жерде табылуына орай оларды грек-бактрлық немесе грек-буддалық сәулет өнерінің туындылары екеніне М.Е. Массон ерекше назар аударды, осы тұрғыдан оларды ғылыми айналымға енгізді [67].

Самарқандағы Шахи-Зинда кешенінде орналасқан Туркан-ака кесенесі пошымдарының сәулеткерлік тұрғыдан шығу тегі жөнінде шағын мақаласы жарияланды. Онда жаңадан оқылған жазулар негізінде аталған құрылыстың ұстасы сырттан келген парсылық емес екені, оның жергілікті шебер екенін, жалпы құрылыстың элементтері Орта Азия сәулет өнеріне тән екені айтылады [68].

1939 ж. Әлішер Навои мерейтойына байланысты Самарқанд қаласындағы Ишратхана құрылысын зерттеу қолға алынды. Халық аңызы оны Әмір Темірдің сарайы Ишратхана, аудармасы – лязат үйі – деп түсіндірді. Осы болжамды кейбір ғалымдар да

қабылдаған болатын. Алайда зерттеуші В.Л. Вяткин осы ғимаратты темірлік әулеттің өкілі Абу Саидтың қызы Сұлтан-Хавенд бикенің кесенесі деп жазылған ескі вакуфтық құжатқа кезігеді. Міне, ұстазының деректі пікіріне М.Е. Массон сүйенген.

М.Е. Массон Самарқандағы Чильдухтарон кесенесінің зерттеу тарихын жазды [69].

1945 ж. Қырғыз КСР-ның үкіметінің шақыруымен М.Е. Массон белгілі сәулетші Г.А. Пугаченковамен бірге Манас күмбезін зерттеуге кіріседі. Осы зерттеу барысында қолданылған тәсілдер жөнінде арнайы мақала жазады [70].

1950 ж. М.Е. Массонның Г.А. Пугаченковамен бірге Манас күмбезін зерттеу нәтижелері бір монография болып шығады. Осы 10 тараудан тұратын кітаптың 6 тарауын М.Е. Массонның өзі жазған екен [71].

Кітаптың бірінші тарауы «Манас күмбезі» халық аңыздарында деп аталады. Бұл тарауға М.Е. Массон Ш.Ш. Уәлихановтың Манас жөніндегі сөздерін эпиграф етіп алған. Онда қырғыз халқы арасындағы Манасқа қатысты Талас өзені бойындағы әрбір төбешік, бұлақ, тас, тал, кесене жөніндегі аңыздары айтылады.

Кітаптың екінші тарауында «Манас күмбезінің» зерттелу тарихы баян етіледі. Ғылыми әдебиетте оның алғаш В.В. Бартольд еңбектерінде аталатыны, кейін оны зерттеуде В.А. Каллаур, П.П. Иванов, А.Н. Бернштам, басқа да зерттеушілердің еңбектері көрсетіледі. 1925 ж. бұл ескерткішке археолог М.Е. Массон барып бірінші өлшемдер жасайды, жазуларын оқиды және тұрғызылу мерзімін XII ғ. аяғы мен XIII ғ. басына жатқызады. 1943 ж. М.Е. Массон қолда бар барлық мәліметтерді талдай отырып, алғашқы пікірінен өзгеріп, ескерткіштің тұрғызу мерзімін XIV ғ. отызыншы жылдарына жатқызған.

Кітаптың үшінші тарауында ескерткіштің тарихи-топографиялық жағдайы қаралады. Онда таяу арада орналасқан ортағасырлық қалашықтар, олардың баламалануы, қорғандар, тастағы жазу аудармасы, күмбез айналасындағы мазарат сипатталады. Олардың сызбалары беріледі. Мазарат бетіндегі керамика бөліктерінің жасалған мерзімдері көрсетіледі.

Кітаптың төртінші тарауында «Манас күмбезінің» тұрғызуға дайындық мәселелері қарастырылады. Тарау басында тұрған

ғалымның мына пікірі сол кез үшін тың болатын: «Монғолдың басып алуының алдында Жетісуда өзіндік солтүстік түркістандық «сәулеткерлік мектеп» қалыптаса бастады. Оның жәдігерлері қатарына Талас қалашықтарынан табылған тас ұстындар жатады. Алайда бұл өңірдегі құрылыстардың басым бөлігі жоқ болып кеткендіктен, не боласа әлі де табылмай зерттелмей тұрғандығына орай Манас күмбезі көпшіліктің пікірінше жергілікті туынды емес сырттан келген ұсталардың туындысы болып қабылданды» /«Несомненно, что в период, предшествовавший монгольскому завоеванию, в Джетысу (Семиречье) уже складывалась своя, северная туркестанская «архитектурная школа», памятниками которой являются, между прочим, каменные колонны с городищ долины Таласа. Но так как большинство былых здешних сооружений или исчезло, или остается еще не открытым и не исследованным, вполне естественно, что «Гумбез Манаса» многими воспринимался не как местный памятник, а как произведение приезжих мастеров. В частности, это предположение допускалось для поражавшей всех резной терракотовой облицовки, плитки которой иногда неправильно «ажурной черепицей»/ [71, с. 27]. Зерттеуші кірпіштердің құрамына қарап олардың құрамында Кенкол өзенінің төменгі ағысындағы саз ерекшеліктері байқалатынын, осы тауға тән ұлутастардың бары және кірпіштер бетіндегі жануарлар іздері жергілікті табиғи ортаның жануарларына тән екенін көрсетті. Қаланған кірпіштер қатарында шикі, шала жасалған кірпіштердің болуы олардың алыстан әкелмегенін көрсетеді. Олар осы Кенкөл бойында күйдірілген деген тұжырым жасалады. М.Е. Массон бұл жұмыстарға әртүрлі дәрежеде ұсталардың тартылғанын дәлелдермен көрсетеді.

Кітаптың бесінші тарауында «Манас күмбезінің» тұрғызылу уақыты қаралады. Бұл кесененің қашан және кім үшін салынғанын білу үшін оның бетіндегі жазуларды анықтау тиіс еді дейді зерттеуші. Бірінші жазу «аль-мулк» – «билік», яғни «билік Аллада» дегенді білдіреді. Жазуды керамист керісінше жазғандықтан алғашқыда, 1938 ж. зерттеуде ол оқылмаған екен. Екінші жазу «дивани» үлгісіндегі әріптермен жазылғанын айта келе М.Е. Массон оны мынадай етіп аударады: «Бұл биік кесене аса рақымды, пәк, адал, берекенің тұқымы, жақсы істердің бастаушысы, заман Рабиясы, әйел атаулының үлгісі Кянизяк

хатын жоғары мәртебелі, құрметті, жомарттық пен ақсүйектіктің бастауы, қалам мен әшекейдің қорғаушысы әмір Абуканың қызы. Алла тағала оларға мейіріміңді түсіре гөр, баратын жерін пейіш ете гөр. Бұл рамазан айының бірінші күні, ал ол Алланың жасырын берекесі түскен төртінші жылының ...». Қалған жылдардың сандары жазылған тақтайлардың жетпеуі зерттеушілерге нақты қай жыл екенін анықтауға мүмкіншілік бермеді [71, с. 35]. Жазулардағы тарихи аттарды, олардың лауазымдарын, жазу үлгісін талдай отырып, М.Е. Массон Кянизяк хатын 1334 ж. 6 мамырында қайтыс болған болуы мүмкін деген пікір айтады. Біршама уақыттан соң кесене құрылысы басталса керек.

Бұл бір тарихи кесенені жан-жақты зерттеудің керемет үлгісі болып табылады.

1950 ж. Самарқандағы Регистон атты алаңның тарихы, ондағы құрылыстардың орналасуы IX ғасырдан бері осы күнге дейінгі археологиялық, жазба деректердің негізінде сәулет өнері ескерткіштер орнының өзгеруі қарастырылған [72].

1952 ж. М.Е. Массон Түркіменстандағы Көне Үргеніштегі Төребекханым деп аталып жүрген құрылыстың салыну мерзімі жөнінде өз пікірін білдірді [73].

Үлкен Совет энциклопедиясының 26 томында М.Е. Массонның Г.А. Пугаченковамен бірге Манас күмбезі жөніндегі мақаласы және жеке өзінің 35 томында Рабати-Малик керуенсарайы жөніндегі анықтамасы басылды [74].

1958 ж. басылған зерттеуде Түркіменстандағы Машатта, Мешхеди-Мисриан платосында ортағасырлық алты кесененің М.Е. Массон жасаған сызбалары жарияланды [75].

1958 ж. «Ишратхана деген атпен белгілі болған Самарқандағы кесене» жөнінде ғылыми жинақ шығады. Онда М.Е. Массонның қолынан келесі тараулар шыққан: Ескерткіш аты, зерттелу тарихы, ауданның байырғы тарихи топографиялық өткені, Ишратхананың салыну тарихы, құрылыстың салынып болғаннан кейінгі бірінші жылдары, ескерткіш тағдыры, ескерткіштің жойылуы жөніндегі аңыз беріледі [76].

1960 ж. «Правда Востока» газетінде М.Е. Массон осы газет бетінде геолог Н.И. Леонов тапқан Тимдегі кесенеге қатысты өз пікірін білдіреді. Ол оны Орта Азиядағы мерзімі көрсетілген ең алғашқы архитектуралық ескерткіш екенін, оның Х ғасырға

жататынын, фотодағы кесене қасбетіндегі арабша жазуды оқығанын жария етеді [77].

1967 ж. М.Е. Массон Зарафшан өзенінің үстіңгі ағысындағы өрнекті архитектуралық ағаштар жөнінде мақала жария етті [78].

Ташкенттегі Қарлығашби /Қалдырғаш/ кесенесі жөніндегі М.Е. Массонның жазбаларын Л.И. Жукова өз мақаласында келтіреді.

1975 ж. М.Е. Массон Джаркурган мұнарасының салынған уақыты мен кімнің салғанын нақтылайды. Оның жобасын селжұқтық Санжар 1110 ж. мақұлдап, салуға бұйрық бергенін көрсетеді [80].

1975 ж. М.Е. Массон көп жылдық ізденістердің нәтижесін қорыта отырып, Мешхед-и Мисриан қалашығындағы солтүстік мұнараның салыну мезгілін XI ғасырдың басына жатқызады. Сонымен осы мұнара Түркіменстан аумағында нақты салынған уақыты белгілі ең ескі ғимарат болып табылды [81].

1985 ж. М.Е. Массон мен В.Д. Горячевамен бірге жазған «Бурана» атты монографиясы жарық көрді. Кітаптың бірінші бөлімін М.Е. Массон жазды. Онда Бурананы зерттеу басталар кезден 1929 ж. дейінгі кезең қамтылған [82].

М.Е. Массонның сәулет өнері жәдігерлері жөніндегі еңбектері кешенді зерттеулер қатарына жатады. Олар нақты нысанаға айналған ескерткіш жөнінде қолда бар барлық материалдардың қамтылуымен құнды. Олардың арасында Манас күмбезі, Ишратхана жөніндегі монографиялық зерттеулерін ерекше атап өтуге тұрарлық.

### *2.1.6. Орта Азияның бейнелеу және қолданбалы өнерінің тарихы*

XX ғ. 30-шы жылдарына дейін Орта Азия аумағында мұсылман өнері жәдігерлерінен басқа текті өнер туындылары беймәлім болды десек қателеспейміз. 1932 ж. Термезден 13 км қашықтықта, Айыртам бекеті қасында бейнелі фриз табылады. Оның суреті М.Е. Массонға жетіп, ол оның тарихи құндылығы жоғары ескерткіш екенін байқайды. 1933 ж. ол Ташкентке жеткізіледі. Оның ерте буддалық ескерткіш екені байқалды. Мұндай ескі ғимараттың қалдықтары Орта Азия аумағында алғаш рет

табылған болатын. М.Е. Массон оны б.з. бірінші ғасырларына жатқызады [21].

Айыртамда археологиялық қазба жұмыстары 1932-33 жж. жүргізілді. Топоним «айры» – қираған, «там» – қабырға, яғни қираған қабырға дегенді білдіреді. Айыртам қалашығы Амудария бойымен шығыстан батысқа шейін 3 километрге жуық, ал орташа есеппен 2,5 км дейінгі аралықта орналасқан. Міне, осы маңайда екі үңгір көрінеді. Қалашық ауданында, өзінің құрылысымен римдік пештерге ұқсайтын керамикалық пештер хумдандардың болғаны байқалды. Сол сияқты археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде шығыс бағытта жетіге жуық скульптуралық плиталар табылды. Олардың ұзындығы 0,7 м-ден – 1 м, ал ені 0,3-0,5 шейін 36-38 см болып келген. Олардың бәрінің бір стильде істелгенімен, бөлек-бөлек шеберлердің қолынан шыққанын көруге болады, – дейді М.Е. Массон. Мұндағы 14 мүсін күйдіріліп жасалған.

Музыканттар бейнесін көрсеткен плитка жақсы орындалған, ол фигуралардың бәрі киімде көрсетілген және олардың киімдерінде ауыр сырға, білезік, алқа т.б. әсемдік бұйымдарымен көмкерілген. Олардың беттері толық, көздері үлкен және қастары қиылып келген. Олардың киімдерінің ұзын және қысқа жеңді болып келгені кейінгі римдік дәуір киімін сипаттайды. Ал қалған төрт плита техникалық жағынан ерсілеу жасалған. Оны жасаған шеберлерде, сірә, үнді мектебінің әсері болған болса керек. Бұндағы фигуралар схематикалық түрде берілген. Дене мүсіндері анатомиялық жағынан дұрыс емес, киімдері және әсемдік бұйымдары кедейлеу. Бір фигура толығымен будда діні бойынша қиыстырылған. Олар будда жолын гүл және жеміспен безендіруші «путра қыздары» болуы мүмкін. Сол сияқты бұл экспедиция кезінде онша үлкен емес ғибадатхана бөлмесі табылды. Оның ортасында төртбұрышты әр қыры 1,5 м болып келген постамент табылды.

Оның жан-жағында діни ырымды жасайтын орын ғана қалдырылған. Бөлменің солтүстік шығыс бұрышында будда қуатын көрсететін ішінде күл сақталған реликварий табылды. Ол қатты бүлінген екен. Постаментте алыстан көзге түсетін боялған будда мүсіні болған, мүмкін оның оқушыларының фигурасы болуы мүмкін. Ол адам бойындай және оң қолы алдына қарай созылған. Мұнда қола кушан монетасының табылуы, ол

оның біздің эрамыздың бірінші ғасырларында Кушан мемлекетінің құрамында болғанын дәлелдейді. Кейін ол қиратылып қайта өңделген. Ол араб шапқыншылығына дейінгі кезеңде толық қираған. Айыртам фризінің плиталары, кейін Өзбек КСР-інің Халық комиссарлары кеңесінің шешімі бойынша Лениградтағы Эрмитажға сыйға тартылды [84].

Ең алдымен Айыртам фризі, қазба барысында табылған Солтүстік Бактрия-Тохаристан жерінде антикалық мәдениеттің айғағы ретінде маңызды болды.

1933 ж. М.Е. Массонның Айыртам қалашығындағы қазбаларының арқасында ғылыми ортаның ерекше назары Амударияның айналасындағы аймақта болды. М.Е. Массонның баяндамасы және табылған бейнелі фриз Ленинградқа III халықаралық Иран өнері мен археологиясының конгресіне қатысушыларға қатты әсер етті. Мәселе фриздің көркемдігі аса жоғары туынды болуында ғана емес. Ең алдымен оның Солтүстік Бактрия-Тохаристан жерінде антикалық мәдениеттің айғағы ретінде маңызды болуында. Айыртамдағы қазбалардан кейін М.Е.Массон осы аймақта археологиялық зерттеулердің кең көлемде жүргізу қажеттілігін түсінді.

М.Е. Массон тас бетіндегі суреттерге де назар аударған. Осы тұрғыдан оның Оңтүстік Қырғызстан аймағындағы Айрымачтау мен Араван елді мекені қасындағы жануарлар бейнелерін жариялауы, олардан тарихи мәліметтер алуы қызықты. Осы тастағы аттың суреттерін ғалым қытайлықтардың жазбаларындағы Даваньдағы «аспан» аттарымен байланыстырады [85].

М.Е. Массон Ангрен даласынан табылған тас мүсінді сипаттайды. Ғалым оның әдеттегі түркі тас мүсіндерден ерекшелеу екенін ескеріп, оны бірінші мыңжылдықтың екінші жартысының басына жатқызады. Тас мүсіндегі бейне таяққа тіреліп тұрған іспетті [86].

Орта Азияның құл дәуіріне жататын мөрлер зерттелмеген болатын. Ескі Нисаның «Шаршы үйін» қазу барысында қоңыр түсті түйіршіктер табылды. Олардың беттерінде мөр іздері бар. Бұл Орта Азия аумағында табылған алғаш кешен болатын. Табылған бейнелерге М.Е. Массон Г.А. Пугаченковамен бірге талдау жүргізеді. Мөрлер арасынан парфиялық топты белгілеуге мүмкіншілік алады. Олардың нәтижесі арнайы мақалада қаралады [87, с. 159 – 169].

М.Е. Массон 1956 ж. Геок-депеден табылған ерте христиандық алтын жапсырмаларды сипаттап ғылыми айналымға енгізді. Олардың бетіндегі бейнелерді түсіндірді [88, с. 45 – 48].

Үлкен совет энциклопедия үшін М.Е. Массон Г.А. Пугаченковамен бірге Түркімен КСР-ның бейнелеу өнері мен сәулет өнері тарихын жазады [89, с.], осы авторлар Ескі Нисадан табылған парфян дәуіріне жататын мәрмер мүсіндерді сипаттайды [90]. Ескерткіштердің құндылығы мынада: мұндай ескерткіштер Орта Азия аймағында алғаш табылып отыр, олардың көпшілігінің сирек кездесетін шығыс эллиндік мектепке жататыны, олардың эллиндік дәуірге жататыны. Парфия мемлекетінің архитектурасының мүсін өнерінің дамуы туралы археологиялық қазба жұмыстары мұнда екі мәдениеттің белгілерін анық көрседі. Ол «филэллиндік», яғни, мұнда эллинистік мәдениеттің белгілері байқалады. Екіншісі «филопарфяндық», яғни халықтық салтты дамытқан кезең.

ОТАКЭ-ның жұмыстарының нәтижесінде бұл мәдениеттің өзіндік, басқа елдерге қарағанда ерекше белгілері бар екені байқалады. Мысалы, Ескі Нисада табылған «дөңгелек зал» Орта Азияның басқа жерлерінде кездеспейді. Қазба жұмыстарының негізінде, шетел ғалымдарының парфияда эллинистік мәдениеттің белгісі онда грек тілінің енуі ғана емес, эллинистік бағыт басым болды дегендеріне қарсы, Оңтүстік Түркіменстан территориясында бұл мәдениеттің белгілері болғанын белгілі бір этапта және оны пайдалануда өзіндік мазмұнының сақталып отырғандығын көрсетіп береді. Жаңа ашулар негізінде бұрын Иран өнеріне жатқызып келген ескерткіштердің Парфия мемлекеттік кезеңіне  жататынын және үнді елдеріне эллинистік мәдениеттің таралуына Парфияның рөлі ерекше екендігі туралы мәселе қоюға мүмкіндік ашылды [90, с. 460 – 489].

1948 ж. Ескі Нисада Солтүстік кешенде піл сүйегінен жасалған ритон бөліктеріне тап болады. Аса шеберлікпен жасалған ритондарда жүздеген бейнелер жасалыпты. Көптеген ғасыр жер астында жатып әбден бөлшектелген ритон қалдықтары күн көзі астында ыдырап жойыла бастайды. Түрлі қатыру, сақтау амалдары арқасында олар бөлшектенген күйінде Ташкентке, Лениградқа, Москваға жеткізіледі. Ыждахаттылықпен атқарылған жұмыстардың негізінде алғаш рет ритондар

қалпына келтіріледі. Олар байырғы өнер, наным-сенімдерді қалпына келтіруде таптырмайтын дерек болып табылады.

Ритондар тұрмыста емес, белгілі бір діни-салтқа байланысты қолданылса керек. Табылған ритондардың екі жағында тесігі болған, ал бұндай заттан ішу өте қолайсыз болды. Енді осы ритондардағы өсімдік бейнелерге тоқталсақ, оларды өзінің мазмұны жағынан екі бөлімге бөлуге болады. Біріншісі – құдайларды бейнелеу, екіншісі – ритуалдық көріністер. Мұнда тек эллинистік мәдениетті механикалық түрде қабылдамай, оны жергілікті мәдениетке сай қиыстырып, оның элементтерін алғанын көруге болады.

Қазба жұмыстарының нәтижесінде ритондардың б.з.д. II ғасырда жасалғаны анықталды. Олардың көбі жақсы сақталмаған. Кейбір нәзік бөліктері сынып қалған. Ал алтын және күмістен жасалған ритондар болса, олар ұрланған немесе олардың кейбір бөліктері сындырылып әкетілген. Ритондардың маңызы тек парфия тарихын түсіндіруден алыс кетеді. Мысалы, ритондардың табылуы өнердің тамаша белгілерін көрсетеді.

Нисада табылған ритондарға келетін болсақ, ол эллинистік мәдениет тарихының жаңа беттері болып табылады. Олар ОТАКЭ-ның қазба жұмыстарының нәтижесінде көптеп табылады. Олардың мөлшері әртүрлі. Ең ірі дегендерінің биіктігі 60 см-ден жоғары бөлігінің диаметрі 17 см оның ішіне 1,5 литр су сияды. Ал ритондардың биіктігі 30 см, диаметрі 9 – 10 см. Ритондар мүйізі тәрізді ыдыстар пілдің сүйегінің, яғни пілдің азу тісінен істелінген. Олардың қабырғасының қалыңдығы 1,5–12 мм-ге дейін жетеді. Ритондардың сүйектен істеліп, неше түрлі өңдеу түріне қарап, оны әсемдеуде бірнеше шебер жұмыс істегенін байқауға болады. Олар арнаулы орындарға қойылатын болуы керек.

Ритондардың табылуы парфян көркем мәдениет проблемасын жаңаша қарауға жол ашады. Өткен ғасырда буржуазия ғылымында эллинистік мәдениетті «варварлық» түрде қабылдаған, оны еш творчестволық негізі жоқ мәдениет деп көрсетсе, қазба жұмыстары бұл көзқарасты түбірінен өзгертті. Ниса ритондарында күрделі процесс, жаңа мен ескінің күресін көруге болады. Бұл ритондар парфия өнерінің көркемдік формаларының жаңа үлгілерін көрсетеді. Көркемдік әсемделуі жағынан тарихи-мәдени көзқарас жағынан да үлкен маңызы бар. Парфян-

дық ритондар бұл мемлекеттің мәдениетінің дамуын анық бейнелейтін заттай ескерткіштер болып отыр [91].

М.Е. Массон Мерв алқабынан табылған Пальмирлік екі мүсіндік құлпытасты сипаттап, олардың ерекшелігіне, тарихына тоқталады. Ол сол кездегі Түркіменстан жеріндегі елдердің Батыспен байланысын көрсетеді [92, с. 55-62].

М.Е. Массон Орта Азияда антикалық дәуір өнер туындыларын алғашқылардың бірі болып тапты және оларды ең жоғары кәсіби деңгейде сипаттап, ғылыми айналымға енгізді.

### *2.1.7. Орта Азия нумизматикасы*

Қосалқы тарихи пәндер қатарында нумизматиканың орны бөлек. Ақша белгілерінің шектеулі болғанына қарамастан олардан түрлі, көп жағдайда нақты мәлімет алуға болады. Нумизматика, әсіресе, байырғы ғасырлар мен жазба деректерде аз мағлұматтар бар немесе көп болғанда да негізінен соғыстар, діни қақтығыстар мен патшалардың ауысуы әңгімеленетін Шығыс елдерінің ортағасырлық тарихы үшін аса маңызды.

Тиындарды зерттеу арқылы ақша айналымы мен ақша шаруашылығымен қатар бағалы және аз бағалы ерітінділер, билеушілердің ауысуы, үстем болған наным-сенімдер мен дін, тіл және жазу туралы мәлімет алуға балады. Ал тиындардың беттерінде бейнелер болған жағдайда олар медаль өнерімен жақындасып өз заманының көркемдік үлгілері мен өнері жөнінде мағлұмат береді. Осындай сан алуан мәліметтер бере отырып, олардың ақпараттық сипаты шектеулі. Алайда осыған қарамастан өте нақты болып келеді. Тиындардың таралу аймағының белгіленуі, бір жағынан, олардың стратиграфиялық тұрғыдан орналасуы, екінші жағынан, жазба деректердегі мәліметтермен, әсіресе, археология материалдарымен салыстырып үйлестірудің негізінде нумизматиканы тарих ғылымының маңызды бір бөлігіне айналдырады.

Кеңес өкіметінің алғашқы он жылдықтарында нумизматикалық жинаулар мен тиындарды зерттеудің басты энтузиасты 1919-1923 жж. Самарқанд облыстық музейінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарған, кейін Ташкентке ауыстырылып 1929 ж. дейін Орта Азияның бас музейінің (бұл қазір Өзбекстанның Айбек атындағы тарих музейі) археология бөлімінің меңгерушісі М.Е.Массон болды. Ол сол кездегі Самарқанд антикварлық

базарларында не болып жатқанын біліп, ол жөнінде хабарлар жариялап отырды. Бірінші хабары 1924 ж. 20 ақпаны мен [93, с. 271], екіншісі 2 желтоқсанымен белгіленген [94, с. 272]. Аталған мекемелерде коллекцияларды толықтыру және ретке келтіру жұмыстарымен қатар археологиялық барлау және қазба жұмыстарын жүргізді. Осы жылдары М.Е. Массон тиындар коллекцияларын толықтыру, тиындарды танып түсіну және сипаттамасын жазу бағытында үлкен жұмыстар атқарды. Осы уақытқа дейін осы екі музейдің тіркеме кітаптарында және картотекаларында, тіркеме карточкаларында, каталогтық жазбаларда М.Е. Массонның өзіне ғана тән ерекше каллиграфиялық қолтаңбасын көруге болады.

Уақыт өте келе тиындарды өндеуге Орта Азияның бас музейінің қызметкері Т. Миргиязовты тартты. Кейінірек ол уақыт өте келе музейдегі нумизматикалық қорды басқарған ол кезде жас жігіт Г. Алимовқа тұрақты кеңестер беріп отырды. Осымен қатар М.Е. Массон Орта Азияның басқа да өлкетану музейлеріне кеңес беруге іссапарларға аттанып, жергілікті қызметкерлерге археологиялық заттарды, олардың ішінде тиындарды анықтауға көмек беріп отырды. Сол жылдары ол ағымды нумизматикалық табылымдар жөнінде есептер жариялап отырды [95, 96, 97, 98]. Онда тиындардың жай сипаттамасымен қатар оларға ғылыми тәпсір-түсініктемелер беріліп отырды.

ОАМУ-дың 1939 ж. құрылған археология кафедрасында М.Е. Массон ортаазиялық нумизматика жөнінде арнайы курс оқи бастады. Жылма жыл толықтырылып отырған бұл курсты ол 1967 ж. дейін оқыды. М.Е. Массонның ғылыми мұрағатында осы курстың қосымша қағазға түскен, толықтырылған қалың папкасы сақтаулы тұр. Курс жалпы ұғымдар, түсініктер мен нумизматиканың мүмкіндіктері деген жалпы шолумен басталады. Алайда оның негізгі мазмұнын ахеменидтік дариктердің кіруінен бастап ақыры ортаазиялық хандықтардың ақша жүйелерімен аяқталатын Орта Азия аумағындағы ақша шығару ісінің сипаттамасы құрады.

Курстың басым бөлігі М.Е. Массонның өзі ой елегінен өткізіп жүйелеген, қорытындылаған материал болды. Оның осы бағытта жұмысын жалғастырушы шәкірттері үшін «Орта Азия нумизматикасы» курсы сан жағынан алып нумизматикалық материалдарды електен өткізбей-ақ, әртүрлі нумизматикалық

мақалаларда, музейлік іс-қағаздарда, шашылып жатқан мәліметтерді жинауға уақыт кетірмей-ақ алға жылжуына жасалған текпішек іспетті болды. Михаил Евгеньевич И. Ньютонның «Мен алысқа көз тастай білдім. Оның себебі, мен өзімнен бұрын зерттеген ғалымдардың «иығында» тұрдым» деген сөздерін жиі айтатын. Шын мәнінде М.Е. Массон өзінен кейін Орта Азия нумизматикасын зерттеуді қолға алып осы уақытта оны одан әрі жалғастырушыларға өз иығын тосты.

Лекциялық курсқа дайындалу көп жағдайда М.Е. Массонда жеке-дара нумизматикалық мәселелерді тереңдетіп зерттеуге итермелеп отырды. Мысалы, М.Е. Массонның 1950 ж. жарық көрген «Патшалардың патшасы ұлы құтқарушы» деген аты беймәлім билеушінің шығу тегі» [99] атты және 1957 ж. «Шағатайлықтар нумизматикасы жөніндегі тарихи суреттеме» [100] атты еңбектерін атауға болады.

Алғашқы зерттеуде соңғы жүз жылдан аса уақыт бойы аты беймәлім билеушінің шығу тегі жөніндегі және оның б.з.б. І ғасыр мен  б.з. ІІ ғасыры аралығында пайда болуы жөніндегі барлық баспасөз бетінде айтылған болжамдары келтіріледі. Қайтадан осы соғылымның барлық кешені қарастырылады, тиындардың бетіндегі бейнелер сыры нақтыланады, бейнеге талдау жасалынады; олардың типологиясы, эпиграфикасы, аңызының мазмұны, таңбалары талданады. М.Е. Массон тиындардың табылу орындарының аумағын белгіледі. Алынған нәтижелерді жазба деректердегі үзінді және тым қысқа мәліметтермен салыстыру тиындардың барлық тобын б.з. І ғасырдағы кушандардың соғылымына жатқызуға болады және «аты беймәлім билеушінің» құпиясын ашып, осы аттың астарында  кушан қуаттылығының негізін қалаушы Кадфиз І-дің тұрғанын көрсетеді. Осы жаңа жағдайларға байланысты М.Е. Массонның Үндістан тарихының кейбір оқиғалары жөніндегі түсініктері нақтыланып, Орта Азия, Ауғанстан, Солтүстік Үндістанның б.з.б. І ғасыры және б.з. ІІ ғасыры аралығындағы хронология мәселелерін қайта қарау қажеттілігін айтады [99].

М.Е. Массонның «Шағатайлықтар нумизматикасы жөніндегі тарихи суреттеме» атты еңбегінде негізінен шағатайлық 563 тиыннан тұратын көмбе талданады. Талдау негізінде ғылыми айналымға көптеген жаңа мәліметтер енді. Мақалада «шағатайлық соғылым» деген ауқымды ұғымдарға жаңа анық-

тама ұсынылды. Көмбенің табылуы және оның зерттелуі, көмбе құрамының сипаттамасы және шағатайлық тиындардың Талас аңғарында табылуы әңгіме етілді. Көмбе нысаналарын сыртынан қарастыру; Шағатай мемлекетіндегі тиын шығару ісінің даму кезеңдерінің бірі; Кебектің ақша реформасының салдары; Көмбе мен Талас аңғарының сол кездегі тағдыры. Бадахшан соғылымы және оның тиын соғатын сарайының орналасуы; XIV жүзжылдықтағы Орта Азияның саяси өміріндегі оқиғалардың көмбеде көрініс табуы қарастырылды. Қосымша тіркеме ретінде шағатайлық мемлекетінде тиын соғатын сарайлар картограммасы және бірнеше таблицалар берілген. Бұлар студенттер үшін аса ұқыптылықпен жасалған нумизматикалық талдау үлгісі. М.Е. Массон осылайша археологиялық мәліметтерден, не болмаса жазба деректерді зерттегенде талданбайтын деректерді кең нумизматикалық талдау нәтижесінде қарастырудың жолын көрсетеді [100].

ОАМУ-дың археология бөлімінің студенттері үшін «Орта Азияның нумизматикасы» атты арнайы курстың маңыздылығы олардың алғаш рет қорытындыланған ауқымды материалмен танысуында ғана емес. Профессор М.Е. Массон олардың алдында нақты бір үлгілерді жан-жақты талдау зертханасын ашып, одан кейін тарихи негізге түсірілген тарихи нумизматикалық мәліметтерге жүргізілген жекелеп және жалпы байқаулар нәтижесінің синтезін көрсетті. Ол белгілі нәрсені қорытындылап қана қойған жоқ, тыңдаушылардың назарын әлі де орындалуы тиіс, толықтырылуы тиіс ортаазиялық нумизматиканың ақтаңдақтарына назар аударды. Орта Азия археологиясы кафедрасының қалыптасуының алғашқы жылынан бастап М.Е. Массон араб тілі мен парсы тілін міндетті түрде үйренуді енгізді, «Орта Азия эпиграфикасы» атты тақырыпта арнайы курсты енгізді (оны аса көрнекті шығыстанушы А.А. Семенов оқыды). Аталған тілдерді білмей тиын бетіндегі жазуларды оқу мүмкін емес еді.

1955 жылы М.Е. Массонның «мусейяби» дирхемдерінің оқылуына арналған нумизматикалық этюді жарияланды. Онда теңгелердің «бухархудаттық» соғылу типіне жататын бірнеше жаңа теңгелерді ғылыми айналымға енгізді, Орта Азияның VIII-IX ғғ. жататын ақша айналымының тарихында кейбір кезеңдерін анықтады, бұл кезеңде мұсылман кезеңіне дейінгі мезгілге

жататын теңгелердің табылуын түсіндірді, өзінің пайда болған бірінші кезеңінде және кейін «мусейябкалар» қандай болғанын, бұқархудат үлгісіндегі қара дирхемдер тобының өзгеру процесінің бір үлгіде жүргенін атады. «Қара дирхемдердің» IX-X ғғ. таралу картограммасы дайындалып тіркелді [101]. М.Е. Массон жалған тиын шығарушының құрал-саймандарына қатысты зерттеу де жазды [102].

Жұмыстардың нәтижесінде ортаазиялық нумизматика мектебі қалыптасты. Осы мектептің шәкірттері университеттік курс негізін қалаған істі одан әрі дамытуда. Әрине нумизматикаға деген қызығушылық студенттердің барлығын өзіне тартып әкетпегені хақ. Алайда өздерін таза археологиялық немесе музейлік немесе оқытушылық жұмысқа арнаған түлектер үшін оқылған курс аталған пән бойынша бағыт-бағдар алғаны аян. М.Е.Массон университеттегі жұмыстан босаған кезде нумизматикалық ағартушылықты оның дарынды шәкірті Э.В. Ртвеладзе жалғастырып археология кафедрасында өзі толықтырған нумизматика курсын оқып тағы да үш нумизмат дайындап шығарды.

Соғыстан кейінгі онжылдықтарда ортаазиялық нумизматиканың жеке салалары бойынша беделді білгірлер Ташкенттен тыс жерде де қалыптасты. Атап өтсек, Мәскеуде – Б.И. Вайнберг пен Г.А. Федоров-Давыдов (ежелгі және ортағасырлық Хорезм бойынша), Ленинградта – О.И. Смирнова (алғашқы ортағасырлық Согд тиындары бойынша) және Е.И. Зеймаль (Бактрия мен Согд тиындары бойынша) мамандар қалыптасты. Алайда мамандардың басым бөлігін Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Ташкентте, Самарқандта, Бұқарада, Ашхабадта және Бішкекте нумизматика бойынша жұмыс жасап жатқан ОАМУ-ТашМу-дың мектебінің шәкірттері құрады.

Орта Азияның ортағасырлық нумизматикасын тануда Е.А.Давидовичтың еңбектерінің орны бөлек. Аталған зерттеуші Саманиліктер, Қарахандықтар, Темірліктер, Шейбаниліктер және Джанидтер мемлекеттеріндегі ақша-товарлық қатынастардың маңызды мәселелерін сипаттаумен қатар нумизматиканың осы саласы бойынша теориялық және методологиялық негіздерін қарастырды. В.М. Массон байырғы Орта Азияның ақша-товарлық қатынастарының даму заңдылықтарының ерекшеліктері мен заңдылықтарын алғаш сипаттады, нумизматика мәлі-

меттері негізінде Бактрия мен Соғдының саяси тарихының күрделі мәселелерін көрсетті. Орта Азияның мұсылмандықтан бұрынғы кездегі және ортағасырлық нумизматикасының түрлі мәселелерін Э.В. Ртвеладзе ойдағыдай қарастырып шешуде [103].

Қарахандықтардың саяси тарихы және нумизматикасының аз зерттелген, аса күрделі мәселелері Б.Д. Кочневтің зерттеулерінде қарастырылады. Қарахандықтар нумизматикасының көптеген мәселелері М.Д. Федоровтың еңбектерінде қаралады. Селжүктік тиындардың алғашқы жүйелі каталогын Т. Ходжаниязов құрастырды. Бактрия мен Соғдының мұсылмандықтан бұрынғы кездегі нумизматикасының жеке мәселелері Ш.Р. Пидаевтың, Х.Ахунбабаевтың, А. Мусакаеваның еңбектерінде қарастырылады. Мамандардың осы тобының жемісті еңбегі арқасында Орта Азия нумизматикасы алға ілгерілеп дамыды. М.Е. Массонның өзі Орта Азия нумизматикасын қамтыған 50 шақты еңбек жазды [104, с. 145 – 149].

М.Е. Массон Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап нумизматикалық табылымдарды зерттеп, Орта Азия нумизматикасының негізін қалады. М.Е. Массон ОАМУ-дың археология бөлімінің студенттері үшін «Орта Азияның нумизматикасы» атты арнайы курс оқыды. Орта Азиялық нумизматика мектебін қалыптастырды.

### *2.1.8. Орта Азия эпиграфикасы*

М.Е. Массонның эпиграфика саласындағы еңбегін бағалау үшін ең алдымен оның көне түркі жазуларының жаңа үлгілерін табудағы жетістіктерін айту қажет. Белгілі көне түркі жазбаларының маманы С.Е. Малов 1936 ж. жарық көрген «Таластың эпиграфикалық ескерткіштері» атты еңбегінде М.Е. Массоннан Қырғыз Алатауындағы Құлансай тасындағы руна жазуы көшірмесін алғанын және осы жаңа жазуды аударғанын айтса, 1932 ж. қараша айында Ташкенттегі М.Е. Массоннан хат алғанын және онда оның барлық тау-кен жұмыстары барысында табылған ескерткіштерді тіркеп отыратынын айта келе Қырғызстанда, Талас аңғарында, Ачикташта геологтардың іздеу партиясы шурф қазу барысында құрғақ таяқша тапқанын жазады. Екі таяқшаның төрт қырында көне түркі әрпімен жазылған жазудың барын хабарлай келе олардың көшірмесін салып жібереді. С.Е. Малов 1933 жылы

олардың фотосуреттерін алғанын және таяқшаның өзін М.Е. Массон Эрмитажға тапсырғанын жазады [105, с. 27-29].

1936 ж. М.Е. Массонның сирек және аса қызықты жазуы бар таяқшалардың және жалпы Орта Азиядағы көне түркілік жазулардың табылу тарихын сипаттайтын арнайы мақаласы жарық көреді [106, с. 5 – 15].

1936 ж. М.Е. Массон басқарған Термез археологиялық кешенді экспедициясы Термез қалашығынан табылған бір тас ыдыстың бөлігінде карошти жазуының жазылған мәтінінің қалдығы сақталғанын анықтады. Бұл КСРО аумағында тіркелген осы жазудың алғаш үлгісі еді [25, с. 81 – 84].

1943 ж. М.Е. Массонға зерттеу үшін біраз уақыт бір кісіде сақталып келген Әмір Темірдің құлпытасының бір бөлігі – үшінші бөлігі беріледі. М.Е. Массон осы құлпытас бөлігіндегі тарихи жазуды оқып тарихи талдау жасайды. Және осы зерттеуімен көптеген түрлі болжамдарды жоққа шығарады [107, с. 63 – 75].

Ортаазиялық эпиграфиканы жүйелі түрде зерттеу М.Е. Массон басшылық еткен ОТАКЭ-дан басталады. Алайда ОТАКЭ-ның жұмыстары басталмай тұрып-ақ М.Е. Массон осы бағытта бір топ зерттеулер жүргізеді. 1944 жылы Самарқандағы Шахи-Зинда кешеніндегі Туркан-ака кесенесіндегі жазуларды оқу негізінде бұл кесене ғылыми әдебиетте айтылғандай Табриз ұсталары соққан Темірдің әйелі Туркан-аканың кесенесі емес, оның шын мәнінде ортаазиялық ұсталар Шемс-ад-дин, Бар-ад-дин және Зайнг-уддин Букари соққан Темірдің әпшесі – Кутлук Туркан-аканың қызы Шади-мүлк-ака кесенесі екені анықталды. Осы анықталған факт негізінде XIV ғ. 1381 ж. дейін Орта Азия өнерінде парсы ұсталарының қомақты үлесі жөніндегі болжам орынсыз екені дәлелденді және бір топ ескерткіштер ортаазиялық мектеп туындылары ретінде қаралады [68].

М.Е. Массон Манас күмбезіндегі жазуларды зерттеп арнайы мақала жазады. Онда күмбездегі жазу ерекшеліктері, қателіктер, атаулар, есімдер тарихы басқа ескерткіштермен салыстырмалы түрде берілген. Жазу ерекшелігі негізінде ескерткішті XIV ғ. бірінші үштігіне жатқызған [108, с. 28 – 44].

М.Е. Массон шығыстанушылардың ішінде алғашқылардың бірі болып мола басына қоятын жазуы бар қыштарды – эпитафияларды зерттеді. Алдымен оларды тарихи дерек ретінде қарауға, жинауға шақырумен аяқталатын мақала басылды [109,

с. 24 – 35]. Жаңа табылған үш қыштағы жазуларды талқылаған 1962 ж. және 1969 ж. жеке эпитафияға арналған мақалалары жарық көрді [110, с. 386 – 392; 111, с. 18–23]. Ескерткіштердің осы тобына арналған қорытынды мақаласы 1978 жылы басылды. Онда көп жылдық зерттеулер қорытындыланды, жазудың ғасырларда өзгеруі жүйеленді [112, с. 53 – 97].

«Мерв қасындағы Бурейда ұлы Абдулла кесенесінің жазулары» атты мақаласы аса танымды [112, с. 194 – 205]. Сәулеткерлік және эпиграфикалық талдау негізінде М.Е. Массон векилбазарлық кесененің XI ғасыр ескерткіші екенін анықтады. Осы мезгілге жататын Хорасан және Орта Азияның басқа аудандарындағы сәулет өнері нысаналарымен салыстыру осы тұжырымды қоштайды. Осымен қоса салыстырмалы күйде алынған мәліметтер бойынша кесенені тұрғызу мерзімін аталған ғасырдың алғашқы он жылдығымен, не ғасырдың ортасымен, не ғасырдың аяғымен белгілеуге болмайтынын көрсетті. Кірпішпен нақышталып жазылған жазу үлгісі құрылыс уақытын осы ғасырдың 70-80 жылдары, яғни селжұқтық сұлтан Мелик-шах (1072-1092 жж.) билік жүргізген уақытқа жатқызуға болатынын көрсетті. Ол кездегі саяси жағдайды ескере отырып кесене құрылысын XI ғ. 80-шы жылдарының екінші жартысына жатқызуға болады. Сонымен ғылыми айналымға XI ғ. сәулет өнерінің ескерткіші енгізілді, осы құрылысқа қатысты кісілердің аты-жөні, олардың қоғамдағы орны анықталды.

Европада ортағасырлық арабша жазуы бар мұсылмандық құлпытастарды зерттеу XVIII ғ. басталды. Орта Азияның түрлі ескерткіштеріндегі, солардың ішіндегі құлпытастардағы, араб әліппесімен жазылған эпиграфиялық жазуларды зерттеу жұмыстары XX ғасырдың ортасына дейін болған емес. Бұл жұмыстардың басы 1949 ж. В.А. Крачковскаяның «Орта Азиядағы куфи жазуының дамуы» деген мақаласынан басталады. Автор ғылымның бұл саласында пионер іспетті болуымен қатар эпиграфиканың дамуының алғашқы кезеңіне қатысты ерекшеліктер, тұжырымдар белгілеген және араб жазуының даму тарихында Орта Азияның ерекше орын алатынын баяндады. Бұдан кейін осы тақырыпта зерттеуді М.Е. Массон жалғастырды. Ол ОТАКЭ-ның жұмыстары барысында табылған кыш қабірлердегі, тиын сарайларының өнімдеріндегі жазуларды зерттеді. Ол мынадай қорытындыға келеді. Мерв арабтардың үстемдік етке-

нінен кейін және монғолдардың басып алуына дейін өз шығармашылығымен Мервтегі араб эпиграфикасының үлгілерінің дамуына ықпал еткен көп жағдайда аты белгісіз дарынды каллиграфтардың белсенді қызмет жасаған орны деген тұжырымға келеді. Мұның осындай екенін сәулет өнер құрылыстарының күйдірілген кірпіштерімен жазылған немесе алебастр бетіне жазылған жазулардан білуге болады. Бұған дамыған феодализм кезеңінде салынған ғимараттар куә. Каллиграфтардың бұндай қызметтері мата өндірісінде де байқалады. Сасанидтер кезінде де Мервтің мата өндірісі шарықтады және оның маталары ортағасырда халифаттың басқа аудандарына тасымалданған.

Сонымен М.Е. Массон қолда бар фактілердің бәрі уақыт өте келе жеке-дара Мервтік болмаса да жеке солтүстік-хорасандық эпиграфикалық мектепті айқындап шығуға негіз беретініне үміттенеді [112, с. 84].

Бір топ зерттеулердің негізінде М.Е. Массон Орта Азияда мұсылмандық дін иелері тұрғындардың қадір тұтқан тұлғасының алғашқы құлпытасы  жоғалған жағдайда, оның қайтыс болғанына бірнеше ғасыр өтсе де ескі тастағы жазуларды қайталап басына жаңа құлпытас қойғандығын  көрсетеді. Мұндай жаңадан жасалған ескерткіштер мамандарды шатастырған. Мысалы, һижра бойынша 230 ж. раби айында, яғни б.з. 844 ж. қайтыс болған Варагсерадан шыққан Иахиаұлы – шайқы Абу Закарийя моласындағы самарқандық құлпытас ғылыми әдебиетте көп уақыт бойы IX ғасырдың ескерткіші болып саналған. Эпиграфиялық мәліметтер бойынша бұл эпитафия XIII ғ. үшінші ширегінен бұрын жасалуы мүмкін емес еді. Бұл жағдай 1927 ж. Өзгендте Қылыш Бурхан-ад-дин мазары қасындағы М.Е. Массон тапқан Ысмаилұлы Абу Зийада шайқының моласынан алынған және бетіндегі жазуы бойынша һижра бойынша 230 жылы қайтыс болған [114, с. 9 – 10].

М.Е. Массон 1964 ж. маусым айында Кеш археолого-топографиялық экспедициясы кезінде Карши қаласынан батысқа қарай 35 км Каспий қаласының құландыларында болады. Осы қалашықтың цитаделі қалдықтарынан солтүстікке қарай Сұлтан Мир Хайдар моласы айналасындағы культтық ғимараттар кешенінде бір дахмада жазулары бар бір-екі құлпытас табылады. XIV ғ. туындысы болып табылатын екі құлпытастың бірі бірнеше бөлшектерге сынып бөлініп кеткен соң оның эпиграфиялық

белгілеріне қарағанда XVII ғ. екінші жартысында одан да үлкендеу құлпытас жасалып, оған біріншідегі жазулар қайтадан көшірілген. Және екеуі де дахманың солтүстік қырына қатар орналастырылған. Құлпытастарда халиф Әлиден басталатын 14 атасы көрсетілген Шемс-ад-дин аталады және оның һижра бойынша 766 ж. рамаданда, яғни 1365 ж. мамыр-маусымында дүние салғаны көрсетіледі [112, с. 96-97, примечание 30].

М.Е. Массон көне түркі, карошти жазбаларын табуда елеулі еңбек сіңірді. Ол шығыстанушылардың ішінде алғашқылардың бірі болып мола басына қоятын жазуы бар қыштарды – эпитафияларды зерттеді. М.Е. Массон оларды тарихи дерек ретінде қарауға шақырды. Зерттеу жұмыстары барысында сәулетті құрылыс беттеріндегі, табылған қыш қабір белгілеріндегі, тиын сарайларының өнімдеріндегі жазуларды зерттеді.

### *2.1.9. Орта Азияның жануар мен өсімдіктер әлемінің және басқа да тарихи-археологиялық мәселелері*

Профессор Орта Азияның жануар мен өсімдіктер әлемінің және басқа да тарихи-археологиялық мәселелеріне көңіл бөліп бір топ еңбек жазған. М.Е. Массонның «Орта Шығыс елдеріндегі күріш дақылының пайда болуы тарихының мәселесіне» атты еңбегіне [115, с. 28–38] назар аударалық. Ол археологияның «қолданбалы міндеттері» тақырыбына жатады және ортаазиялық археологиялық мектебінің ерекшелігі болып табылады. Ортаазиялық археологиялық мектеп өкілдері теориялық мәселелермен қатар социалистік құрылыста қолданбалы маңызы бар мәселелерді кешенді түрде шешуге атсалысуды өздерінің абыройлы міндеттерінің бірі деп санады [45].

«Орта Азия жолбарыстарының өткенінен» атты тарихи анықтама М.Е. Массонның Орта Азияның фауна мен флорасының дамуына қатысты тарихи-археологиялық мәселелер бойынша жазылған еңбегі болып табылады. Археологиялық байқауларды, көп тілді тарихи деректердегі мәліметтерді, бейнелеу өнері ескерткіштеріндегі суреттерді (жартастағы, сәулет өнері ескерткіштеріндегі, геммалардағы, тиындардағы бейнелерді), ауыз әдебиеті мен этнографиялық мәліметтерді пайдалана отырып жазылған, қазір толық жойылған жолбарыстардың Орта Азияның барлық аймақтарында болғанын көрсетеді.

Жолбарыстардың саны монғол шапқыншылығы мен XVIII ғ. дағдарыс кезіндегідей Орта Азия аймағының құлдырау мен қаңырауды басынан кешірген кезінде көбею фактісі анықталды. Сонымен қатар кейбір аймақтарда (мысалы, Хорезмде) аңшы-мұсылмандардың шошқаларды арам деп санаудың арқасында осы жануарлардың саны көбейіп егіндік жерге үлкен зиянын тигізгенде олардың санының есепсіз өсуін тоқтатып, қысқартып отырған тек жолбарыстар болған. Осы тұрғыдан жолбарыстар белгілі дәрежеде отырықшы халыққа пайда тигізіп отырды [116, с. 151 – 160].

М.Е. Массонның «Өзбекстандағы страус жұмыртқалары» деген мақаласы тарихи зоологияға арналады. Страус жұмыртқаларының қабығы 1923 жылы Самарқанның ескі мазарының бірінде қабір шұқырын қазу үстінде ірі құс жұмыртқа үлгісінде кезікті де, жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының барысында табылды. Әрине бұл табылған «археологиялық» жұмыртқа қабықтарының табылуы Өзбекстанда тіршілік еткен осы страустардың қалдықтары барын қоштамаса терістемейді деген қорытындыға келеді М.Е. Массон. Ғалымның пікірінше, археологиялық жұмыстар барысында табылатын осындай тарихи зоология үшін маңызды мәліметтерді дер кезінде есепке алып тіркеп тұру қажеттілігін ескертеді. Осылай басқа, бір қарағанда, әртүрлі пәндердің бір топ нысаналарды ғылыми тұрғыдан зерттеуде ұжымдасуы кейбір жаңа, жеткілікті дәрежеде байқаулармен бекітілмеген болжамдардың пайда болуына тосқауыл болар еді деп санайды М.Е. Массон [116, с. 82 – 83].

Ғалым Орта Азия палеонтологиясын тануда пайдалануға болатын аңыздар мен жазба деректердегі мәліметтерді жинап, көпшілікке таныстырып отырған [118, с. 98–102]. Байырғы техникалық шөптер туралы [119], құландар тарихы [120], жібек тоқитын құрттардың таралу тарихы [121, с. 47–51], лоқай жылқылары жөнінде [122, с. 47 – 58], байырғы аңшылық қорықтар хақында [123, с. 145 – 150], қауын тарихы жөнінде [124, с. 10–14], аңшылық иттер [125, с. 148 – 155] мен арыстандар [126, с. 45–52] хақында М.Е. Массонның жеке-жеке мақалалары басылды.

Ұлы Отан соғысы кезінде кафедра қорғаныс тақырыбында жұмыс атқарды. М.Е. Массон келесі негізгі тақырыптарда жұмыс істеді: Орта Азияда шай мен қант орнына жүретін тәттілер,

Өзбекстандағы жеуге жарайтын және кір жуатын саз балшықтардың бұрынғы алынған орындары [127]; магильді (марганец перекисі) алудың ертедегі тәсілі; қалайының Персиядағы байырғы кен орны; Өзбекстандағы киновардың ертеде өндірілген жерінің орнын анықтау [128] және тағы басқа жұмыстар атқарылды.

1932 ж. Тәжікстан территориясында Зеравшан өзенінің жоғарғы ағысындағы Қалаи-муг қамалының құландыларында аса құнды мағлұматтар беретін соғды және қытай құжаттары табылды: 71 соғды қолжазбасы (оның ішінде 23-і ағаш таяқтарына жазылған), олардың бесеуі қытай қолжазбасы, біреуі араб тілінде жазылған және біреуі белгісіз тілде жазылған жазу және VII ғасырдың аяғы VIII ғ. басына жататын алуан түрлі заттардың шоғыры. Бұл Соғды жерінде табылған алғашқы соғды қолжазбалары болып табылады. Олар соғды патшасы Дивастичтің атымен тығыз байланысты. Оның хат алмасулары, үкімдері, шешімдері, есептері және басқа да құжаттары. Осы жазбалар табылғанға дейін VII-VIII ғғ. аралығындағы Соғды жөнінде мәліметтер қытай мәтіндерінен алынып келді. М.Е. Массонға енді сөздік ұлғайып, соғды тілінің грамматикасын зерттеу жеңілдейді, арамей жазуынан дамып өсіп шыққан және кейін өзі Орталық Азияның көптеген түркі тайпалары тіршілігінде қомақты із қалдырған ұйғыр алфавитін тудырған соғды әліппесінің тарихы жөнінде жаңа мәліметтер алынады деп үміттенеді [129].

М.Е. Массонның «Орта Азиядағы газ соғысы тарихынан» атты еңбегінің танымдық қыры басым. Осы зерттеуде автор түпдеректер негізінде улайтын заттар немесе газды заттарды ұрыста пайдалану тарихын сипаттайды. Далалық әскери қимылдарда Орта Азияда осыдан бірнеше ғасыр бұрын уландырғыш заттар мен газдың нақ өзін пайдалану орын алғаны өте қызық-ты. Рим Папасы IV Иннокентийдің тапсырысымен ұлы монғол ханының ордасына жасырын дипломатиялық миссиямен жіберілген антиварийлік архиепископ Иоанн де Плано Карпинидің «Біздің татарлар деп танитын монғолдар тарихы» атты еңбегінде бұл жөнінде еміс-еміс мәліметтер кездеседі.

Газбен күресу тәсілін пайдалану расында да ол кезде Орта Азияда орын алуы мүмкін екендігі энциклопедиялық үлгідегі XII ғ. аяғында жазылған «Білім жинағы» деп аталатын мұ-

сылман шығармаларында қошталады. Бұл еңбекті Хорезмшах Әбу Мұзаффар Текештің (1172 – 1200 жж.) патшалық құрған кезінде оның сарайында үш жыл бойы өмір сүрген Фахр ад-дин Әбу Абдаллах Мұхаммед бен Омар ар-Рази жазған болатын. Онда ғылымның түрлі салалары жөніндегі хабарларды жинақталған [130]. Оның бір бөлімі «Соғысу құрал-саймандары жөніндегі ғылым» деп аталып, онда «ішінен түтін шығарылатын фигураларды дайындауды» баяндаудан басталады. Фахр ад-дин газ баллондарының сипаттамасын береді және шүберекті оқтарды толтыратын «күкірт суының» рецептін жазады. XII ғ. жазба дерегінде осындай қызық мәліметтер келтіріледі. Далалық соғыстар барысында газдық шабуылды қолдану іс жүзінде Орта Азияда тоғыз ғасыр бұрын іске асырылған болатын. Одан кейін де бұл идеялар одан ары дами түсті. Орта Азияда монғол шапқыншылығы дәуірін қоса уақытқа дейін әскери-химиялық шабуыл тәсілі одан ары дамытылмай ұмыт қалды [130].

М.Е. Массон ортаазиялық археологиялық мектептің өкілі ретінде теориялық мәселелермен қатар социалистік құрылыста қолданбалы маңызы бар мәселелерді кешенді түрде шешуге атсалысуды өздерінің абыройлы міндеттерінің бірі деп санады. Оның зерттеулері тарихи зоологияға, палеонтологияға арналды. Ол құландар, жолбарыстар, арыстандар, лоқай жылқылары, аңшылық иттер жөнінде, байырғы техникалық шөптер туралы, жібек тоқитын құрттардың таралу тарихын еңбектерінде қарастырды.

## 2.2. Орта Азия археология кафедрасын ұйымдастыруы

М.Е. Массонның өмірінің бір мақсаты Ортаазиялық университетінің тарих факультеті ішінен Орта Азия археологтарының мектебін құру болды. Кеңес Одағының тарих факультеттерінде міндетті пәндер қатарында жалпы археология болды және оны оқыту үшін М.Е. Массон 1939 ж. ОАМУ-ге шақырылды. Лекциялық курсты оқып болған соң ол мамандандырылған Орта Азия археологиясының кафедрасын құруды арман етті. Оны құру күндізгі, кешкі, сырттай оқу бөлімдері үшін жалпы курс жүргізумен қатар басты мақсаты Орта Азиядай алып аймақтың археологиялық қалдықтарда ізі қалған өткенін зерттейтін мамандар даярлау болатын.

Орта Азия археологиясының кафедрасы 1940 ж. басында бекітіліп 1 сәуірден бастап іс жүзінде құрамында кафедра меңгерушісі археология докторы М.Е. Массоннан, аға лаборант археолог Т.Г. Оболдуева (таяу арада жұмыстан босаған) және археология кабинетінің меңгерушісі – лаборант К.И. Массон бар бекітілген штаттан тұрды [3, с.19].

Ұлы Отан соғысы басында біршама уақыт археология кафедрасы жабық болып саналғанымен ол іс жүзінде қызметін атқара берді. 1942 ж. аяғынан бастап заң жүзінде кафедрасы қалпына келтірілді. 1943 ж. ақпан айынан бастап жаңа штаттық бірлік – доцент енгізілді. Осы қызметке архитектура кандидаты, зерттеуші Г.А. Пугаченкова шақырылды. Штаттан тыс оның құрамында аса көрікті мына мамандар болды: ғылым қайраткері, географиялық ғылымдарының докторы Н.Г. Малицкий (Орта Азия географиясы мен этнография бойынша), биологиялық ғылымдарының докторы Л.В. Ошанин (антропология мен этногенез бойынша), тарих ғылымдарының докторы А.А. Семенов (шығыстану саласы бойынша), тарих ғылымдарының докторы И.П. Петрушевский (исламтану бойынша) және басқалар. 1942 – 1945 жж. жалпы археология курсы мен археологиялық далалық жұмыстарының тәсілдері курсын археолог С.Н. Замятин жүргізді, ал төрттік қалдықтар геологиясы курсын ғылымға еңбек сіңірген профессор В.П. Смирнов оқыды.

Орта Азия мен көршілес елдердің байырғы заттық мәдениетінің тарихшы-археологтарын дайындай келе археология кафедрасы ресми бекігеннен бастап ғылыми-зерттеу жұмысқа басты назар аударды. Студенттік археологиялық ғылыми-зерттеу үйірмесі арқылы студенттер алғашқы оқу жылынан бастап ғылыми-зерттеу жұмысына тартылды.

Ауқымды жұмыстардың соңғы мақсаты Орта Азия мен оны мекендеген халықтар тарихының дәуірлерге бөлуді нақтылау болып табылды. Бұл негізінен Орта Азия қалаларының тарихи топографиясы, сәулет өнері тарихы, тау-кен өндірісі тарихы және нумизматика мәселелерін қамтыды. Кафедраның атқарған ғылыми жұмыстарының қатарында әртүрлі қолданбалы маңызы бар тақырыптар болды. Кафедраның ғылыми қызметкерлері және сонда маманданып жатқан студенттер әр жылы Орта Азия республикалары аймақтарындағы далалық және экспедициялық зерттеулер жұмыстарына қатысып отырды [131, 7].

Кафедраның зерттеу жұмыстарының тақырыптары археология кафедрасының көптеген ғылыми жиналыстарында баяндамалар үлгісінде тыңдалып отырды. Ғылыми баяндамаларды тек кафедра мүшелері ғана емес басқа да академиялық ғылыми мекемелердің жетекші ғылыми қызметкерлері және басқа қалалардан арнайы келген мамандар да оқыды. Олардың қатарында КСРО Ғылым академиясының академигі В.В. Струве, КСРО Ғылым академиясының академигі И.А. Орбели, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А.Ю. Якубовский, белгілі профессорлар – В.И. Беляев, А.Н. Бернштам, Л.Н. Воронин, М.М. Герасимов, М.М. Дьяконов, Т.Н. Книпович, Н.Г. Маллицкий, Л.А. Мацулевич, А.П. Окладников, А.А. Семенов, В.А. Смирнов, И.И. Умняков, доценттер – А.А. Росляков пен С.А. Вязигин, археологтар – М.Э. Воронец, Г.В. Григорьев, В.Д. Жуков, П.И. Кожемяко, А.И. Тереножкин, И.Н. Хлопин, С.Н. Юренев, архитекторлар – Б.Н. Засыпкин, И.И. Ремпель, Г.Н. Чабров, этнографтар А.С. Морозова, Е.М. Пещерова, А.К. Писарчик, библиограф Е.К. Бетгер, геологтар – Ю.Б. Айзенберг, О.И. Исламов және т.б. болды. Кафедра жиналыстарында сол оқу орнын бітірсе де одан қол үзбей ары қарай байланыстарын жалғастырып келе жатқан оның түлектері де ондаған баяндамалар жасады [131, 11].

Кафедрада бірнеше жаңа арнаулы курстар құрылды және оқылды. Соның ішінде проф. М.Е. Массонның «Орта Азия қалаларының тарихи топографиясы», «Ташкенттің тарихи топографиясы», «Орта Азия нумизматикасы», «Орта Азия археологиясына кіріспе», «Ташкент облысының тарихи географиясы мен археологиялық топографиясы», «Орта Азия тарихын археологиялық тұрғыдан зерттеу»; доцент Г.А. Пугаченкованың – «Орта Азия архитектурасының тарихы», «Иран мен Ауғанстанның архитектуралық ескерткіштері», «Иран мен Ауғанстан тарихы», «Ташкенттің архитектуралық ескерткіштері», «Шығыс өнері». Кафедраның тапсырысы бойынша келесі курстар тағайындалды: Н.Г. Малицкийдің «Орта Азияның антропогеографиясы; А.А. Семеновтің – «Ортаазиялық палеогеография» және «Ортаазиялық хронология және метрология»; А.С. Морозованың – «Орта Азияның этнографиялық көркемөнер қолөнері»; Ю.А. Скворцовтың «Ширектік геология»; А.М. Матвеевтың «Халифат тарихы»; С.Б. Лунина мен З.И. Ус-

манованың – Орта Азияның керамикалық өндірісі. Сонымен қатар «Барлау жұмыстарының методикасы» және «археологиялық материалды игеру методикасы» тақырыбында арнайы курстар оқылды [131, 13].

Кафедраның алғашқы жылынан бастап оның зерттеу тақырыбында ерекше орын алған нысана Өзбекстанның астанасы – Ташкент қаласын археологиялық-тарихи тұрғыдан зерттеу болды. Қала бойынша және оның айналасында бірнеше барлау жұмыстары жасалды. Құрылыс пен басқа да мақсаттарда жерді қопару жұмыстарына археологиялық барлау жасалып отырды (үлкен шұңқырларды қазу барысында, жаңа көшелердің салынуы немесе ескі көшелердің кеңейтілуі, су құбырларының жүргізілуі, парктердің салынуы сияқты т.с.с.).

М.Е. Массонның қатысуымен Ташкенттің айналасын тұрақты, жоспарлы түрде тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттеу жұмыстары басталып кетті. Негізінен алғанда сол кезде қарқынды түрде құрылыс жүргізіліп жатқан аймақтар – Чиланзар, Хастөбе, Науза, Қазиабат, Домрабат т.б. ортағасырлық Ташкент рабады болған. Археология кафедрасының мүшелері мен студенттері Ташкент айналасындағы әртүрлі төбелерге тұрақты түрде археологиялық барлаулар жасады [131, 11].

Археология кафедрасы 1940 ж. Навои мерейтойлық комитетінің тапсырысы бойынша Ишрат-хан деген атпен белгілі XV ғ. Самарқандағы мавзолейді зерттеді. Өте сирек кездесетін бірегей ескерткішті зерттеу археологиялық аршу, шурфтеу, сағананы тазалау, нысананың өзін ұсақ бөліктеріне дейін өлшеу және оның орналасқан ауданын археологиялық-топографиялық зерттеу сияқты жұмыстарды қамтыды. Мөлшерлі заттай археологиялық материал жинақталды және зерттеу нәтижелері негізінде Ишратхана кесенесіне арналған монографиялық жұмыс дайын болды [132, 4].

1941 ж. кафедра меңгерушісінің басшылығымен Навои музейінің құрамында бес отряды бар үлкен Самарқанд археологиялық экспедициясы (САЭ) жұмыс жасады. Экспедиция қала жанындағы Афрасиаб қалашығынан солтүстікке және солтүстік-шығысқа қарай орналасқан ауданға тарихи-топографиялық зерттеу жүргізді, Ұлықбек обсерваториясына қазба жүргізді, Ұлықбектің қала сыртында орналасқан бағындағы Шынныхана павильонының қалдықтарын аршыды, Бибі ханым мавзолейінің

ішін ашты және Шопан ата мазарының ғимаратын зерттеді. Обсерваторияны қазу барысында құрылыстың планын реконструкциялауға және құрылыстың сыртқы келбетін қалпына келтіруге қажетті бірқатар мәліметтер алынды.

Шопан ата кесенесін тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттеу және оның айналасын археологиялық шурфтеу бұл ескерткіштің Ұлықбек тірі кезінде салынғанын көрсетті. Алғаш рет Темір-Накшиджехан бауының орналасқан орны дәл белгіленді. Экспедиция жұмыстарын Германияның шабуылынан басталған соғыс тоқтатып қойды [131, 8; 132, 5].

Ұлы отан соғысы жылдары кафедра қорғанысқа қатысты тақырыптарды да игеріп отырды. М.Е. Массон бұл кезде келесі тақырыптармен де айналысты: Орта Азиядағы қант пен шайдың орнын ауыстырушылар, лоқай атының шығу тарихы; Өзбекстандағы байырғы металл қалдықтары; бұрынғы магилды (марганец тотығын) алу орындары; Персиядағы қалайының ұмытылған кен орны; Орта Азияның қара металлургиясының тарихы; Өзбекстанда байырғы киновардың кен орнының жаңа аймағы, тағы басқалар. 1943-1944 жж. бұрын тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттелмеген Ташкенттегі Шейхантаур кешеніндегі XV ғ. Юнусхан кесенесін жан-жақты кешенді зерттеу жұмысын жүргізіп тәжірибе жинақтады. Ескерткіште студенттер көмегімен археологиялық тазалаулар жүргізіп архитектуралық өлшемдер жүргізілді [132, 6]. Ескерткіш орналасқан ауданның тарихи топографиясы зерттелді. Алынған нәтижелер кафедра жинақтарының бірінде жарияланды [131, 9].

1942 ж. ОАМУ-дың тапсырысы және «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Өзбекстан комитетінің» қоштауы бойынша кафедра мүшелері Шахрисябздің тарихи топографиясы мен архитектуралық ескерткіштерін зерттеді [132, 5]. Экспедиция қаланың XIII ғ. бастап XIX ғ. дейінгі аралықтағы тарихына қатысты материал жинады. Гумбази-сейидан мавзолейі шынында да Ұлықбек ұрпағының кесенесі болғаны және оның тексеру нәтижесінде (талданып оқылған жазуларға қарағанда) б.з. 1437/8 ж. салынып біткені анықталды. Басқа да ескерткіштер Доруссиадат және Доруссиадат архитектуралық кешендер қатарына жататыны анықталды. Темірдің атақты сарайы – Ақсарай жөніндегі түсі-

ніктер кеңейе түсті. Зерттеу нәтижелері экспедицияның ғылыми басылым жұмыстарында қорытылды [131, 8].

1943 ж. кафедра Гур-Әмір кесенесіндегі кең көлемді реставрациялық қайта жөндеу жұмыстарына байланысты бұл ескерткішті тарихи-археологиялық және тарихи-архитектуралық тұрғыдан зерттеу жұмыстарын басқарды. Гур-Әмір құрылысының аумағында оннан аса қазба және шурф түсірілді. Құрамына Гур-Әмір ескерткіші кірген ғимараттар кешенінің салыну тарихы анықталды. Кесенелердің құлпытастарында бұрын оқылмаған жазулардың мәтіндері зерттелді.

Әмір Темірдің қабірі үстіне қойылған нефрит құлпытасының үшінші бөлігіндегі бұрын-соңды оқылмаған жазулар оқылды. Жинақталған фактілер құрылыс ансамблі жөнінде және Мұхаммед Сұлтан мен Темірдің жерленуі жөнінде, құрылыстың бұдан кейінгі тарихына қатысты бұрын-соңды қалыптасқан пікірлерді қайта қарауға мүмкіндік берді [132, с. 5-6]. Жинақталған бай археологиялық материал кейінгі реставрация барысында пайдаланылды. Кафедра меңгерушісі жинақталған материалдарды камералдық өңдеу барысында Самарқанның бірнеше тарихи жоспарын және Орта Азияның XV ғ. екінші жартысындағы картасын жасады.

1945 ж. Қырғыз КСР-ның архитектура жөніндегі басқармасының шақыруымен Талас аңғарында орналасқан «Манас гүмбезі» деген атпен танымал XIV ғ. бірінші жартысының кесенесі жан-жақты зерттелді. Сол жылы кафедра қызметкерлері автомобильмен Самарқанд-Шахрисябз-Гузар-Карши-Каган-Бұқара бағытында жолсапарда болды. Келесі жылы студенттермен бірге Ташкенттен Самарқанд бағытында жолсапар жасалды.

1946 ж. кафедра Каспийдің шығыс жағалауынан Амудария жағалауларын қоса аймақты қамтыған аса ірі Оңтүстік-Түркіменстан археологиялық кешенді экспедициясын басқарды. Осыған орай кафедраның барлық оқытушы, аспиранттық және студенттік ұжымы қатысқан басты кешенді проблема Оңтүстік Түркіменстан археологиясы болды. Жұмыс Түркмен КСР Ғылым академиясы тарапынан және соның қаржысына атқарылды.

Осы жұмыстармен қатар 1947 ж. Өзбектің геологиялық басқармасының тапсырмасымен Бұқара облысындағы Карнапа ауданы мен оның шығыс жағындағы аймақта байырғы тау-кен орындарын тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізілді.

1950 ж. кафедра Тойтөбе ауданында тарихи-археологиялық зерттеу жүргізді. 1953 ж. осындай тұрғыда Ташкент қасындағы ортағасырлық Залтикентпен баламаланған Хиссартөбе қалашығы зерттелді. Кесене қасындағы архитектуралық кешен ішіндегі бірнеше қызықты араб жазулары оқылды.

1955 ж. проф. М.Е. Массон XVI ғ. Кугелташ медресесінде жүргізілген қайта жөндеу реставрациялық жұмыстарына байланысты археологиялық зерттеуіне кеңес берді.

1956 ж. кафедра студенттермен бірге Паркент ауданына шықты. Ол жерде Намданактан 12 км солтүстік-шығысқа қарай орналасқан тұрғын жайда археологиялық зерттеулер жүргізді. Сукокты зерттеу салдарынан кафедра 308 данадан тұратын XV ғ. мыс теңгелер көмбесін тапты.

Жаңа археологиялық материалдарды жинау мақсатында, қосымша барлау жұмыстарын жүргізу үшін кафедра қызметкерлері Шыназға, Зенгибабаға, Кибрайға шықты. Кірпіш заводына қажетті топырақ алу үшін Ташкенттен 11 км қашықтықта орналасқан Шаш төбеде жүргізілген қазу жұмыстарына археологиялық барлау жүргізді. Осындай жұмыстарға байланысты осы жылы арнайы комиссияның мүшесі ретінде доцент Г.А. Пугаченкова кеңес беруге барып тұрды.

1957 ж. кафедра Ташкент қаласының өткен тарихын түсінуде маңызы зор Мыңөрік қалашығының археологиялық барлау жұмыстарын басқарды. 1957 ж. кафедра толық құрамда бұрынсоңды тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттелмеген Піскем өзенінің сол жағалауындағы Бағұстан тау тұрағы, Ташкент облысының Узгариш колхозының жеріндегі ортағасырлық тұрақ зерттелді [131, с. 10].

Бұдан басқа Өзбек КСР-нің ескерткіштерді қорғау комитетінің жұмыстарына көптеген жылдар бойы қатысты, 1957 ж. ортасынан бастап оның мүшелері Түркімен КСР-інің Мәдениет министрлігі жанындағы ескерткіштерді қорғау бөлімінің қызметіне атсалысты.

1958 ж. ОАМУ ұжымы археология кафедрасының меңгерушісі М.Е. Массонның 60 жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл күнге профессор М.Е. Массонның баспасөзде шыққан 200-ден астам мақалалары мен стационарлық археологиялық жұмыстары және жол далалық зерттеу бағдарының картасы (60 шақты) көрмеге қойылды.

1959 ж. қыркүйек-қазан айларында археология кафедрасының және Өзбекстан КСР-і Ғылым академиясының өнертану институты мен Сурхандария музейінің бірлескен экспедициясы ұйымдастырылды. Олар Г.А. Пугаченкованың басшылығымен Денау ауданындағы Кушан дәуіріне жататын Ханатепе ескерткішін қазуға кірісті. Дәл осы жылы М.Е. Массон Өзбек КСР-і Ғылым академиясының Тарих музейі атқарып жатқан Ахангерандағы Имляк-Тункет қалашығын зерттеуіне басшылық жасады [131, с. 11].

Кейбір кафедра жиналыстары, бас қосулары КСРО Ғылым академиясының материалдық мәдениет тарихы институтымен бірге, КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтымен, Өзбекстан ғылым академиясының тіл және әдебиет институтымен бірге, ОАМУ-ның географиялық және геологиялық факультеттерімен бірге, ОАМУ-дың өнертану кафедрасымен және т.б. ғылыми орталықтармен бірлесіп атқарылды.

Кафедра мүшелерінің ауқымды ғылыми-зерттеу жұмыстары әртүрлі ғылыми сьездерде, конференцияларда, КСРО ҒА мен материалдық мәдениет тарихы институтының, КСРО архитектурасы академиясының сессияларында, 1945 ж. Москвада өткен бүкіл одақтық бірінші археологиялық жиындарына қатысумен көрініс тапты.

Мерейтойлық даталар – Ұлықбектің қайтыс болғанына 500 жыл және Ә. Навоидың туғанына 500 жыл толуына орай кафедра үлкен жұмыстар атқарды. Кафедра XIV ғ. аяғы – XV ғ. Орта Азияны жан-жақты зерттеудегі көптеген мәселелерді шешуде атсалысты. Осы көрсетілген тақырыпта кафедра қызметкерлері бас-аяғы жетпістен аса ғылыми еңбек дайындады, кафедра жиындарында әртүрлі қызметкерлер тарапынан Орта Азияның темірліктердің үстем еткен дәуіріндегі тарихын зерттеуге байланысты 32 баяндама дайындалды [131, с. 12; 132].

Кафедра 1948 ж. ақпан айында тарих факультетінде Навоидың туғанына 500 жыл толуына орай ғылыми конференция ұйымдастырып, онда қызметкерлер баяндамалар дайындады. Конференция кезінде кафедра арнайы көрме жасады. XV ғ. арналған осы тектес көрме ОАМУ-дың археологиялық кабинетінде ұйымдастырылды.

Орта Азияның Ұлықбек және Навои заманындағы тарихын зерттеуге арналған тақырыпта жазылған қызметкерлердің еңбек-

тері орын алды. Кафедра қызметкерлері ғылыми ұйымдардың бірнеше жиындарында және әртүрлі конференцияларға атсалысты. Темірліктер заманына жататын ескерткіштерді таныстыру мақсатында ұйымдасқан экскурсиялар жүргізілді.

Қарқынды түрде және әртүрлі бағытта жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының арқасында кафедра ауқымды бақылауларға қол жеткізді. Орта Азияның темірліктер дәуіріне жататын материалдық мәдениет тарихына қатысты бірқатар мәліметтерге қол жеткізді, сол кезге дейін беймәлім болып келген фактілер ғылыми айналымға енгізілді және оларды талдай отырып, жаңа қорытындыларға қол жеткізілді. XV ғ. ескерткіштеріне арналған кафедраның арнайы жинағы басылды [131, с. 12].

1954 ж. кафедра мүшелері Орта Азия және Қазақстан халықтарының тарихына қатысты Ташкентте өткен ғылыми сессияда баяндамалар жасады. 1957 ж. кафедра Ташкентте өткен Бүкілодақтық шығыстанушылар конференциясына қатысты. Кафедра мүшелері бұл конференцияға екі докладтан жасады. Археологиялық кабинетте кафедраның соңғы жетістіктері бірнеше тақырыптар бойынша экспозиция жасалды. Сонымен қатар материалдардың бір бөлігі Өзбек КСР Ғылым академиясының археология және тарих институтының бөлмесінде ашылған көрмеге жіберілді. 1959 ж. Өзбекстандағы археологиялық жұмыстарды үйлестіру мәселесі бойынша өткен жиналысқа қатысты.

Янгиюльдегі Өлкетану музейінің жұмыс істеген көптеген жылдары бойы зерттеу тақырыптарының жоспарын талдай отырып, оның ғылыми археологиялық жұмыстарына басшылық жасады, тақырыптық өткізілетін шараларға консультациялар беріп отырды.

1955 ж. бастап кафедраның аға қызметкерлері Өзбекстан Министрлер кеңесінің жанындағы архитектура істері бойынша Комитеттің арнайы өндірістік ғылыми-зерттеу жөндеу-өңдеу реставрациялық шеберхананың Ғылыми кеңесінің мүшелері болды. Олар онда тақырыпты жоспарларды дайындауда, жөндеу реставрациялық шаралардың жоспарлар мен атқарылған жұмыстардың есептерін талқылауға атсалысты.

1959 ж. бастап М.Е. Массон Өзбек КСР-і Мәдениет министрлігі жанындағы музей ісіне байланысты Ғылыми кеңестің мүшесі болып сайланды. Кеңес тарапынан мына төмендегі музейлерге: Өзбек КСР тарихының музейі, Сурхандария облыстық му-

зейі, Ферғана облыстық музейі, Наманған және Андижан өлкетану музейі, Ашхабадтағы Түркімен КСР-і Ғылым академиясының тарих музейі мен т.б. музейлерге кеңестер берілді [131, с. 13].

Кафедра студенттердің ғылыми жұмыстарын жүргізуді жеңілдетуге арнайы нұсқаулар жасады. Оқу әдіс-тәсілдері бағытында кафедра Орта Азия табиғаты Өзбекстан музейінің «Ташкент ауданындағы мектеп экскурсиялары» атты жинағын құрастыруға қатысты. Ташкент қаласы бойынша мәдени-тарихи экскурсиялар циклы бойынша жоспар жасалды. Ташкенттің гидрометеорологиялық техникумының Ташкент тарихын зерттеуге құрылған үйірмеге жоспар-тапсырма жасалды. Кафедраның оқу-методологиялық жұмысы оның ғылыми-зерттеу жұмыстарымен тығыз байланыста болды.

Кафедраның ғылыми жұмысы үнемі КСРО мен шетелдегі ғылыми және көпшілік журналдар мен газеттерде көрініс тапты. Кафедра жұмысының едәуір бөлігін түрлі ұйымдар мен жеке тұлғаларға түрлі ғылыми кеңес беру болып табылды. Орта Азияның көптеген музейлері, тарихи ескерткіштерді, сәулет өнері мен көркем ескерткіштерді қорғау ұйымдары, геологиялық басқармалар, түрлі ғылыми-зерттеу институттары кафедраның ғылыми кеңесін алып отырды.

## 2.3. Ортаазиялық ғылыми археологиялық мектеп және студенттік ғылыми археологиялық үйірме /СҒАҮ/

Археология кафедрасында профессор М.Е. Массонның көп жылдық еңбегі нәтижесінде Кеңес одағында және шетелде танымал археолог пен нумизматтардың төл мектебі қалыптасты. Кафедра қызметкерлері мен осы кафедрада маманданушы студенттер айналысқан басты проблема ол Орта Азия тарихының кезеңдерге бөлу мәселесі, қалалардың тарихи топографиясы, нумизматикасы, архитектура мен өнері болып табылады.

М.Е. Массон кафедрадағы оқу процесінің негізгі бағыттарын ойластырып өзінің басты кредосына бағыштады. Бұл ортаазиялық археологиялық мектептің негізін қалады және оның ережелерін бекітті. Олардың негізгілерін тізіп өтсек:

1. Археолог зерттеу нысанасы болып табылатын кез келген затты музейлерге өткізуі керек, археолог осындай заттардан жеке коллекция жинамауы керек.

2. Археология адам баласының тарихи дамуын негізінен оның *іздері арқылы, негізінен заттық ескерткіштері арқылы,* мүмкіншілігінше жазба деректер, тіл тану, этнография, антропология, зоология, ботаника, басқа да пәндердің мәліметтерін тарта отырып зерттейтін тарих ғылымының бір саласы. Археология – заттану емес. Оған археологиялық деректер қоғамдық қатынастардың белгісі ретінде маңызды.

3. Кез келген археологиялық жұмыстың мақсаты заттық мәдениет ескерткіштерімен айналыспайтын тарихшыларға алынған нәтижелерді жеткізу [133, с. 5].

4. Ірі нысаналарды (қалашықтарды немесе аудандарды) археологиялық-тарихи тұрғыдан зерттегенде міндетті түрде жұмыс кешенді түрде жүргізілуі тиіс, әртүрлі саладағы мамандар тартылуы тиіс, барлық заманға жататын әртүрлі типтегі ескерткіштер қамтылуы керек [133, с. 5 – 6].

5. Археологиялық жұмыстар ең алдымен археологиялық нысаналардың зерттелу тарихынан басталуы тиіс, алынатын нәтиже қандай тарихи мәселемен байланысты болуы тиіс; қандай сауалдарға жауап алынуы мүмкін, осыдан соң нақты міндеттер барын белгілеу керек; нақты қазбада қажетті жұмыстарды белгілеу керек және содан соң ғана оларды нақты атқаруға (қазба жұмыстарын бастауға) кірісу керек, байқаулар барысында кең тарихи аспектіні ұмытпау керек.

6. Күрделі кешенді нысананы зерттеу барысында оның әуелі қалай пайда болғанын, одан ары қалыптасуын, әрбір тіршілік еткен кезеңдердегі өзгеруін, басқа мақсатта пайдалануын, оның бұзылуын соңғы этнографиялық кезеңге дейін мезгілде байқау керек.

7. Жергілікті халықпен ескерткіш турасында кең түрде (атауынан бастап оған қатысты аңызға дейін) сұрастыру жұмыстарын жүргізу қажет.

8. Көне және ортағасырлық жазбагерлердің мәліметтері негізінде тарихи географиядан хабардар болу керек. Нысананың орны мен маңызын анықтау керек. Соңғысының археологиялық топографиясын анықтау керек. Стратиграфияны анықтау үшін шурф салу керек.

9. Ірі елді мекендерді зерттеу барысында бұрынғы топографиялық түсірілімдермен қатар археолог өзі археологиялық микрорельефті түсіруі керек. Көшелер, алаңдар, орамдар түсірілуі керек [133, с. 6].

10. Археологиялық микрорельефі жоғалған, не болмаса байқалмайтын жағдайда шөптердің орналасуына назар аудару керек. Осы тұрғыдан қарағанда ғимараттар мен қабырғаларды аңғаруға көмек беретін өсімдік шөптерге назар салу маңызды (мұндай байқаулар Ескі Термез, Ниса, Мервтің айналма қабырғасында жасалды).

11. Қазылып жатқан ғимараттың ішіндегі, сыртындағы топырақ «мәдени қабат» қатарына жатады. Олар зерттеліп сызылуы тиіс.

12. Барлық кесінділер сызылып стратиграфияны танытатынын ескеру қажет.

13. Көмілген қабаттардың деңгейінің көрсеткіші ретінде жәндіктердің илеулері кездеседі.

14. Ірі нысананы қазу барысында солтүстік-оңтүстік бағытындағы 2 x 2 м шаршылар салынған дұрыс, мәдени қабаттар 50 см етіп алынуы керек. Ол күнделікті жазбалармен қатар әрбір шаршы метрлік сипаттамаларда ярустарда табылған заттардың орналасуы белгіленуі қажет. «Мәдени қабат сипаттамасына» ерекше назар аудару қажет. Және археологиялық табылымдардың жеке заттарының суреттемелері болуы тиіс.

15. Түрлі құрылыс және жер тегістеу жұмыстары барысында археологиялық байқаулар жүргізілуі тиіс [133, с. 7 – 9].

16. Ортағасырлық қалалардың тарихи топографиясы зерттелуі қажет [133, с. 9 – 10].

17. Тарихи география қазіргі түсініктер бойынша бұрынғыдан әлдеқайда кең ұғымда. Оған жер бетіндегі өзгерістер, климат пен су ағыстарының өзгеруі жөніндегі мәліметтер, тайпалар мен халықтардың әр кезеңдегі әртүрлі жерлерді мекендеуі, экономикалық география – керуен жолдар, кен орындары, ирригация, құмдағы құдықтар жөніндегі мәліметтер жатады.

18. Археологияның қолданбалы міндеттері қарастырылуы қажет. Жергілікті археологиялық мектептің ерекшелігі оның археологияның қолданбалы міндеттеріне назар аударуында. Осының негізінде қазіргі заманғы геология, гидрология, метеорология үшін пайдалы мәліметтер, байырғы кен орындарын

анықтау, ауылшаруашылығы дақылдары жөнінде мәліметтер анықталуы мүмкін [133, с. 10].

Қорыта айтқанда, М.Е. Массон негізін қалап және басқарған археология кафедрасы көп жылдар бойы Орта Азияда жалғыз болды. Және бүкіл осы аймақ үшін археолог-мамандар даярлады. Кафедра қызметкерлері мен түлектері ірі археологиялық экспедициялар ұйымдастырып, Орта Азияның ең мықты ескерткіштерін алғаш табушылар болып саналады.

Олар тапқан археологиялық материалдар қорытындыланып, көптеген ғылыми еңбектерде орын алды. Бұлар Орта Азия республикаларының көне және ортағасырлық тарихының жеке томдарын жазуда пайдаланылды [134, с. 3 – 6].

Орта Азия археологиясының кафедрасы қызмет еткен кезінде 300-ден астам маман дайындалды (олардың төртеуі академик, он бесі ғылым докторы және сексеннен астам ғылым кандидаты. Олар барлық ортаазиялық мемлекеттерде, Қазақстанда, Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Ресейдің, Украинаның, Кавказдың жеке аймақтарында және басқа да елдерде қызмет етеді. Бұл мәліметтер 2002 ж. болып табылады [134, с. 5].

В.М. Массон Орта Азия археологиясындағы бағыттар мен ғылыми мектептерді сөз ете келе, XX ғ. 30-шы жылдарынан бастап шығыс археологиясында екі – Ленинградтық және Ташкенттік мектептер қалыптасқанын айтады.

Ленинградтық бағытқа А.Ю. Якубовский, М.М. Дьяконов, А.Н. Бернштам, А.М. Беленицкий, Г.В. Григорьев жатқызылады. Сонымен бірге Ташкентте М.Е. Массон, В.А. Шишкин, Я.Г. Гулямов, В.Д. Жуков, А.И. Сухарев атты археологтар тобы қалыптасты. Әсіресе, ташкенттік мектептің қалыптасуында М.Е. Массонның орны ерекше еді. Бұл бағыт қалалардың, аймақтардың тарихи топографиясына қатты назар аударды, жазба деректердегі мәліметтерді қатты ескерді, пайдаланды. Бұл мектептің ұтымды және күшті жағы Орта Азияға тән саз көп қолданылған құрылыстарды қазудағы археологиялық методикаға байланысты еді. Зерттеулер кешенді жүргізілді. Тау-кен мен нумизматикаға көп көңіл бөлінді. Ташкенттік мектеп тек академиялық орталық болып қана қоймай ең алдымен университеттік орталық та болып қалды деп көрсетеді В.М. Массон.

Хорезмде археологиялық зерттеулер жүргізген С.П. Толстовтың да басшылығымен москвалық мектеп қалыптасты. Тас дәуірі

мамандарын қалыптастыруда А.П. Окладниковтың рөлі бөлек болды. Я.Г. Гулямовтың әрекетімен Ленинградта тас пен қола дәуірі мамандары А.А. Асқаров, У.И. Исламов, М. Қасымов, Т. Мирсаатов қалыптасты. Жергілікті аймақтарда археология дами бастады, – деп көрсетеді В.М. Массон [135, с. 172 – 176].

Орта Азияның заттық мәдениетін зерттейтін археолог мамандарды дайындау барысында археология кафедрасының іргесі қаланған уақыттан бастап ғылыми зерттеу жұмыстарына басты назар аудара бастады. Ол осы жұмысқа археологияға маманданған бірінші курс студенттерінен бастап тарта білді [136, с. 295]. Осы мақстатта ОАМУ тарих факультетінде 1940 ж. бастап студенттік ғылыми археологиялық үйірме жұмыс істеді. Ол студенттік жастарды кафедраның ғылыми зерттеулеріне тартуда аса маңызды рөл атқарды [3, с. 23]. Студенттерге М.Е.Массон әрқашан үлгілі болуды, ғылымға қызмет етуді үйретті. Осы археологиялық үйірменің қоржынында бір топ студенттік ғылыми жұмыстар болды. Олардың көпшілігі қалалық және республикалық байқауларда мадақталды. Және осы зерттеулердің бір тобы студенттік үйірме мүшелері бүкіл одақтық студенттік археологиялық конференцияларға қатысып отырды, студенттік ғылыми жинақтарда және басқа да мамандандырылған басылымдарда олардың баяндамалары жарияланды. Студенттік ғылыми археологиялық үйірменің мәжілістерінде кафедра мүшелері баяндама жасады. Кейде басқа мекемелерден мамандар шақырылды. Кейбір жағдайларда үйірме мәжілісі далалық қазба жұмыстары жүрген кезде өтті [137, с. 9].

Үйірменің алғашқы жылдары машинкаға басылған бюллетень шығарылды. Онда ғылыми мақалалар және кафедра мен үйірменің тіршілігі көрініс тапты. М.Е. Массонның шәкірті Л.И.Жуковадан 1943 ж. №1 «Археологиялық бюллетень» үлгісін ұштастырдық. Ол небәрі 2 данамен шығарылыпты. Оның мазмұны келесі. Ғылыми бөлімде М.Е. Массонның археология кафедрасының 1943 ж. ғылыми жұмысы, Г.А. Пугаченкованың Шахрисябздегі «Ақсарай» құрылысындағы «балхи» күмбезі деген, М.Е. Массонның «Александр Македонский жөніндегі екі аңыз» атты мақалалары жарияланды. Хроника бөлімінде студент-археолог С. Претецкийдің Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталуы, Самарқандағы жаңа соғды жазулары, Денданкан қалашығының табылуы жөнінде хабарлар берілген. Рецензиялар

бөлімінде студенттер Б.А. Литвинский мен Е.А. Давидовичтың А.Н. Бернштамның «Байырғы Қырғызстан мәдениеті» атты кітабына пікірі, Биобиблиография жөніндегі материалдар атты бөлімде В.Л. Вяткиннің тарихи-археологиялық еңбектері берілген. Журнал көлемі 25 бетті құрайды.

Материалдық мәдениет ескерткіштерін зерттеу процесінде әртүрлі дерек көздерін (әдеби, түрлі тілдегі тарихи түпдеректер, лингвистика мәліметтері, этнография, өнер, эпиграфика мен нумизматика) пайдалана отырып, кафедра мүшелерінің арқасында көптеген жаңа тарихи фактілерге қол жетті. Далалық және камералық ғылыми жұмыстың жаңа тәсілдері шығарылды. Барлық ірі зерттеулер негізінде кешенділік қағидасын қолданудан басталды және оны ұжыммен атқарды. Кафедра мәжілістерінде кафедрада маманданып жүрген студенттер оқытушылармен және Ташкенттен басқа қалалардың түрлі ғылыми зерттеу мекемелерінің атақты ғалымдарымен қатар баяндамалар мен ғылыми хабарлар жасап отырды. Кафедраның барлық оқытушылары мен қызметкері студенттік ғылыми археологиялық үйірменің мүшелері болды, олардың үйірме мәжілісіне қатысуы міндетті болды. Осымен қатар кафедра мәжілістерінде студенттердің қатысуы да міндетті болды.

Студенттік ғылыми археологиялық үйірме жұмысы түрлі үлгіде өтті. Онда студенттердің археологиялық экспедицияларға қатысуы, жаңа әдебиет жөнінде хабарлар жасауы, ғылыми баяндамаларды оқу түрінде жүрді. Үздік баяндамалар факультеттік, университеттік, аймақтық деңгейдегі конференцияларда тыңдалды. Кафедра мен ғылыми жетекшілері мақұлдаған жұмыстар республикалық ең жақсы студенттік жұмыс конкурсына ұсынылды.

Студенттік ғылыми археологиялық үйірме 1955 ж. өткен Мәскеулік мемлекеттік университетінде Бүкіл одақтық археологиялық студенттік конференцияға қатысты. Онда С.Б. Лунина, З.И. Усманова, Ю.Ф. Буряков ғылыми баяндамаларды ойдағыдай жасады. Кафедра көмегімен студенттік ғылыми археологиялық үйірме Орта Азия мен Қазақстанның аймақтық археологиялық конференциясын өткерді. Оған аймақтағы одақтас республикалар және Бұқара мен Шымкент désинституттарының студенттері қатысты. 1957 ж. Ташкент қаласында бірінші ортаазиялық студенттік археологиялық конференция өтті. Архео-

логтардың орта азиялық мектебі Орта Азия халықтарының өткенін тануда ірі жұмыстар жасап аса ірі жаңалықтар ашты [138, с. 63–64].

М.Е. Массон экспедиция кезінде оқушылармен барлық жұмыстарға араласып кететін. Ал кешкі әңгіме кезінде профессор көп нәрсе жайында айтып беретін. Л.И. Жукова өзінің бір естелігінде профессордың үйіне барғанда оның үнемі жұмыс үстінде отыратындығын және жазба үстелінде үнемі ұқыптылықтың белгісін көретіндігін, оның үлкен кітапханасының кітаптары жүйелі, белгілі бір принциппен қойылғанын, бізге кез келген мәселе бойынша кеңес беріп, отандық және шетел археологиясында жаңа әдебиеттермен таныстырып, өзінің оқушылары жайлы, олардың жетістіктері жайлы әңгімелеп беретін. Шын мәнінде М.Е. Массонның педагогтық өмірі үнемі оның оқушыларына арналды: «И нам показалось бы странным, если придя к своему профессору, мы не нашли бы его работающим у себя в кабинете. На письменном столе всегда порядок. Книги его громадной библиотеки, на которую мы всегда смотрели с завистью, расставлены по систематическому предметному принципу. Эта библиотека к услугам каждого. И любую книгу профессор находит тотчас. Учитель щедро консультирует тебя по любому вопросу, знакомит с литературными новинками по археологии, отечественных и зарубежных изданий, рассказывает об успехах своих воспитанников. Они пишут учителю со всех концов страны. Михаил Евгеньевич выделяет свое рабочее время и для беседы по личным вопросам. Впрочем, жизнь настоящего педагога всегда принадлежит его ученикам» – дейді Л.И. Жукова [139, с. 42]. М.Е. Массон археологияға шексіз берілген, өйтпесе ғылымда сондай жоғары көтеріліп, өз өмірін, бүкіл ғұмырын оған арнамас еді ғой. Міне, осындай сезімімен ол өзінің ізбасарларына қанат беріп, бағыт беріп отырды.

Ортағасырлық археологтар лексиконында «массондықтарша» және «ютакиндіктерше» жұмыс істеу деген екі ұғымды кездестіруге болады. «Массондықтар» дегеніміз – М.Е. Массонның оқушылары деген сөз. Ал бұл атақ өте қымбат еді. «Ютакиндіктерше еңбек ету» деген сөз ғылыми мәліметтер, жаңа табылған жаңалықтармен үнемі тәжірибе алмасып отыру, өзінің алған білімін, тәжірибесін халыққа беру деген ұғым еді [139, с. 42].

Михаил Евгеньевич қазба жұмыстары кезінде ескі елді мекенді бақылап келіп, қай жерде темірщілер кварталы, қыш-шылардың кварталының орналасқанын және оны пештердің формасы арқылы ғана емес, өсімдіктің өсуін байқау арқылы көріп, ол кварталдарды бір-бірінен ажырата алатын. Археологиялық, биологиялық байқаулар оның әдісіне айналды. Осы негізде Нисада жүргізілген қазба жұмыстары кезінде, өсімдіктің өсуін байқай отырып, өсімдік жоқ жерде қазба жұмыстарын байқамай-ақ, қала қабырғасының орналасуын көрсетіп берген.

М.Е. Массонның оқушылары, оны жерді көзімен оқып беретін дейді. Шынында көп экспедицияға қатысқан көп нәрсені білетін тәжірибесі мол археолог, алғаш қазба жұмыстары басталмай-ақ жалпы ненің қай бөлікте орналасқаны туралы болжап айта алатын.

Археологтардың жаңа ізбасарлары кафедрада дайындалып, СҒАҮ-де тексеріліп, ал ОТАКЭ-де шынығатын. Бұл үш творчестволық коллектив барлық мәселе бойынша бірлікте уақытқа сай еңбек ететін. Өйткені олардың мақсаты бір, ол коммунистік дүние танымы бар, жоғары адамгершілігі бар жаңа мамандар ұрпағын тәрбиелеу. 1940 ж. СҒАҮ құрылды. Алғашқы күннен бастап-ақ оның ғылыми жетекшісі болып М.Е. Массон сайланды. Кезінде академик К.И. Скрябин: «Жастар ғылыми жұмысының жетекшісінің міндеті бір шетінен қызықты да игілікті, ал оқытушы өзінің ізбасарына ғылыми творчествоға деген қызығушылығы, өз бетімен жұмыс істеуді үйреткенімен ғана бұл жұмыс өз жемісін береді» деген болатын [139, с. 41]. М.Е. Массон 30 жылға жуық өзіне жүктелген экспедиция басшысы қиындықта құрметті міндетті үлкен жауапкершілікпен атқарып келді.

Оның педагогикалық әдісі, студенттерге әсер етуі күрделі емес еді. Жай сөзбен айтқанда өзінің жеке басының үлгісі туралы, ғылыми жұмыс, өткенді білу, жаңаға ұмтылу негізінде құрылды, ал тәрбие жұмысы коллективте ескі салттың сақталып, жаңа салттың пайда болуына сүйеніп отырды. Бұл оқу-тәрбие жұмысының барлық принциптерін үнемі орындап, ал жастарды тәрбиелеп отырған оқытушы ғылымға жай көзбен қараса, ғылымды өз дәрежесінде сүймесе бұл жұмыс еш нәтижесін бермес еді. Ал ғылымға жан-тәнімен қарап берілген, оған бүкіл өмірін арнаған М.Е. Массон әрине, өзіндегі бар білімді, ғылымға деген сүйіспеншілікті өз ізбасарларына беретіндігі сөзсіз.

М.Е. Массон өзінің оқушылары мен оқу процесінде еңбекте ғана араласып қоймай, олардың мәдени демалыс кездерінде барлық ұйымдастырылған кештерінде бірге болып үнемі байланыс жасап отыратын. Мұның өзі оқытушыны жан-жақты байқауға, оны түсіне білуге және оған ұқсас болуға талаптандыратын.

«Михаил Евгеньевич әр кештерде студенттерге қосылып ән салатын. Бірде ол байырғы рим авторларының шығармаларын латын және орыс тілдерінде ерекше бір пафоспен айтып бергенде, біз таң қалып алдымызда тұрған шашына ақ түскен профессор емес, жас актердей сезіндік» – дейді Л.И. Жукова [139, с. 41].

Археолог В.А. Булатова-Левинаның естеліктеріне сүйенсек, ол шәкірттеріне өте қатал және талапшыл болған: «Наш профессор был прирожденным педагогом и, конечно, великим лицедеем. Он всеми средствами создавал себе имидж профессора-эрудита и великодушного отца студенчества. В ход шли и звонкая латынь, и стойкий французский капрал на письменном столе, и солдатская койка, заправленная суконным одеялом, и неизменная профессорская шапочка, и размеренная по часам жизнь в «поле» (особенно в «поле», и как мы подчас страдали от этой муштры!), и дома. Лицедействовал он и за обеденным столом в экспедицции, и на лекциях, и в своем кабинете, окруженной книгами и всегда склоненный над рукописями... На наших «пятницах» (заседаниях кафедры) не стеснялся подловить на каких-либо точностях всеми уважаемых докладчиков, например, Лазаря Израилевича Ремпеля или Антонину Костантиновну Писарчик. Мы понимали, что это делается нам в назидание, но становилось не по себе.

От нас он требовал честного отношения к науке и фактам, уважения к своим предшественникам, полной отдачи и точности во время полевых и камеральных работ и неустанного трудолюбия. Не все выдерживали это испытание то кипятком, то холодным душем» [140, с. 160].

Михаил Евгеньевич өз оқушыларынан үнемі зерттеп отырған мәселесінің тарихын, яғни оны осы уақытқа шейін зерттеген адамдардың еңбегімен танысуға және оған өз бағасын беруді талап етіп отыратын. Сонымен қатар студенттер үнемі Орта Азия археологиялық кафедрасының ертедегі түлектерімен байланыста болып, олардың көмегін сезініп отыратын.

М.Е.Массон шәкірттеріне тек кәсіби білім ғана емес, сонымен қатар кең мәдени білім беріп, адалдыққа, рухани тазалыққа бейімдеді. Кафедра түлектері құрамында 14 ұлттың өкілдері бар болды. М.Е. Массон тәрбиелеген түлектер, әсіресе, нумизматика саласында үстемдік етуде [141, с. 19 – 20].

Архив құжаттарында ғалымның жеке тұлғасы ғылыми тұрғыдан көп қырлы қызметі көрініс тапқан. Одан жеке адамдарға тарап тұрған үлкен рухани байлық көрінеді. Мысалы, ондағы бір құжатқа назар аударайық. Бұл Д.М. Овезовтың диссертация қорғауындағы Михаил Евгеньевичтің сөзінің нобайы жазбасы. Бұл құжат біздің пікірімізше, авторды әртүрлі қырынан көрсетеді. Оның ерекше ойлау қабілетін тілінің көркемдік байлығын, ғылыми аудитория мен қарапайымдылығын, өзіне деген және шәкірттеріне деген талабын, шәкірттеріне туған баласындай қамқорлықпен қарағанын көрсетеді. Сонымен документке назар аударайық. 1959 ж. «Сөйлемеймін десем, тағы болмайды»,- деп жазылған құжатта. «Диссертация қорғаушы менің ғылым саласындағы балам іспетті. Өз тәлімгерінің осындай өмірі үшін аса жауапты қадам басқалы тұрғанда қай әке (күнделікті ғылыми-зерттеу қызметте тіпті мен сияқты қатал және талапшыл) бейтарап бола алады?». Михаил Евгеньевич өзінің ғылыми қағидасын алға тарта отырып, оны анекдотпен негіздейді. «Жас талапкер-ғалым өз ұстазынан үш жылда белгілі тақырыпта шығарма жазып келу жөнінде тапсырма ала отырып тапсырманы бір жылда жазып аяқтап, оны ұстазына ұсынғанда мақтау естудің орнына қатаң сөздер есітіпті: «Не себепті асықтың? Кітапты қайта алып жұмыс жаса. Жылдар өтеді. Ешкім сенің қанша уақытта жазғаныңды емес, сенің не жазғаныңды таразылайды». Өзінің жұмыс тәсілін және оны шәкірттеріне жеткізуге тырысқан «күнделікті ғылыми-зерттеу қызметте тіпті қатал және талапшыл» Михаил Евгеньевич былай түсіндіреді. «Жұмыс жылдап жасалады. Көп рет бақыланды, толықтырылды, сыни тұрғыдан жинақталған мәліметтер түзелді». Бағдарламаға жаңа тараулар қосылды. Мәтіннің архитектоникасы өзгертілді. Алайда ол осыдан кейін де жұмысын жалғастырып жетілдіре берді. Жақсы жұмысты одан да жақсарта түсуге болады». Жетекшінің рөлі мен маңызы ұлық деп санады Михаил Евгеньевич. Алайда ол жұмыс рөлін жоғары бағалады. «Негізгі зерттеуші жұмыскер болып басынан аяғына дейін Д.М. Овезовтың өзі қала

берді.... Д.М. Овезовтың өзі диссертациясын жазып шықты. Диссертацияны жазып қалыптастыруда ол нақты тәжірибе жинақтаумен қатар ғылыми жұмыстың дәмін татып көрді. Диссертациялық жұмыс авторға үлкен еңбекпен келді. Ұзаққа созылған жұмыс барысында өкініштер мен қуаныштар, өрлеу мен құлдырау қатар жүрді. Бұл қалыпты жағдай.

Per aspera ad astral – деген екен римдіктер.

(Қиындықтан – жұлдыздарға)

Сонымен қатар – finis corona opus – аяқталуымен құнды.

Михаил Евгеньевич өз сөзін осы мәжілісте оптимизммен және барлық шәкірттеріне деген сүйіспеншілігін білдіретін сөздермен аяқтай отырып, Д.М. Овезовке және менің диссертация қорғауымды күтіп тұрған шәкірттеріне одан әрі бақытты ілгерілеу, жаңа жетістіктерге жетуді тілейді [142, с. 48 – 49].

Ғылыми мектеп деп ғылыми идеялардың бас генераторы жетекшісі дайындап ұсынған зерттеу бағдарламасын атқаруға дайын ғылыми шығармашылық ұжымды айтады. Әрбір осындай ғылыми мектептің қалыптасу және даму тарихы болады. Ғылыми мектептің бас белгісі жас мамандарды тәрбиелеп өсіру болып табылады. Осындай мектепті М.Е. Массон құрды деуге негіз бар.

2008 ж. мәліметтер бойынша Орта Азиялық археологиялық мектеп түлектері қатарында бес академик – Өзбекстан Ғылым академиясының академиктері Г.А. Пугаченкова, Ю.Ф. Буряков, Э.В. Ртвеладзе, Түркіменстан Ғылым академиясының академигі В.М. Массон, Тәжікстан Ғылым академиясының академигі Б.А.Литвинский, 16 ғылым докторы және 100 шамасында ғылым кандидаты болды. Алайда 2006 ж. М.Е. Массон ашқан археология кафедрасы жеке дара бірлік ретінде жабылып этнология кафедрасымен біріктірілді [136, с. 292 – 304].

## 2.4. М.Е. Массонның ғылыми мұрасы

1977 ж. бастап Орта Азия университетінің археология кафедрасының негізін қалаған, Кеңестер Одағы мен шетелде ортаазиялық археология патриархы деп танылған Михаил Евгеньевичтің 80 жылдық мерейтойына орай «Массон оқуларының» негізі қаланды. Оны Өзбекстанның мәдени және тарихи ескерткіштерін қорғау қоғамы ұйымдастырды [3, с. 30]. 1994 ж.

5 желтоқсанында 16 мәжілісте археология кафедрасының алғашқы түлектерінің бірі, Өзбекстанның белгілі ғалымы Л.И.Альбаумның ұсынысымен «Массон оқулары» жылма-жыл Михаил Евгеньевичтің туған күні өтетін дәстүрге айналды. Оның негізгі мақсаты ұстазбен жолығып оның алдында және көпшілік алдында атқарылған жұмыс жөнінде есеп беру, Орта Азияны тарихи-археологиялық тұрғыдан зерттеудегі соңғы нәтижелерін баян ету.

О, баста «Массон оқулары» мазмұны М.Е. Массонның қызметі мен оның археологиялық мектебінің ғылыми бағыттарымен үндес етіп алынды: Орта Азияның жалпы тарихи археологиялық мәселелері, жеке аймақтармен жеке ірі нысаналарды археологиялық-топографиялық тұрғыдан зерттеу, археологиялық қазбалардың техникасы, бақылау тәсілдері мен байқалған фактілерді фиксациялау. Оған негізінен М.Е. Массонның шәкірттері жиналады. Олар ескерткіштерді қорғау мен археология мәселелерін талқылайды.

М.Е. Массонның жеке архиві ғалымның өсиеті бойынша екіге бөлінді. Оның бір бөлігі Өзбекстанның Орталық мемлекеттік архивіне берілді. 1996 ж. қараша айында Санкт-Петербургтегі Заттық мәдениет тарихы институтына мынадай мазмұндағы хат келді: «Марқұм жолдасым Михаил Евгеньевич Массонның өсиетін орындай отырып, оның ғылыми архивінің негізгі бөлімін жіберіп отырмын. Заттық мәдениет тарихы институтының архивіне нақ осы материалдар қажет болады деп санаймын». Өзбекстан ғылым академиясының академигі – Г.А. Пугаченкова». Осы жазбадан кейін таяу арада папка-папкаларға бөлінген аталған құжаттар келіп түсті. Бұл оның архивінің едәуір бөлігін құрайтын 40-қа жуық папка.

Санкт-Петербургтегі мұрағатта «Михаил Евгеньевич Массонның жеке архиві» атты құжаттық мұрада Михаил Евгеньевичтің Орта Азиядағы 1920-30 жж. қазбалардан бастап соғыс кезіндегі қиыншылықтарды көрсететін құжаттар, оның ғылыми мақалаларының нобайылары, кітап, қолжазбалары сақталған, археологиялық жетістіктерді таныту мақсатындағы газеттік мақалалар көшірмелері сақталған. Сонымен қатар өз қолымен көшірген жақсы көрген ақындарының өлеңдері сақталыпты. Осы құжаттар оның жан-жақты адам болғанын көрсетіп тұр [142, с. 47 – 49].

Көптеген сирек кітаптары бар М.Е. Массонның ғылыми кітапханасын Өзбекстан КСР-і Мәдениет министрлігі сатып алып осы мекемеге сақтауға берген [3, с. 29]. Қалған құжаттары Өзбекстан Республикасының Орталық архив қорында сақтаулы. Мұнда оның мақалаларының нобайылары, кітап қолжазбалары сақталған. М.Е. Массонның жарияланбай қалған зерттеулері жоқ десе де болады.

М.Е. Массонның жеке архиві ғалымның өсиеті бойынша екіге бөлінді. Оның бір бөлігі Өзбекстанның Орталық мемлекеттік архивіне берілді, екіншісі – Санкт-Петербургтегі мұрағатта сақтаулы.

# 3

# М.Е. МАССОННЫҢ ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

## 3.1. Сайрам ескерткіштерін зерттеуі

М.Е. Массонның алғаш рет қазақ жерінде қашан болғаны беймәлім. М.Е. Массонның Шымкенттің облыстық өлкетану музейіне 1971 ж. 23 мамырда жазған хатында оның алғаш рет Шымкент қаласында 1907 ж. болғанын көрсетеді.

Ташкент қаласындағы Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған «Перечень полевых, экспедиционных и стационарных работ археологического порядка, осуществленных с 1918 года М.Е. Массоном» деген қағазда: 1925 ж. Ескі Сайрам қалашығын, Бесағаш қалашығын, 1927 ж. Тараз бен Айшабибі кесенесін, 1928 ж. Түркістанды зерттегені жазылған [13, д. 105, л. 215].

1925 ж. жазында М.Е. Массон «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитеттің» тапсыруымен Шымкенттік өлкетану музейін ұйымдастыру мақсатында Шымкент қаласында іссапармен болады. Осы сапарда В.В. Бартольдтың ұсынысымен Шымкент қаласына таяу жерде орналасқан Сайрам елді мекені мен ондағы сәулет өнері туындыларын зерттеді. Шымкент музейін қайта ұйымдастыру жұмыстарынан кейін Әулиеата музейін құру жұмыстарымен айналысады.

Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында зерттеуші жұмыс жасаған музейлер тізімі сақталған – «Перечень музеев, в которых работал в разное время М.Е. Массон». Олардың

қатарында Қазақстанның мына музейлері аталады: Шымкенттік, Әулие аталық, Алматыдағы орталық музейі [13, д. 105, л. 214].

Осындай мақсатпен келгенде де қала айналасындағы ескерткіштерді, солардың ішінде Бесағаш қалашығын зерттеген. 1927 жылы М.Е. Массон Әулиеата айналасындағы аймақты тарихи-археологиялық және тарихи-топографиялық тұрғыдан зерттеді.

1928 ж. жергілікті музейлерге кеңес беру үшін және олардағы коллекциялармен танысу үшін «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитеттің» тапсырмасымен сегіз қалада болыпты, олардың ішінде Алматы, Шымкент аталады.

1928 ж. шілде айының 28 жұлдызында аталған комитеттің тапсыруымен М.Е. Массон Түркістан жәдігерлерін зерттейді [143].

Бұдан кейін М.Е. Массон Қазақстанды 1945 ж. Қырғызстандағы Манас күмбезін зерттеуге шақырылғанда басып өткен.

М.Е. Массон нумизматикаға қатты көңіл бөліп Орта Азия республикаларымен қатар Қазақстанда табылған теңгелерді де есепке алып зерттеп отырды. Әулие атадан, Шымкент уездерінен табылған теңгелерді [144, с. 288, 289], қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Шаян айналасынан табылған, Түркістан қаласынан [145, с.12], Қазақстанның басқа да аймақтарынан [146] табылған теңгелерді нумизматикалық тұрғыдан сипаттады.

М.Е. Массон Қазақстандағы археологиялық ашылымдарды, тарихи әдебиетті қадағалап отырды. Кейінгі жылдары да М.Е. Массон қазақ археологтарымен, Шымкенттегі Оңтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейі қызметкерлерімен тығыз байланыста болған.

Оңтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейінің қорында М.Е. Массонның Шымкент облыстық мәдениет бөліміне 1971 ж. 14 тамызында жазған хаты сақтаулы. Онда М.Е. Массон шамамен жарты ғасыр бұрын Қазақстан бойынша тарихи және археологиялық тұрғыдан ең құнды ескерткіштер тізімін жасағанын және олардың 1923 ж. 27 наурыздағы № 52, 5 қарашадағы № 173 Түркістан Республикасының Орталық атқару комитеті және халық комиссарлар кеңесінің шешімдерімен есепке алынып, мемлекеттік қорғауға алынғанын жазады: «Уже около полувека назад я участвовал в составлении списка наиболее ценных в историческом и археологическом отношениях памятников

по Казахстану, которые брались затем на учет и государственную охрану Постановлением ЦИК и СНК Туркреспублики от 27 марта 1923 года за № 52 и 5 ноября того же года за № 173. С 1918 года на протяжении нескольких десятков лет я осуществлял регистрацию монетных находок на территории Казахстана. В 1925 году обследовал Старый Сайрам. В 1925 и 1927 гг. осуществил археолого-топографическое изучение городища Тараза на месте Аулиеата / ныне Джамбул/. В 1927 (году) обследовал по линии Средазкомстариса мавзолей Айша-биби и Бабаджи хатун у селения Головачевского, а в 1928 (году) проводил археолого-топографическое изучение города Туркестана и археолого-архитектурное обследование находящихся там мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви.

Специально по Казахстану имею 9 печатных работ, по вопросам, связанных с прошлым территории КазССР касался во многих своих публикациях по Средней Азии.

1927 г. был избран в Чимкенте почетным членом Сырдарьинского отдела Общества изучения Казахстана, а в 1931 года – членом-активистом Аулиеатинского краеведческого музея.

Прошу рассмотреть мое письмо, как заявление о приеме в члены Чимкентского общества охраны памятников истории и культуры, которому постараюсь быть полезным по мере сил и возможностей.

14 августа 1971 г.

Кисловодск».

М.Е. Массонның аталған аймақтардағы археологиялық нысаналарды зерттеу барысы, ғалымның ашқан жаңалықтары жеке-жеке тараушаларда қаралады.

Қазақстанның белгілі археологтары Х.А. Алпысбаев, М.С.Мерщиев Ташкентте оқып, М.Е. Массонның қолынан дәріс алған шәкірттері болды. Оңтүстік Қазақстан облыстық өлкетану музейінде М.Е. Массонның 1972 ж. 22 қаңтарында жазған хаты сақтаулы тұр. Онда ғалым бүкіл одақтық «Известия» газетінен өзінің шәкірті Хасан Алпысбаевтың тапқан ғылыми жаңалығы – палеолит дәуірі адамының мекендеген үңгірін тапқаны жөнінде хабар оқығанын мақтанышпен жазады.

Қазақстан жерінде М.Е. Массон алғаш зерттеген ескерткіштер топтамасы Сайрам жәдігерлері болды. 1925 ж. жазында

М.Е.Массон «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитеттің» тапсыруымен Шымкенттік өлкетану музейін ұйымдастыру мақсатында Шымкент қаласында іссапармен болады. Осы сапарда В.В. Бартольдтың ұсынысымен Шымкент қаласына таяу жерде орналасқан Сайрам елді мекенін, ондағы сәулет өнері туындыларын зерттеді. Сайрам елді мекенінің тарихы да аса қызықты. Байырғы Сайрам ортағасырлық араб, парсы, түркі шығармаларында жиі аталатын Қазақстанның қалаларының бірі [147, с. 147 – 151].

Ортағасырлық Сайрам қаласының орны Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы – Шымкент шаһарынан шығысқа қарай 10 км қашықтықта, қазіргі аттас елді мекеннің аймағында жатыр. Деректердің алғашқыларында Сайрамның басқа аты жиі кездеседі. Махмуд Қашқаридің 1072–1074 жылдары арасында жазылған «Дивани лұғат ат-түрк» – «Түрік тілдерінің сөздігі» атты еңбегінде «Сайрам ақ қаланың атауы (ал-Мединат ал-Байда) оны Исбиджаб деп те атайды. Оны Сарьям деп те атайды» [147, с. 149]. Осы хабар негізінде 629 жылы Үндістанға сапарға шыққан қытай саяхатшысы Сюань-Цзянның жолсапарында аталатын «Ақсу өзені бойындағы қала» Сайрам деп болжанады.

Сайрам – Испиджаб Ұлы жібек жолы бойындағы ірі қалалардың бірі, ол түрлі діндер: христиандық, зороастрлық және мұсылмандықтың тоғысқан орталығы болды. Мұсылмандық Қазақстан жеріне ене бастаған кезде осы әлемдік діндердің бірі болып табылатын исламның тірегіне айналды. Қазір де Сайрамның әулиелеріне мыңдаған мұсылмандар келіп, зиярат етіп кетуде. Ортағасырлық Қазақстанның тарихындағы көптеген саяси оқиғаларға байланысты Сайрам аталады. Испиджаб бір кездері Тараз, Фараб, Шауғар, Сауран құрамында болған феодалдық иеліктің астанасы болған, оның төл ақша шығаратын теңгеханасы болды.

Алғаш рет Испиджаб IX ғ. бірінші жартысында Бағдадта өмір сүріп, 847 ж. кейін дүние салған белгілі математик, һәм географ әл-Хорезми шығармасындағы бесінші ықылым қалалары тізімінде географиялық координаттары көрсетіліп аталады [148, с. 39, 48]. Сайрам-Испиджаб атауы IX-X ғғ. деректерінде оңтүстік Қазақстанның басқа қалаларымен салыс-

тырғанда жиі кездеседі. 985 жылы құрастырылған араб географы әл-Макдиси шығармасында ертедегі қаланың қысқа да нұсқа сипаттамасы сақталған: «Испиджаб – үлкен аймақтық қала. Оның рабады мен халық мекен ететін мединасы бар. Онда (мединада) базарлар, мата базары және үлкен мешіт бар. Оның (мединаның) төрт қақпасы: Нуджает қақпасы, Фархан қақпасы, Шақрана қақпасы, Бұқара қақпасы, әр қақпаның жанында рабаты бар. Рабаттар: нахшебтіктер рабаты, бұқарлықтар рабаты, самарқандықтар рабаты, Қаратеган рабаты, ал оның ішінде оның қабірі және кедейлерге нан мен тамақ бергізуге өсиет еткен ай сайын 7000 диргем табыс беретін базары бар. Онда (қалада) 1700 рабат бар деседі. Бұл атақты шекаралық қорған және дін үшін соғысатын орын. Оның рабадын айнала қорған салынған, ал оның ішінде қараусыз қалған цитадель бар. Олар егін шықпай қалды дегенді білмейді және харадж (жер салығын) төлемейді. Олардың жемістері шағын; олар көрікті және тәтті; қала таза, әрі тіршілікке жайлы» [147, с. 147].

Зерттеуші шымкенттік мұғалім И.К. Шпотамен бірге екі мәрте Сайрам елді мекенінде болып, оның тарихи жәдігерлерімен танысты. Ғалым көне қалашық орнында 4 күндей болып, көрген-білгенін, ғылыми әдебиеттегі материалдарды қорытқан 1928 ж. «Ескі Сайрам» атты 20 беттік мақала жария етті [149]. Сондықтан осы зерттеуде айтылған пікірлер мен мәліметтерді кейінгі зерттеушілердің мәліметтерімен салыстыра отырып, қысқаша сипаттап өтуді қажет деп отырмыз.

Мақалада ғалым Сайрам туралы жазылған барлық дерлік хабарларды ескерген. М.Е. Массоннан бұрын бұл елді мекенде 1893 және 1894 жж. В.В. Бартольд [150, с.11-115], ал 1923 ж. екі апта бойы П.П. Иванов болып, Сайрам туралы жиған тергендерін жария еткен болатын [151,с.46-56; 152, с.151-164]. М.Е.Массонның 1928 ж. мақаласында П.П. Ивановтың 1927 жылғы мақаласы аталмайды. Осыған қарағанда 1928 ж. басылған М.Е. Массонның мақаласы 1927 жылы ертерек жазылып баспаға өткізілген. Онда «Заттық қалдықтарсыз жазбаша хабарларды түсінуге болмайды және керісінше» деген В.В.Бартольдтың мына сөзі эпиграф ретінде алынған. Ал бұл сөз 1926 жылы № 1 «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитетінің»

хабаршысында басылғанына қарағанда аталмыш зерттеу 1926-1927 жж. жазылып басуға берілген деген тұжырымға келеміз.

М.Е. Массон Сайрамның керуен жолдар тоғысқан жерде орналасқанын және кейінірек пайда болған Шымкентпен осы тұрғыдан бәсекелес екенін айтудан бастайды. Сонымен қатар ғалым мақаласында Сайрамның кейін пайда болған елді мекендермен салыстырғанда басты айырмашылығы – әулие жерлердің көптігі екенін атап өтеді. Сайрам тұрғындары мұны мақтаныш ететінін, әулие жерлер арнайы қолжазбада – «рисоляда» сипатталып жазылғанын айтады. Бұл рисоляның мәтінін Ж.М.Төлебаева 2007 ж. орыс тілінде жария етті [153, с. 393 – 410].

Сайрамдағы кесенелердің ең көнесі деп жергілікті тұрғындар XI ғ. аяғы мен XII ғ. басында өмір сүрген Падшах Мәлік-баба немесе Мырәлі баба ескерткішін санайтынын айтады. М.Е.Массон аталған қыстақта болған кезде оның оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс қас беттерінің бұрыштары сақталған екен. Кесене 25 х 25 х 5 см күйдірген кірпіштен тұрғызылыпты. М.Е. Массон ескерткіш ерекшеліктеріне қарап жергілікті халықтың оны XV ғасырға жатқызатынына қолдау білдіреді. Зерттеуші оның қалдықтарының жоспарын сызып алып өз зерттеуінде жария етті. 1926 жылы аталған кесене қалдықтары толығымен жойылып кетеді де тарих үшін Мырәлі баба ескерткішінің пошымы жөніндегі графикалық мәліметтер тек М.Е. Массон сызған сызбада ғана сақталды.

М.Е. Массонның кітапшасында жазылғанындай қазіргі уақытта Сайрам елді мекенінің түрлі аумақтарында алты күмбез және бір мұнара орналасқан. Өкінішке орай, олардың бірде-бірі бізге өзгеріссіз өз қалпында жетпеген. Сайрамның кез келген ескерткішін алып қарасақ, олар көптеген жөндеу-өңдеуден өтті және XII-XIX ғғ. аралығында бізге көп өзгеріске ұшырап жетті. Соңғы кезде жарық көрген М.Б. Қожаның кітапшасында байырғы Мырәлі баба кесенесі орнына тұрғызылған қазіргі құрылысты XX ғ. 30-шы жылдары салынған дейді [154, с. 14].

Сайрамдағы әулиелер қатарында «сайрамдық» немесе «исфиджабтық» деген тіркестерге қарағанда, – деп жазады М.Е. Массон, осы елді мекен тұрғындарының да діндарлық жолда болғанын көрсетеді. Зерттеуші Сайрамда Қожа Ахмет Ясауидің туысқандарының бейіттері барын, олардың ішінде

Сайрамнан Манкентке баратын жолда әкесі Ибраһим ата күмбезі, Сайрам елді мекенінің ортасында орналасқан шешесі Қарашаш ана кесенесі барын жазады. Аталған ескерткіштерді 1994 ж. жарық көрген «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Оңтүстік Қазақстан облысы» атты энциклопедиялық басылымда Н.Н. Мухамедиева сипаттап жазды [155, с. 204 – 206].

М.Е. Массон кітапшасы бойынша Сайрам елді мекенінің орталығында Қожа Ахмет Йасауидің анасы – Қарашаш ана кесенесі орналасқан. Ғимарат төбесі күмбезбен көмкерілген, оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс қас беттері бір-біріне ұқсас етіп жасалған қуысты порталдармен белгіленген. Қазіргі кесене 1851-1852 жж. тұрғызылыпты. М.Б. Қожаның пікірінше, кесененің бір ерекшелігі – оның қабырғаларының төменгі бөлігіне ағаш кескіндемелер қаланған. Олар бұрыштарда темір құрсаулармен бекітілген. Бұл жер сілкінуге қарсы шеберлердің қолданған айласы. Мұндай антисейсмикалық белдемшелер Қазақстанның басқа аймақтарындағы ескерткіштерінде кездеспейді [154, с. 14].

М.Е. Массон Сайрам елді мекенінің солтүстік-батыс шетіндегі дөң үстінде Қожа Ахмет Йасауидің әкесі – Ыбрайым ата кесенесі орналасқанын жазады. Құрылыс күйдірген кірпіштен қаланып төбесі күмбезбен жабылған, екі терең қуысты порталдары бар.

Бәлегардан кесенесі М.Е. Массон зерттеуінде біршама сипатталады. Бәлегардан мазаратында сұр түсті мәрмәрден жасалған үш көктас бары айтылады. М.Е. Массон олардың барлығын оқып ажыратып, ең ескісі һижра бойынша 827 жылдың раджаб айының 26 күні (1424 жылы маусым айының 24 жұлдызы) дүние салған әмір Қасымның қызына арналғанын жазады [149]. Қалған екі тас XVII ғ. жататынын анықтайды. Кесене ішіндегі, арабша жазуға толы тас тақтайды XII-XIII ғғ. жатқызады. М.Е. Массон кесене құрылысының орыстар өлкені жаулап алғаннан кейін салынғандықтан оның тарихи құндылығы шамалы деп санаған.

М.Е. Массон Әбдел Әзізбабтың VIII ғ. өмір сүргенін және оның мұсылман әскерлерінің жалау ұстаушысы болғанын айтады. IX ғ. ортасына дейін ислам елдерінде қабір үстіне күмбез тұрғызуға тыйым салынғандықтан Әбдел Әзізбаб қабірі үстіне

алғашқы кесене тұрғызу қарахандықтар дәуірінде, яғни, X-XII ғғ. бой көтеруі мүмкін деп санайды М.Б. Қожа. Аталған зерттеушінің пікірінше: «Авторы беймәлім «Рисоля» атты шығармада Әбдел Әзізбабтың ескі кесенесі қираған соң Әмір Темірдің қолбасшысы Наурызахмет жаңа құрылыс тұрғызыпты. Алайда Әмір Темірдің қолбасышылары арасында мұндай есімді шен иесі жоқ болып тұр. Деректерде Барақхан деп аталған Ташкентте және Сырдарияға жақын аймақтарда билік еткен Наурызахмет (1550 – 23 IX 1556 жж.) атты тарихи тұлға белгілі. «Тарихи-и Қашғар» атты тарихи шығармада оны қазақтардың ханы деп атайды. Осы мәліметтерді негізге ала отырып, біз кесене құрылысы XVI ғ. бірінші жартысында болған деп санаймыз. Ескерткіш айналасында кездесетін сырлы қаптаулар да жобамен аталған кезеңге жатады. Уақыт өте келе Наурызахмет салғызған ғимарат тозып бұзылғандықтан оның орнына 1860 жж. аяғында бізге жеткен қазіргі кесене салынған» деп санайды [154, с. 13].

Шығыстанушы, т.ғ.к. З. Жандарбек мұнда Құранның Ықылас сүресі, ғимаратты салған Мұхаммед Қасым Марғилани, ұста Молла Жалил Марғилани, Қожа Хүсейін аттары жазылғанын оқып берді. Сонымен қатар басқа қабырғаларында Қарахан қожаәзізлер, Бәлегәрден деген жазулар ажыратылды [154, с. 13].

Алайда осы құрылыс туралы ана тілімізде алғашқылардың бірі болып жазған Д. Досжанов оның ішкі қабырғаларында жылқылардың суреті салынғанын көрсетеді «... оймыштап жасалған жылқылардың бейнесі салынған... Аспанға шапшып тұрған тұлпардың қара жалы, күмбездің иір иінімен симметрия жасап тұрған бөкселері – суретшінің асқақ қиялының куәсіндей. ... Бірінші аттың арандай ашылған аузы өзінің жалына жармасқан қайдағы бір хайуанаттан шошынғанын аңғартады» [156, 73-б.]. Сайрамда бірнеше күн ғана тұрақтаған М.Е. Массон оларды аңғармай қалған болса керек. Алайда соңғы құрылыстың салынған уақыты жөніндегі М.Е. Массон айтқандарын кейінгі зерттеушілер басшылыққа алуы тиіс.

М.Е. Массон Сайрам елді мекенінде пайғамбарларға байланысты киелі орындардың барын көрсетеді. Мысалы, Йош пайғамбардың кесенесі мен Иса пайғамбардың шешесі Мариам бибі мазары сипатталады. Соңғы құрылыстың орыстар өлкені жаулап алғаннан соң орыс үкіметінің қаражатына салынғаны,

соған қарамастан оның төбесіндегі күмбездің бұзылып ойылғаны айтылады. Бұл құрылысты кейінгі зерттеушілер тіпті атамайды да. М.Е. Массон Қызыр пайғамбар мешітінің жаңадан салынғанын, ескі құрылыстан жер асты «шілдехана» сақталғанын, осы мешітте Түлкібастан алынған тас ұстын барын жазады. Ғалым жер асты құрылысын сипаттап кетеді [149].

Қыстақтың жұма мешіті Ыдырыс-пайғамбар деген атпен белгілі екенін және жергілікті тұрғындардың Ыдырыс-пайғамбарды Сайрамның негізін қалаған деп есептейтіні айтылады. Осы мешітте тұрған тас ұстын М.Е. Массонның ерекше назарында болды. Нақты осы ұстынға деген қызығушылық Орта Азия ескерткіштерінің айтулы зерттеушісі М.Е. Массонды Сайрам елді мекеніне барып оны жеке көруге ықпал етті. М.Е.Массон осы сирек жәдігерді IX-X ғасырларға жатқызды және оның ғылыми сипаттамасын жасады.

Алғаш бұл тіреуге 1866 ж. Сайрам арқылы өткен жазушы А.К. Гейнс назар аударғанын М.Е. Массон жазады: «Мешіттің төбесі ішінен көптеген ағаш ұстындармен тірелген, олардың ішінде біздің назарымызға қатты құмтастан қашалған өте көне тіреу түсті. Оның сырт пішіні біздің байырғы шіркеулердегі орта беліне таман тарылатын шағын ұстындарына ұқсас. Онда беймәлім сына тәрізді әріптер бар. Г. және П. (А.К. Гейнстің жолсеріктері) оларды ескі славян әріптері деп таныды. Олар бұл жаққа қалай келген деген сұрағыма татар шапқыншылығы кезінде әкелінілуі мүмкін деп жауап қайтарды. Осы сұраққа жауап іздеп бізді қоршап тұрған құрметті сайрамдықтарға сауал салғанда олар: «Бұл ұстынды Адам атаның бір баласы жасаған және ол ешбір жақтан әкелінбеген, бұл ертеден осы жерде тұр» деп айтты. Ыдырыс пайғамбардың осы айтулы жәдігері көптеген зерттеушілерді қызықтырды.

Ұстынның биіктігі 2,56 м және оның іргесіндегі орташа диаметрі 62,3 см тең. Осы сары құмтастан қашалған. Тіреудің төменгі бөлігі жартылай шар мен шамалы қысылған толық шар іспетті етіп жасалған. Толық шар үстіне жоғарыдан төрт жапырақ іспетті сыналар түсірілгенге ұқсайды. Оларға қарама-қарсы жарты шардан осындай сыналар жасалған-ды. Ұстынның бұдан жоғары бөлігі белбеуге дейін сығымдала түседі. Белбеуден жоғары ұстын кеңейе түседі.

Ұстынның орта белінде және жоғары жағында әсем, һәм нәзік куфи үлгісінде жасалған жазулар ойылған. Онда ислам дінінің негізгі қағидалары жазылған. Оларды алғаш оқып аударған 1884 ж. Сайрам ескерткіштерін тамашалаған шығыстанушы Н.И.Веселовский болғанын М. Қожа анықтады. Ол өзінің жарияланбай қалған есебінде: «Сайрамның барлық мешіттері жақын арада қайта салынған және сондықтан оларда байырғы жазулар жоқ. Оларда тек зияратқа келгендердің жазбалары бар. Олардың тарих үшін маңызы болмаған соң көшірілмеді. Ыдырыс мешітінің бастырмасында құмтастан жасалған бір тіреу назар аударарлық. Онда кейбір өрнектер және арабша «Алладан басқа Құдай жоқ», «Алла бір» жазылған» – деп көрсетеді [154, с. 13].

XX ғ. басында ұстын киелі болып саналған, апта сайын өтетін зікір салу барысында кейбір зікірге қатысушылар оны екі қолымен құшақтап айналған. М.Е. Массонның тумаған бір әйелдің ұстынды тәуба еткен рәсімін көріп жазғаны бар: «Менің көзімше мешіт қақпасына атпен келген салтанатты киінген, басында сәукелесі бар жас қазақ келіншегі көлігінен түсіп, жылдам қадамдармен ауладан өтіп, сыпа үстіне көтеріліп, ұстынға жақындады. Қолдарымен ұстынды құшағына алып оған жабысты. Екі рет оны айналып шығып, үш мәрте маңдайын ұстынға тигізді. Осыдан соң мешіттен жылдам шығып, зияраттан таяу арада нәтиже болатынына сеніммен далаға бағыт алды» [149].

XX ғ. бірінші жартысында Ыдырыс пайғамбар мешіті қиратылды, ал аталған ұстын қазіргі уақытта Сайрам ауылы музейінің алдында тұр. Алайда ұстынның төменгі бөлігі цементпен құрсауланғаннан оның тұла бойын тамашалау мүмкін болмай тұр. Аталған ұстын ортағасырлық Сайрамның тас өңдеу өнерінің жалғыз туындысы емес. Санкт-Петербургтегі Эрмитажда осы Сайрамнан алынған тағы бір ұстын, ал Шымкенттегі облыстық өлкетану музейінде бетінде жазулары бар тас астау қойылған [154, с. 11].

Ұқсас жазуы бар тас тақтай бөліктері Қарашаш ана кесенесі мен Култул мазарында бары айтылады. Бұл тастар туралы бұрын-соңды бірде бір зерттеуші жазбаған. Қазір оның Сайрам музейі алдына көшіріліп, цемент құрсауында тұрғаны баспасөз бетінде жазылуда [157].

М.Е. Массонның байырғы қала қалдықтарының жалпы сипаттамасы да құнды. Ғалымның айтуынша, қалашықтың орталығы жоспарда шеткі бұрыштары дөңгелене келген төртбұрышты, 550 х 500 м және биіктігі 3-5 м төбешік болып қалған. Қала суды шығыс жақтан істелінген арық арқылы алып отырған. Жалпы қалашық ауданы 28 га, оның аумағы, қақпалардың орналасуын шахристанға баламалауға болады деп санайды М.Е.Массон.

Кейін қала қамалға айналады. Цитадель осы шахристанның бір бөлігінде немесе шахристанның бір бөлігін алып жатқан деп болжайды ғалым. Қаланың төрт қақпасының орнынан басқа ешнәрсе сақталмаған. Батыс қақпа Шымкент дарбаза деп аталған. Одан алыс емес жерде сыртқа толық шығып тұрған мұнара байқалады. Қаланың солтүстік қақпасы Белдарбаза деп аталған. Ал шығыс қақпа – Қарамуратқақпа, оңтүстік қақпа – Базарқақпа деген атпен белгілі болыпты.

Шымкент қақпасынан батысқа қарай бір шұңқырды тазалаған М.Е. Массон оның ішінен жануарлардың сүйегі, әйнектің сынығы және екі шырақ табылғанын көрсетеді. Шымкент музейінде тұрған, Сайрамнан табылған не мақсатта пайдаланылғаны белгісіз бір зат мақалада сипатталады, оның реставрациясын М.Е. Массонның өзі жасаған.

М.Е. Массон Испиджаб пен Сайрам жөніндегі сол кездегі барлық жазба деректерді ескеріп, ондағы мәліметтерді байырғы қалдықтармен салыстыруды жүргізеді. Ол ең алдымен жазба деректерде аталатын рабадты қоршаған қабырғаны іздейді. Сырттан келген бір қазақ оған Сайрамсудың сол жағында үйме жал барын айтады. Ол қалашықтан 3,5 км қашықтықта қаланың бірінші сыртқы қабырғасының қалдығын тауып сызбасын жасайды. Осы бағытта жүре отырып екінші сыртқы қабырғасы Ботбай ауылының айналасынан табылады. Бұл қабырғасы бойында М.Е. Массон екі мұнара іздерін сипаттап кетеді.

М.Е. Массон екінші қабырғаның Сайрам орталығынан 7,5 км, бірінші рабад қабырғасынан 5,5 км қашықтықта жатқанын анықтайды. Сыртқы қорғанның шығыс пен батыс қабырғалары арасының қашықтығы 11 км. Топографиялық белгілер негізінде жасалған болжам бойынша айналма сыртқы қорған қабырғасының ұзындығы 42 км. XIII ғ. парсы тарихшысы Рашид-ад-диннің шығармасында мына төмендегі сипаттаманың пайда

болуына Сайрамды қоршаған сыртқы ұзын қабырғалары негіз берген: «Кәрі Сайрам қаласы өте көне және өте үлкен қала; оны көрген адамдардың айтуынша оның бір шетінен екінші шетіне дейін бір күндік жол; қырық қақпасы бар» [149].

Өзінің зерттеп, бақылаған мәліметтері арқылы және жазба деректердегі келтірген фактілерді салыстыра отырып М.Е.Массон мынандай қорытындыға келген. Сайрамды байырғы Исфиджаб деп дәл есептеуге күмән бар. Осыған байланысты М.Е. Массон: «Бұл мәселені шешуде әлі де әдебиет деректерді сын көзбен қарап, Сайрамды жан-жақты зерттеу керектігін айта келіп, Сайрамның ескі Исфиджаб болмауы мүмкін деген ойға келеді». Сайрамның археологиялық ескерткіштерін зерттеп жүрген Б.Ә. Байтанаев Сайрамның байырғы Испиджаб екеніне сенімді [158, с. 37].

Алайда қалашық орталығында жүргізілген қазба жұмыстары X ғ. ертерек мәдени қабаттар табылмағанын көрсетіп [159] Сайрамның бұрынғы Испиджаб екеніне күмән туғызуда. Сондықтан М.Е. Массонның бұрынғы тұжырымы әлі де күшінде деуге негіз бар. Алайда жазба деректердегі мәліметтерге қарағанда қаланың VII-VIII ғғ. болғанын көрсететін мәліметтер бар.

Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насаб-нама» атты шығармасында Сайрамды араб әскерлерінің басып алуы суреттелген: «Сайрамда бір патша бар еді. Аты Көркөз еді, лақабы Нахибдар еді. Сайрам елі 160 мың үйлік тарса еді. 300 рустайысы (елді мекені) бар еді. Барлығы тарса еді. Ысқақ баб Нахибдарды иманға шақырды. Нахибдар айтты: «70 атамнан бері тарсамын, менің дінім – хақдүр. Сенімен соғысамын» – деп айтады. 3 түн және күн шайқасты, 10 мың тарса өлді, 5 мың мұсылман шаһид болды. Шаһид болғандардың ішінде ең атақтысы ... Ысқақбабтың жалау ұстаушысы – Абд ал-Әзиз бар еді. Сайрамда ...Хийалық ата қалдырылды. Ол 45 жыл илму-хикмет айтты». Осы деректе Ысқақ бабтың Сайрамда үлкен мешіт салдырғаны айтылады [160].

М.Е. Массонның «Ескі Сайрам» атты мақаласындағы мәліметтер әзірге дейін құндылығын жоғалтпаған. Сайрамның М.Е.Массон жасаған сызбалары әлі де Сайрам жөніндегі мақалалар мен кітаптарда жарияланып келеді. Сайрамдағы сәулет өнері ескерткіштерінің барлығында М.Е. Массонның зерттеуі келтіріліп келеді.

Соңғы кезде Сайрам ескерткіштері жөнінде баспасөз бетінде жарияланған М.Б. Қожаның мақаласында тарихи орындар көп өзгеріске ұшырағанын жазады:

«...Ыбырайым ата кесенесі алдында тұратын тас құтыны /шамамен XI-XII ғасырларда дүниесін/ өз орнынан таба алмадық. Сол заттың болғанын естеріне түсірсе де оның қайда кеткенінен ешкім хабарсыз болып шықты. Қолды болған ба, ол қайда? Ол ортағасырлық тас ою өнерінің тамаша үлгісі болатын. Кесене есігі бірнеше мәрте бұзылып садақа ұрланыпты, ал 10 жылдай бұрын іштегі сейфті алу үшін имансыз ұрылардың ғимарат қабырғасын тесіп кіргенін естігенде жағамызды ұстадық. Осылай жалғаса берсе «атың шықпаса жер өрте» дегендей, Қожа Ахмет Ясауидің әкесінің кенесін құлатқан ел ретінде атымыз кем дегенде түркі әлеміне шықпасына кім кепіл. Осы жағдайларға қарап тарихи мұраға негізгі қауіп адамнан келе ме деп ойлайсың.

Сайрамдағы Салық қожа, Қарашаш ана, басқа да кесенелер соңғы 10 жыл көлемінде өзгеріске ұшыраған. Бірінің төбесі ескерткішке үйлеспейтін қаңылтырмен қапталса, бірінің қас бетіне қазіргі заманғы мәрмәр тақтайша жапсырылған. Сайрамда белгілі ғалым М.Е. Массон көріп жазған көптеген дүниелерді іздеп таппайсың. Ескінің лебі, байырғы шебердің өнері азайып барады» [157]. Міне, сондықтан М.Е. Массонның Сайрам ескерткіштерін зерттеудегі еңбегі ерекше бағалы болып қала бермек.

М.Е. Массонның еңбегі Сайрам ескерткіштерінің әлі де көп өзгеріске ұшырамай тұрғанда өз көзімен көріп жазылғандығымен құнды. М.Е. Массон жазып сипаттаған көптеген ескерткіштер байырғы қалпынан айырылған. Еңбекте бірнеше фотосуреттер, ескі қала бөліктері түсірілген сызбалар беріліп, қазіргі уақытқа дейін байырғы Сайрам туралы жазылған еңбектердің ең құндысы болып табылады.

## 3.2. Түркістан ескерткіштерін зерттеуі

Түркістан оазисіндегі археологиялық ескерткіштерді зерттеу жұмыстарының өзіндік тарихнамасы бар. Осы жұмыстардың басында М.Е. Массон тұрғанын бір топ зерттеушілер атап өтеді. Мысалы, М.Е. Елеуовтің оқу құралында мынадай мәлімет бар: «Түркістан қаласындағы алғашқы қазба жұмыстары да Ахмет

Ясауи кесенесінде басталды. 1928 ж. М.Е. Массон кесененің тұғырын (фундаментін) зерттеу мақсатында 7 жерде байқау қазбаларын жүргізіп, құдықты тазарту жұмыстарына бақылау жасады» [143, 6 б.].

Расында 1928 ж. шілде айының 28 жұлдызында «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитеттің» тапсыруымен Орта Азия бас музейі қызметкерлері М.Е. Массон және Турды Миргиязов Түркістан қаласына аттанады. Бір апта көлемінде Түркістанда зерттеу жүргізді, алғашқы қазба жұмыстарын салды. М.Е. Массон Қожа Ахмет Йасауи кесенесін зерттеуге басты назар салды. М.Е.Массонның зерттеуі қысқа болса да аса нәтижелі болды. Зерттеуші келе салысымен екі еңбек жазды.

М.Е. Массонның 1929 ж. «Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет кесенесінің құрылысы хақында» деген мақаласы жарық көрді. 7 беттен тұратын бұл мақала сәулет өнері ескерткіші жөнінде бір топ жаңа мәлімет берді. Біріншіден алғаш рет қазылған шұңқырларды археолог қарап, онда материалдар арқылы осы орында болған қала жөнінде, оның мәдени қабаттары жөнінде алғашқы тұжырымдар жасайды. Автор Қожа Ахмед Ясауи бейіті үстінен ол қайтыс болған соң Өзгенттегідей немесе Манас күмбезіндей құрылыс тұрғызылған болса керек деген болжам айтты [161, 40 б.].

Әмір Темір байырғы кесенені жаңа алып құрылыспен ауыстыруда өзінің империясының қуаттылығын көрсетуді мақсат етті дейді М.Е. Массон. Ташкенттегі Орта Азиялық мемлекеттік кітапханадағы Шараф-ад-Дин «Зафар-наме» шығармасының қолжазбасына сүйене отырып, «Темір қасиетті мазарды қайта құру жөнінде биік үкім шығарды» деген жолдарды алға тартады [161, 40 б.].

Ескі қолжазбаларда аталған ғимарат бір, не болмаса екі жылда салыныпты дегенге М.Е. Массон орынды күмән келтіреді. Мысалыға Самарқандағы жұма мешіт құрылысының 3-4 жыл қатарынан жүргенін алға тартады. Құрылыс басы Шараф-ад-Диннның «Зафар-намесі» бойынша һижра бойынша 799 ж. аяғында Әмір Темір Қожа Ахмед Ясауи бейітіне зиарат жасаған / бұл жылдың соңғы күні М.Е. Массонның есебінде біздің санауымыз бойынша 1397 ж. 23 қыркүйегі болып табылады/.

Қожа Ахмед Ясауи бейіті басындағы шырағдандардағы жазуларға қарағанда олар һижра бойынша 799 ж. жасалыпты. Осыларға қарағанда олар Әмір Темір келмей тұрып жасалған деген тұжырым орынды. Ал ішкі есіктің қола тоқылдағында да һижра бойынша 797 ж. көрсетіліпті. Міне, осының барлығы ғимарат құрылысы Әмір Темірдің һижра бойынша 799 ж. зиаратынан кем дегенде бірнеше жыл бұрын басталғанын көрсетеді деген орынды қорытынды жасайды М.Е. Массон [161, 42 б.]. Шараф-ад-Дин өз шығармасын болған оқиғалардан әлдеқайда кейін, оқиғалардың дәл уақыты ұмытыла бастағанда жазуды бастаған. Сондықтан бұл хронологиялық қате деп көрсетеді М.Е. Массон [161, 42 б.].

М.Е. Массон ғимараттың ертерек салынғаны жергілікті аңыздарға сай келеді дейді. Ол Молла Имам Сығнакидің «Сұлтан ...» деген еңбегін алға тарта отырып Алтын Орда ханы Тоқтамыс Қожа Ахмет Ясауи кесенесін және оның қасындағы шайқыларды тонағанын, әулие жер үшін Темір жорыққа аттанып, татарларды «Есіл су» қасында талқандағанын, қолға түскен үлкен олжа есебінен үлкен кесене тұрғыза бастағанын айтады [161, 42 – 43 бб.].

М.Е. Массон ғимарат қабырғаларын айнала жазылған Құран сүрелерін қышпен қалаған ұстаның есімін тауып, оның қай жылы жазылғанын көрсетеді. М.Е. Массонның пікірінше, осы ұста тек қабырға жазуларын жазып аяқтаған. Ұста есімі Қожа Хасан екенін көрсетеді. Бұл жұмыс һижра бойынша 800 жылы, яғни біздің санауымызбен 1397/8 жылы аяқталған. Бұдан кейін күмбездерді және күмбездерге өту қабырғаларды осылай өрнектеу біраз уақытты талап етті [161, 43 б.].

Шараф-ад-Дин қолжазбасы бойынша биік портал, екі мұнара, шаршы үлкен бөлме /бір жағы 30 кез/, шайқы бейіті жатқан күмбезді бөлме, олардың екі жағында мәжілістер өтетін екі бөлме, зиаратқа келгендерге және басқа қажеттіліктерге арналған бөлмелерден тұрды [161, 40 – 41 бб.].

М.Е. Массонның Қожа Ахмет кесенесі жөніндегі екінші еңбегі 1930 ж. жарық көрді. Қазақстанды зерттеу қоғамының Сырдариялық бөлімінің басқармасының қаулысына сай Ташкентте шығарылған 23 беттен тұратын, 2 мың данамен шығарылған кітапша «Массон Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» деп аталады. Ол Қожа Ахмет Ясауидің өзіне және ғимаратына

қатысты алты тараушадан тұрады. Төрт фотосурет және кесене жоспарын көрмеген кісіге ескерткіштің сұлбасын танытады [162].

Алғашқы бөлімде ғалым Қожа Ахмет Ясауи туралы мәліметтер береді. Ол Қожа Ахмет Ясауи сопылық жолға түскен кісі екенін, әкесі жергілікті түркі Ибраһим, оның әкесі Махмұд, оның әкесі Ифтиһар еді дейді. Қожа Ахмет Ясауи жергілікті түркі шайқы Арыстанбаб назарына ілігеді. Ұстазы қайтыс болған соң Бұқара қаласына барып, Қожа Жүсіп Хамаданиден дәріс алады, одан сопылық ақиқатты тану жолын – «тариқатты» үйретуге «иршад» – рұқсат алады.

М.Е. Массонның пікірінше, жалған шежіре бойынша ол араб текті Фатима тұқымынан, он бірінші бабасы әулие Ысқақбаб. Аңыз бойынша ол алдымен Сайрамда тұрған, онда оның әкесі, анасы және екі баласы: Лятиф ата мен Мұстафа Құл ата. 1896 ж. дейін Түркістанда деп жазады. М.Е. Массон Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне таяу жерде оның қызының «Джемаль-ханым» /Жамал болса керек/ мазары болыпты. Қала сыртында оның екінші қызы Гаухар-хуштадж /Гауһар-қоштәжі болса керек/ кесенесі бар дейді [162, с. 3, примечание 2].

М.Е. Массонның пікірінше, оның танымал болуы оның рухани тазалығында: «Его нравственный авторитет привлекал к нему даже издалека людей, искавших совета и утешения. Живым примером личной жизни и простым, легко доступным пониманию языком, убежденно призывал Ходжа Ахмед приходивших к нему к следованию добру, нестяжетельности, смирению и послушанию учителю, как того требует суфийское учение» [162, с. 4]. М.Е. Массонның пікірінше, «Түркі тектес көшпелілер мен отырықшы Орта Азия мұсылмандары үшін ғұмырын кедейшілікпен өткерген йасылық әулие ұлт мақтанышына айналды» [162, с. 4].

Бұл кесене Әмір Темірдің тапсыруы бойынша салынған. Бұл арада Темір оны саяси бағытты көздеді деп көрсетеді М.Е.Массон. Үнемі өзінің тылына, астанасына қауіп төндіріп отырған көшпенділер оның стратегиялық ойларын жүзеге асыруға кедергі жасады. Сондықтан олардың ұлттық сезіміне әсер етіп, ислам дінін насихаттайтын халықтар рухани жағынан бір деп көрсету, міне, негізгі мақсат осы еді [162, с. 4].

Түркі шейхының моласы үстінде жаңа мавзолей салу Темірдің Яссыда болған кезінен басталады. Бұл кезең «жеңіс кітабында» 1397 ж. деп көрсетілген. Мұнда негізгі мұнараның диаметрі 41 гязға тең болуы керек. Алдында биік портал екі минаритпен болуы тиіс еді. Оның артында төрт бұрышы әр жағы 30 гяз болатын бөлмелер бар. Осы кезеңдегі архитектуралық стильге байланысты мавзолейдің күмбезі және қабырғалары ойылып істелінген. Осы арқылы мұнда істеген шеберлердің аттарын білуге мүмкіндік туды.

Мавзолей екі жыл ішінде салынып бітті деген дерекке күмәндануға болады. Негізгі порталдың бейнесі мұнда құрылыстың ешқашан аяқталмағанын көрсетеді. Сол сияқты мұнда құрылыстың басталуына байланысты Массон былай дейді: «ішкі есіктің бөлігінде жазылған 794 ж. 1394/5 жылы/ мұнда құрылыстың 1397 жылдың күзінде басталды деуге негіз бермейтін. Ол бірнеше жыл бұрын басталса керек, ал Темір құрылысының салынып жатқан кезінде келген» [162, с. 6].

Орыстар жаулап алғаннан кейін ескерткіштің бір бөлігі бірнеше жыл бойы әскери қоймаға айналды. Осы кезде мавзолейді қирату туралы қаулы алынды. Алайда Ташкенттен келген қаулы мұны тоқтатты. 1884 ж. қазынадан 15 мың ақша бөлініп мавзолейдің төменгі қабырғасының төбесі жөнделді. Археологиялық байқаулар және кейбір жазбаларды оқу нәтижесінде бұл Орта Азиялық ескерткіштің тарихына жаңа фактілер қосылды.

М.Е. Массон бұл ескерткіштің тарихи-архитектуралық мазмұны ерекше назар аударатындығын, Орта Азияда, өзінің ойы және жоспары бойынша салынған мавзолейге тең келер ескерткіш жоқ деп санады. Ол өте құнды. Өзінің ерекше белгісімен қатар сол кездегі Сасанидтер стилі мен византиялық архитектураның белгісі де байқалады.

Мавзолей алебастрлық кірпіштерден істелген және өте мықты болған. Мавзолейдің фундаменті тереңдігі 25-30 см болатын, бірнеше қатар кірпіштен салынған. Ал фундаменттің бұлай болып келуі ескерткіштің бірте-бірте қирауына әкеліп отырған. Осыған қарамастан бұл мавзолей өзінің сақталуы жағынан бірінші орындардың бірінде тұрады. Бес ғасырға жуық өмір сүрген бұл жердің мәдени қабаты 0,90-0,19 м жетеді. Барлық жазуларда «құдай», «биік құдайға берілген», «Мұхамед» деген сөздер көптеп кездеседі. Археологиялық қазба нәтижесінде мавзолейдің

шеткі екі есігі үнемі жабық тұрғаны байқалады, ал келген адам негізгі орталық есіктен кіретін. Осыдан кейін ол төрт бұрышты әр жағы 18,5 м болып келген бөлмеге енетін. Мұнда охрамен жазылған өрнек байқалады. Бөлменің ортасында үлкен адам бойындай биік қола қазан тұр. Осының негізінде бүкіл бөлме қазандық деп аталған. Мұнда әдейі істелген тәттілеу тамақ «халим» деп аталатын. Оны келген адамдарға беріп отыратын [162, с. 6].

М.Е. Массон қазандықтың екі жағында бірнеше ұзын бөлмелер болғанына назар аударады. Оларды алып залдың тіреулері іспетті етіп құрылысшылар ойластырған [162, с. 13]. Үлкен Ақ сарай мен Кіші Ақсарайлар мәжіліске арналған. Кейінгі кезде оларға адам жерлеген. Олардың ішінде төбешік іспетті етіп топырақтар үйіліпті. Кей жерлерде ағаш тығылып қойылған, бұл алыста өлген қазақтардың жаны үшін деген белгі болса керек.

Үлкен портал жартылай қараңғы қазандық, әйгілі суфийдің қызыл түспен көрінетін моласы шейхтардың неше түрлі сыры мол әңгімелері құдайға сенген адамдарға үлкен өшпес әсер қалдыратын:

«Еңсені басқан кесененің қас беті, жартылай қараңғы атшаптырым бөлмедегі тайқазан, мәшһүр сопының күннің қызғылт сәулесі түскен қабірі, шайқылар сыбырлап айтқан кереметтердің құпиясы – бәрі де дінге құлай берілген жандарға ғажап әсер қалдырады. Тіпті санасы дінмен аса улана қоймаған көшпелі қазақтардың өздері көріп естігенін жұртқа жайып, шындық пен қиялдың ара-жігін ажырата бермейді, һәм екіншісіне көбірек сенеді. Қожа Ахмет туралы аңыздарды далалықтар шын ықыласымен қызыға айтып береді» [163, с. 25].

М.Е. Массон алғаш рет Қожа Ахмет Ясауи кесенесін тұрғызу кезеңдерін белгіледі. Оның болжамы бойынша әулие қабірі үстіне алғашында XII ғ. Қырғызстандағы Узгенд немесе Манас күмбездері іспетті шағын кесене тұрғызылған [161, 40 б.]. Кейін осы болжам шындыққа айналып, кесенені жөндеу барысында көрхана қабырғасы ішінен көне мавзолей қалдықтары табылды [164, с. 50 – 69; 165, 166, с. 9, 14].

М.Е. Массон «Зафар-наменің» түрлі қолжазбаларындағы хабарларды өзара және Мирхонд еңбегіндегі мәліметтермен салыстыра отырып, құрылыс жұмыстары Темірдің зиаратқа келген кезінен бастап, яғни 1397 жылдан ертеректе басталғанын,

пештак XIV ғ. және XVI ғ. екі кезеңде салынғанын немесе XIV ғ. бірден көтерілген деп жобалады. Өз болжамын дәлелдеу үшін жоғарыдағы дәйектерге қоса кесенедегі жазулардағы даталарды алға тартады. Кесенеде реставрация жүргізген Л.Ю. Маньковская өз зерттеулерінде құрылыстың 1389 – 1399 жж. екі кезеңмен жүргенін және кесенені аяқтау мен өңдеу жұмыстары 1591 – 1592 жж. болғанын көрсетіп, М.Е. Массон жорамалының негізінен дұрыс екенін қуаттады [166, 11 б.]. Кесенені салуға қатысты ұсталардың есімдерін нақтылады, сол кезге дейін белгісіз болып келген сырлы қаптауларды дайындаған Шамс абд-ал Вахаб есімді шебердің атын тапты [167; 168. С. 44 – 53].

Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің іргесіне 7 шурф-қазба салды және археологиялық байқаулар жүргізді. Сол кезде қазылып жатқан құдыққа назар аударып, оны қазу барысында 3,5-5 м тереңдікте адам сүйектері, табыттың шегелері мен мәйіттерді орап көмген тері қалдықтары көптеп шыққанын, кесенені қаптайтын өрнекті қыштардың және бірнеше ыдыс сынықтарының кездескенін жазып, 5 м тереңдіктен шыққан өрнекті қаптаманы XII-XIII ғғ. жатқыза отырып, бұдан ертеректе болған археологиялық қабат қалдықтарын таппағанын жазады. Аталған артефактілермен және 1352 ж. сәуірдің 7 жұлдызында жасалған ұстынның болуын ескере отырып, Түркістан қаласының орнында қала болғаны жөнінде пікір айтты.

М.Е. Массонның Түркістан жөнінде жазылған еңбектері аталған өлкені зерттеудің ғылыми негізде жасалған бірден бір үлгісі болып табылады деп жоғары бағаланып келеді [169, с. 65; 6, с. 93; 170, с. 237 – 241]. М.Е. Массонның зерттеуінің басты ерекшелігі тек нақты айғақтармен жұмыс жасап ешбір орынсыз жорамалдарға жол бермеуінде. Мысалы, Түркістан өңірінде археологиялық барлау жүргізбегендіктен осы аймақта болуы тиіс Шауғар қаласының орны қай жерде деген мәселе жөнінде ешқандай нақты пікір айтпады. Кейінгі кейбір авторлардың дәйексіз Шауғарды Шойтөбемен баламалаулары орынсыз екені, Шауғар-Қаратау-Қарашоқы сөздері бір-бірінің баламасы екені, оның Қарашық бойындағы қалашыққа сай келетіні анықталды [171, с. 6].

М.Е. Массонның ағаштан жасалған екі ұстын-тіреуді тапқанын ерекше атап өтуді қажет етеді. Осы ұстынның ерекшеліктерін анықтаған зерттеуші. Оның бірі 1352 ж. сәуірдің 7 жұл-

дызында жасалғанын жария етті. Екінші ұстын һижра бойынша 876 жылы, яғни 1471 жылға жататынын анықтады. М.Е.Массонның 1950 жылы Г.А. Пугаченковамен бірге жазған «Гумбез Манаса» атты кітабында Өзбекстан тарихи музейінде сақтаулы тұрған Түркістан қаласындағы көне ағаш ұстын фотосуреті берілген [71, 33-сурет].

Қазақстанды зерттеу қоғамының Сырдария бөлімшесінің басқармасының қаулысымен М.Е. Массонның Қожа Ахмет Йасауи кесенесі жөнінде жазған еңбегі шағын кітапша көлемінде болса да бір монографиямен пара-пар десе де болады. Себебі, М.Е. Массон жаңа зерттеуінде кесене тарихын археологиялық және тарихи-сәулеткерлік тұрғыдан қарастырылып қана қоймай, қала тарихы, Әзірет Сұлтан тарихы қолда бар барлық деректер негізінде қысқа болса да баяндаған. Кесене толыққанды сипатталған, аңыз-әңгімелер де келтірілген. Кесенедегі, не оның айналасындағы молалар мен құлпытастарды сипаттап кетуі де аса құнды.

Осы кесенеде жерленген деп жүрген Әбілқайырдың құлпытасы шындығында Сүйініш хан құлпытасы екенін көрсетеді: «Большой Ак-сарай соединяется с «казанлыком» вторым юлаком, в котором среди других надгробий лежит крупный камень Суюнич-хана, обычно приписываемый его отцу Абулхаиру» [162, с. 17]. Осы кесенеде М.Е. Массон Сүйініш хан құлпытасын көрген соң 1930 жылғы кітапшада аталған хан осы түркістандық кесенеде жатыр деп жазады [162, с. 8]. Алайда М.Е. Массон 1954 ж. Ташкент ескерткіштеріне арналған зерттеуінде оның қабірі мен кесенесі Ташкентте екенін көрсетеді, 1930 жылғы кітапшасында ғалым құлыптастағы жазуға қарап Сүйініш хан расында Түркістанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген деп қателескен [172, с. 126].

М.Е. Массонның 1930 ж. «Қожа Ахмет Йасауи кесенесі» атты еңбегіндегі екінші қателік тағы осы кесенедегі Әмір Темірдің «қолхатына» байланысты. Мұнда М.Е. Массон қолхатқа толығымен сенген. Ол шын мәнінде кейін жасалған құжат болып шықты [171, с. 14]. Бастапқыда бұл құжатты жан-жақты тексерместен А.А. Диваев жариялаған болатын. Осы құжатты бір топ түркістандықтар Сырдария облысының әскери губернаторының алдына тарта отырып, өздеріне артықшылықтар мен салықтық жеңілдіктер сұрағандығы жөнінде әуесқой археологтар үйірме-

сінің хаттамасында жазылған. «Темірдің қолхатының» түпнұсқасын архивте көріп зерттеген маман О.Д. Чеховичтің пікірінше, оның бетіндегі мөр басқа бір құжаттан ойып алынып жапсырылған, ал жалпы оның бетіндегі жазу сиясы ешбір көне құжаттардыкіне келмейді. Сондықтан ескі шығыс құжаттарды зерттеуші маманның тұжырымы бойынша: «Темірдің қолхаты» – аса дөрекі жасалған жалған құжат». Осы қорытындының дұрыстығын қуаттайтын екі нәрсеге М.Б. Қожа назар аударады: Біріншіден, бұл қағаз расында, о баста болса, ол шығыстанушы П. Лерх тізімін берген түркістандық шайқы Насрулла қолындағы қожа Ахмет кесенесіне артықшылықтар берген 15 құжаттың ішінде аталуы тиіс еді. Ал шайқы Насрулла қолындағы құжаттардың ең көнесі Абдаллах хан қолхаты екенін П. Лерх жазады. Екіншіден, «Темір қолхатында» қала аты Темір заманындағыдай Йасы делінбей, Түркістан деп жазылғандығында [171, с. 14].

Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде жүргізілген тарихи-антропологиялық зерттеулер шайбанилік Сүйініш хан құлпытасы Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде тұрғанмен оның құлпытасы XVIII ғ. Абылай хан үшін Ташкент қаласынан әкелінгенін көрсетті [173, с. 57 – 68].

М.Е. Массонның 1930 жылғы «Қожа Ахмет Йасауи кесенесі» атты еңбегі 2000 ж. қазақ тіліне Сәрсен Бек Сахабаттың ықшамдаған аудармасымен басылды [163]. Өкінішке орай, М.Е.Массонның кітапшасын қазақшаға аударуда дәлдік сақталмаған, қысқартылып аудару орын алған, кейбір сөйлемдер ауытқып дәл берілмеген.

М.Е. Массонның зерттеулері осы күнге дейін өзінің құндылығын жоғалтқан емес. М.Е. Массонның ізденістерінің нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанның көптеген сәулет өнері мен археологиялық ескерткіштері жөнінде аса бағалы зерттеулер жазылды.

Қожа Ахмет Йасауи кесенесі туралы жазылған еңбектердің ішінде Михаил Евгеньевич Массонның зерттеулері тереңділігімен ерекшеленеді. М.Е. Массон Түркістанның сәулет өнері мен археологиялық ескерткіштерін зерттеуге үлкен дайындықпен келді деуге негіз бар.

Қорыта айтқанда, М.Е. Массонның зерттеулері, әсіресе, Қожа Ахмет Йасауи кесенесі мен Түркістанның басқа ескерт-

кіштері жөніндегі жинаған материалдары, жазба деректердегі хабарлар мен аңыз әңгімелерге дейінгі мәліметтерді пайдалануы, оларды талдауы, салыстыруы археологиялық-тарихи зерттеудің тамаша үлгісі болып табылады.

## 3.3. Тараз аймағындағы ескерткіштер жөніндегі зерттеулері

1927 жылы М.Е. Массон Әулиеата айналасындағы аймақты тарихи-археологиялық және тарихи-топографиялық тұрғыдан зерттеу жұмыстарын жүргізді. Тарихи әдебиетте б.з. VI ғ. белгілі Тараз қаласы Әулиеата қаласы орнында болғанын М.Е.Массон анықтады. М.Е. Массонның осы қорытындысы, өкінішке орай, ғалымның өзі жазған ғылыми мақалада емес «Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Түркістан комитетінің» атқарған есебінде жарияланды. Аса қысқа жазылған хабарламада үш нәтиже алынғаны айтылады:

Біріншіден, тарихи әдебиетте б.з. VI ғ. белгілі Тараз қаласы Әулиеата қаласы орнында болғанына көзіміз анық жетті делінген. Байырғы қамал орны табылды. Халық тығыз орналасқан қала бөлігі мен қала шетіндегі үш қатар қабырғамен қоршалған аймақ шекаралары анықталды. Тарихи әдебиетте XIII ғ. аталатын көне көпір орны табылды.

Екіншіден, көне керамикалық зауыт орындары, зороастырлық, христиандық және мұсылмандық мазарат орындары табылды. Жер асты жолы және 1261/2 ж. құлпытас табылды.

Үшіншіден, байырғы Тараз аумағының түрлі жерлеріндегі жүргізілген барлаулық шурфтық жұмыстар барысында келесі археологиялық материалдар алынды:

а) құрылыс және сәулеткерлік материалдар алынды, әсіресе, қаланың бастапқы уақытына жататын қаптама плиткалар аса қызықты;

б) ислам діні келмей тұрған дәуірге жататын қыш ыдыс үлгілері, мұсылман дәуірінің XIV ғ. дейінгі шыны, қыш және тас ыдыс үлгілері;

в) алғаш рет ыдыс ішінде ешбір қозғаусыз жатқан адам мәйіті аршылып тазаланды. Сонымен, М.Е. Массон көлемі жағынан Тараздан көп есе артық қала айналасындағы жерлерді

қоршап тұрған екі сыртқы қорған іздерін және Талас өзенінің оң жағалауында Акбулум деген жердегі сыртқы үйме жал қалдықтарын анықтады [174, с. 268 – 269].

1925 ж. В.В. Бартольд зерттеушіге деректерде аталатын Талас өзенінің үстінен өткен ортағасырлық көпір орнын анықтауды тапсырған екен. Бұл өзен жағалары құм мен тастан тұрғандықтан тез опырылып бас арнаның бағыты, жағалаулар сұлбасы тез өзгеріп отырады. Әулиеата ауданында өзен жинаған тас қабаты 1 м болса, оның асты құм болған. Осылардың астында саз орналасқан-ды. М.Е. Массон Әулиеатадан Үш күркі деген жерге дейінгі жерлерді қарап шығып ортағасырлық көпір үшін ең ыңғайлы орын Әулиеатадан оңтүстік-шығысқа қарай, Талас өзені бойы жоғары теміржол көпірінен 1,5 км қашықтағы, Солдатское (бұрынғы Гродеково) елді мекенінен 1,5 км қашықта, Бесағаш қалашығынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан жер ыңғайлы деп тапты. Бұл орында тастан тұратын Тектұрмас жотасы төмендей келеді және оң жағалауда аса биік емес. Нақ осы жерде XIX ғасырдың бірінші жартысында қоқандықтар үстемдік құрған кезде көпір болған екен. Орыс әскерлерінің келуіне орай оны қоқандықтар өздері бұзып тастаған. 1913 жылы қоғамдық қаражат есібінен көпір салынған екен.

1925 ж. М.Е. Массонның күнделігі бойынша осы жердегі Талас өзені ені 24 қадам екен. Өзеннің оң жағалауында көпірге барар жолда 40 х 40 қадам аумақты алып жатқан бекініс орны барын жазады М.Е. Массон. Жергілікті халық ғалымға Талас өзені үстінен бірнеше көпір болғанын айтады [56, с. 42 – 43]. Көпірдің нақ осы жерде болғанын кейінгі зерттеушілер де қолдайды [175, 93б.].

М.Е. Массонның 1928 ж. «Ескі Сайрам» атты мақаласында Тараз қасында орналасқан Бесағаш қалашығынан 1898 жылы табылған тас ұстын қысқаша сипатталады [149, с. 29]. Ғалым оны Сайрамдағы тас ұстынмен салыстыра отырып «кейінгі заманға жатады» деп жалпылама көрсете салған. Кейін мұны ортағасырлық сәулет өнері тарихының білгірі Г.А. Пугаченкова нақтылап, оның қарахандық дәуірге жататындығын көрсетеді [175, с. 43].

Массонда аталатын Бесағаш қалашығы қазіргі қай қалашыққа сай келеді деген сұрақ орынды. Өкінішке орай, Жамбыл облысының ескерткіштер жиынтығында Бесағаш қалашығы

мүлдем көрсетілмеген. Бесағаш қалашығы Т.Н. Сениговaның «Ортағасырлық Тараз» атты кітабында да аталмайды [175].

Бесағаш қалашығы орнын анықтауда біз М.Е. Массонның 1978 жылғы «Орта Азияның бұрынғы көпірлері» атты зерттеуіндегі Тараздың атақты тас көпірінің орны жөніндегі мына сипаттамаға сүйендік: «Осмотрев ряд пунктов на протяжении от Джамбула до Уч-Курки, я пришел к заключению, что лучшее место для средневекового моста расположено к юго-востоку от тогдашнего аулиеата, в 1,5 км от железнодорожного моста, выше по течению Таласа, к северо-востоку от городища у Бешагача и в 1,5 км от селения Солдатское (б. Гродеково)».

Біз қарастырған аймақта «Жамбыл облысының ескерткіштер жиынтығында» № 178 деп белгіленген VI-XII ғғ. жататын Жалпақтөбе қалашығы бар [178, 140 б.]. Бесағаш елді мекені қасында тек осы қалашық бар. Осыған орай, біздің пікірімізше, М.Е. Массон еңбегінде аталатын Бесағаш қалашығы № 178 деп белгіленген Жалпақтөбе қалашығына сай келеді. Және Тектұрмас қасындағы тас көпір орны осы қалашықтан қарағанда солтүстік-шығыста орналасқан.

1928 ж. Музей ісі, табиғат, өнер туындылары мен көне ескерткіштерді қорғау жөніндегі Ортаазиялық комитетінің хабарларына қарағанда М.Е. Массон Тараз қаласы орнынан Ташкенттегі Басты Орта Азиялық музейге құрылыс және сәулеткерлік материалдар үлгілері, мұсылманға дейінгі және XIV ғғ. дейінгі мұсылмандық ыдыс үлгілерін, алғаш рет табылған мата үлгілерін, тағы басқа заттарды алып келген [174, с. 274].

Ташкент қаласындағы Өзбекстан Республикасының Орталық мұрағатында сақталған «Перечень полевых, экспедиционных и стационарных работ археологического порядка, осуществленных с 1918 года М.Е. Массоном» деген қағазда ғалым 1927 ж. Тараз бен Бесағаш қалашықтарын зерттеумен қатар Айшабибі кесенесін зерттегенін жазады. Өкінішке орай, М.Е. Массонның осы кесене жөніндегі зерттеуі жарияланбады, оның қолжазбасы қайда жатқанын анықтай алмадық.

М.Е. Массонның 1950 ж. Г.А. Пугаченковамен бірге жазған «Гумбез Манаса» атты кітабында Тараз ескерткіштері мен аймақ тарихына қатысты көптеген мәліметтер береді. Ақыртас жөнінде қырғыздардың аңызын берген. Онда Ақыртасты Манас пен

оның баласы Семетей салған екен. Ұлы таудан тас лақтырса әкесі тастарды өңдеп қалаған екен. Осы ғимаратта Манас қайтыс болғанша тұрыпты делінеді [71, с. 9]. Мына пікір де Тараз ескерткіштерін тануда маңызды: «Женских мавзолеев, относящихся к домонгольскому периоду, в Средней Азии совершенно не выявлено. Из известных же наиболее ранние расположены в северных районах Туркестана и могут быть в какой-то мере сближены с «Гумбезом Манаса». Здесь имеется в виду уже упоминавшаяся усыпальница Сырлы-там конца XIII века и мавзолей Бабаджи-хатун, расположенный в селении Головочевском, близ Джамбула. Стоящий рядом с ним памятник некоей Айша биби. Число более поздних женских мавзолеев, приходящихся на время Тимура и тимуридов, довольно значительно. Все это очень отчетливо подчеркивает общественное положение женщин у среднеазиатских монголов, унаследованное позднее тимуридами вместе со многими другими традициями кочевого быта» [71, с. 40].

Талас аймағының тарихына қатысты мына пікірі де қызықты: «Употребленный в данном случае географический термин Андижан надо понимать, как заменяющий собой понятие «Фергана». В XVIII веке, когда предки теперешних таласских киргизов покинули Фергану и переселились в долину Таласа, Андижан был самым крупным и главным городом области» [71, с. 29]. Жоңғар мемлекетін қытайлықтардың талқандауынан соң XVIII ғасырдың екінші жартысында Ферғанадан Талас аңғарына «сол» қанатына жататын қырғыздар көшіп келген [71, с. 57].

М.Е. Массон 1950 жылы Г.А. Пугаченковамен бірге жазған «Гумбез Манаса» кітаптың алтыншы тарауында ғалым құрылыстың кейінгі тарихын реконструкциялайды. Оның ішіне кейінгі кезде де қайтыс болған адамдарды да жерлегені, сыртқы жөндеулер, келушілер арасында қырғыздармен бірге қазақтардың болғаны айтылады. Мысалы, Ұлы жүз ішіндегі Ботпай руы таңбасы болуы бір айғақ болып табылады [71, с. 56]. М.Е.Массон «Гумбез Манаса» атты кітабында Өзбекстан тарихи музейінен Бабаджи-хатынның жалпы көрінісі, фасады, Айша бибі кесенелерінің суреттері, М.Е. Массонның жеке архивінен Қарахан кесенесінің фотосуреттері берілген.

### 3.4. Қазақстан нумизматикасы жөніндегі еңбектері

М.Е. Массон нумизматикаға қатты көңіл бөліп, Орта Азия республикаларымен қатар Қазақстанда табылған теңгелерді де есепке алып отырды. Әулие атадан, Шымкент уездерінен табылған теңгелерді [144, с. 288, 289], Шаян аймағынан табылған, Түркістан қаласынан [145, с. 12], Қазақстанның басқа да аймақтарынан табылған теңгелерді нумизматикалық тұрғыдан сипаттады [146].

Кейінгі жылдары да М.Е. Массон қазақ археологтарымен, музейлерімен тығыз байланыста болған. М.Е. Массон мен әйгілі қазақ ғалымы Ә.Х. Марғұлан арасында ұзақ жылдарға созылған ізгі достық болды. 1949 ж. Ә.Х. Марғұлан Қарағанды қаласы қасындағы Жартас обаларын қазу барысында бір обада мәйіт қолындағы амияннан 3 теңге табады. Оны М.Е. Массонға оқуға жіберген екен. М.Е. Массон Нұра өзені бойындағы мазараттан табылған күміс теңгелерді оқып, оларды құнды тарихи дерек ретінде қарастыратын мақала жария етті. М.Е. Массонның мақаласына дейін Алматыда 1933 ж. римдік теңгенің табылуын өздігінше жорыған бір профессор Қазақстанды Рим империясының провинциясы, ал Алматы қаласында олардың бір орталығы орналасқан деген долбар айтқан екен. М.Е. Массон теңгедегі жазуларды оқып, оны III ғасырға  жататынын анықтап, оның Жібек жолымен келгенін айтады. Мақалада 1938 жылы Тараздан табылған алтын теңге, Жамбыл-Тараз қаласынан табылған көмбе мен теңгелер, Черняевка елді мекенінен (қазіргі Жібек жолы) табылған 48 күміс қарахандықтар теңгелері қысқаша сипатталады [179, с. 262 – 265].

А.Г. Максимова Тараз (бұрынғы Жамбыл) қаласы қасындағы обаны қазу барысында мәйіт жанынан 3 теңге тауып, М.Е.Массонға жіберген-ді. Ғалым олардың нумизматикалық анықтамасын жүргізіп және теңге табылған обалардың зерттеу ерекшеліктеріне назар аударып, арнайы мақала жазады [180, с. 82–84]

Қазақстанның белгілі археологтары Х.А. Алпысбаев, М.С.Мерщиев Ташкентте оқып, М.Е. Массонның қолынан дәріс алған шәкірттері болды. Шардара айналасындағы Ақтөбе 1 қалашығын қазған М.С. Мерщиев өз зерттеуінде М.Е. Массонға қазба барысында табылған теңгелерді нумизматикалық

анықтауға беріп, олардың соғылған мерзімін көрсеткенін жазады. Осы қалашықтан табылған жиналмалы күміс қасық-шанышқы бетіндегі жазуды М.Е. Массон оқып, оны XI-XII ғғ. басына жатқызғанын жазады [181, с. 171]. Қорыта айтқанда, М.Е. Массон Қазақстан нумизматикасының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалым.

## 3.5. Шымкент пен Әулие ата музейлерінің қалыптасуындағы М.Е. Массонның рөлі

М.Е. Массонның Орта Азиялық бас музейінде археологиялық, одан кейін нумизматикалық бөлімін басқара отыруымен қатар шет аймақтарда орналасқан музейлердің бас кеңесшісі қызметін атқарғанын айта кеткен жөн. Өзбекстанның мемлекеттік мұрағатындағы М.Е. Массон қағаздары ішінде оның кейбір Қазақстандық музейлерге байланысты бір құжаты қызықтырды. Бұл М.Е. Массонның Шымкент пен Әулие ата қалаларына Средазкомстарис (Орта Азиялық музейлер мен тарихи, өнер, табиғат ескерткіштерін қорғау комитеті) тапсырысымен барған сапары жөніндегі есебі. Қазақстан мен Қырғызстанға сапары ең алдымен кеңес берумен шектелмей жергілікті музейлердің ұйымдастыру мәселелерімен тікелей айналысуға мәжбүр етті. Осындай қызметінің арқасында жергілікті шағын музей негізінде Шымкеттік облыстық музейі жұмысы қайта құрылды.

Өзбекстанның мемлекеттік орталық мұрағатындағы құжаттар  сол кездегі музей ісі жөнінде де көп мағлұмат береді. Мұрағаттағы есепке оралар болсақ, онда Шымкент музейінің ашылуы және оның болашақтағы жұмысы баяндалған. 1925 жылғы Шымкент музейін ұйымдастыру мен ашылу бағытындағы жұмыс босқа кетпегенін, оның тіпті жоспарлағаннан да асып түскенін М.Е. Массон өз есебінде көрсетеді. Музейдің ашылуы 1925 ж. 5 шілдесінде тым қарапайым түрде өткеніне қарамастан алғашқы жеті күн ішінде оны көріп тамашалағандар саны 8200 адамға жеткен, яғни қала халқының 15 пайызын құраған. Осы ашылу арқылы музейге деген халықтың сенімсіздігі жойылғанын оған көмек беруге құштар демеушілердің саны күннен күнге арта түскені және жеке адамдардың түрлі заттардың сыйлауының орын алғаны елеулі көрсеткіш болып табылады. Бұл музейдің өзімен өзі қалмай халықтық сипатқа ие

болғанын байқатады. Музейдің қайта құрылуымен қатар оның қасынан шағын өлкетанушылық үйірме қызметіне кірісті. Оның алғашқы отырысында М.Е. Массон баяндама жасады. М.Е.Массон музей айналасында коллекционерлер филиалы болуы тиіс деген ұсыныс айтты.

М.Е. Массон музей қызметкерлерін музейтанудың жаңа тәсілдерімен таныстырып қана қоймай оларға іс жүзінде жұмыс барысында кейбір музейлік тәсілдерді үйреткен. М.Е. Массонның көрсетуімен түгендеу мен каталогтау жұмыстары игеріліп, ол кеткен соң да іс жүзінде атқарылды. М.Е. Массонның өзі нумизматикалық бөлімшенің ғылыми каталогын жасап кетті. Алғашқы жылдың жұмысын жеңілдету үшін ол қажетті және іске асыруға болатын іс-шаралар тізімін жасады. Ол тіпті коллекцияларды орналастыру нобайын сызып беріп кеткен. М.Е.Массонның көмегімен Самарқанд және Орта Азиялық бас музейлерімен байланыс орнатылып, олардың кеңестері экспонаттар жинауға және табылған материалдарды анықтауға жәрдемін тигізетін болды. М.Е. Массонның Ташкеннен сатып әкелінген және Орта Азия Бас музейі кітапханасынан алынған артық кітаптары Шымкент музейі кітапханасының негізін қалапты. Мұның барлығы Шымкент музейінің дұрыс бағытта дамитынының кепілі іспетті еді.

Есеп аяғында Шымкенттік музейді құруда атқарылған жұмыстарға оған қатысқандардың барлығының қанағаттанарлық сезімі барын жасырмайды. Енді, М.Е. Массонның пікірінше, Орта Азия аумағындағы басқа да аға музейлермен қатар жаңартылған Шымкент музейінің де өзіне лайықты орын алатыны ерекше атап өтіледі.

Есепке қарағанда ол Шымкенттегі жұмысын аяқтап, 28 шілде күні Орта Азиялық музейлер мен тарихи, өнер, табиғат ескерткіштерін қорғау комитеті және Шымкенттік саяси ағарту мекемесінің ұсыныстарына сай Әулие атадағы музей мәселесін шешу үшін аталған қалаға аттанады. Губерниялық атқару комитетінің Әулие атадағы музейді шымкенттік музеймен қосу жөніндегі шешімін әлі де Орынборда жүрген Қазақстан үкіметінің орталық органдары бекітпей қойған. Ал бұл музей жөнінде Шымкенттік губерниялық ағарту мекемесінде бар мәліметтер тым бұлыңғыр болды. Музей бағдарламасының жоқтығы, үш

адамнан тұратын шағын штаттың бары жөнінде сенімсіздеу хабарлар болды.

М.Е. Массонның Шымкенттің облыстық өлкетану музейіне 1971 ж. 23 мамырдағы хатында оның алғаш рет Шымкент қаласында 1907 ж. болғанын жазады.

Ал музей туралы Әулие атадағы халық ағарту бөлімі мүлдем хабарсыз болып шықты. Мекеменің инспекторы, хатшысы, басқа да қызметкерлері Әулие атада музей жоқ, болған емес деп, тек келесі 1925/1926 ж. бюджетіне осындай мекеме құру жөнінде есеп жасалғанын хабарлады. Сұрастыра келе, М.Е. Массон жартылай ресми дерек көздерден, жартылай халық ағарту бөлімінің Төңкерістен кейінгі алғашқы жылдары жұмыс жасаған қызметкерлерінен Әулие атадағы музей жөніндегі ұзынқұлақ негізсіз екенін анықтады. 1921 ж. қаңтарында, Ташкенттен келген ниязов атты мұғалімге жергілікті шағын музей ұйымдастыру тапсырылады. Шағын штат бекітеді, музей үшін эспонаттар мен материалдар (бірнеше құс тұлдары) сатып алынды, шағын фотолаборатория жасақталды. Алайда белгісіз себептермен музейді жасақтап ресмилеу ісі аяқталмай қалады. Музейге арнайы бөлме берілмеді, жинақталған материалдар халық ағарту бөлімінің қоймаларында сақталды. Олар бірнеше мәрте бір ғимараттан екіншіге көшіріліп ақыры ұстаз Ниязовтың басқа қызметке ауысуына байланысты шашырап кетті. Тіпті 1923-1924 оқу жылдары жергілікті бюджеттің шығындар бөлігінде музейді қаржыландыруға қаражат жобаланған. Алайда бұл несие пайдаланылмай қалған.

Қызметкерлердің ауысуына байланысты музей жөнінде естелік те қалмаған. Енді Әулие атадағы халық ағарту бөлімінің инспекциясына музейді жаңадан құру қажет болды. Өлкетану негізінде сабақ берудің жаңа тәсілдерін қанағаттандыру мақсатында шағын жергілікті музей жасауға талпыныс та, қажеттілік те бар. Алайда осы жұмыс тәй-тәй басып кету үшін өз күштері жетіспейді. Сондықтан Атқару комитеті мен халық ағарту бөлімі музей жасау ісін Орта Азиялық музейлер мен тарихи, өнер, табиғат ескерткіштерін қорғау комитеті қолға алса барынша көмек беруді өз міндетіне алатындығын айтып отыр.

Ендігі мәселе қаражатқа, бөлмеге және қызметкерлер штатына қарап тұрды. М.Е. Массон музей құрудың нобайын ойластырып қояды. Әулие атадағы музей құруға қатысты мына

мәлімет те қызықты «За несколько недель до посещения Аулиеата экспедицией Средазкомстариса под начальством Б.П. Денике, я проездом к мавзолею Манаса выше с. Дмитриевского, вел переговоры с аулиеатинскими организациями об учреждении в городе краеведческого музея. Поскольку эта идея нашла себе живой отклик в разных инстанциях и можно было ожидать скорого претворения ее в жизнь, я на свой риск отказался от сделанного мне Средазкомстарисом предложения вывезти в Главный среднеазиатский музей в Ташкенте этот валун с рунами, который был признан мной за первый камень с ур. Айртамой. Как памятник исключительного значения он подчеркивался мной при пропаганде создания музея. Исполком обещал перенести его в одну из комнат дома, который предполагалось отвести под музей. По просьбе местных деятелей мной была составлена о нем краткая докладная записка, размноженная на машинке и разошедшая по рукам. Создание музея, однако затянулась, и камень этот продолжал оставаться в саду еще в бытность мою проездом в Аулиеата в 1930 г. В 1931 г. Специальным письмом я обращал внимание организовавшегося тогда только-что краеведческого музея в Аулиеата на необходимость охраны этого эпиграфического памятника». [106, с. 10]. Оның пікірінше, музейге жалпы орналасуымен және ішкі құрылымымен лайықты деп қасында байырғы бау орны болған бұрынғы «уезд басшысының» – қазіргі «диханшылар үйі» деп аталатын № 6 ғимаратты санайды. Бастапқы кезде маман музей осы үйдің екі үлкен бөлмелерін иеленсе де болады деген пікірде.

Музей үйін таңдаудан бұрын оның қызметкерлерін іріктеу қиынырақ болды. Бұл жағдайды ескере отырып, музейді ұйымдастыру үшін уақытша іссапармен арнайы инструктор жіберуді ұсынады. Кейінірек музей меңгерушсі етіп ертеде ояз бастығы болған және сондықтан оязды жақсы білетін Николай Клавдиевич Калмаковты ұсынады. Сол арада М.Е. Массон оған мінездеме беріп, оның көп жылдар бойы Түркістандық әуесқойлар Үйірмесінің  мүшесі болғанын, өлкетану бағытында қажетті кітаптар қоры барын және қазақтар этнографиясы жөнінде еңбектері барын алға тартады. Оны қазіргі кездегі музей ісі қызықтыратыны айтылады. Оның қасында ғылыми қызметкер  болып Ташкенттегі байырғы Оқытушылар Семинариясын тамамдаған ұстаз Петр Романович Косивцев ұсынылады. Оның

қазақ пен қырғыз тілдерін жатық білетіні, тұл жасай алатын аңшы екені айтылады. Экспонаттарды жинау аса күрделі іс емес екені, Шымкент музейі көрсеткендей, осы жұмыс басталған соң екі-үш айдан кейін Музей көрмешілік қызметпен айналыса береді деп санайды М.Е. Массон.

Музей секциясы бойынша есепте М.Е. Массон Шымкент оязының Сайрам ауылында аты Шымкент аймағынан тысқарырақ жерлерге де мәлім бола бастаған ескі музыкант Валями Якибаевтың тұратыны айтылады. Оның қолында ескі аспаптардың үлкен қоры бары, оның едәуір бөлігін музеймен бөлісуге дайын екенін, оның көптеген ескі әуендер білетінін, жаңа татар әуендерін мүлдем ойнамайтынын, тіпті оларды мойындамайтыны айтылады. М.Е. Массон Валями Якибаевқа, Сайрамға сұхбат алуға этнограф-музыкантты В.А. Успенскийді іссапармен жіберуді ұсынады. Бұл іссапардың нәтижесіз болмайтынына сенімді екенін М.Е. Массон жазады. Шымкентте болған кезінде М.Е. Массон А.И. Мерзлякова есімді азаматшаның 1893 жылы Мамаевка қасындағы Қарауылтөбеден Воронин тапқан көмбеге жататын 6 күміс және 3 мыс теңгені көрсеткенін жазады. Теңгелердің барлығы монғол дәуіріне, XIII ғасырдың аяғына жататынын айтады.

Сонымен Орта Азиялық музейлер мен тарихи, өнер, табиғат ескерткіштерін қорғау комитетінің музейлерді инспекциялау мақсатындағы қысқа мерзімді іссапары кезінде М.Е. Массон археологиялық, нумизматикалық зерттеулер жүргізді. Олардың бір бөлігі жарияланып, ғылыми айналымға енгізілген. М.Е.Массонның Өзбекстанның мемлекеттік мұрағатында сақтаулы тұрған құжаттары Қазақстанның оңтүстігінің археологиясы, нумизматикасы, музейі мен өлкетану мәселелері бойынша құнды дерек көзі болып табылады.

1928 ж. жергілікті музейлерге кеңес беру үшін және олардағы коллекциялармен танысу үшін Средазкомстарис тапсырмасымен 8 қалада болыпты, олардың қатарында Алматы, Шымкент аталады [174, с. 275].

1927 ж. оның Алматыдағы Жетісу губерниялық музейінің археологиялық бөлімінде болғанын аңғаруға болады. Өзбекстанның Орталық мұрағатында сақталған іс-қағаздар ішінде М.Е. Массон жұмыс істеген музейлер тізімі бар құжат бар (13, Р. 2773, оп. 2, р. 105, л. 214). Онда М.Е. Массон Шымкент, Әу-

лиеата мұражайларымен қатар Алматыдағы Қазақстанның орталық мұражайында жұмыс істеген деп көрсетіледі.

## 3.6. М.Е. Массон еңбектеріндегі қазақ тарихына байланысты мәліметтер

М.Е. Массон қазақтар тарихын арнайы зерттеген ғалым емес. Алайда Орта Азияның ортағасырлық және бергі тарихын, этнографиясын қазақтарсыз елестету мүмкін емес. Ғалымның еңбектерінде қазақтар туралы біршама болса да мәліметтер кездеседі. 1929 ж. Самарқанд жөніндегі брошюрада М.Е. Массон қала тұрғындарының негізін өзбектер мен тәжіктер құрайтынын айта келе басқа ұлт өкілдерінің де тұратынын айта кетеді: «К этому числу следует прибавить представителей европейских и кавказских народностей, а также татар, казаков, каракалпаков и других, проживающих постоянно и не надолго останавливающихся в городе» [182, с. 8].

М.Е. Массонның көптеген зерттеулерінде қазақтардың этнологиясынан аса қызықты мәліметтер беріліп отырылады. Сырдарияның төменгі ағысында тұрған байырғы кесене ішіндегі қазақ батырының жолбарысты найзалап жатқан көрінісін белгілі археолог М.Е. Массон жария етті. Жаңа туған нәрестеге жолбарыс деген атты ырыммен қойған, жолбарыстай қарулы, айбатты болсын, әрқашан мерейі үстем болсын, хан балаларына жануарлар патшасының қасиеттері дарысын деген тілекпен осындай ат қойғанын жазған да осы зерттеуші. Ұлы жүздің бір ханының есімі Жолбарыс. Оның Қожа Ахмет Йасауи кесенесіндегі моласының үстінде XX ғ. ортасына дейін жолбарыстың терісі жатқаны, атақты Жалаңтөс батырдың Самарқанда өз қаражатына салғызған медресесінің қақ бетіне жолбарыс бейнелері салынғандықтан оны «Шердор» – деп атаған, яғни, «жолбарыстары бар» деп атағанын, жолбарыстың терісі, тістері тұмар ретінде бағаланғанын, жаны қиналып туа алмай, әбігерге түскен әйелдерге де жолбарыс терісі көмектеседі деп есептегенін, ол албасты, жын шайтанды қуады, босануды жеңілдетеді деп санағанын М.Е. Массон жазады. XX ғ. басында кейбір жолбарыстар малға, қаруы жоқ адамдарға шауып дәніге бастағанда дүйім ел жиналып, оны жоюдың амалына көшіп отырған. Бұл әрине оңай шаруа болмаған. М.Е. Массонның айт-

уына қарағанда мұндай жағдайда қазақтар жыртқышты құртудың екі амалын қолданған. Біріншісі, жолбарыстың ұясына жақын жерде қарулы аттылардың қорғауымен есігі жоқ киіз үй құрастырған. Үйдің төбесіне адам бейнелі тұл орнатып, үй ішіне қарулы 6-8 кісі кіріп оны жыртқыштың ұясына жақындатады екен. Жолбарыс шабуылдағанда біраз кісі керегеден ұстап үйдің нық тұруын қамтамасыз етсе, біразы мылтықпен оқ жаудырып жыртқышты жайпап салған. Кейде аңшылар терең шұңқыр қазып оған лақ, не болмаса тоқтыны тастап, өздері жолбарыстар шыға алмайтын тік ағаштарға жайғасады, кезіккен жануарды атып алып отырған. Жолбарыспен жекпе-жекке шыққандар да болғанын көрсетеді [116, с. 151 – 160].

М.Е. Массон «Орта Азияның аңшы иттері тарихынан» атты зерттеуінде қазақтардың таз иттері туралы біраз мәліметтер береді. Ол қазақ пен түрікмендердің ұстаған таздары Монғолиядан Мороккоға дейін атақты еді деп көрсетеді. Қазақ таздары 15 шақырымға дейін шыдамды екенін, әдетте оларды қоян мен түлкіні ұстағанда пайдаланғанын жазады [125, с. 154 – 155].

Ташкенттің өткенін суреттей келе М.Е. Массон XVI ғ. екінші жартысында Бұқараға қарағанын, кейін ол көбіне қазақ хандарына бағынышты болғанын жазады: «Во второй половине XVI в. Ташкент был присоединен к владениям Абдулла-хана II бухарского, который после длительной осады в 1580 г. приказал разрушить стены и поджечь город. Однако его вскоре захватил казахский хан Тевеккель и отдал в удел своему родственнику Джан Али, а несколько лет спустя войска Абдулла-хана снова должны были брать Ташкент. После того город чаще находился под властью казахских ханов, хотя попытки присоединить его к владениям Бухары не прекращались. ... Упорную борьбу с переменным успехом вели ташкентцы и с казахскими ханами Старшей орды, ставка которых находилась тогда вблизи Ташкента и которым не раз приходилось осаждать восставший город» [172, с. 113].

Төле би қайда жерленген? – деген сұрақтар қазақ зиялылары көбіне Ташкент ескерткіштерін көп зерттеген М.Е. Массонға жүгінеді. Ә.Х. Марғұлан 1982 ж. 20 сәуір күні М.Е. Массонға хат жазып Төле би күмбезінің қалдықтары Шайқантауыр мазаратында орналасқанын, ол жөнінде Ташкент қаласының байырғы тұрғындары – өзбектер, қазақтар жақсы біледі дей ке-

ле, Төле би туралы Қазақстандық баспасөз туралы шағын пікір жазсаңыз деген өтініш айтады [183, с. 113]. Алайда осы хатқа Ә.Х. Марғұланның жауап алған-алмағаны бізге беймәлім.

М.Е. Массон Ташкенттегі Шайқантауыр мазаратындағы сәулетті құрылыстарды атай отырып, «Қарлығаш би» кесенесін сипаттайды: «К северу отсюда находился небольшой мавзолей якобы над могилой некоего «Шах-заде», моголистанского царевича из Дашти-кипчака, известного под прозвищем «Калдыргач-бия». По другим данным, здесь похоронен казахский бий из рода дулат ии одно время в первой половине XVIII в. фактический правитель Старшей орды, Толе-бий, носивший кличку «Калдыргач» (ласточка).

Мавзолей этот характерен своебразием архитектурной композиции. Его кубическое тело увенчано пирамидальным куполом на довольно высоком двенадцатигранном барабане. Вход, расположенный с юга, выделен глубокой стрельчатой аркой; в угловых устоях заключены лесенки и худжры. Внутренний купол был чашевидный и основан на тромпах со сложносталактитовой лепниной в пазухах их и на щитовидных парусах. Возведение здания можно отнести к XV столетию, а оригинальная форма шатрового перекрытия явно связана с традициями северотуркестанского зодчества.

Оба мавзолея, Шейхантаура и Калдыргач-бия, объединялись так называемой Аурад-мечетью («Мечеть поминаний»), возведенной в несколько приемов. ...покрытия крыши и куполов обоих мавзолеев железом относятся к 1911-1912 гг. И произведены на средства выдававшего себя за потомка Калдыргач-бия некоего Ходжимат-ишана из селения Балыкчи Наманганского уезда». [172, с. 119]. Осы мақалада 4 суретте Қарлығаш би кесенесінің ескі фотосуреті берілді.

Археолог Л. Жукова Қарлығаш би кесенесі туралы М.Е.Массонның мына қолжазба анықтамасын жариялады: «Здание, широко ихзвестное под названием мавзолей Калдыргач-бия, паредставляет собой по существу недастаточно еще изученный памятник старины одновременно узбекского и казахского народов....

При всем том, заслуживает внимания, что до присоединения Ташкента к России в народе ходили толки, что будто некий похороненный в мавзолее Калдыргач-бия покойник не был по

настоящему правоверным мусульманином и погребен с некоторыми отступлениями от принятого ритуала. Для проверки слухов один из кокандских правителей города однажды ночью с помощью сторожа шейхантаурского медресе Ишанкуладахта произвел в мавзолее вскрытие одной из сагана при мерцающих свечах, держать которые поручили одному мальчику двенадцати лет. В сагане тогда обнаружили запрятанный в подушку кинжал, украшенный разными самоцветами, что действительно несовместимо со строгими требованиями ислама. Однако находку оставили на месте, а сторожу правитель строжайше запретил говорить о содеянном. Потом сторож куда-то пропал. Много лет спустя при новых ремонтных работах внутри мавзолея участвовавший во вскрытии сагана мальчик, достигший почтенного возраста, попытался достать припрятанный в ней кинжал, но его там не оказалось. Об этом он перед смертью, будучи глубоким стариком рассказал своему сыну» [184].

М.Е. Массон Ташкенттің Шайқантауыр мазаратын сипаттай келе онда 1712 ж. дүние салған Ұлы жүздің ханы Рустем Мұхаммед баһадүр ханның мәрмер тастан қашалған құлпытасы барын жазады / «Ближе к середине были расположены мраморные намогильные плиты ...казахского хана Старшей орды Рустам Мухаммед бахадур-хана, умершего в 1712 г., и др.» [172, с. 116-117].

М.Е. Массон 1950 жылы Г.А. Пугаченковамен бірге жазған «Гумбез Манаса» атты кітапта Қызылорда қаласынан 70 км қашықтықта орналасқан Сырлытам кесенесі аталып, оның XIII ғ. аяғына жататыны айтылады [71, с. 36, 40]. М.Е. Массон осы еңбегінде Сырлытам кесенесіндегі жазуларды алғаш аударып ұсынады. Осы мақсатта ол 1900 ж. Төлекберген Жылқыбаевтың В.А. Каллаур өтінішімен жасаған Сырлытамның бас қасбетіндегі сызбасын пайдаланады. М.Е. Массон аудармасында: ...жизнь неопытная скрылась с благостью в начале сафара года 698. И дух отдала ради отбытия из вместилища тленности в обитель вечности целомудренная сила, честная, начало добрых дел, зародыш благополучия Кизил-хатун, дочь..» В отдельной филенке щипцовой стены над дверью указано имя мастера: «Жамал Хайат жұмысы» [71, с. 40]. М.Е. Массон 698 ж. сафары 1298 ж. 8 қарашасында басталғанын айтады [71, с. 41].

# ҚОРЫТЫНДЫ

М.Е. Массон жаңа стиль бойынша 1897 ж. 4 желтоқсанында дүниеге келген. М.Е. Массонның балалық шағы мен бозбалалық кезеңі қазіргі Өзбекстан Республикасындағы Самарқанд қаласында өтті. Оның тарихқа деген қызығушылығының оянуы балалық шағы өткен – ескерткіштерге аса бай Самарқанд қаласында өсуі қалыптастырды. Ол көптеген классикалық еуропа мен шығыс тілдерін игерді.

М.Е. Массонның ғалым ретінде қалыптасуына Кеңестік жүйенің позитивтік және негативтік жақтары әсер етті. Ол Қазан революциясын қолдаған орыс интеллигенциясы жағында болды. Жас ғалымның Орта Азия археологиялық ескерткіштерін тану мен қорғаудағы ізденістері жаңа кеңестік биліктің жастарды көтермелеу, ескерткіштерді қорғау сияқты жаңаша саясатымен үндесіп, оның алдында жаңа мүмкіншіліктер ашты. Осымен қатар ол – «бай үйдің иесі, яғни, таптық тұрғыдан кеңес өкіметіне жат» деген анықтамалары бар арыз шағымның түсуіне орай жоғары білім ала алмады. Кәсіби білімсіз партиялық шенуніктермен текетіресте болуы оның жұмысына кедергі етті.

Қиындықтарға қарамастан М.Е. Массон кеңестік дәуірде Орта Азия археологиясының пионері болды. Ол жаңа социалистік дәуірде Орта Азияда алғашқы қазба жұмыстарын жүргізді, археологиялық мұраны жаңаша танудың жолдарын іздеп бір топ жаңалықтар ұсынды. Ортаазиялық археологиялық қазу методикасын жетілдірді. Ол алғашқылардың бірі болып шурф кесінділерінің сызбаларын жасады. Әрбір тереңдіктен алынған зат шифрленіп белгіленіп отыратын болды, бұрынғы траншеялық қазу тәсілі тиімсіз екенін түсініп, қазба жұмыстарын кең көлемде жүргізу қажеттілігін ұсынды. Ол зерттеу жұмыстарын кешенді жүргізді.

М.Е. Массон 80-ге жуық экспедицияға қатысты. ТАКЭ-ның жұмысы барысында М.Е. Массон аталмыш экспедицияны жаңаша ұйымдастырды. Ол оның кешенді болуын қамтамасыз етті. М.Е. Массон түрлі сала мамандарының нағыз ғылыми зерттеуші ретінде жұмысқа тартылуы керектігін көрсетті, байырғы құрылысты қазу барысында сәулетшілер, байырғы дән-дақылдар табылған кезде ботаниктер, байырғы жазба жәдігерлері табылғанда байырғы тіл мамандары экспедицияда болуы тиіс,

реставраторлар тек ескерткіштерді бекітумен ғана емес, оның салыну технологиясын зерттеу үшін де қажет деп санады.

